

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

ОӘЖ 811.512.122:811.111'42

Қолжазба құқығында

КУЛТАНБАЕВА НУРГУЛ КАЛДЫГУЛОВНА

ЕРТЕГІ ДИСКУРСЫНЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ӨЛШЕМДЕРІ
(қазақ, орыс және араб тілдері материалдары негізінде)

Мамандығы: 6D020500 – Филология

Философия (PhD) докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған
диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
Филология ғылымдарының докторы,
профессор Исакова С.С.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Филология ғылымдарының докторы,
профессор Мухтаруллина А.Р.
(Ресей, Уфа)

Ақтөбе, 2022

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР	3
КІРІСПЕ	5
1 ЕРТЕГІ ДИСКУРСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ ЛИНГВОМӘДЕНИ ӨЛШЕМДЕРІ	
1.1 «Дискурс» ұғымының анықталуы	12
1.2 Ертегі дискурсы және ертегі дискурсының зерттелуі.....	17
1.3 Ертегі дискурсы жанрына тән белгілер.....	33
1.4 «Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемі» ұғымының анықталуы.....	44
2 ЕРТЕГІ ДИСКУРСЫ ЛИНГВОМӘДЕНИ ӨЛШЕМДЕРІНІҢ ӨЗЕКТЕЛУІ (қазақ, орыс және араб тілдері материалдары негізінде)	
2.1 Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемінің тілдік деңгейде өзектелуі.....	53
2.2 Ертегі дискурсының қарым-қатынас стратегиясы.....	79
2.3 Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемінің когнитивтік-коммуникативтік деңгейде өзектелуі.....	95
2.4 Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерінің ауызша қабылдануы мен қайта түзілу ерекшеліктеріне эксперименттік талдау.....	104
3 ЕРТЕГІ ДИСКУРСЫ ЛИНГВОМӘДЕНИ ӨЛШЕМДЕРІНЕ САЛҒАСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ	
3.1 Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін салғастыра зерттеу әдіснамасы, принциптері мен әдістері.....	112
3.2 Қазақ, орыс, араб ертегі дискурсын салғастырмалы талдау.....	119
ҚОРЫТЫНДЫ.....	129
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	132
ҚОСЫМША А.....	140
ҚОСЫМША Б.....	143

АНЫҚТАМАЛАР

Дискурс – ауызша және жазбаша түрде айтылған, нақты бір қарым-қатынас кеңістігінде орын алған, қандай да бір мәдени немесе әлеуметтік қауымдастыққа тән, күрделі коммуникативтік оқиға.

Ертегі дискурсы – коммуниканттар арасындағы белгілі бір этностың әлеуметтік-мәдени дүние бейнесінен толық хабар беретін сөйлесім үлгісі. Ертегі дискурсы – әлеуметтік-тарихи, мәдени, этникалық, тілдік факторлармен айқындалған, жеке тұлғаның және бүтін халық санасының ерекшелігін, уақытпен дәлелденген озық дәстүрлерді бейнелейтін, белгілі бір дәуірдің шындықтарымен сәйкес келетін әлеуметтік концептілердің және олардың түрлі нұсқаларының өзіндік жиынтығы.

Ертегі дискурсы жанрына тән белгілер: тілдік бірліктердің таңдап қолданылуы; айтылымның нақты бір адресатқа бағытталуы; жеке авторлық шеберлік (қарым-қатынас құзіреттілігі); ұлттық ерекшеліктің болуы; қарым-қатынас мақсатының болуы; дискурстық тәжірибенің болуы; айтылымның типтік формаларының болуы; айтылымның қайталану сипатының болуы; ертегілік категориясының болуы.

Ертегілік категориясы – ертегі дискурсының жанр құраушы бірлігі. Оның негізгі өлшемдері: ғажайыптылық, құндылық, фантастикалық қиял, белгісіз хронотоп, құрылымдық-семантикалық қайталаулар.

Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдері тілдік (лексикалық, грамматикалық, семантикалық), қарым-қатынас стратегиясы (ұлттық сөйлеу әдебі, стереотиптік түсініктер, т.б.), когнитивтік-коммуникативтік (қарым-қатынас ұстанымдары, ұлттық сөйлеу мінез-құлқы, т.б.).

Адресант – адресатқа қандай да бір ақпаратты жолдаушы.

Адресат – берілген ақпаратты тілдік немесе тілден тыс формада қабылдаушы.

Дүние бейнесі – шындықтың ақыл-ойдағы үлгісі, әлем, өзіміз және жалпы өмір туралы идеялар мен білімдердің жиынтығы.

Аялық білім – концептінің мазмұнына негіз, фон болатын білім түрі.

Тірек концепт – белгілі бір мәдениетті түсінуге көмектесетін мәдениеттің бір элементі, оны түсінудің кілті.

Таным – ақиқат болмыстың адам санасында мақсатты және белсенді түрде бейнелену үдерісі болып табылады.

Сана – белгілі бір ұлттық-мәдени қауымдастыққа тән болып келетін қоғамдық құбылыс. Ұлттық сана тілдік қауымдастықтың ұзаққа созылған дамуының нәтижесінде пайда болды.

Символ – таңбамен тепе-тең, мәдени нысан. Символ – танымдық тәсілдердің шынайы мағынасы.

Стереотип – нақты бір феноменге байланысты концептіні түсіндіруге қатысты оның ішкі валенттілік байланыстарын жинақтап ұйымдастыратын менталды-тілдік категория.

Астырт құрылымдар – мәдени бағдарлы сценарийлер, фреймдер және оны құраушы слоттар.

Үстірт құрылымдар ертегі дискурсына тән жанрлық белгілердің әмбебап сипатынан көрінеді.

Прецедентті лексика – ұлт тарихын, оның тілін, дәстүрін, салтын көрсететін, ұлттық танымды білдіретін мәдени лексиканың бір түрі.

Прецедентті феномендер – прагматикалық факторлармен қарым-қатынастағы семантикалық деривацияның нәтижесі болатын когнитивті трансформациялар. Ежелгі мәтіндердің кейбір фрагменттері. Мәдени таңбалар.

Салғастырмалы лингвомәдениеттаным – тілдерде бекітілген және бейнеленген әр түрлі мәдениеттің көріністерін, тіл мен мәдениеттің өзара байланысын зерттейтін сала.

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Ұсынылып отырған зерттеу жұмысы ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін салғастырмалы талдауға арналған. Ертегі дискурсы дүние туралы алғашқы білімдер мен қарапайым сананы бейнелейтін қарым-қатынас түрі болып саналады. Ертегі өзінді және дүниені танудың, этностың ұлттық санасын, ойлауы мен ондағы лингвомәдени құндылықтарын түсінудің баспалдағы. Мәдениет тіл сөйлерменінің ойлауын, тілдік категориялар мен концептілерді қалыптастырады және ұйымдастырады. Тілді мәдениет арқылы зерттеу ұлттың өзіндік ерекшелігін анықтауға мүмкіндік береді. Тіл – мәдениетті жасаушы, дамытушы және сақтаушы, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші құрал.

Орыс тіл білімінде ертегі дискурсы когнитивтік-дискурсивтік ерекшелік (Ю.В. Мамонова, С. Цзинтин), лингвомәдени аспекті (Н.А. Акименко), гендерлік аспекті (М.В. Демина), дискурстық кеңістік (А.М. Кербс), лексикалық ерекшелік (К.Т. Батуева, И.Г. Ульянова), ертегі дискурсының қазіргі мәдениеттегі көрінісі (Т. Луговая), ертегі дискурсы лингвoseмиотика (О.А. Плахова), ертегі дискурсының құрылымы (Л.П. Ковальчук), ертегі дискурсы теориялық-әдіснама (И.С. Соборная) тұрғысынан зерттелді. Түркі тіл білімінде ертегі дискурсының лингвомәдени сипаты (У.В. Каримова), ертегі дискурсы аударма мәселелеріне (Д.Ф. Шакиров, А.Ш. Юсупова) қатысты қарастырылды. Ертегі дискурсы салғастырмалы аспектіде (Ю.М. Брейгер), халық ділі тұрғысынан (Е.Ф. Бизунова, Ю.С. Городова), лингвомәдени өлшемдері (С.К. Кенжемуратова), ғаламның концептуалдық бейнесі (А.Т. Қасымбекова), тірек концептілер (А.В. Шаколо) тұрғысынан зерттеу нысанына айналды. Аталған еңбектердің басым көпшілігінде ертегі мәтін лингвистикасы аясында қарастырылғаны байқалады. Ертегі дискурсын дискурстық талдау нысанына алған зерттеу еңбектері өте аз. Оның ішінде құрылысы әр түрлі тілдерді салғастырмалы талдауға арналған зерттеулер қатары толықтыруды қажет етеді. Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін анықтап, оларды салғастырмалы аспектіде зерттеудің бүгінгі күні өзекті екені анық.

Зерттеудің өзектілігі. Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін салғастырмалы аспектіде зерттеудің өзектілігі тілдің дискурстық және лингвомәдени аспектілеріне деген қызығушылықтың артуымен, ертегі дискурсының дискурстың ерекше түріне жататындығымен, ертегі дискурсы жанрын басқа дискурс түрлерінен ажырату мәселесінің ғалымдар арасында пікірталас туғызуымен түсіндіріледі. Сонымен бірге, ертегі дискурсының әмбебап сипаттары мен ұлттық-мәдени ерекшеліктерін анықтау, ертегі дискурсы жанрына тән белгілерді нақтылау, ертегі дискурсын дискурстық-лингвомәдени салғастырмалы талдау үлгісін жасау қажеттігімен, құрылысы әр түрлі тілдердің ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін салғастырмалы аспектіде зерттеудің кешенді әдістемесінің жоқтығымен анықталады.

Зерттеудің мақсаты. Қазақ, орыс, араб ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін, ертегі дискурсы жанрына тән белгілерді анықтау,

ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін зерттеудің дискурстық-лингвомәдени салғастырмалы талдау үлгісін ұсыну.

Зерттеу барысында аталған мақсатқа жету жолында төмендегі **міндеттерді** шешу көзделеді:

- 1) «Дискурс» және «ертегі дискурсы» ұғымдарын анықтау;
- 2) Ертегі дискурсының зерттелуіне шолу жасау;
- 3) Ертегі дискурсы жанрына тән белгілерді анықтау;
- 4) «Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемі» ұғымын анықтау;
- 5) Ертегі дискурсына тән белгілердің тілдік деңгейде өзектелуін сипаттау;
- 6) Ертегі дискурсының қарым-қатынас стратегиясын анықтау;
- 7) Ертегі дискурсының когнитивтік-коммуникативтік ерекшеліктерін сипаттау;
- 8) Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін зерттеудің дискурстық-лингвомәдени салғастырмалы талдау үлгісін ұсыну;
- 9) Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерінің ауызша қабылдануы мен қайта түзілу ерекшеліктеріне эксперименттік талдау жүргізу;
- 10) Қазақ, орыс, араб ертегі дискурсын салғастырмалы талдау.

Зерттеу нысаны. Қазақ, орыс және араб қиял-ғажайып ертегі дискурсы.

Зерттеу пәні. Ертегілік категориясын өзектейтін және ұлттық-мәдени ерекшелікті айқындайтын қарым-қатынас ортасы ретіндегі қазақ, орыс және араб қиял-ғажайып ертегі дискурсы.

Зерттеу жұмысының **теориялық және әдістемелік негізі** төмендегі ғылыми бағыттар аясында орындалған еңбектер болды: дискурс теориясы мен дискурстық талдау (Н.Д. Арутюнова, В.З. Демьянков, Ю.Н. Караулов, В.И. Карасик, А.А. Кибрик, Е.С. Кубрякова, Л.М. Макаров, М. Фуко, Т. Ван Дейк, Н. Феэрклаф, М. Стаббс, Р. Водак, Д. Кэмерон, Д. Таннен, Қ.Ө. Есенова, З.Ш. Ерназарова, Г.Н. Смағұлова, Г. Әзімжанова, Б.С. Жұмағұлова, Г. Бүркітбаева, Д. Әлкебаева, Н. Уэли, Ж.М. Кеншінбаева, Ш.А. Нұрмышева, С.Б. Альпатына, А.Е. Сәденова, Ш.А. Сабитова, Г. Мұратова, К.Қ. Садирова, А. Т. Қасымбекова, Л. Ақтанова, А. Әділова); сөйлеу қарым-қатынас теориясы (И.А. Стернин, А.О. Леонтович, В.В. Богданов, О.Л. Каменская, Е.Ф. Тарасов, Г.Г. Почевцов, Р. Якобсон, Ф. Оразбаева, С. Әлметова); салғастырмалы тіл білімі (И.А. Стернин, М.А. Стернина, В.Б. Кашкин, А.П. Бабушкин, В.Н. Гак, С.Г. Тер-Минасова, З. Ахметжанова, К.К. Дүйсекова, С.Ж. Тажибаева, С.К. Сәтенова, А.Р. Мухтаруллина, М.Б. Амалбекова, Ф.З. Мамедова, С.С. Исакова); функционалды лингвистика және сөйлеу жанры теориясы (М.М. Бахтин, В.В. Виноградов, В.В. Дементьев, В.И. Тюпа, К.Ф. Седов, О.Б. Сиротинина, Т.В. Шмелева); мәтін лингвистикасы (И.Р. Гальперин, Т.М. Николаева, З.Я. Тураева, В.Е. Чернявская, Н.С. Валгина, Т.В. Матвеева, Т.М. Хомутова); лингвофольклористика (А.Т. Хроленко, И.А. Оссовецкий, Е.Қ. Жұбанов, А.Ж. Мұқатаева, Ж.А. Жакупов, З. Керімбаева); лингвомәдениеттану (В.Н. Телия, Ю.С. Степанов, А.Д. Арутюнова, В.В. Воробьев, В. Шаклеин, В.А. Маслова, А.Т. Қайдар, М. Балақаев, Ш. Құрманбаева, Р.С. Сыздықова, Е.Н. Жанпеисов, К.Ш. Хұсайын, Ж.А. Манкеева); салғастырмалы лингвомәдениеттану (Г.М. Алимжанова, Е.О. Опарина т.б.), ертегі дискурсы (Ю.В. Мамонова, С. Цзинтин,

Н.А. Акименко, М.В. Демина, А.М. Кербс, К.Т. Батуева, И.Г. Ульянова, Т. Луговая, О.А. Плахова, Л.П. Ковальчук, И.С. Соборная, У.В. Каримова, Д.Ф. Шакиров, А.Ш. Юсупова, Ю.М. Брейгер, Е.Ф. Бизунова, Ю.С. Городова, С.К. Кенжемуратова, А.Т. Қасымбекова, А.В. Шаколо).

Зерттеу дереккөздеріне 30 қазақ, 25 орыс, 23 араб тіліндегі жалпы көлемі 150 баспа табақтан асатын ертегі мәтіндері алынды. Олар: Ертегілер. Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық. 4-т. / Жауапты шығарушы А. Айдашев. - Алматы: Жазушы, 1989. -304 б., Қазақ ертегілері. — Алматы: Көшпенділер, 2003. -392 б., Қазақ ертегілері. –Алматы, 2003. -270 б., Әжемнің ертегілері. – Алматы, 2009. -189 б. Л.А. Салье Маруф-Башмачник. Избранные сказки, рассказы и повести из «Тысячи и одной ночи». М., 1986., В.В. Лебедева Арабские народные сказки. Москва. 1990 г., С. Я. Маршак 12 месяцев. Сказка. Издательство: Малыш. 2020 г., Народные русские сказки. Изб. Сборник А.Н. Афанасьева. Тексты обработаны Г.П. Шалаева Большая книга сказок. Издательство: Эксмо. Москва. 2005 г., В.П. Аникин Русская народная сказка. М., 1977 г., В.Я. Пропп Русская сказка. М., 2005.,

٢٠١١ «علي بابا» تأليف كامل كيلاني . جمهورية مصر العربية .

٢٠١١ «علاء الدين» تأليف كامل كيلاني . جمهورية مصر العربية .

٢٠١١ «السندباد البحري» تأليف كامل كيلاني . جمهورية مصر العربية .

Ғылыми жұмыста төмендегідей **әдістер мен тәсілдер** қолданылды: жалпы ғылыми әдістер – индуктивті әдіс, бақылау, талдау; арнайы лингвистикалық әдістер: дескриптивті-аналитикалық, мәнмәтіндік талдау әдісі, компонентті талдау әдісі; дискурс талдау әдістері: дискурс талдаудың категориялары мен өлшемдері, дискурстық талдау бірліктері; салғастырмалы әдіс: салғастырмалы, салыстырмалы әдістер, салғастырмалы лингвомәдениеттану әдістері.

Зерттеу жұмысының **ғылыми жаңалығы** алғаш рет ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдері салғастырмалы аспектіде (қазақ, орыс, араб тілдері материалдары негізінде) қарастырылуымен анықталады. «Ертегі дискурсы», «ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдері» ұғымдарына анықтама берілді, ертегі дискурсы жанрына тән белгілер нақтыланды. Ертегі дискурсы лингвомәдени өлшемдерінің тілдік деңгейде өзектелуі дәлелденіп, қарым-қатынас стратегиясындағы ұлттық сөйлеу әдебі мен когнитивтік-коммуникативтік ерекшеліктері тілдік деректермен дәйектелді. Ертегі дискурсын лингвомәдени аспектіде салғастыра зерттеу әдістемесі жасалып, ертегі дискурсын дискурстық-лингвомәдени талдау үлгісі ұсынылды. Қазақ, орыс, араб қиял-ғажайып ертегі дискурсы аталған талдау үлгісі бойынша салғастырылды. Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерінің ауызша қабылдануы мен қайта түзілу ерекшеліктеріне эксперименттік талдау жүргізіліп, нәтижелері талданды.

Ғылыми жұмыстың **теориялық мәні** зерттеу нәтижелері дискурс теориясы мен лингвомәдениеттану, салғастырмалы тіл білімінің жалпы және жеке сұрақтарын дамытуға, олардың ұғымдық аппаратын толықтыруға, ертегі дискурсын салғастырмалы аспектіде зерттеу әдістемесі мен әдістерін әрі қарай жетілдіруге пайдалану мүмкіндігімен анықталады.

Ғылыми жұмыстың **практикалық мәні** жалпы тіл білімі, жалпы және жеке лексикология, дискурс теориясы, лингвомәдениеттану, салғастырмалы тіл білімі, лингвистикалық зерттеу әдістері бойынша арнайы курстар, дискурстық талдау және мәтін лингвистикасы курстарын өткізуде пайдалану мүмкіндіктерімен айқындалады. Лексикографиялық тәжірибеде және ертегі дискурсын салғастырмалы талдауда қолдануға болады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Ертегі дискурсы коммуниканттар арасындағы белгілі бір этностың әлеуметтік-мәдени дүние бейнесін терең көрсететін шынайы сөйлеу әрекеті; ертегі дискурсы – әлеуметтік-тарихи, мәдени, этникалық, тілдік факторлармен айқындалған, жеке тұлғаның және бүтін халық санасының ерекшелігін, уақытпен дәлелденген озық дәстүрлерді бейнелейтін, белгілі бір дәуірдің шындықтарымен сәйкес келетін әлеуметтік концептілердің және олардың түрлі нұсқаларының өзіндік жиынтығы.

2. Ертегі дискурсы жанрын басқа дискурс жанрынан ажырататын белгілер анықталды: тілдік бірліктердің таңдап қолданылуы; айтылымның нақты бір адресатқа бағытталуы; жеке авторлық шеберлік (қарым-қатынас күзиреттілігі); ұлттық ерекшеліктің болуы; қарым-қатынас мақсатының болуы; дискурстық тәжірибенің болуы; айтылымның типтік формаларының болуы; айтылымның қайталану сипатының болуы; ертегілік категориясының болуы.

3. Ертегілік категориясының базалық өлшемдеріне ғажайып, құндылық, белгісіз хронотоп, құрылымдық-семантикалық қайталаулар жатады. Кез келген халықтың ертегісі ғажайыпқа, арман мен қиялға, сиқырға құрылады. Ертегі дискурсындағы құндылық, оған оң және теріс көзқарастар этностың ғасырлар бойы жинап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған өмірлік тәжірибесінен, таным-түсінігінен, наным-сенімінен қалыптасады. Ертегі оқиғасы орын алған уақыт пен кеңістік белгісіз болады, бұл әлем халықтары ертегілерінің барлығына тән. Ертегідегі құрылымдық-семантикалық қайталаулардың өзіндік стилдік қызметі болады.

4. Ертегі мәтіні мен ертегі дискурсының айырмашылығы бар. Ол айырмашылықтар қарым-қатынастың жүзеге асуының визуалды/акустикалық, жансыз/жанды контакт, қарым-қатынасқа түсушілердің байланысының жанама/тікелей сипатымен, ертегіні қабылдаудың әр кезеңдік/бір мезеттік сипатымен, статикалық өнім/динамикалық үдеріс сипатымен анықталады. Ертегі мәтіні – дискурсқа дайын өнім, ертегі дискурсы – дайын өнімнің нақты жағдаяттағы көрінісі.

5. Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдері анықталды: тілдік: лексикалық, грамматикалық, семантикалық; қарым-қатынас стратегиясы; когнитивтік-коммуникативтік. Ертегі дискурсының жанрлық сипатына тән тілдік бірліктерді таңдап қолдану, ұлттық ерекшеліктің болуы, ертегілік категориясының ғажайып, құндылық, белгісіз хронотоп сияқты белгілері тірек концептілер, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, метафоралар, реалий сөздер т.б. лексикалық бірліктер арқылы көрініс табады. Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерінің грамматикалық деңгейіне айтылымның типтік формаларының болуын, грамматикалық құрылымдардың қайталанып келуін,

ертегілік категориясының хронотоп белгілерінің жиі кездесуін айтуға болады. Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерінің семантикалық деңгейі мәдени кодтардан, мәдени маркерлерден, символдардан, олардың астырт және үстірт құрылымдарындағы мағыналарынан көрінеді.

6. Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін анықтаудың маңыздылығы ондағы мәдени код, мәдени маркерлер, символдардың астырт құрылымдарын түсіндірумен анықталады. Ертегі дискурсының астырт құрылымдарындағы мағыналар әр ұлттың дүние туралы кодталған білімдер жүйесін құрайды. Осындай дүниелік білімдер ертегі тыңдарманының санасында болғанда дискурс орын алады. Сондықтан ертегіші я болмаса тыңдаушының сөз стратегиясында мәдени мәнді сезіне алатынын немесе сезіне алмайтынын анықтаудың ертегі дискурсы үшін мәні ерекше.

7. Ертегі дискурсы лингвомәдени өлшемдерін салғастырмалы талдау әдіснамасы, принциптері анықталып, оны зерттеудің дискурстық-лингвомәдени салғастырмалы талдау үлгісі ұсынылды. Аталған үлгі үш деңгейден тұрады, әр деңгейдің өзіне тән зерттеу үлгілері жасалынды. Зерттеу үлгісін жасау барысында концептуалдық талдау, салғастырмалы әдіс, салғастырмалы лингвомәдени талдау әдістері, дискурс талдау бойынша жазылған әдіснамалық принциптер басшылыққа алынды. Ұсынылған зерттеу үлгісін осы бағыттағы болашақ зерттеулерде қолдануға болады.

8. Қазақ, орыс және араб ертегі дискурсын салғастырмалы талдау ертегі дискурсының жанрына тән әмбебап белгілер (бір типті кейіпкерлер, ғажайып заттар, магиялық тапсырмалар, ғажайып көмекшілер, тірек концептілер, ертегінің басталуы, ортасы және соңында қолданылатын тұрақты клишелер, «үш» және «жеті» сандарының символдық мәні, тілдік бірліктердің таңдап қолданылуы, қайталаулардың стилдік қызметі, айтылымның нақты бір адресатқа бағытталуы, дискурстық тәжірибенің болуы, ертегілік категориясының болуы) мен ұлттық ерекшеліктерді (атақ-лауазым, киім, тағам, аң-құс, кәсіп атаулары, оқиғалардың өту орны, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің қолданысы, мәдени код, мәдени маркер, сөйлеу әдебі формалары, әдеп нормалары, сөйлеу актісіне қатысушылардың ішкі жан-дүниесі, ұлттық сөйлеу мінез-құлқы) анықтады. Ертегі дискурсын салғастырмалы талдау нәтижесі кез келген мәдениеттегі кодталған білімдер жүйесінің кілтін ашу дискурс орын алуының маңызды алғышарты деген тұжырым жасауға мүмкіндік берді.

Зерттеу апробациясы. Диссертация жұмысының нәтижелері отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу мекемелерінде, жоғары оқу орындарында талқыланды: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, филология факультетінің қазақ филологиясы, орыс филологиясы және мәдениетаралық коммуникация кафедрасы (2018-2021), Түркия, Балыкесир университетінің “Дара” Еуразиялық инновациялық даму орталығы (2019), Башқұрт мемлекеттік университеті, филология факультетінің гуманитарлық мамандықтарға арналған шетел тілі кафедрасы (2020), орыс тіл білімі кафедрасы (2020), Башқұрт мемлекеттік университеті, башқұрт филологиясы, шығыстану және журналистика факультетінің шығыстану және башқұрт тілі кафедрасы (2020),

орыс тілі және салғастырмалы филология кафедрасы (2020), компьютерлік филология зертханасы 2021). Ертегі дискурсының ауызша қабылдануы мен қайта түзілу ерекшеліктеріне эксперименттік талдау Ақтөбе қаласы “Ақбөбек” мектебі, №40 ЖОББМ, Шалқар ауданы, Қаратоғай ЖОББМ, Байғанин ауданы, Жарқамыс ЖОББМ бастауыш класс оқушыларына жүргізілді.

Зерттеудің жариялануы мен мақұлданыуы:

Зерттеудің негізгі бөлімі бойынша 9 мақала жарияланды:

Scopus ғылыми деректер базасына кіретін журналдарда жарияланған еңбектер:

1. Fairytale discourse as a demonstration of the national mentality (on the material of Kazakh and Russian fairy tales) //ASTRA Salvensis, no. 1/2021. P. 121-135. Процентиль 81%, Q1.

ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда жарияланған еңбектер:

2. Дискурс терминінің анықталуы//Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Филология сериясы, № 3(65) 2018. 123-129 бб.

3. Ертегі дискурсының зерттелуі // Қазақстанның ғылымы мен өмірі халықаралық ғылыми журнал. № 2 (78) 2019. 193-197 бб.

4. Ертегі дискурсындағы көркемдік құралдар // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» халықаралық ғылыми журнал. №6/2 2020. 415-422 бб.

5. Ұлттық танымның ертегі дискурсындағы көрінісі (қазақ, орыс және араб тілі материалдары негізінде) // Е.А. Букетов атындағы ҚМУ хабаршысы, филология сериясы, №4, 2021.

Халықаралық конференциялардың жинақтарында жарияланған еңбектер:

6. Ертегі дискурсы әлемнің көркем бейнесі элементі ретінде //«ХІ Құрышжанов оқулары: Түркі әлемі жастарын біріктіруші фактор» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Алматы, 2019. 41-44 бб

7. Structural features of kazakh and arabian fairy tales// Actual questions and innovations in science II Proceedings. october 9, 2019 aqis II. (Balıkesir, Turkey), p. 281-285.

8. Ертегі дискурсындағы кеңістік пен уақыт категориясы// Электронная письменность народов российской федерации: опыт, проблемы и перспективы. Материалы II Международной научной конференции. Уфа, 11-12 декабря 2019 г. С. 190-192.

9. Фольклорлық дискурс және оның ерекшеліктері// Қазақ әдебиеттану ғылымы: дәстүр және сабақтастық атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция. Ақтөбе, 2018. 225-231 бб.

Зерттеудің құрылымы мен көлемі: Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытынды, пайдаланған әдебиеттер тізімінен, анықтамалардан және қосымшалардан тұрады. Ғылыми жұмыстың жалпы көлемі 145 бетті құрайды.

Диссертациялық зерттеу жұмысы **Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бағдарламаларына** сәйкес дайындалған:

1) Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы);

2) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.5 Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. 5.3.6 Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы);

3) «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы (І. Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт. 21.11. 2018 ж.).

4) ҚР Үкіметі жанындағы ЖҒТК бекіткен ғылым дамуының 5. «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер. 27.04. 2016 ж.).

1 ЕРТЕГІ ДИСКУРСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ ЛИНГВОМӘДЕНИ ӨЛШЕМДЕРІ

1.1 «Дискурс» ұғымының анықтауы

Қазіргі тіл білімінде «дискурс» терминіне дәлме-дәл анықтама берілген жоқ. Дискурс бірнеше ғылымдардың зерттеу нысаны болып табылады. Лингвистикалық пәндер саласы бойынша «дискурс» ұғымын анықтауға арналған бірнеше көзқарастарды келтіруге мүмкіндік бар. Айталық, қарым-қатынастық көзқарас тұрғысынан зерттеушілердің назарын «сөйлеу» өзінің барлық мағыналарында, яғни ауызша табиғи сөйлеу, коммуникативтік жағдаят, сөйлеу үдерісі қызметіне және т.б. аудартады. Т.В. Матвееваның «Полном словаре лингвистических терминов» атты сөздігінде дискурсты былайша түсіндіреді: «Связную речь в совокупности с нелингвистическими обстоятельствами её протекания, речь во взаимосвязи с живой жизнью: её событийным контекстом, социокультурными, прагматическими, психологическими характеристиками говорящих» [1,92].

Әлеуметтік лингвистика дискурсқа қатысушы коммуниканттарды белгілі бір әлеуметтік топтың өкілдері ретінде қарастыра отырып, дискурстың ауқымды әлеуметтік-мәдени контексте жүзеге асырылуы тұрғысынан алып зерттейді. Әлеуметтік лингвистикалық ұстаным тұрғысынан В.И. Карасик дискурсты «белгілі бір әлеуметтік топтағы өкілдердің сөйлесуі немесе олардың қандай да бір типтік сөйлеу мінез-құлықтары жағдаятынан туындайтын сөйлесу әрекеті ретінде қарастырады [2, 389].

Танымдық көзқарас аясында дискурс сөйлеуді сәтті жарыққа шығару мен түсіну үшін қажетті түрлі білімдер жүйесінің иерархиялық мәні болып есептеледі. Дискурсты осы тұрғыдан қарастыруға Е.С. Кубрякова мен О.В. Александрованың «Дискурс – когнитивті үдеріс, ол сөйлеу шығармашылығының тууына тікелей байланысты» деген анықтамасын көрсетуге болады [3, 19-20]. Дискурсты зерттеудің құрылымдық аспектісі оны формальды және мазмұнды байланыс тұрғысынан талдайды, бірімен-бірі мағыналық тұрғыдан байланысқан екі немесе бірнеше сөйлем ретінде нақтылайды.

Лингвомәдениеттану шеңберінде дискурсты зерттеуде алғашқылардың бірі ретінде қандай да бір этностың сөйлеу ерекшелігіне, олардың сөйлеу мәнері үлгілеріне, аталған тіл мәдениетінің басымдықтарына назар салынады. Дискурсты зерттеу барысындағы лингвостилистикалық көзқарас қарым-қатынас регистрлары мен қызметі өлшемдерін анықтаудан, сондай-ақ ауызша және жазбаша сөйлеуді, олардың жанрларымен түрлі стилдік ерекшеліктерін талдаудан көрінеді. Жоғарыда айтылған дискурсты анықтауға деген көзқарастардың барлығы бір-бірін жоққа шығармайды, керісінше, бірін-бірі толықтырады, «дискурс» ұғымын жан-жақты қарастыруға мүмкіндік бере отырып, оның қолданыс аясын кеңейтеді.

Дискурсты шетелдік зерттеушілер Уолдреор, Чеор, Гивон, Патрик Серио, Т. Ван Дейк, М. Стаббс, З. Харрис, орыс зерттеушілері М.Л. Макаров, Н.Д. Арутюнова, Г. Каспаров, А.А. Кибрик, Т.М. Николаева, Ю.С. Степанов,

М. Бахтин, Е.И. Шейгал, В.Е. Черняевская, В.А. Звигенцев, Э. Грачьевич т.б. қарастырады.

Дискурс термині ХХ ғасырдың жетпісінші жылдары қолданысқа ене бастады. «Дискурс» терминінің француз тіліндегі мағынасы «discours» - сөйлеу болса, ал ағылшын тілінде «discourse» - талқылау, лебіз, сөйлеу деген мағынаны беретіні белгілі болды.

«Дискурс» термині дербес термин ретінде алғаш рет жиырмамыншы ғасырдың елуінші жылдары Э. Бенвенист зерттеуінде «сөйлеуші тарапынан айтылатын сөйлеу» ретінде, ал американдық ғалым А. Харрис 1952 жылғы еңбегінде дискурс туралы өз пікірін білдірген еді. Осы кезеңде ғалым Ю. Хабермас та дискурс мәселесіне қатысты пікір білдіре отырып, дискурсты коммуникацияның айрықша түрінің бірі, кезектескен сөйлесім деп түсіндірген.

Т.М. Николаева дискурсқа берілген әр түрлі анықтамаларды қарастыра келіп, ең негізгілері ретінде мыналарды нұсқайды: «а) байласымды мәтін, ә) мәтіннің ауызша сөйлеу формасы, б) диалог, в) мағыналық жақтан ішінара байланысты айтылым түрлері, г) ауызша немесе жазбаша сөйлеу туындысы» [4, 467]. Патрик Серио «Француз мектебіндегі дискурсты талдау» мақаласында дискурс терминіне қазіргі күні беріліп жүрген бірнеше ережелерді атап көрсетеді: «1. Соссюрлік ұғым бойынша «сөйлеу» ұғымының баламасы, яғни кез келген нақты айтылым; 2. Көлемі жағынан фразадан үлкен бірлік; 3. Айтылым жағдаятын ескере отырып, сөйлеушінің қабылдаушыға әсері; 4. Екеуара сөйлесім айтылымның негізгі типі ретінде; 5. Сөйлеушінің меншігіндегі «сөйлеу» т.б. 6. Тілдік бірліктерді пайдалану, олардың сөйлеуде өзектелуі; 7. Айтылымның әлеуметтік немесе идеологиялық шектеулі түрі; 8. Мәтін құрастыру жағдайларын зерттеуге арналған теориялық конструкт [5, 26-27]. Бұлардан да бөлек ғалымдар дискурс жөнінде бірнеше түрлі анықтамалар мен пікірлер айтады. Н.Д. Арутюнова «Дискурс – адамның когнитивтік санасында өзара қарым-қатынас механизміне қатысатын компонент, «өмірмен біте қайнасқан» [6,136] сөз десе, Ю.С. Степанов «... дискурс «тіл ішіндегі тіл» [7,44] деген анықтама береді. М. Бахтин дискурсты «адресант пен адресаттың қарым-қатынасын жүзеге асыратын сөйлесім үлгісі» деп айтады. Себебі айтылымға тән қасиет – үш жақтың біріне қаратылады, яғни адресатқа арналады да, оған айтушы мен тыңдаушының қатысуы шарт [8, 97].

«Дискурс» терминіне қатысты ережелердің көп болуы, оның зерттеу бағыттарының көптігімен байланысты болып табылады. Осы орайда Т. Ван Дейк «Дискурс, өзінің кең мағынасында, тілдік форманың – мағына мен іс-әрекеттің күрделі бірлігі, ол өз кезегінде коммуникативтік акт тұрғысынан жан-жақты сипаттала алар еді» деп анықтама береді [9, 312]. Осындай анықтамаларға сүйене отырып, көптеген зерттеушілер дискурсты «белгілі бір когнитивті және типологиялық негізделген коммуникативтік кеңістікте жүзеге асатын жазба мәтінде не ауызша сөйлеу тілінде орнығып отыратын коммуникативтік оқиға» десе; бірі «мәтіннен басқа да экстралингвистикалық факторлардан (әлем туралы білім, ой-пікір, тұжырымдамалар, адресат мақсатынан) тұратын күрделі коммуникативтік құрылыс» деп түсіндіреді.

Т. Ван Дейк дискурсты үлгі ретінде ала отырып, дискурстың өзін жеке дара емес, әлеуметтік аспектіні де назардан тыс қалдырмауды дұрыс деп есептейді.

Дискурс ұғымын түсіну үшін әртүрлі экстралингвистикалық факторларды міндетті түрде ескеруіміз керек. Мәселен, Е.И. Шейгал «Тіл абстрактілі тілдік жүйе ретінде шынайы дискурс түрінде өмір сүреді... Қарым-қатынас үнемі адам әрекетінің белгілі бір аясында, белгілі бір әлеуметтік кеңістікте өтеді» [10, 78] дей отырып, ғалым дискурс коммуникацияның белгілі бір жағдаятында пайда болып, коммуникацияға қатысушылардың түрлі әлеуметтік деңгейі мен ұстанымдарының көрсеткіші болып табылады деп тұжырымдайды.

М.Стаббс дискурстың мынандай сипаттамаларын көрсетеді:

а) «формалды тұрғыдан дискурс – сөйлемге қарағанда одан үлкен тіл бірлігі»; ә) «мазмұндық тұрғыдан дискурс тілді әлеуметтік контексте қолданумен байланысты»; б) «дискурс өзінің ұйымдасу жағынан интерактивті, яғни оған диалогтік қасиет тән болып табылады» [11, 1].

В.Е.Черняевскаяның еңбегінде дискурсқа екі анықтаманы қатар келтіреді:

а) «дискурс – бұл белгілі бір когнитивті және типологиялық негізделген коммуникативтік кеңістікте жүзеге асатын жазбаша мәтін мен ауызша сөйлеу тілінде көрініс беретін нақты коммуникативтік жағдай»;

б) «дискурс – тақырыптық тұрғыдан арақатынасы белгіленген мәтіндер жиынтығы: бір ортақ тақырыпқа негізделген дискурста жүйеленген мәтін. Дискурстың мағынасы жеке дара мәтін көмегімен ашыла бермейді, ол интермәтіндік деңгейде, яғни көптеген мәтіндер жиынтығының арақатынасы негізінде анықталады» [12, 96]. В.Е. Черняевскаяның көзқарасы бойынша дискурстың бұл екі анықтамасы бір-бірімен байланысты, олар танымдық құбылыстың әр түрлі қырын ашып көрсетеді.

З. Харрис жиырмамыншы ғасырдың ортасында жарық көрген «Дискурс-анализ» мақаласында бұл ұғымды айтылым ретіндегі мәтін үзіндісі деп түсіндірген болатын [13, 3]. Интернет-дискурстың модальдылығын зерттеген А.Р. Мухтаруллина «Дискурс нақты бір әлеуметтік жағдаяттағы тілдік әрекеттің динамикалық үдерісі» [14, 140] деген анықтама береді.

Қазақ лингвистикасында дискурс мәселесі ХХІ ғасырдың алғашқы кезеңінде зерттеле бастады. Зерттеушілер Қ.Ө. Есенова, З.Ш. Ерназарова, Г.Н. Смағұлова, Г. Әзімжанова, Б.С. Жұмағұлова, Г. Бүркітбаева, Д. Әлкебаева, Н. Уәли, Ж.М. Кеншінбаева, Ш.А. Нұрмышева, С.Б. Альпатына, А.Е. Сәденова, Ш.А. Сабитова, Г. Мұратова, К.Қ. Садирова, А.Т. Қасымбекова, Л. Ақтанова, А. Әділова т.б. болды. Отандық лингвист ғалымдардың еңбектерінде дискурс теориясы жан-жақты зерттелуде.

Дискурс теориясы мәселелерін арнайы зерттеген ғалымдардың тұжырымдарына тоқтала кетсек, зерттеуші Д. Әлкебаева: «Дискурс нақты айтылған сөз деген мағынамен сәйкес келеді, өзінің мағыналық-ақиқаттық мазмұнымен қоса экстралингвистикалық факторлармен жүйеленетін сөйлесімдерді айтады» [15, 17-19]. Ғалым Ж. Кеншінбаева: «Дискурс – қолданыстағы мәтін, яғни сөйлеу тілінің нақтылы коммуникативтік қарым-қатынас орнатудағы қызметі» [16, 3] - десе, профессор Н.Уәли: «Фреймі «автор», сөз актісі» - «адресат» және сөз жағдаяты деген (сөздің қандай

ситуацияда айтылғаны) құрылымдардан тұратын коммуникативтік оқиға» [17, 28] - деп түсіндіреді. Г.Г. Бүркітбаева «Дискурс деп мәтін мен интеракцияға қатысушылар және коммуникативтік жағдаят қосындысы» [18,57], зерттеуші Ш.А. Нұрмышева дискурсты «Коммуниканттардың сөз жағдайын ескере отырып шынайы өмірдегі оқиғаларды өздерінің когнитивтік, тілдік, аялық білімін, прагматикалық мүмкіндіктерін пайдалану арқылы коммуникативтік мақсатқа орай өз тілдеріндегі лексикалық, грамматикалық, фонетикалық жүйелер арқылы тілге көшіруі, диалогқа түсу әрекеті» деген тұжырым жасайды [19, 14]. Профессор Қ.Ө. Есенова дискурстың прагматикалық табиғатын зерттей отырып, «дискурсты прагматикалық түрде талдағанда, коммуникативтік ситуацияға және оған қатысушыларға байланысты экстралингвистикалық, этномәдени факторларға және коммуниканттардың мақсат ниеттері басшылыққа алынуы тиіс. Қандай да бір ақпаратты алғанда тыңдарман немесе оқырман мәтін авторының сол мәтінді дайындаған сәттегі қиял-дүниесін елестетуге тырысады. Басқаша айтқанда, дискурсты түсіну бөгде адамның ойлау дүниесіне еріксіз және ерікті түрде ену деуге болады» [20, 235-236] деген қорытындыға келеді.

К.Қ. Садирова «дискурс дегеніміз – шынайы өмір үзіндегі көріністің сөйлеу әрекеті арқылы санаға көшуі мен тілдік бірлікте таңбалануы. Яғни, дайын мәтіннің сөйлеу әрекетін туғызушылар мақсатына сай күрделі әрі нақты коммуникативтік жағдайға айналуы», - деген түсіндірме береді. Осылармен бірге қарым-қатынасқа түсушілер, тілдік тұлға, концепт, тіл мен дискурс арақатынасы т.б. мәселелерге де тоқталады. Зерттеуші: «Дискурс – адамға тән іс-әрекеттің бір түрі. Ол мәтінмен тығыз байланысты, алайда екі түрлі ұғым. Дискурс – шынайы өмірде нақты бір коммуниканттар арасында, нақты бір уақытта, белгілі бір орында орындалған сөйлеу әрекеті» деп қарастырады [21, 60-63].

Дискурстық жағдаят, коммуниканттардың таным-түсінігі, аялық білім, т.б туралы мәселелерді ғалым Н. Уәли тұрмыстық дискурсқа қатысты өз зерттеулерінде мағынасын ашып түсіндіреді. Н. Уәли: «Тұрмыстық дискурс дегеніміз – әдеби тілге жататын бейресми жағдаятта қолданылатын, сөйлеушілердің тікелей қатысуымен жүзеге асатын машықты (спонтанды) сөз» деп келтіреді [17, 146]. Н.Уәли «тұрмыстық дискурстағы» сөйлеу жағдаяты, қарым-қатынас ерекшелігі, ұлттық ерекшеліктер, «тұрмыстық дискурсқа» тән белгілер туралы хабар береді. Қазақстандық ғалым Б.А. Ахатова «дискурс – коммуникативтік әрекеттің ауызша және жазбаша түріндегі вербалды жемісі» [22, 42] деп түсіндіреді.

Ғалым Б.Қалиұлы «Дискурс және оның тілдік белгілері» атты мақаласында осы соңғы анықтаманы дұрыс деп таниды да, «дискурс – ауқымы кең, күрделі құрылым» деп таниды. «Оған прагматикалық, когнитивтік, экстралингвистикалық, мәдениеттанымдық, әлеуметтік, менталдық, психологиялық, семантикалық сипаттар тән. Бұлар әлгі диалог-мәтінді маңызды, мәнді, әрі түсінікті етуге септігін тигізеді. ... Дискурс – күрделі тілдік бірлік. Барлық тілдік бірлікке не нәрсе тән болса, соның бәрі дискурсқа тән. Мәселен, сөзге, сөз тіркесіне, сөйлемге белгілі бір тұрпат, құрылым, мағына, қызмет тән болса, осы

белгілердің барлығын дискурстан табуға болады. Айырмашылығы – дискурс ұлттық ерекшеліктерге негізделген көп аспектілі, күрделі құрылым», дей отыра мынандай мысал келтіреді: *«Қыстың аязды күні бір ауылға алыстан келіп, ат басын тіреген жолаушының атынан түспестен бір үйдің қожайынына келіп жөн сұрасып тұрған жері екен.*

- Ассалаумағаликүм! Құдайы қонақ едім, -деді

- Құдайы қонақ болсаң, шөп бар, анау отауға түс!» [23, 10].

Бұл мысалдан болмысы қазақы екі адамның, яғни жолаушы мен үй иесінің астарлы, мәдениетті түрдегі бір-бірінен жөн сұрасуын байқаймыз. Сонымен қатар жолаушының ұзақ жолдан шаршағанын, атының болдырғанын, өзінің тоңғанын, барар жерінің алыстығын ұзақ сонар баяндап тұрмай-ақ, «Құдайы қонақ едім» деуі арқылы қысылса да амалсыздан қонарға жер сұрап тұрғанын және қазақ халқы үшін «құдайы қонақты» қандай жағдайда да күтетінін біле тұра мәдениет, ізет танытуын көрсек, «шөп бар, анау отауға түс» деген сөзден келген жолаушының жағдайы ғана емес, оның ат-көлігінің де жайын жасау қажеттігін, ал ондай жағдайдың өз үйінде жоқтығын туралап айтпай, қысқа қайырыммен тұспалдап жеткізгенін көруге болады. Осы бір-екі жол сұхбаттан-ақ «ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен» қазақ халқының ұлттық ерекшелігі, қонақжайлығы, ұлттық танымы байқалады. Бұл келтірілген диалогтік дискурстан екі адамның арасындағы жағдаяттық, тілдік, әлеуметтік, этномәдени, психологиялық ортақтықтардың болуы арқасында олардың арасында коммуникативтік қарым-қатынас орнағанын көруге болатындығын айтады. Ондай коммуникативтік қарым-қатынас орнату үшін дискурсқа қатысушы коммуниканттардың ортақ түсінігі, танымы, қандай да бір аялық білімі болуы керек. Сонымен қорыта айтсақ, ғалымның пікірінше, «дискурс – белгілі бір тілдік жағдаяттағы екі адамның өзара сөйлесуі, бір-біріне сұрақ беруі, жауап қайтаруы, бірін-бірі түсінуі» болмақ.

Қ.Б. Күдерина «Қазақ дискурсының ұлттық және заманауи ерекшеліктері» атты мақаласында дискурсқа мынандай анықтама береді: «Дискурстың ең қарапайым түсінігі – тілдік қарым-қатынас шегіндегі қанағаттану сезімі... дей отырып, дискурстың айқын танылатын тұсы – ауызша коммуникация» дегенге баса назар аударады [24, 55]. Сондай-ақ қазіргі қазақтың вербальды дискурсының уақытқа сай ерекшеліктеріне, олардың халықтық ерекшеліктеріне тоқталып өтеді. Ауызша сөздің ерекшелігі ретінде оның уақыт пен кеңістікке тәуелді екендігін, уақыт өте келе кейбір сөз қолданыстарының өткен уақыттағыдай өзекті бола алмайтындығын, уақыттың өтуімен бірге ол ақпараттың эмотивтілігі бәсеңдейтіндігін ата буын мен жас ұрпақтың арасындағы айырмашылықтарды мысалға ала отырып дәлелмен көрсетеді. Тілдік қарым-қатынас арқылы ұлттық мәдениет қалыптасатынын, сол сияқты қазақы ортадағы дискурстың тұйық, бұйығы өтетіндігін *«қатты айтсаң, қарындасқа жақпайсың», «адам тілінен жазалы», «айтпас жерде тіліңді тарт»,* т.б. секілді қазақтың әдеп сақтау мен ибаға қатысты мақал-мәтелдері арқылы дәлелдейді. Тіл арқылы адамды танытатын кітаби тіл емес, сөйлеу тілі екендігін айта отырып, сөйлеу тілінің дискурсына ерекше көңіл бөледі.

Зерттеуші С.С. Исакова «Университеттік дискурстағы терминдердің қолданылу принциптері» мақаласында «Дискурс жанры ұжымдық және жеке тілдік тәжірибеге байланысты қалыптасады. Әрбір дискурстық жанрдың ерекшелігі оның мақсатымен, принциптері мен нормаларымен анықталады» [25, 97] деген ойын білдіре отырып, «педагогикалық дискурс аясындағы оқытушының студенттерге білім беріп қана қоймай, ғылымның дамуына үлес қосудағы университеттік дискурс мәселесіне де мән беру» керектігін атайды.

Отандық ғалымдардың дискурс теориясына қатысты ортақ пікірлері болғанымен, олардың дискурсты жан-жақты сипаттаулары мен пайымдауларының арасында өзіндік ерекшеліктері де бар екені байқалады. Сондай ортақ пікірлердің бірі – дискурстың диалогтік көрінісі [21,42], сөз жағдаятына сай орындалатын сөйлеу әрекеті, сөйлесімі. Ал айырмашылықтарын көптеп кездестіруге болады. Ғалым В.И. Карасик дискурсты «сөйлесу», «сөйлесім» [2] деп таныса, енді бір қатары диалогті дискурс деп атайды. Г.Г. Бүркітбаева «мән-мағынасы, ұғымы жағынан бір-бірімен логикалық және синтаксистік байланыста тұрған, бірнеше сөйлемдерден құрылған мәтінді»[18] дискурс деп анықтайды.

Осылармен қатар біз жоғарыда келтірілген ғылыми еңбектерде дискурсты түрлі аспектіде жан-жақты зерттегенін білдік. Дискурс теориясының болашақта зерттеуді қажет ететін нысандарына профессор К.Қ. Садирова атап көрсеткендей, дискурс түрлерінің жіктелуін, дискурстық кеңістік, дискурстық тұлға, дискурстық тәжірибе мен әлеуметтік тәжірибе байланысы, дискурстың зерделену мәселелері т.б. жатады деп есептейміз. Соның ішінде қазақ тіл біліміне қазақша дискурс ерекшеліктерінің өзіндік сипатын талдау, қазақ дискурсқа көбірек мысал бола алатын фольклорлық дискурс мәселелерін қарау қажет деп санаймыз.

1.2 Ертегі дискурсы және ертегі дискурсының зерттелуі

Қазіргі лингвистиканың маңызды жетістігі ретінде тілдің жаңа парадигмада, яғни адамның танымдық қызметі тұрғысынан танылуымен ерекшеленетіндігін айтуға болады. Сондай жаңа бағыттардың бірі – дискурс теориясы. Дискурстық кеңістік тәріздес нысанды ғылыми тұрғыда түсіну адами қызметтің барлық саласында болып жатады.

Біз өз зерттеуімізде ертегі дискурсы дискурстық кеңістіктің бір түрі ретінде қарастыра отырып, оның зерттелуі барысына тоқталмақпыз. Ертегі дискурсының өзекті мәселеге айналуы әлеуметтік талаптардан туындаған деп есептейміз. «Ертегі дискурсы өзінің пайда болуы мен дамуының алғашқы кезеңдерінде дискурстың жағдаяттық-рөлдік түрінде көрінеді» деп жазады Н.А. Акименко [26, 15]. Қарым-қатынастың ауызша түрден жазбаша түрге өтуі ертегіге айтарлықтай өзгеріс әкелді. Ертегіші мен тыңдаушының қарым-қатынасы аясынан шығып, ертегі дискурсы эстетикалық құндылыққа ие болды. Сананың тарихилығы мен объективті себептердің күшімен ертегі дискурсы жағдаяттық-рөлдік формадан жеке тұлғаға бағытталған тұрмыстық дискурс түріне айналады. Ертегі дискурсына қатысушылар және олардың рөлдері

өзгереді (ертегі құрастырушылар, ертегішілер, қатардағы орындаушылар, ертегіні жинаушылар, ертегіні өңдеушілер, авторлар, тыңдаушылар немесе оқырмандар).

Е.С. Кубрякова мен О.В. Александрованың «Виды пространства, текста и дискурса» (1997) еңбегінде ертегі дискурсы «Жазылған ертегі мәнмәтіні, оның нәтижесі, яғни мәтін ерекше әлеуметтік ақпарат түріндегі когнитивтік және тілдік қызметтің динамикалық үдерісі» ретінде түсіндіреді [3, 31].

Ғалым Н.Н. Миронова «Дискурс-анализ оценочной семантики» (1997) еңбегінде дискурсқа мынандай анықтама келтіреді: «Қоғамдық өмірдің нормалары мен құндылықтарын сыни тұрғыдан қарастыратын сөйлеу қарым-қатынасының түрі» [27, 33]. Н.Н. Миронованың болжауынша «Ертегі дискурсы» – бұл «мәдени қарым-қатынасқа қызмет ететін ерекше таңбалар жүйесі» ретінде анықталады. Бұл жерде автор ертегі дискурсын түрлі экстралингвистикалық факторлардың әсеріндегі, яғни менталды, тарихи, этнопсихологиялық, мәдени, этнографиялық және т.б. мәтіндердің біріне қатысты деп түсінік береді. Н.Н. Миронованың көзқарасы бойынша, қандай да бір халықтың діні мен ділі, тарихи дәуірі, тұрмысы мәдени факторларға байланысты туындаған ертегі дискурсының типологиялық өзгешелігі деп есептейді. Осындай дәлелдер келтіре отырып, автор: «Ертегі дискурсы көп аспектілі филологиялық талдау үшін өте маңызды, әрі бұл ұлттың әлем бейнесін толыққанды көрсететін дискурстың түрі болып табылады» деп баяндайды [27, 48]. Демек, «ертегі дискурсы – бұл абстрактылы қоғамдық көрініс емес, құндылық басымдықтарымен айқындалатын қоғам дәстүрлерімен анықталған, белгіленген (жазбаша, ауызша) формадағы коммуникативті қызметтің көрінісі» [27, 31].

Кейінгі уақыттардағы дискурс теориясы бойынша жүргізілген зерттеулерде «дискурс» және «ертегі дискурсы» ұғымдары түрліше анықталады. В.Я. Пропптың «Русская сказка» (2000) еңбегінде «...Ертегі дискурсы тек өзіндік, өзіне ғана тән таңғажайыптылыққа ие. Аталмыш жанр мәтінде прагматикалық қызмет түрлі деңгейде жүзеге асады», - деп көрсетеді [28, 316].

Ю.В. Мамонова бұл жөнінде «Когнитивно-дискурсивные особенности лексики английской бытовой сказки» (2004) зерттеуінде «Ертегі дискурсы дискурстың белгілі бір түрі ретінде халықтың тұрмыстық ертегілерінің басты концептілерін анықтау мақсатында алынады. Соған сай ертегі дискурсы «концептуалдық тұрғыда зерттелетін лексикалық құралдармен берілген, мәдени-құндылық ақпарат көзі» деп тұжырымдайды [29, 71].

Н.А. Акименконың «Лингвокультурные характеристики англоязычного сказочного дискурса» (2005) диссертациялық еңбегінде ертегі дискурсы «Тілдік құрылымның түрлі деңгейінде вербалданатын, ертегілік категориясының арнайы өлшемдерін жүзеге асыратын белсенді орта» [26,4] болып түсіндіріледі, сонымен қатар зерттеу еңбегінде ертегі дискурсының анықтамасы когнитивтік үдеріс ретінде сөйлеу әрекетімен байланысты қарастырылады. Зерттеуші былай деп жазады: «Ертегі дискурсында ертегіші өзінің лингвокреативтілігін, шынайы өмірде болған оқиғаға өзіндік ерекше көзқарасын көрсетеді. Бұл тілдің

лексикалық, семантикалық, функционалдық деңгейлерінде көрініс табады» [26, 95].

Ресейлік ғалым М.В. Демина ертегі дискурсы жайындағы зерттеулерінде «Ертегі дискурсы – көп ғасырлық тарих ағымында кодталған мәліметтердің «әмбебап қоймасы» деп анықтайды [30,91]. Дискурстың бұл түрі ұлт ділін және белгілі бір халықтың әлеуметтік-мәдени әлем бейнесін неғұрлым толық көрсетеді. М.В. Демина «Гендерная концептосфера британского сказочного дискурса: от традиции к современности» (2000) мақаласында Г.Г. Слышкин, И.В. Палаева сияқты ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, Британ аралдары халықтары ертегілері материалы негізінде жүргізген зерттеуі нәтижесінде дәстүрлі ертегі дискурсындағы гендерлік концептосфера жөнінде қорытынды пікір білдіреді. Ертегі дискурсында кездесетін «ер адам» концептісіне қатысты тілдік бірліктер «әйел» концептісіне қарағанда екі есе көп екендігі туралы жазады. Бұның айырмашылығы ер мен әйелдің өмір сүрудегі қызметіне байланысты болатындығын нақты дәлелдермен көрсетеді. «Ер адам» концептісі қоғамдық-әлеуметтік қызметте байқалса, «әйел» концептісі отбасылық қарым-қатынаста білінетіндігін, «әйел» концептісін бейнелейтін тілдік бірліктер «отбасы-туыстық қарым-қатынастағы» қосымша мағыналарды білдірсе, «ер адам» концептісі «тұлғааралық қарым-қатынасқа» негізделетіндігі туралы нақты дәлелдермен көрсетеді. Одан әрі айтылған концептілерді топтарға бөліп, пайыздық көрсеткіштерін нақтылайды. Яғни, жас ерекшелігіне байланысты «(adolescent, adult, boy, teenager, thirteen-year old, toddler, old man, young man); ұлты (Russian, Yakut, Vietnamese man); отбасы-туыстық қатысына байланысты (brother, cousin, dad, daddy, father, grandson, husband.); т.б.» [30, 92].

А.М. Кербс «Орыс ертегі дискурсының кеңістігі» (2010) мақаласында халық ертегісінің поэтикасын антропоцентристік призма және риторика арқылы зерттеу яғни, орыс халық ертегілерінің құрылымдық, мазмұндық, тілдік ерекшеліктерін ертегі дискурсы кеңістігінің инвариантты және этномәдени тілдік бірлік ретінде қарастыруына мүмкіндік береді. Ертегі дискурсын этно-әлеуметтік-мәдени тұрғыдан айқындалған әлем бейнесі және халық ділінің терең көрінісі, сонымен қатар оны тудыратын ұжымдық тілдік сана ретіндегі халықтың сөйлеу-ойлау қызметінің лингвориторикалық стратегиясы деп анықтайды. Ертегі дискурсын күрделі әлеуметтік – мәдени – қарым-қатынас өнімі және этностың ұжымдық тілдік тұлғасының сөйлеу-ойлау үдерісі деп тұжырымдайды [31, 5].

Ертегі дискурсы тілдік бірліктер арқылы көрінетін мәтіннің өзінен басқа, айқын этномәдени сипаттағы экстралингвистикалық факторлардың жиынтығын қамтиды: әлемді тану, дүние туралы түсініктер, моральдық-этикалық және вербалды-семантикалық бағдарды, сонымен бірге тілдік тұлғаның лингво-когнитивтік, ұжымдық-мотивациялық деңгейлерін қамтиды деп жазады. А.М. Кербс ертегі дискурсы этностың тілдік әлем бейнесі тұрғысынан менталды призмасын және оның иерархиялық ұйымдасуы мен өзара байланысты тарихи, әлеуметтік, ұлттық, мәдени, психологиялық-педагогикалық бағдарлары, халық санасында құрылған нормаларын, басымдықтарын көрсетеді деп тұжырымдайды.

К.Т. Батуева, И.Г. Ульянова өздерінің «Лексические особенности сказочного дискурса» (2011) атты мақаласында ертегі дискурсын былайша анықтайды: «Ертегі дискурсы экстралингвистикалық, әлеуметтік-мәдени, прагматикалық және психологиялық факторлардың жиынтығынан тұратын байланысты мәтін». Ертегі мәтіндегі ертегілік әсер беруде басты рөл атқаратын лексикалық компоненттерге, ертегі мәтініне ғана тән сөйлеу жанрының сюжеттік канонына, ертегінің негізгі кейіпкерлері мен ертегі мазмұнында көрсетілген арнайы хронотопқа талдау жасайды. Ертегі мәтінінің қалыптасқан дәстүрлі түрі ретінде мәтіннің негізгі бөлігінде басты оқиғалар баяндалып, соңғы бөлігінде барлық шиеленістің шешіліп, бақытты болып аяқталатындығы туралы ақпарат береді. Мысал ретінде басқа ешбір дискурс түрінде кездеспейтін, әйгілі орыс ертегілеріндегі лексикалық біркелкі топтарды төмендегідей ретте топтастырады:

- «Змей-Горыныч» (жер асты патшалығы);
- «Кащей-Бессмертный» (адам жасын анықтаушы клишелер);
- «Избушка на курьих ножках» (нысанды сипаттайтын клишелер);
- «Скатерть-самобранка» (заттың сипаттамасы);
- «Водяной» (қаһарманның мекені);
- «Царевна-лягушка» (кейіпкер портреті);
- «Лягушка-квакушка» (кейіпкердің сипаты);
- «Царевна-Несмеяна» (кейіпкер мінезі);
- «Морозко и Снегурочка» (маусым немесе әрекет ету мерзімі)» [32, 91].

Осылармен байланысты ертегіде тұрақты түрде кездесетін клишелер жайында, олардың әрі үнемді, әрі ертегі дискурсына тән екендігін, олардың орналасу ретіне қарай «бастапқы», «ортаңғы» және «соңғы» болып бөлетіндігін атап айтады. Оны төмендегі Кесте 1-де ұсынамыз:

Кесте 1 – Ертегі дискурсына тән тұрақты клишелер

Қазақ ертегілері	Орыс ертегілері	Араб ертегілері
<ul style="list-style-type: none"> • «Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде»; • «Баяғыда бір бай болыпты, төрт түлігі сай болыпты»; • «Баяғыда бір кедей болыпты, бір перзентке зар болыпты»; • «Бай болып, барша мұратына жетіпті». 	<ul style="list-style-type: none"> • «жили-были»; • «в некотором царстве, в некотором государстве»; • «скоро сказка сказывается, да не скоро дело делается»; • «и я там был, мед-пиво пил, по усам текло, да в рот не попало»; • «повели под венец, тут и сказке конец»; • «тут и сказке конец, а кто слушал – молодец». 	<ul style="list-style-type: none"> • كَانَ فِي قَدِيمِ الزَّمَانِ ерте заманда болған • وَ فِي يَوْمٍ مِنَ الْأَيَّامِ күндердің бір күнінде • فِي بَلَدٍ مِنْ بِلَادِ елдердің бір елінде • هُمْ عَلَى أَسْعَدِ وَحَالٍ أَهْنَأُ بِالْ جَمِيعًا عَاشُوا وَ طَوَّلَ وَالْحَيَاةَ бақытты да, ұзақ өмір сүріпті.

Берілген мысалдардан ертегі дискурсының дискурстық тәжірибесі көрінеді. Демек, онда әлеуметтік-мәдени тәжірибе тұрады.

Т. Луговая «Қазіргі мәдениеттегі ертегі дискурсы» (2012) деп аталатын мақаласында фольклорлық ертегінің қазіргі заманғы мәдениет қалыптастырушы факторлардың қатарында екендігі жөнінде айта отырып, өзіндік дәлелдерін келтіреді. Ертегі өзіне тән ерекшелігімен адамда шындық туралы интуитивті идеялар жүйесін құрайды. Адам санасында бар белгілі бір маңызды архетиптер қоймасы ретінде ертегі мәдениет дискурсына әсер ететіндігін жаза отырып, дәстүрлі фольклор жанрларының заманауи ақпараттық қоғамдағы мәдениетті қалыптастырушы рөлін айқындайды. Дәлел ретінде ертегілік образдардың формуласы мен сызбасының көптеген жарнамалық роликтерде, шоу-бағдарламаларда, клиптерде, кино және т.б. өзгертілместен жүзеге асатындығын жазады. Көптеген теледидар бағдарламаларында, жарнамаларда жан-жануарлар ертегісінің үзінділері жиі қолданылады. Мысалы, «Milka» шоколадында сиыр түсірілсе, «Nesquik» сусынында қоян және т.б. әрекеті көрінеді. Ертегідегі қазіргі уақыт үнемі маңызды, әрекеттің барлығы «қазір», яғни уақыттың қазіргі үзінде аяқталады. Ертегідегі көптеген тұрақты құрылымдар өткен шақта болып кетсе де, қазіргі уақытпен түсініледі. Ақпараттық қоғамда бұл интербелсенді бағдарламалар мен репортаждан көрінеді. «NV-shop» бағдарламасы немесе саяси жарнамаларда «чтобы было будущее – голосуй сейчас» деген мәнде көрінеді деп жазады. Осы тәріздес мысалдар келтіре отырып, қазіргі заманғы мәдениеттің мифтен бастау алатынын, біздің санамыздың мифтік санамен, біздің виртуалды өнімиміздің ертегімен байланысын дәлелдейді. Сондай-ақ ертегідегі қайталауларды «нақты» және «қысқартылған» сипатқа бөліп, «нақтыға» үштік сызбасы бойынша түсірілген жарнамалық роликтерді мысалға келтіреді. Ертегідегі үш сынақ, үш ұлының болуы т.б. үшеуінің мықты, әлсіз, өте төмен болуы сияқты, жарнамаланған заттың да үш түрлі қасиетін көрсететініне мынандай мысалдар келтіреді. Мысалы, «Nivea» кремі «очищает –тонизирует –смягчает». Егер жарнамада үштік әдісі болмаса, бинарлы, яғни екілік оппозицияға жүгінеді («таблетка – боль, стиральный порошок – жирные пятна» и т.д). Ертегідегі тұрақты мотивтер ғажайып көмекшілер мен сиқырлы заттар көмегімен жүзеге асып жататын болса, өнімді жарнамалауда да бұндай ғажайыптар қолданылады (дезодорант кейіпкердің зәулім үйлердің шатырынан секіруіне, екі көшені бір қадаммен аттап өтуіне, ұшуына көмектесе, сағыз жарнамасында кейіпкерін экзотикалық елдерден бір-ақ шығарады) деп мысалдармен дәйектейді. Осылайша мифтік сана ертегіде ғана көрініп қоймай, қазіргі заманғы мәдениетті қалыптастырушы мәдени фактор ретінде де жүзеге асатындығын көрсетеді [33,14-18].

У.В. Каримова «Ертегі дискурсының лингвомәдени сипаты» (2013) магистрлік диссертациясында ертегі дискурсының негізгі сипатын, ертегі дискурсының тақырыптық мазмұнын талдай отырып, ертегі дискурсының дискурстың басқа түрлерінен ерекшеліктері мен ұқсас жақтарын ашып көрсетеді. Дәстүрлі көзқарас шеңберінде дискурстың жаңа түрін таңдау бірқатар өлшем негізінде жүзеге асырылатындығын төмендегідей дәлелдейді [34, 19]:

1. Қарым-қатынасқа қатысушылардың сипатына қарай дискурстың екі түрі ажыратылады: әлеуметтік және жеке тұлғаға бағытталған. Әлеуметтік-бағдарлық бағыт қоғамдық қатынастар, қоғамдық сана институтының, сондай-ақ кәсіби бағдар жүйесінің болуын білдіреді.
2. Дискурстың тарихи сипаты, яғни белгілі бір дәуірмен байланысы және әлеуметтік қажеттілігі қарым-қатынас стратегиясымен анықталады.
3. Дискурстың үдерістік сипаты ондағы қарым-қатынастың осы шақта, өткен шақта, келер шақта жүзеге асуымен анықталады.
4. Түрлі қарым-қатынас саласындағы дискурстардың өзара байланысы.
5. Дискурстың өтпелі сипаты объективті себептерге және сананың тарихилығына байланысты бірте-бірте өзгерістерге ұшырап, ертегінің ауызша түрден жазбаша түрге ауысуы, ертегі дискурсының қазіргі мәдениеттен көрінуімен анықталады деп жазады.

Ертегі дискурсы күрделі лингвомәдени құрылым ретінде қазіргі заманғы қарым-қатынастың әртүрлі жағдайларында тірі орындаушының немесе жансыз техникалық тасымалдаушының және оны алмастыратын тыңдаушының, нақты тақырыптардың, жанрлардың және орындалу әдістерінің қатысуымен жүзеге асырылады. Ол эстетикалық, дидактикалық және сатиралық әсерге жету үшін ерекше прагматикалық бағытқа ие, бұл ертегі бояуы мен тілінің бірегейлігін түсіндіреді. Сондай-ақ ертегі дискурсы мен көркем дискурс байланысының ежелгі тарихы бар. Көркем әдебиеттің бір бөлігі ретінде басқа өнер түрлерінің бірі – ертегі дискурсы халық шығармашылығы болып саналады. Көркем қарым-қатынастың бастапқы түрі ретінде ертегі дискурсының ауызша түрі өнердің басқа түрлерімен, шебер хикаятшылардың шығармашылығымен генетикалық байланысына орай ажырағысыз болады. Осының барлығы дүниенің көркем бейнесін құрайды және халық өнерінің неліктен үлкен эстетикалық ләззат әкелетінін түсіндіреді.

Ю.М. Брейгер «Орыс, француз ертегі дискурсындағы сынақтың вербалдануы» (2013) диссертациясында ертегі дискурсындағы сынақты салғастырмалы аспектіде қарастырады, орыс және француз ертегілерінің құрылымы мен лингвомәдени ерекшеліктерін анықтайды, ертегі дискурсындағы сынақтың өзектелуінің ұлттық ерекшеліктері зерделенеді. Ғалым аталған тілдердің ертегі дискурсындағы кейіпкер сынағының әмбебап белгілерін, кейіпкер сынақтарының өтетін орындарын, түрлерін нақтылайды. Сынақтан өтетін кейіпкерлер мен олардың көмекшілері, қарсыластары, ғажайып құралдары анықталады. Ертегі сынағының дискурстық көрінісін тағам, киім, ұлттық салт-дәстүр т.б. лексикалық бірліктерден, көнерген сөздерден, тұрақты тіркестерден, бейнелікті беретін стилистикалық құралдар арқылы дәйектейді [35, 3-5].

О.А. Плахова «К вопросу о взаимодействии дискурса и жанра (на примере сказочного дискурса)» (2015) мақаласында дискурс пен жанрдың өзара әрекеттесуін, дискурс пен жанр дамуындағы бірдей үрдістердің болуын, сонымен қатар жанрдың дискурстың маңызды атрибуты ретіндегі ерекшеліктері туралы сөз қозғайды. Дискурсты зерттеуде ресейлік лингвистер ертегі дискурсын және оның конститутивтік белгілерін айқындау мақсатындағы

заманауи тәсілдің бірі ретінде жанрлық ерекшелікті белсенді түрде қолданатындығын айтады. Дискурстық және фольклорлық зерттеулердегі «жанр» ұғымына салыстырмалы талдау жасай отырып, ағылшын тілді ертегі дискурсына қатысты жанрлық өлшемдер мен ертегілік ғажайыптар жайын зерделейді [36, 33].

О.А. Плахова «Ағылшын ертегілерінің лингвосемиотикасы: жанрлық кеңістігі, таңбалық бейнеленуі, дискурсивтік өзектелуі» (2013) монографиясында халық ертегі дискурсын үдеріс немесе нәтиже, олардың өзара байланысын анықтайтын қалыптасқан көзқарастарды зерттейді. Ғалым халық ертегі дискурсын өз бойына халық ертегілері, аңыздар, балалар ертегілері, тарихи ертегілер сияқты фольклорлық мәтіндердің аралас жанрларын қамтитын лингвосемиотикалық құбылыс ретінде қарастырады. Халық ертегі дискурсын жалпы ертегілік категория мен ғажайыптан құрылған, мифологиялық наным-сенімге негізделген, вербалды және бейвербалды таңбалар жүйесімен берілген күрделі құрылым деп есептейді. О.А. Плахова халық ертегі дискурсын төмендегідей анықтайды: қоршаған дүние мен адам арасындағы қарым-қатынас сипатын түсіндіретін, өмірдің мәні мен мағынасын анықтауды мақсат ететін жеке қарым-қатынас; әр түрлі мәтіндердегі мәдени ақпарат пен құндылық стратегияларынан тұратын белгілі бір этникалық топтың сөйлеу және ойлауының әлеуметтік мәдени, қарым-қатынас өнімі; ерекше әлеуметтік формада ұсынылған мәтін, оның нәтижесі ертегілік контексте жазылған, тілдік және танымдық іс-әрекеттің динамикалық үдерісі деп анықтайды. Берілген анықтамаларда халық ертегі дискурсының үдерістік, өнімдік және өзара байланысты аспектілеріне назар аударылады. Халық ертегі дискурсының тағы бір ерекше сипаты нақты бір қарым-қатынас аясын қамтитын, оның семиотикалық кеңістігінен көрінеді деп жазады. Халық ертегі дискурсындағы символдар мифологиялық жағдаяттардан алынатын таңбалар ретінде көрінеді. Автор мифологиялық символдардың халық санасындағы құндылық басымдықтармен өзара байланысы халық ертегілеріндегі бейнелердің туындауына себеп болатындығын атай отырып, ертегі дискурсының семиотикалық табиғатын театр, теледидар, компьютерлік, жарнама дискурстары арқылы анық көруге болады деп жазады [37, 216].

Л.П. Ковальчук «Ертегі дискурсының құрылымы және ғылыми парадигмасы» (2013) мақаласында ертегі дискурсының мәдени құндылықтарын, негізгі ерекшеліктерін анықтайды. Ғалым ертегі дискурсының ерекшеліктеріне тілдік және бейнелі метафораны, қиял мен шындықтың қатынасы, кеңістік пен уақыттың ерекше формаларын жатқызады. Зерттеушінің пікірінше, ертегі дискурсы көп ғасырлық тарих қойнауында кодталған ақпараттың әмбебап қоймасына айналады деп жазады. Ертегі дискурсы кез келген халықтың шынайы өмірімен байланысты [38,104-109]. Ертегі дискурсындағы қиял нақты бір шынайы өмірдегі оқиғаға негізделеді.

Негізінен алғанда ертегінің бірінші мақсаты белгілі бір уақыттағы қоғамдық және тәрбиелік тұрақтылықты жеткізу болып саналады. Адресант тұспалдап жеткізе отырып, қоғамдағы әлеуметтік-саяси жағдайларды «ақымақ кейіпкерлер», олардың қисынсыз әрекеттері арқылы мысқылдау түрінде

жеткізеді. Осындай арнайы сюжеттік желіге құрылған ертегілерді барлық халықтардың ауыз әдебиетінен кездестіруге болады. Бұл туралы П.Т. Әуесбаева «Ертегілік сюжеттер мен мотивтер жөнінде» (2015) мақаласында «...Қай халықтың фольклорына да енген мотивтер мен сюжеттер трансформацияға ұшырап, сол халықтың салт-дәстүріне бейімделеді. Ертегілер ауызша туылып, ауызша тарағандықтан әрбір ұлттың өзінің топырағында өзіндік ерекшелігімен дамып жетіледі. Туыстас емес халықтармен де ортақ мотивтердің көрініс табуы жалпы адамзат басынан өткерген тарихи-әлеуметтік дамудың әсері» деп анықтайды [40, 173].

Д.Ф. Шакиров, А.Ш. Юсупова «Ертегі дискурсының лингвомәдени аспектісі және оның татар тіліне аударылу мәселесі» (2016) мақаласында орыс халық ертегілерін татар тіліне аударудағы «ертегі дискурсы» ұғымын түсіндірудің заманауи теориялық көзқарастарын қарастырады. Ғалымдардың пікірі бойынша, дискурсты түсінуде, қарастыруда зерттеушілердің көпшілігі дискурсты лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың жиынтығы ретінде зерттеу қажеттілігін, тілдік құралдардың (сөйлеудің формасы мен мазмұны) қарым-қатынастың әлеуметтік жағдайларына, қызмет салаларына тәуелділігі туралы айтатындығын басты назарға алады. Ертегі дискурсы виртуалды әлемнің немесе қиял арқылы жасалған менталды кеңістіктің психикалық шындығы ретінде қарастырылады, онда кейіпкерлер мен өрбіп жатқан ертегі оқиғалары дискурстың виртуалды ортасында өмір сүреді, өйткені олар онда шынайы көрінеді деген ой айтады. Ертегі дискурсының болуы, көрінуі және ерекше таңбалық қасиеті ертегі мазмұнымен, оның тарихи оқиғалармен, дискурстың басқа түрлерімен, байланысымен айқын көрінеді деп жазады. Ертегі дискурсының басқа дискурс түрлерімен өзара ұқсастығы олардың генетикалық байланысы мен жалпы ортақтығына негізделген. Ертегі дискурсы шын мәнінде бар, ежелгі қарым-қатынас жүйесі ретінде көптеген дискурс түрлерімен өзара байланысады. Ертегі дискурсына тән кейбір белгілер мен ұқсастықтар көркем дискурс және діни дискурстан бастау алады. Халықтың менталды стереотиптерін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін ертегі дискурсының тікелей құрамдас бөліктері болып саналады, сонымен қатар тілдік және аралас сипаттағы белгілерді қамтиды, ерекше әлеуметтік ақпарат ретінде дискурстың бар екендігін дәлелдейді. Зерттеушілер ертегілік категорияға негізделген мәтіндер жанрлық кеңістікте болуымен ерекшеленеді деп атап көрсетеді. Ертегі дискурсының лингвосемиотикалық кеңістігінің өзегіне жан-жануарлар және қиял-ғажайып ертегілерді жатқызады, ал шеткері аймағына аңыздар, әпсаналар және олардың фольклорлық түрлері жатады деп есептейді. Д.Ф. Шакиров, А.Ш. Юсупова зерттеулерінде ертегілік категориясына ерекше назар аударады. Ертегілік – тілде деңгеймен бейнеленетін, ертегілік қарым-қатынастың әртүрлі жағдаятына қатысты қолдануға мүмкін болатын, тілдік бірліктерден тұратын лингвопрагматикалық сипаттағы категория [40, 680-681] деп анықтайды.

А.Э. Эрнисова қырғыз тіл білімінде «Қостілді тілдік санадағы прецеденттік феномендер» (2016) мақаласында қырғыз-орыс қостілділігіндегі прецеденттік феномендердің өзектелуіне назар аудара отырып, Алдар Көсе, Құйыршық

бейнелерін Иван-дурачок бейнесімен салыстырады. Сонымен бірге ғалым прецедентті феномендерді лингвомәдени код және архитип ретінде қарастырады [41, 45].

И.С. Соборная «Теоретико-методологическая основа исследования сказочного дискурса» (2017) еңбегінде «Ертегі дискурсы» терминіне байланысты бірнеше ғалымдардың анықтамаларын салыстыра көрсетеді. «Ертегі дискурсы – дүниенің ұлттық бейнесін барынша толық көрсететін дискурстың бір түрі» деп анықтама береді [42, 39].

Ғалым Е.Ф. Бизунова «Сказочный дискурс как отражение менталитета народа (на примере белорусской и немецкой сказок)» (2017) мақаласында белорусь және неміс халықтары ертегілерін салыстыра талдай отырып, жалпы ертегі жанры этникалық топтар ділінің жарқын көрінісі болып табылатындығы туралы хабарлайды. Ертегі дискурсында аталған халықтардың дүние бейнесінің ерекшеліктері анықталады. Мысалы, неміс халқы– еңбекқор, әділ және ұқыпты, отбасының қамқоршысы болуға үнемі әзір тұрады, ал белорусь халқын өнертапқыш, рухани бай халық деп баяндайды. Одан әрі ертегінің күні бүгінге дейін маңызын жоймауының себептерін айта келіп, онда әділдік ұғымы мен әділдіктің түбінде салтанат құратындығын, жеңістің жарқын күшін насихаттайтындығынан хабар береді. Осылайша, ертегі дискурсын көп деңгейлі, көп қырлы ұғым деп қарастырады. Бұл құбылыстың мәнін түсіну үшін ауыз әдебиетінің тарихи туындауы мен дамуын және онда ертегінің жетекші жанрлардың бірі ретінде ерекше орын алатынын жете ұғынудың қажеттігін атап көрсетеді. Ертегі дискурсының дискурстың педагогикалық, саяси дискурс сияқты түрлерімен де байланыстылығын, халықтың мәдени мұрасын көрсететін көркем дискурстың бір түрі болып табылатындығынан да хабар береді. Одан әрі «Сказки включают в себя многовековой опыт народа, подтверждением чему является наличие в них природных и антропологических концептов, таких понятий, как душа, добро, зло, сердце, воля, истина и правда, любовь и ненависть, злоба, справедливость, вера, духи, свет и тьма и т. д. Сказочный дискурс – это своеобразное собрание большого количества социоконцептов, разнообразных вариантов их реализации, соотнесенность с реалиями той или иной эпохи, авторитет традиций, проверенный временем, особенности сознания индивида и всего народа, обусловленные лингвистическими, этническими, культурными, социально-историческими факторами» [43, 54] деген дәлелді пікірін келтіреді.

Ю.С. Городова «Специфика сказочного дискурса в англоязычном эпосе» (2017) еңбегінде ертегі дискурсының шығу тегіне, басқа дискурстармен өзара байланысына, ертегілік категориясына тоқталады. Зерттеуші ертегі мәтіндерінің атауларын, олардың құрылымын, ертегі дискурсындағы тілдік тұлғаның қарым-қатынас стратегиясының ерекшеліктерін зерттейді. Ғалым ертегі дискурсына: «Ертегі дискурсы – ойдағы виртуалды кеңістікте жасалған кейіпкерлермен оған байланысты ертегілік оқиғалары бар жиынтық», - деп анықтама береді [44, 58].

С.К. Кенжемуратова «Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдері» (2020) магистрлік зерттеуінде ертегі

мәтіндерінің лингвомәдени сипатына салыстырмалы-салғастырмалы талдау жасайды. Зерттеуде лингвомәдениетаным мен когнитивтік лингвистиканың негізгі қағидаларын басшылыққа ала отырып, концептуалдық талдау жүргізеді. Аталған тілдердің ертегі дискурсындағы мәдени концептілеріне талдау жасалып, олардың ерекшеліктері жөнінде жазады. Әрбір ұлттық мәдениетті бір-бірінен ерекшелейтін, әрбір тіл тұтынушысы өзін қоршаған әлемді және ішкі әлемін суреттеу үшін көмекке келетін арнайы тілдік бейнелері, символдары туралы жазады [45, 43]. Сонымен қатар ертегі дискурсында мәдени кодпен байланысты белгілерге тоқталып, мұндай пайымдаулар сыртқы және ішкі дүние шындықтары туралы типтік болжамдардың негізінде жатыр деген тұжырым жасайды. Алайда, зерттеу жұмысында ертегі дискурсының жанрлық ерекшеліктері, ертегі дискурсы мен ертегі мәтінінің айырым белгілері көрсетілмейді. Ертегіні фольклор жанры ретінде анықтап, лингвомәдени талдау жасайды. И. Больте, Г. Поливко, А.Н. Никифоров т.б сынды ертегіні фольклор жанры ретінде зерттеген ғалымдардың анықтамаларын басшылыққа алады. Сонымен бірге қазақ, орыс, ағылшын ертегілеріндегі бас кейіпкер бейнесін, сюжеті мен мотивін лингвомәдени өлшем ретінде қарастырады. Ертегі дискурсын бұлай зерттеу біздің ойымызша, ертегі дискурсының табиғатын ашудан және дискурстық-лингвомәдени талдаудан гөрі әдеби талдауға көбірек жақын. Ертегі дискурсына анықтама берілмеген, «лингвомәдени өлшем» ұғымы анықталмаған. «Посколько единой научной классификации до сих пор не существует, жанры или группы сказок исследователи выделяют по-разному» [45, 25] деп ертегінің тақырыптық жанрына назар аударады. Зерттеуші еңбегінен ертегіні дискурстық талдаудан гөрі, лингвомәдени аспектіде талдауға ұмтылғаны байқалады. Біздің пайымдауымызша, ертегі дискурсын дискурстық-лингвомәдени талдау қажет, сонда ғана ертегі дискурсының өзіндік ерекшелігі толық ашылады.

Зерттеуші А.Т. Қасымбекова «Ертегілердегі ғаламның концептуалдық бейнесі (қазақ және ағылшын тілдері негізінде)» (2020) диссертациялық еңбегінде ертегі дискурсын үстіңгі құрылым және терең құрылым аспектісінен талдап, әр түрлі ұлттардың халықтық ертегілеріндегі айырмашылықтарды ертегі дискурсының терең құрылымынан іздеген дұрыс деп пікір білдіреді. Ал үстіңгі құрылым барлық халықтарға ортақ әмбебап матрица деген ойын дәлелдейді. Басты айырмашылықтың мәдени мазмұнынан көрінетіндігін және олардың ертегі дискурсының терең құрылымында кодталатындығын атайды. Сонымен бірге әр этностың ертегісін бір-бірінен ерекшелеп тұратын мәдени маркерлері мен прецедентті атаулар екендігі туралы баяндайды [46, 116]. Ғалым ертегі дискурсына төмендегідей анықтама береді: «Ертегі дискурсы – негізін уақыт категориясы құрайтын «идеалды ақиқат болмыс» болып табылады» [46, 78]. А.Т. Қасымбекова «қиял-ғажайып ертегілерінің басты ерекшелігі – ертегі дискурсының негізін ерекше категория ертегі уақыты құрайтынында болып келеді. Басқа көркем шығармаларға қарағанда ертегі мынадай белгілермен сипатталады:

- қызықты оқиғалар сан түрлі болуы мүмкін, бірақ олар үнемі бірыңғай болып келеді; олар белгілі бір өте қатаң заңдылықтарға

бағынышты;

- ертегіде үнемі іс-қимыл сәтінің өзі нақты сипатталмайды, ол тек екі-үш сөзбен ғана келтіріледі... ертегі дискурсындағы уақыт концептісі синхрония мен диахрониядағы, сондай-ақ ертегі уақытындағы кеңістіктік өзгерістердің жиынтығы ретінде анықталады» деп жазады [46, 78-79].

А.В. Шаколо «Ертегі дискурсы: пайда болуы, қалыптасуы, орыс, белосурь, неміс лингвомәдениетіндегі тірек концептілер» (2021) еңбегінде ертегі дискурсын қазіргі тіл білімінің даму кезеңіндегі дискурс теориясының ажырамас компоненті ретінде қарастырады. Жалпы дискурс теориясындағы ертегі дискурсының орнын сипаттайды, қазіргі тіл біліміндегі аталған сұрақтың маңыздылығын зерделейді. Зерттеуші ертегіні бір жағынан дүниенің қарапайым мифологиялық және фольклорлық бейнесінің нәтижесі ретінде қарастырса, екінші жағынан дүниенің концептуалдық бейнесі ретінде дәйектейді. Бір немесе бірнеше авторлары бар көркем шығарма жеке авторлық дүние бейнесіне негізделсе, ертегі дискурсында ұжымдық дүние бейнесі көрініс табады, ертегі дискурсы мен көркем дискурсты ұқсас концептілер байланыстырады. Ертегі дискурсының пайда болуын толық ұжымдық бейсаналық құбылыс деп қарастыруға негіз жоқ деп есептейді. Ғалым ертегі дискурсында ұжымдық сана мен жеке тұлғаның әлеуметтік қарым-қатынасы, ертегішінің ойдан шығару қабілетінің қатысы бары туралы айтады. Ертегіде жеке және ұжымдық сана көрініс береді деп тұжырымдайды. Ғалымның пікірінше, біріншіден, кез келген этностың ертегілерден, мифтерден, аңыз, әпсана мәтіндерінен тұратын дискурстық корпусы, яғни аталған мәдениеттің іргетасы болатыны, екіншіден, халықтар арасында символдар мен бейнелер ауысып отырады деп санайды. Мысалы, гномдар, вампирлер, ал кейбір символдар тек бір мәдениетке ғана тән болуы мүмкін. Үшіншіден, ертегі дискурсына кумулятивті компонент тән деп есептейді, яғни мұндай компоненттің болуы ертегілердің ұзақ уақыт бойы ауызша таралуынан көрінеді деп жазады. Зерттеуші ертегі дискурсын көркем қарым-қатынастың алғашқы түрлерінің бірі деп есептейді. Ертегі дискурсы әлеуметтің көзқарасына, бағдарына, мінез-құлқына, ұмтылысына, мақсатына ықпал ететін жеке тұлға санасының белгілі бір кезеңін бейнелейді [47, 96-99].

В.В. Галлямова «Ертегі дискурсын зерттеудегі ертегінің топтастырылуы» (2021) мақаласында ертегіні «ертегі дискурсын» қалыптастырған дискурстың дербес түрі, фольклордың ерекше зерттелетін жанры деп қарастырады. Қазіргі тіл біліміндегі «дискурс» ұғымының өзі ертегілік дискурстың пайда болуының негізі дей отырып, Е.С. Кубрякованың «Тіл және таным» еңбегіндегі «Дискурс – мақсат қою және ниеттілікке ие адамдар арасындағы қарым-қатынас формасы» деген анықтамасын айтады және ғалымның «ертегі дискурсы» тіркесінің қолданылуына келтірген келесі тұжырымдарын береді: ертегі тұлға мен әлеуметті білдіреді, оның антропологиясын көрсетеді; ертегі дискурсы коммуникативті қызметпен (қоршаған орта туралы ақпаратты беру) сипатталады; ертегі ұғымдарды қамтитын белгілі бір концептуалды саламен байланысты. Одан әрі ертегі дискурсы – фольклордың бір бөлігі. «Ертегі» ұғымы «ертегілік дискурс» ұғымының негізгі құрамдас бөлігі болатындығын жазады [48, 21-25].

С. Цзинтин «Орыс халық ертегілерінің дискурстық ерекшеліктері (А.Н. Афанасьев жинағының материалдары бойынша)» (2021) диссертациясында орыс халық ертегілерінің тілдік және лингвомәдени ерекшеліктеріне талдау жасайды. Ғалым ертегі дискурсының композициялық, гендерлік, мәдени және тілдік аспектілеріне зерттеу жүргізе отырып, ертегі дискурсын халықтың сөйлеу, психологиялық және әлеуметтік күрделі іс-әрекеті деп анықтайды. Зерттеуші ертегі дискурсына төмендегідей анықтама береді: сюжеттен, композициядан, стилистикадан, прагматикадан көрінетін этностың ұжымдық тілдік тұлғасының әлеуметтік-мәдени ерекшелігін бейнелейтін лингвомәдени жиынтық [49, 6-7].

Жоғарыда талданған ертегі дискурсын зерттеген ғалымдардың пікірлерін зерделей келе, «ертегі дискурсы» терминінің анықтамасын салыстырмалы сипатта төмендегі Кесте 2-де ұсынамыз:

Кесте 2 – «Ертегі дискурсы» терминінің анықталуы

р/с	Зерттеушінің аты-жөні	Зерттеу еңбегінің атауы, жарыққа шыққан жылы	«Ертегі дискурсының» анықтамасы	Ертегі дискурсы ұғымының ерекше сипаттары
1	Е.С. Кубрякова О.В.Александрова	«Виды пространства, текста и дискурса», 1997	ертегі дискурсы жазылған ертегі контексті, оның нәтижесі, яғни мәтін ерекше әлеуметтік ақпарат түріндегі танымдық және тілдік қызметтің динамикалық үдерісі	Когнитивтік үдеріс, динамикалық үдеріс, ерекше әлеуметтік ақпарат, мәтін, нәтиже
2	Н.Н. Миронова	«Дискурс-анализ оценочной семантики», 1997	Қоғамдық өмірдің нормалары мен құндылықтарын сыни тұрғыдан қарастыратын сөйлеу қарым-қатынасының түрі «ертегі дискурсы» – «мәдени қарым-қатынасқа қызмет ететін ерекше таңбалар жүйесі». Ертегі дискурсы – бұл абстрактылы қоғамдық көрініс емес, құндылық басымдықтарымен айқындалатын қоғам дәстүрлерімен анықталған, белгіленген (жазбаша, ауызша) формадағы коммуникативті қызметтің	Сөйлеу қарым-қатынасы, құндылық басымдықтар, қоғамдық өмір нормалары, сыни көзқарас, мәдени қарым-қатынас, ерекше таңбалар жүйесі, қоғам дәстүрлері, жазбаша, ауызша формадағы коммуникативтік қызмет.

			көрінісі.	
3	В.Я. Пропп	«Русская сказка», 2000	«...ертегі дискурсы тек өзіндік, өзіне ғана тән таңғажайыптылыққа ие. Аталмыш жанр мәтінінде прагматика - лық қызмет түрлі деңгейде жүзеге асады»	Таңғажайыптылық, жанр, прагматикалық қызмет, түрлі деңгей.
4	Ю.В. Мамонова	«Когнитивно-дискурсивные особенности лексики английской бытовой сказки», 2004	Ертегі дискурсы концептуалдық түрде зерттелетін лексикалық бірліктермен берілген, мәдени-құндылық ақпарат көзі	Концептуалдық жүйе, лексикалық бірліктер, мәдени құндылық ақпарат көзі.
5	Н.А. Акименко	«Лингвокультурные характеристики англоязычного сказочного дискурса» 2005	Тілдік құрылымның түрлі деңгейінде вербалданатын, ертегілік категориясының негізгі өлшемдерін жүзеге асыратын белсенді орта	Тілдік құрылым, түрлі деңгейде вербалдану, ертегілік категориясы, арнайы өлшемдер, белсенді орта.
6	М.В. Демина	«Гендерная концептосфера британского сказочного дискурса: от традиции к современности» 2000	Ертегі дискурсы – көп ғасырлық тарих барысында кодталған мәліметтердің «эмбебап қоймасы».	Ақпараттар қоймасы, эмбебап қойма, тарихилық, кодталған ақпарат.
7	А.М. Кербс	«Орыс ертегі дискурсының кеңістігі», 2010	Ертегі дискурсы этно-элеуметтік-мәдени тұрғыдан айқындалған әлем бейнесі және халық ділінің терең көрінісі, сонымен қатар оны тудыратын ұжымдық тілдік сана ретіндегі халықтың сөйлеу-ойлау қызметінің лингвориторикалық стратегиясы.	Этно-элеуметтік-мәдени әлем бейнесі, халық ділі, ұжымдық тілдік сана, халықтың сөйлеу-ойлау қызметі, лингвориторикалық стратегия.
8	К.Т. Батуева, И.Г. Ульянова	«Лексические особенности сказочного дискурса», 2011	Ертегі дискурсы экстралингвистикалық, элеуметтік-мәдени, прагматикалық және психологиялық факторлардың жиынтығынан тұратын байланысты мәтін	Экстралингвистикалық фактор, элеуметтік-мәдени фактор, прагматикалық фактор, психологиялық фактор, байланысты мәтін,

				жиынтық.
9	Т. Луговая	«Қазіргі мәдениеттегі ертегі дискурсы», 2012	Адам санасында бар белгілі бір маңызды архетиптер қоймасы ретінде ертегі дискурсы мәдениет дискурсына әсер ететін, дәстүрлі фольклор жанрларының заманауи ақпараттық қоғамдағы мәдениетті қалыптастырушы негіз.	Архетиптер қоймасы, мәдениет дискурсы, фольклор жанры, мәдениетті қалыптастырушы негіз.
10	У.В. Каримова	«Ертегі дискурсының лингвомәдени сипаты», 2013	Көркем әдебиеттің бір бөлігі ретінде басқа өнер түрлерінің бірі – ертегі дискурсы халық шығармашылығы болып саналады.	Халық шығармашылығы, көркем әдебиеттің бір түрі
11	О.А. Плахова	«Ағылшын ертегілерінің лингвосемиоти - касы: жанрлық кеңістігі, таңбалық бейнеленуі, дискурсивтік өзектелуі», 2012	Қоршаған дүние мен адам арасындағы қарым-қатынас сипатын түсіндіретін, өмірдің мәні мен мағынасын анықтауды мақсат ететін жеке қарым-қатынас; әр түрлі мәтіндердегі мәдени ақпарат пен құндылық стратегияларынан тұратын белгілі бір этникалық топтың сөйлеу және ойлауының әлеуметтік-мәдени, қарым-қатынас өнімі; ерекше әлеуметтік формада ұсынылған мәтін, оның нәтижесі ертегілік контексте жазылған, тілдік және танымдық іс-әрекеттің динамикалық үдерісі	Қарым-қатынас, мәдени ақпарат, құндылық стратегиясы, этникалық топтың сөйлеу және ойлау өнімі, ерекше әлеуметтік формада ұсынылған мәтін, ертегілік мәнмәтін нәтижесі, тілдік іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, динамикалық үдеріс.
12	Л.П. Ковальчук	«Ертегі дискурсының құрылымы және ғылыми парадигмасы», 2013	Ертегі дискурсы көп ғасырлық тарих қойнауында кодталған ақпараттың әмбебап қоймасы	Әмбебап қойма, кодталған ақпарат, тарихилық.
13	Д.Ф. Шакиров, А.Ш. Юсупова	«Ертегі дискурсының лингвомәдени	Ертегі дискурсы виртуалды әлемнің немесе қиял арқылы	Виртуалды әлем, қиял әлемі, менталды кеңістік,

		аспектісі және оның татар тіліне аударылу мәселесі», 2016	жасалған менталды кеңістіктің психикалық шындығы.	психикалық шындық.
14	И.С. Соборная	«Теоретико-методологическая основа исследования сказочного дискурса», 2017	Ертегі дискурсы дүниенің ұлттық бейнесін барынша толық көрсететін дискурстың бір түрі.	Дүние бейнесі, дүниенің ұлттық бейнесі.
15	Е.Ф. Бизунова	«Сказочный дискурс как отражение менталитета народа (на примере белорусской и немецкой сказок)», 2017	Ертегі дискурсы – фольклордан бастау алатын, этностың болмысынан толық хабардар ететін көп деңгейлі, көп қырлы ұғым.	Фольклор, жетекші жанр, этностың болмысы, көп деңгейлі ұғым, көп қырлы ұғым.
16	Ю.С. Городова	«Специфика сказочного дискурса в англоязычном эпосе», 2017	Ертегі дискурсы – ойдағы вертуалды кеңістікте жасалған кейіпкерлермен, оған байланысты ертегілік оқиғалары бар жиынтық	Виртуалды кеңістік, ойдан жасалған кейіпкерлер, ертегілік оқиға, жиынтық.
17	С. Кенжемуратова	«Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдері», 2020	Ертегі дискурсы ұлттық мәдени кодты өзектейтін мәтіндер жиынтығы.	Ұлттық мәдени код, мәтін, жиынтық.
18	А.Т. Қасымбекова	«Ертегілердегі ғаламның концептуалдық бейнесі (қазақ және ағылшын тілдері негізінде)», 2020	Ертегі дискурсы – негізін уақыт категориясы құрайтын «идеалды ақиқат болмыс».	Уақыт категориясы, идеалды ақиқат, болмыс.
19	А.В. Шаколо	«Ертегі дискурсы: пайда болуы, қалыптасуы, орыс, белосурь, неміс лингвомәдениетіндегі тірек концептілер», 2021	Ертегі дискурсы көркем қарым-қатынастың алғашқы түрлерінің бірі	Көркем қарым-қатынас
20	В.В. Галлямова	«Ертегі	Ертегі дискурсы –	Коммуникативтік

		дискурсын зерттеудегі ертегінің топтастырылуы» 2021	коммуникативті қызметпен яғни, қоршаған орта туралы ақпаратты беру құралы.	қызмет, қоршаған орта туралы ақпарат, ақпарат беру құралы.
21	С. Цзинтин	«Орыс халық ертегілерінің дискурстық ерекшеліктері (А.Н.Афанасьев жинағының материалдары бойынша)», 2021 г.	Ертегі дискурсы сюжеттен, композициядан, стилистикадан, прагматикадан көрінетін этностың ұжымдық тілдік тұлғасының әлеуметтік-мәдени ерекшелігін бейнелейтін лингвомәдени жиынтық.	Этностың ұжымдық тілдік тұлғасы, әлеуметтік-мәдени ерекшелік, сюжет, композиция, стилистика, прагматика, лингвомәдени жиынтық.

Ұсынылған 2-кестеде «ертегі дискурсы» терминін анықтауға талпынған орыс және түркі тіл білімі ғалымдарының еңбектерін хронологиялық ретпен орналастырдық. Берілген ғылыми еңбектердегі «ертегі дискурсының» анықтамасын және аталған ұғымның ерекше сипаттарын көрсеттік. Талдауға алынған анықтамаларды салыстыра келе, «ертегі дискурсы» терминіне Н.Н. Миронова, О.А. Плахова, Н.А. Акименко, А.М. Кербс сынды ғалымдардың толық анықтама бергеніне көз жеткіздік. Ертегі дискурсын зерттеуші ғалымдардың «ертегі дискурсы» терминін мәдени қарым-қатынасқа қызмет ететін ерекше таңбалар жүйесі, қоғамдық өмірдің нормалары мен құндылықтарын сыни тұрғыдан қарастыратын сөйлеу қарым-қатынасының түрі, әр түрлі мәтіндердегі мәдени ақпарат пен құндылық стратегияларынан тұратын, белгілі бір этникалық топтың сөйлеу және ойлауының әлеуметтік-мәдени қарым-қатынас өнімі, ерекше формада ұсынылған мәтін, тілдік және танымдық әрекеттің динамикалық үдерісі, тілдік құрылымның әр түрлі деңгейінде вербалданатын, ертегілік категориясының негізгі өлшемдерін жүзеге асыратын арнайы орта, этно-әлеуметтік-мәдени түрде айқындалған әлем бейнесі және халық ділінің тұңғыш көрінісі, ұжымдық тілдік сананың сөйлеу-ойлау қызметінің лингвориторикалық стратегиясы деп анықтайтыны белгілі болды.

М.В. Демина, Л.П. Ковальчук «ертегі дискурсы» терминін көп ғасырлық тарих ағымында кодталған ақпараттың «әмбебап қоймасы» деп анықтайды. И.С. Соборная, Ю.В. Мамонова ертегі дискурсын дүниенің ұлттық бейнесін концептуалдық тұрғыда бейнелейтін, лексикалық құралдармен берілген мәдени-құндылық ақпарат көзі деп есептейді. В.Я. Пропп ертегі дискурсына таңғажайыптылық тән, онда прагматикалық қызмет түрлі деңгейде жүзеге асады деп анықтайды. А.Т. Қасымбекова ертегі дискурсын уақыт категориясы құрайтын «идеалды ақиқат болмыс» деп анықтаса, Е.Ф. Бизунова фольклордан бастау алатын, этностың болмысынан толық хабардар ететін көп деңгейлі, көп қырлы ұғым деп тұжырымдайды. Е.С. Кубрякова, О.В. Александрова ертегі

дискурсына ерекше әлеуметтік ақпарат түріндегі когнитивтік және тілдік қызметтің динамикалық үдерісі деген анықтама береді. К.Т. Батуева, И.Г. Ульянова экстралингвистикалық, әлеуметтік-мәдени, прагматикалық және психологиялық факторлардың жиынтығынан тұратын байланысты мәтін деп дәйектейді. Т. Луговая, У.В. Каримова, Д.Ф. Шакиров, А.Ш. Юсупова, Ю.С. Городова, С.К. Кенжемұратова, А.В. Шаколо, В.В. Галлямова, С. Цзинтин ертегі дискурсын этностың ұжымдық тілдік тұлғасының әлеуметтік-мәдени ерекшелігін бейнелейтін лингвомәдени жиынтық, мәдениет қалыптастырушы негіз, ұлттық мәдени кодты өзектейтін мәтіндер жиынтығы, вертуалды кеңістіктегі ертегілік оқиғалардың жиынтығы, көркем қарым-қатынас түрі, қоршаған орта туралы ақпарат беру құралы, қиял арқылы жасалған менталды кеңістіктің психикалық шындығы деп анықтайды.

Берілген анықтамаларды талдай келе, біз өз тарапымыздан «ертегі дискурсы» терминіне төмендегідей анықтама ұсынамыз: ертегі дискурсы – когнитивтік және тілдік қызметтің динамикалық үдерісі, ерекше әлеуметтік ақпарат түрінде ұсынылған сөйлесім үлгісі. Ертегі дискурсы – қарым-қатынасқа қатысушылар арасындағы белгілі бір этностың әлеуметтік-мәдени дүние бейнесін терең көрсететін шынайы сөйлеу әрекеті. Ертегі дискурсы–әлеуметтік-тарихи, мәдени, этникалық, тілдік факторлармен айқындалған, жеке тұлғаның және бүтін халық санасының ерекшелігін, уақытпен дәлелденген озық дәстүрлерді бейнелейтін, белгілі бір дәуірдің шындықтарымен сәйкес келетін әлеуметтік концептілердің және олардың түрлі нұсқаларының өзіндік жиынтығы.

Біз зерттеу жұмысымызда бірінші кезекте, этностың өмір сүруі мен дамуын, тұрмыстық факторлардың ойлау процесіне және ұлттық тілді қалыптастыруға тікелей қатыстылығы барлығына назар аудара отырып, ертегі дискурсын ерекше мәдени қабат ретінде қарастыруға болатындығына көз жеткіздік. Одан әрі қорытындылап айтар болсақ, ертегі дискурсын халықтың барлық деңгейдегі, яғни этникалық, әлеуметтік, мәдени түрде айқын белгіленген ұжымдық тілдік санадағы іргелі лингвомәдени құбылыс деп атауға болады деген тұжырым жасаймыз.

«Ертегі дискурсы» термині мен ертегі дискурсының зерттелуін анықтап алған соң, ертегі дискурсына тән белгілерді, оның фольклордағы ертегі жанрынан айырмашылығын анықтау қажеттігі туындайды. Келесі тараушада осы мәселені қарастырамыз.

1.3 Ертегі дискурсы жанрына тән белгілер

1950 жылдардың басында М.М. Бахтин «Сөйлеу жанрының мәселелері» еңбегін жазу барысында сөйлеу жанрын тек сөйлемнен тұратын айтылым емес, сөйлеу қарым-қатынасының мәні бар бірлігі ретінде қарастыру тұжырымын ұсынады. М.М. Бахтин бойынша айтылымның мәнін сырттан түсінуге болмайды, ол міндетті түрде диалогтік сипатқа ие болуы керек. Алайда мәтіндегі мағыналар жиынтығын тілдік тұрғыдан да ашуға болады [50, 337]. Аталған мәселені 1960 жылдары Мишель Фуко «дискурс» терминімен атап,

оны «оймен сөйлеудің арасындағы» орналасқан қарым-қатынас шындығы деп анықтайды [51, 24]. Осы мәселені зерттеген Ц. Тодоров сөйлеу қарым-қатынасы ұғымын дискурс ұғымымен ауыстырудың себебін былайша түсіндіреді: кез келген тілде қалыптасқан тілдік ережелер болады, ол ережелерді сол тілде сөйлейтін барлық тіл сөйлермендері біледі, алайда нақты қарым-қатынас жағдаятының мақсатына қарай сөйлеуші ол ережелердің белгілі бір бөлігін ғана пайдаланады; бір жағынан, дискурстың түріне байланысты сөйлеуші өз ойын әрі қарай толықтырады: мысалы, ресми хат пен досыңа жазылған хаттың мәтіні екі түрлі болады, екінші жағынан, сөйлеу жағдаятындағы айтылымға шектеу қойылады: адресант пен адресаттың жеке тұлғасы, айтылым орын алған уақыт және кеңістік [52, 366].

Дискурстардың арасындағы шекараны анықтау, субъекті немесе адресаттың ауысуына, айтылымның стратегиясына байланысты болады. Мысалы, ертегінің кімге арналғандығы, ертегіні айтудағы ертегішінің қарым-қатынас мақсаты, сыңсудың ата-анасына, еліне, бауырларына, туыстарына қаратыла айтылуы. Бесік жырының қарым-қатынас стратегиясы сәбиді ұйықтату, тыныштандыру т.б. Дискурс жанрының шекаралары бір мәтін бойында да өзгеріп отыруы мүмкін. Мысалы, батырлар жырында сыңсудың, жоқтаудың, бата берудің кездесуі.

Дискурс – коммуникативтік құзіреттіліктер жүйесі: жеке авторлық шығармашылық, яғни автордың ойын жеткізудегі шеберлігі, ұлттық ерекшелік, айтылымның оқырманға, адресатқа бағытталуы. А.Ж. Греймас «дискурстық құзіреттілік» ұғымын былай деп түсіндіреді: «Дискурстық іс-әрекет білік пен дискурстық тәжірибеге сүйенеді» [53, 75].

Мишель Фуко дискурсты түсінудің екі жағын көрсетеді: біріншіден, дискурсы сөйлеу актісі ретінде қайталанбайтын оқиға, ол нақты кеңістік пен уақытта өтеді. Екіншіден, дискурстың стратегиялық мүмкіндіктері айтылымға тұрақтылық сипат береді, яғни сөйлеу актілерінің әртүрлілігіне қарамастан олар қайталанып отыруы мүмкін [51, 62]. Осы стратегиялық өріс тұрақтылығы дискурстық құзіреттілікті қалыптастырады. Демек, ертегіші ертегіні қайталап айту тәжірибесі арқылы ертегі айту білігі мен құзіреті қалыптасады.

Ц.Тодоров, Жана-Мари Шеффер әдеби жанрмен дискурс жанрының өзара байланысын қарастырады. Әдебиеттанудағы кез келген жанрдың дискурсқа айналу мүмкіндігі бар деп тұжырым жасайды. Н.Д. Тамарченко, И.П. Смернов т.б. осы тұжырымды қолдайды. В.И. Тюпа жанр мен дискурс ұғымдарының байланысын төмендегідей ретте түсіндіреді: «Әдеби жанрларды (әңгіме, повесть, роман, комедия, трагедия т.б.) дискурстың жиынтық категориялары деп есептейді, дискурс жанрларын (ертегі дискурсы жанры, жыр дискурсы жанры, бата дискурсы жанры т.б.) олардың түрлері деп есептейді» [54, 34]. Жанр дегеніміз түр, тек деген мағынаны білдіреді, барлық шығармашылық түрлерінде тарихи жақтан қалыптасқан іштей жіктелім жүйесі. Мысалы, фольклорда «ертегі», «аңыз», «әпсана», т.б. әдебиетте «айтыс», «жыр», «роман», «эпопея» т.б. бар. Мысалы, кітапхана сөресінде тұрған ертегі кітабындағы статикалық мәтін фольклордың бір жанры ретінде танылады. Егер осы ертегі мәтінін балаға оқысақ, ол статикалық күйден динамикалық күйге

ауысып, қарым-қатынас стратегиясы анықталып, нақты адресатқа бағытталады, нәтижесінде дискурстық тәжірибе орнайды. Осы ертегі мәтінін ертегі дискурсының жанры деп ажыратамыз. Сол тәріздес әдеби жанр статикалық мәтін ретінде танылуы және дискурстық тәжірибеге ене отырып, дискурстың бір жанрына айналуы мүмкін.

Дискурс ұғымы семиотикалық шекарасы бойынша мәтін ұғымымен шектеседі. Қарым-қатынастың психологиялық шекарасы тұрғысынан дискурс шығармашылық және нақты адресатқа бағытталған қарым-қатынас жағдаяты ретінде анықталады. Тарихи тұрғыдан дискурс категориясы жалпы мәтіндегі айтылымдардан тұрады. Дискурс ең алдымен дискурстық оқиғалар жиынтығы деп танылуы тиіс. Осы жиынтықтың ішінен оның жанрлық түрлері ажыратылуы керек. В.И. Тюпа дискурсты дискурстық тәжірибеде орын алған нақты қарым-қатынас мақсатын көздеген айтылымдардың жиынтық ұғымы ретінде таныса, жанрды соның түрлері ретінде анықтайды. Барлық дискурстық тәжірибеге жанрлық сипат тән болуы міндетті емес. Кез келген ғылыми пән дискурстық сипатқа ие. Мәселен, экономикалық дискурс, биологиялық дискурстарға жанрлық сипат тән емес. Ғылыми мәтіннің жанрларына мәнжазбалар, трактаттар, шолулар, пікірлер жатады. В.И. Тюпа дискурс пен жанр ұғымдарын анықтай келе, дискурсқа төмендегідей екі анықтама береді: «Дискурс I – түрлі жанрлық құрылымы бар мәтін түзудегі бір қарым-қатынас оқиғасы», «Дискурс II – әртүрлі жанрлар, өрістік құрылымы бар шекарасы айқындалған әлеуметтік-мәдени тәжірибедегі интертекстуалды қарым-қатынас кеңістігі» [54,36].

Кез келген мәтін дискурсқа түсу үшін оның қатысушыларының нақты ұстанымы, бағыт-бағдары, қарым-қатынас мақсаты, айтылымға тән тұрақты тілдік қолданыстары және не айту керек, кімге айту керек, қалай айту керектігі туралы шектеулері болуы міндетті. Мәтіннің жанрын өзгертуге, толықтыруға, яғни оның шығармашылық әлеуетін көтеру мүмкіндіктері мол.

Дискурс пен жанр ұғымдарының байланысын анықтауда мәтін мен дискурс терминдерінің ұғымдық шекарасына зер салу қажет деп есептейміз.

Қазіргі уақытта мәтін және дискурс ұғымдарының шекарасын анықтау маңызды болып отыр. Аталған терминдердің анықтамасының көптігі тілді коммуникативтік, когнитивтік, лингвомәдени және т.б. зерттеу аспектілерімен байланысты. Сонымен бірге мәтінді түрліше түсіну тіл білімінің басқа салаларымен де байланысты орын алып отыр. Мәселен, психолингвистикада мәтін психологиялық ерекшеліктермен түсіндірілсе, әлеуметтік лингвистикада мәтін белгілі бір әлеуметтік топтың қарым-қатынас феномені ретінде, тіл білімінде мәтін тілдің өмір сүру формасы ретінде түсіндіріледі. Бір нәрсе анық: қазіргі гуманитарлық зерттеулердегі мәтінге назар аударумен, оны зерттеуге деген қызығушылық мәтінді өркениет коды ретінде тану тілдің табиғаты мен қасиетін терең түсінуге ғана емес, жеке тұлғаның, тіл сөйлермендерінің және бүтін ұлттың санасын түсінуге, тілді ойлауды, мәдениетті қалыптастырушы құрал ретінде қарастыру, тіл мен қоғамның байланысын анықтау адамзат алдындағы тіл туралы, тілді білу мүмкіндіктері туралы сұрақтарға жауап береді. Ғалымдардың пікірінше, мәтін – лингвистикалық және

экстралингвистикалық құбылыс, ол ақпаратты жинақтаушы және тасымалдаушы қызмет атқарады. Адамның когнитивтік үдерістерін тудырады және бейнелейді. Мәдениеттің дамуы мен өмір сүруінің формасы. Мәтін ұғымын, әдетте, дискурс терминімен бірге қарастырады. Бірақ нақты лингвистикалық бағыттар мен жекелеген зерттеулерде олардың байланысы түрліше анықталады. Дискурс – мәтін+сөйлеу жағдаяты, мәтін – дискурс + сөйлеу жағдаяты [55, 61].

Ғылыми айналымда Англияда дискурс термині XVII ғасырда *discourse* – пайымдау, XVIII ғасырда Францияда бұл термин диалогтік сөйлеу, кейінірек мәтін мағынасында қолданылады.

Мәтін мен дискурс ұғымдарының шекарасын анықтауда дискурстың ерекшелігін үш түрлі бағытта көрсетуге болады: біріншіден, дискурс қарым-қатынас жағдаятында орын алған сөйлеу ретінде түсінілетін әлеуметтік мазмұнмен ерекшеленетін жеке тұлғаның коммуникативтік іс-әрекеті. Екінші бағыт бойынша дискурс термині сөйлеудің бір тәсілі ретінде саналады: бұл жағдайда зерттеуші сөйлеушінің тілдік сипатына, стилистикалық ерекшелігіне, пайымдау, сендіру тәсілдеріне назар аударады. Үшіншіден, дискурс ұғымы қарым-қатынасқа қатысушылардың пікірі мен әрекеттеріне сыни көзқарастарынан көрінеді.

А. Әділова дискурс пен мәтіннің ортақ белгілері мен айырмашылықтарын төмендегідей келтіреді:

- «Дискурс автор интенциясына, стиль ерекшеліктеріне байланысты сұрыпталып алынатын тілдік құралдардың жиынтығы.
- Дискурс мәтінге қарағанда кең ұғымды қамтиды. Ол сөйлеу үдерісі.
- Дискурс нақтылы уақытпен ажырамас бірлікте, ал мәтін тек мәдени кеңістікте өмір сүреді, уақытқа тәуелді емес, кез келген кезде екінші бір дискурста өзектенуі мүмкін.
- Дискурсты қайта туындатуға болмайды, ал көркем мәтін қайта туындауға қабілетті әрі бейім.
- Дискурс ақпаратты беру тәсілі болса, мәтін ақпаратты сақтаушы, жинақтаушы, жаңа мән тудырушы көпқырлы, көпқабатты құрылым» [56, 235].

Г. Смағұлова «Шешендік сөздердің дискурсы» еңбегінде дискурс пен мәтіннің ерекшеліктерін айқындай келе, дискурсты «қарым-қатынастың жүзеге асуы үнемі екі адамның (сөйлеуші мен тыңдаушы) бетпе-бет, кезек-кезек алмасып отыруы, жанды контакты арқылы жүзеге асырылады» [57, 19] деп жазады. Зерттеуші К.Қ. Садирова «Дискурстың диалогтік сипатына коммуникацияға қатысушылар санының кем дегенде екеу болуы жатпайды, сөйлеуші түзіп, қолданысқа түсірген мәтіннің қандай да бір тыңдаушыға бағытталуы жатқызылады» [58, 42] деп тұжырымдайды. Дискурсқа берілген пікірлерден кез келген мәтін дискурсқа айналуы үшін оған екі адамның қатысуы шарт емес деген қорытынды жасауға болады. Мысалы, адамның өзімен-өзі кеңесуі, өзімен-өзі ой түюі, өзіне арнап жазған күнделігі, мәтінді оқып ұғынуы, философиялық ой толғауы т.б. жатады. Демек, дискурсқа диалогтік сипат тән дегенді жоққа шығармаймыз, алайда тек екі адамның қатысуы арқылы дискурс орнайды деген пікірді қолдамаймыз.

Лингвистикада осы уақытқа дейін дискурстың зерттелуінің заманауи бағыты туралы бірізді пікір жоқ деуге болады. Қазіргі уақытта дискурс қарым-қатынас жағдайындағы, яғни қолданыстағы мәтін ретінде ұғынылып жүр.

«Дискурс дегеніміз дайын мәтіннің сөйлеу әрекетін туғызушылар мақсатына сәйкес күрделі әрі, нақты коммуникативтік жағдайға айналуы, мәтін қызметтерінің дискурс күзiреттілігіне көтерілуі дегенді білдіреді. Мәтін – кез келген материалдық тасымалдаушыда орналасқан тілдік өнім. Тілде орналасады, екінші деңгейлі күрделі сөйлеу жанрының бір түрі» [59, 60].

Мәтін жазбаша түрде ғана емес, сөйлеу әрекеті жағдайында да, яғни ауызша түрде де пайда бола алады. Сол себепті қарым-қатынас үстіндегі сөйлеу әрекеті өзіндік ерекшеліктері арқылы өзгешелене отырып, түрлі қасиеттерге ие болуға бейім. Ол термин ретінде тіл білімінде «дискурс», «дискурстық талдау» деп аталып жүр. Осыған сәйкес Ю.А. Левицкий: «Речь можно осуществляться в двух формах – устной и письменной. Следовательно и тексты могут быть устными и письменными» [60, 121], – деп атап көрсетеді.

Жоғарыда берілген дискурс ұғымына қатысты көзқарастардың барлығы дерлік бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Түрлі бағыттар мен дискурсты талдау әдісі дискурс ұғымына берілген анықтамалардың көптігімен түсіндіріледі. Бірақ қазіргі күнге дейінгі зерттеу еңбектерінде «дискурс» және «мәтін» ұғымдары аралас түрде жұмсалып, қатарлас түрде қолданып жүргенін де байқаймыз.

Ж.И. Исмаилованың болжауы бойынша, «мәтін» ұғымын назарға алмастан «дискурсты» түсіндіру мүмкін емес. Дискурстың заманауи анықтамаларының барлығы дерлік мәтінді салыстыруға негізделген: мәтін – жүйе бірлігі, дискурс – сөз құбылысы; мәтін – өнім, дискурс – үдеріс; мәтін – виртуалды абстрактілі болмыс, дискурс – осы болмыстың іске асуы және т.б.» [61, 85].

Дискурс ұғымының көп мағыналылығын және бірнеше пәннің зерттеу нысаны болатынын ескере отырып, дискурстың бірнеше түрлері болатындығын айтуға болады. Қазіргі тілдік зерттеулерді талдай отыра, дискурстың саяси, әскери, педагогикалық, экономикалық, діни, ғылыми, жарнама, көркем, ертегі дискурсы және т.б. болатындығы анықталды.

Қазақ әдебиеттануында ертегі фольклордың бір жанры ретінде құрылымдық, сюжеттік, мотивтік, көркемдік ерекшелігі тұрғысынан жан-жақты зерттелді (В.В. Радлов, И.Н. Березин, Ы. Алтынсарин, Г.Н. Потанин, А.В. Васильев, А.Е. Алекторов, Ә. Диваев, А.Н. Веселовский, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Ш.Ш. Уәлиханов, А. Құнанбаев, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедов, М.О. Әуезов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Б. Кенжебаев, Е.С. Ысмайылов, В. Сидельников, М. Ғабдуллин, С.А. Қасқабасов, А.Ш. Пангереев, Е.Д. Тұрсынов т.б.). Зерттеуші Ж.А. Жакупов қазақ лингвофольклорын өз алдына дербес ғылыми пән ретінде негіздеп, фольклорлық мәтіндерді антропозектік, этнозектік, когнитивтік парадигмалар аясында зерттеу қажеттігі туралы жазады [62, 248-255]. Қазақ тіл білімінде ертегі мәтіні дискурс теориясы шеңберінде зерттелген жоқ. Осы тұрғыдан алғанда ертегі дискурсын фольклорлық дискурстың бір жанры ретінде танып, оған тән белгілерді анықтаудың маңызы зор. Ертегіні дискурс деп тану үшін

ертегі мәтіні мен ертегі дискурсының айырым және ұқсас белгілерін салыстыру қажет.

Дискурс – адамға тән қарым-қатынастың бір түрі. Ол мәтінмен тығыз байланысты, бірақ бір емес. Ертегі дискурсы мен ертегі мәтінінің қарым-қатынастағы негізгі ерекшеліктерін салыстырмалы түрде төмендегі Кесте 3-те былай ұсынамыз:

Кесте 3 – Ертегі дискурсы мен ертегі мәтінінің ерекшеліктері

Ертегі мәтіні	Ертегі дискурсы
Ертегі мәтінде қарым-қатынас визуалды түрде жүзеге асырылады.	Ертегі дискурсында қарым-қатынас акустикалық тұрғыда жүзеге асады.
Ертегі мәтіні – қалыпқа түскен сөйлеу әрекеті.	Ертегі дискурсындағы қарым-қатынас тілдік және тілдік емес амалдар арқылы жүзеге асады.
Ертегі мәтінде қарым-қатынасқа түсушілердің арасында жекелеген байланыс болмайды.	Ертегі дискурсындағы қарым-қатынасқа түсушілердің бір-бірімен жеке түрде сөйлесе алу мүмкіндігі болады.
Ертегі мәтіндегі қарым-қатынастың тууы мен оны қабылдау әр кезеңде, түрлі кеңістік пен уақыт жағдайында жүзеге асырыла береді.	Ертегі дискурсындағы қарым-қатынастың жүзеге асуы мен оны қабылдау бір мезетте, кеңістік пен уақыт жағдайында жүзеге асырылады. Демек, дискурс белгілі бір уақыт аралығында өтеді.
Ертегі мәтіндегі қарым-қатынастың жүзеге асуында жанды контакт жоқ.	Ертегі дискурсының диалогтік сипатына сай коммуникацияға қатысушылардың кем дегенде екеу болуы міндетті емес. Екі адам арасында жанды контакт арқылы жүзеге асуы да мүмкін, болмаса сөйлеуші өзі жасап, қолданысқа түсірген мәтіннің қандай да бір ардесатқа бағытталуы жатқызылады. Ал бұл адресат сөз түзушінің өзі де болуы ықтимал.
Ертегі мәтіні – когнитивтік әрекеттің жемісі.	Ертегі дискурсы сол когнитивтік әрекет жемісінің үнемі өтіп жататын қарым-қатынас оқиғасына айналуы.
Ертегі мәтіні – тілдік материалдың статикалық қалпы, көрсеткіші.	Ертегі дискурсы – динамикалық үдеріс.
Ертегі мәтіні – дискурста “дайын өнім”.	Ертегі дискурсы – дайын өнімнің нақты жағдаяттағы көрінісі.

Ертегі дискурсының жанрлық сипатына тән белгілерді төмендегідей анықтаймыз:

- тілдік бірліктердің таңдап қолданылуы
- айтылымның нақты бір адресатқа бағытталуы
- жеке авторлық шеберлік (қарым-қатынас күзiреттiлiгi)
- ұлттық ерекшелiктiң болуы
- қарым-қатынас мақсатының болуы
- дискурстық тәжірибенің болуы
- айтылымның типтік формаларының болуы
- айтылымның қайталану сипатының болуы
- ертегілік категориясының болуы

Ертегі дискурсының жанрлық сипатына тән белгінің бірі тілдік бірліктердің таңдалып қолдануына келер болсақ, ертегі дискурсының дискурстық тәжірибесінде тек ертегіге ғана тән арнайы тілдік бірліктер болады. Оларды дискурстың басқа түрлерінен кездестіру мүмкін емес. Мысалы, *«баяғыда бір бай болыпты, төрт түлігі сай болыпты»* (бай болса, міндетті түрде малы көп болуы), кедей болыпты, мал дегенде он шақты ешкісі болады (малдан тек ешкісі ғана бар), мықты батыр болса, міндетті түрде батырға лайық атының болуы, батырдың жарының сұлу болуы, негізгі кейіпкердің қарсыластары және олардың алып күшке ие болуы, алайда ақымақ болып келуі немесе жетім бала, тазша бала сияқты кедейлердің ақылы көп, қысылтаян жерде сөз тауып, күшіне сенген дәуді, ақымақ патшаны ақылмен жеңіп отыруы сияқты мысалдардан көрінеді. Аталған тілдік бірліктер, айталық сын есімдер (әлсіз бала, кедей адам, сұлу қыз, ақылды ат, ақымақ патша) ертегі дискурсында өздерінің қалыптасқан орны, яғни белгілі бір анықталушы мүшемен ғана тіркеседі. Ертегі қаһарманының ерекше қасиеттері көркемдеп бейнелеу арқылы беріледі, себебі абстрактілі құбылыстың мағынасын көркемдеу тәсілдері арқылы ғана түсіндіру, адам санасына жеткізу мүмкін. Мысалы, *«Қаңбақ шал»*, *«Алтын балық»*, *«Ұшқыш кілем»*, *«Жүрдек етік»* т.б. ертегілердің атаулары ертегі дискурсында бейнелі атауларды білдіреді. Сондай-ақ кейіпкердің сыртқы келбеті оның түріне, бет-әлпетіне емес, ол қалдырған әсерге ауыстырылып отырады. Кейіпкер портретін беруде кейде оны нақты суреттеуден алшақ болу, яғни дәлме-дәл сипаттамау, ертегіге тән тағы да бір тәсіл болып табылады. Мысалы, *«сөзбен айтып жеткізуге болмайтын сұлулық»* (*«ай десе, аузы, күн десе, көзі бар»*), *«қаламмен жазып жеткізуге болмайтын оқиға»* (*«не в сказке сказать, не пером описать»*) деген сияқты тіркестер ақпараттың, белгілі бір сипаттамаларының болмауынан емес, тиісінше ертегіге тән тілдік бірліктердің таңдап қолданылуының ерекше тәсілі екенін көрсетеді.

Ертегі дискурсының әр халықта пайда болуы мен айтылу орыны, арнайы адресаты – тыңдарманы болған. Ол сол халықтың тұрмыс-тіршілігіне, өмір сүру салтына орай қалыптасып отырған. Мысалы, орыс ертегі дискурсын зерттеуші Э. В. Померанцеваның зерттеуінде былай деп жазады: *«XVI – XVII ғасырдағы тарихи және мемуарлық әдебиеттерден ертегілердің халықтың түрлі әлеуметтік топтары арасында таралғаны туралы жазбаларды дәлелдейтін деректерді табуға болады. IV Иван патша соңы бақытты болып аяқталатын әңгімелер тыңдамаса*

ұйықтай алмайтын болған. Оның ұйықтайтын бөлмесінде үш зағип қария патшаға кезекпен түрлі әңгімелер ойлап тауып ұйықтату үшін күтіп отыратын болған. XVII ғасырдағы шетелдік саяхатшылар Олеарий, Самуил Маскевич орыстардың ертегі әңгімелерді той, жиындар кезінде көңіл көтеру мақсатында айтатындары туралы таңқалыспен жазады» [63, 28]. Осыған ұқсас жағдаят шығыс халықтарының атақты ертегісі «Мың бір түнде» де кездеседі. Уәзірдің ақылды, тапқыр қызы Шахризада қаһарлы патша Шахриярға белгілі бір шартқа сай мыңдаған түндер бойы ертегі айтады. Бұл жерде де тыңдаушы – патша. Тағы бір орыс ертегілерін жинақтаушы Пётр Тимофеев: «Любезный читатель! Причина, побудившая меня собрать сии сказки, есть следующая: известно, что много находится таких людей, которые, ложась спать, любят заниматься слушанием или читаемых каких-либо важных сочинений, или рассказывания былей и небылиц, а без сего никак не могут уснуть. Почему я, желая услужить охотникам до вымышленных вздоров, постарался собрать столько, сколько мог упомянуть, и сказать оные в свет» [64, 8] деп жазады. Бұдан орыс халқында ертегішінің адресаты жас ерекшелігі жөнінен, яғни жас та, кәрі де, әлеуметтік топ та түрлі деңгейде болғанын аңғару қиын емес.

Ал қазақ халқында арнайы ертегішілер болмаған, мал күзетінде немесе көш-жөнекей уақыт өткізу, әрі көңіл көтеру үшін, танымдық, тәрбиелік мақсатта ертегі айтылып, тыңдалатын болған. Олай болса, ертегі дискурсының айтушысы да, тыңдарманы да түрлі жастағы, түрлі әлеуметтік топтағы адамдар болғанын аңғарамыз. Қазақ ертегі дискурсының адресаты кім болса да, ертегіні тыңдай отырып, астарындағы айтылар ой мен ертегішінің әсерлі әңгімесіне қызығып, зор ынтамен тыңдайды. Қай жағдайда болмасын ертегі дискурсының тыңдарманының болуы шарт. Ертегі дискурсында айтылым нақты бір адресатқа бағытталады.

Ертегі дискурсының жанрлық сипатына тән тағы бір белгі жеке авторлық шеберлік (қарым-қатынас күзiреттiлiгi) болып табылады. Ертегі дискурсындағы фантастикалық қиял, ғажайыптылығымен қатар, шындыққа жанаспайтын түрде болады, солай бола тұра ол осы сипатымен оқырманды өзіне баурайды. Ертегі дискурсы шынайы өмірге сәйкес келмейтіндігімен, нақты әлемге қайшы келуімен және ертегілік шындықты құрастыруда асқан сөз шеберлігінің, ой ұшқырлығының қажеттігін талап етуімен өзгешеленеді. Мысалы, «Қырық өтірік» ертегісіндегі тазша баланың өтірік әңгімені құрастыруындағы тапқырлық, «Алтын сақа» ертегісінде тайды суреттеу шеберлігі: *«Бала сол қотыр тайды ұстайды да жүгендейді. Жүгендегенде тайдың қотыры жазылады. Үстіне тоқым салғанда, құнан болады. Үстіне ер салғанда, дөнен болады. Айылын тартқанда, бесті ат болады. Бала үстіне қарғып мінгенде, тұлпар болып, көзді ашып-жұмғанша жұртқа жетіп келеді»* немесе «Керқұла атты Кендебай» ертегісіндегі Керқұла атты суреттеу, *«Керқұла құса жетіп, қашса құтылатын, аузымен құс тістеген ерен жүйрік болыпты. Кендебай Керқұланы құстай ұшырып, алты қырдың ар жағынан қаша жөнелген құланды көзді ашып-жұмғанша қуып жетіп, құйрығынан ұстайтын болыпты»*.

Орыс халқының фольклор зерттеушісі В.П. Аникин былай деп көрсетеді: «Сказка создала поразительно живой, замысловатый мир. Всё в нём необыкновенно: люди, земля, горы, реки, деревья, даже вещи, предметы, орудия труда, и те приобретают в сказках чудесные свойства. Топор сам рубит лес, дубина сама бьёт врагов, мельница мелет без человека. Из сумы выскакивают здоровенные парни, готовые оказать услугу. Взмывает в поднебесье ковёр-самолёт. В небольшом сундучке помещается большой город с жителями, домами, улицами» [64, 160]. По естественным причинам не могут дети расти не по дням, а по часам, и стать сверхсилачами в десять лет, а в сказке – пожалуйста: «Растут они не по дням, а по часам; как тесто на опаре поднимается, так и они растут. Долго ли, коротко ли, стало им годков по десяти. Стали они с ребятами гулять, шутить шутки не хорошие. Какого парня возьмут за руку – рука прочь, возьмут за голову – голова прочь» [64, 163]. Бұл мысалдардан тек ертегі дискурсына тән сөйлеу шеберлігі мен ерекшеліктерін көреміз. Араб ертегілерінде сиқырлы сандық, алтын жұмыртқа, байлыққа толы үңгір, ғажайып шам немесе құмыра иесінің барлық тілегін әп-сәтте орындайтын Жын (Джин).

«صندوق الطائر»، بيضة ذهبية، الكهف الصخرة، المصباح العجيب

كان هناك فتى ريفي لديه إوزة تبيض له في كل يوم بيضة ذهبية، يذهب لبيعها في السوق ويشترى ما يحتاجه وفي يوم قرر أن يذبح الإوزة ليخرج جميع البيض ويكون فتى غنياً لكنه عندما ذبحها لم يجد شيئاً وماتت الإوزة وخسر كل شيء

Ертегі дискурсын зерттеген ғалымдардың берген анықтамаларына сүйене отырып, ертегі дискурсына берген тұжырымымызда айтқанымыздай, ертегі дискурсында белгілі бір этностың ұлттық ерекшелігі көрінеді. Ертегі дискурсы арқылы сол ұлттың дүние бейнесін, әлеуметтік-мәдени өмірін көре аламыз. Мысалы, қазақ ертегі дискурсында берілген оқиғалардан қазақ халқының өмір сүру салтын, дәстүрін, дүниетанымын, т.б. көруге болады. Қазақ ертегілерінде байлық малмен өлшенсе, орыс халықтарында зәулім сарайлар, араб халықтарында алтын, күміс тәріздес бағалы тастармен беріледі. Қазақ ертегілерінде оқиғалар кең далада, өрісте болып жатса, орыс, араб халықтарында орман, теңіз немесе шаһарларда болып жататындығы жайлы баяндалады. Киім үлгісі, тамағы, шаруашылығы арқылы да ұлттық ерекшеліктерді аңғаруға болады. Онда белгілі бір этностың тілдік және концептуалдық бейнесі қалыптасқан, белгілі бір тілдік ұжымның дүниетанымы, салт-санасы, дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі, тілдік санасы көрініс табады.

Ертегі дискурсының тағы да бір жанрлық сипаты ондағы қарым-қатынас стратегиясының болуында. Ертегі дискурсының мақсаты тыңдаушыға үлгі, насихат, өмірлік сабақ беруді көздейді. Сонымен бірге тыңдарманға көтеріңкі көңіл-күй, қуаныш, ләззат сыйлайды, дүниетанымын кеңейтеді. Ертегі дискурсына қатысушылар тыңдаған ертегісі арқылы өзіне қызықты ақпарат алумен қатар, кейбір өмірлік жағдаяттарға ене отырып, әділдіктің түбі жеңіске жететіндігі, жамандықтың жазаланатыны, т.б. жөнінде ой түйеді.

Құрастырушының немесе әңгімелесушінің тыңдаушымен өзара іс-әрекеті белгілі бір ниеттер мен мақсаттар үшін ақпаратты беру және қабылдау кезінде қарым-қатынас актісінің болуын нақтылай түседі. Ертегі дискурсының

элеуметтік-интерактивті аспектісі тілдік санада және қарым-қатынастағы мінез-құлық көріністерінің әртүрлі үлгілерімен ұсынылады.

Ертегі дискурсына қатысушылар, әсіресе оның айтушысы әр халықта түрліше уақытта, түрліше кеңістікте ертегіні айтатын болған. Ол жоғарыда атап көрсеткеніміздей, ұлттық ерекшеліктерге, өмір сүру салтына, дәстүрі мен шаруашылығына қарай үйлесіп, орын тауып отырған. Айталық кейбір халықтарда ертегінің арнайы айтушысы – ертегішілер болған. Кейбір дарынды ертегішілер ел аралай жүріп, жұрттың көп жиналған жерінде ертегі, әңгіме айтатын болған және бір әңгімесін қайталай бермей жаңадан, бұрын ешкім естімеген жаңа ертегілерді ойдан құрастыратын болған. Ол үшін, бір жағынан, бұрын-соңды айтылып жүрген ертегілерді өздерінше өңдеп мәнерлеген; екіншіден, сол халық ертегілерінің негізінде жаңадан тың сюжетті ертегілер туғызған. Сөйтіп дискурстық тәжірибе жинақтаған. Ертегі дискурсындағы адресант түрлі ғажайып оқиғаға құрылған айтылым түрін қызықты етіп баяндап, қарым-қатынасқа түсушілердің әрбіріне лайықты мінездемелер бере отырып, іс-әрекеттеріне қарай шебер сипаттауда дискурстық тәжірибеге сүйенген. Ертегі дискурсында адресант ойын дискурстық айналымға түсіруі үшін мол өнер мен шеберлік қажет. Бұны ертегі дискурсының дискурстық тәжірибені талап етуі басқа жанрларға ұқсамайтын сипатының бірі деуге болады.

Ертегі дискурсында айтылымның арнайы типтік формалары кездеседі. Әдебиетте көркем игерілген, уақыт пен кеңістіктік қатынастардың байланысы ретінде анықталған негізгі кейіпкерлер мен хронотоп ертегінің басында көрсетіледі. Мәтіннің негізгі бөлігінде негізгі оқиғалар ашылып, соңы әдетте, бақытты болып аяқталады. Осыған байланысты ертегілерде тек ертегі дискурсына тән клишелік құрылымдарды сипаттамалық және үнемді құрылымдарды қолданады. Олар – қалыптасқан, дайын дәстүрлі тұрақты формалар. Бұл формалар ертегіні көркемдеп, жандандыра түседі, оның әсерлілігін арттырады. Ақпараттық-қажеттік сипатқа ие бұл клишелі предикативті топтар мен сөйлемдер ертегі дискурсының коммуникативті талаптарына сәйкес дайын, негізінен кеңістік-уақыттық формулаларды орынды қолдануға қатысты болады. Клишелі құрылымдар мәтінде орналасуына қарай былайша бөлінеді: ертегі мәтінінің басында орналасқан «бастапқы», мәтіннің соңғы бөлігінде «соңғы», және «орталық». Көбінесе ертегілік клишелер, ертегілік формулалар - ырғақты прозаикалық фразалар болып келеді. Мысалы, ерте, ерте ертеде, баяғыда бір бай болыпты, баяғыда бір кедей болыпты, бай болып барша мұратына жетіпті, отыз күн ойын, қырық күн тойын жасапты, ал орыс ертегілерінде «жили-были, в некотором царстве, за тридевять земель – в тридесятном государстве, жить-поживать да добра наживать, повели под венец, тут и сказке конец, тут и сказке конец, а кто слушал – молодец», т.б. Араб ертегі дискурсында қолданылатын клишелі формалар:

كان في قديم الزمان، و في يومٍ من الأيام في بلدٍ من بلادِ
جميعة عاشوا طولَ والحياة هم على أسعد حالٍ و أهنأ بال
و كنت تزوج ابن السلطان معهم الزفاف و شرب الخمفتا
كل توفيق أيها، لكمال المستمعون!

яғни, қадым заманда, елдердің бір елінде, күндердің бір күнінде, ақылмен ұзақ зұмыр кешіпті, осы ертегі сияқты ұзақ та бақытты өмір сүріңдер немесе «патшаның баласының үйлену тойында болдым, шарап іштім» деген сияқты тіркесі орыс халқының ертегілерінде кездесетін «И я там был, мед-пиво пил, по усам текло, а в рот не попало!» деп аяқталатын тіркесімен өте ұқсас. Сонымен қатар қысқа, стандартты аяқтаулар да кездесіп отырады. Бұл клишелер барлық араб халық ертегілерінде кездесетін қалыптасқан клишелі формалар болып табылады.

Ертегі дискурсындағы оқиғалар үнемі әртүрлі уақытта немесе кеңістікте әлеуметтік жағдаяттарға байланысты қайталанып отырады. Бұл туралы Н.А. Акименко былай деп жазады: «Ертегі дискурсының қайталама белгілері негізінде (эпикалық, баяндаушылық, көркем әдебиет, ғажайып / іске асыру, эстетика және ойын-сауық) ертегілік категориясын жанр қалыптастыратын қасиет ретінде анықтайды» [26, 39-42]. Ертегіні ерте кездерде бір халықтар той жиындарда көңіл көтеру мақсатында айтатын болса, кей халықта уақыт өткізу немесе тәрбиелік мақсатта айтып, тыңдайтын болған. Мысалы, қазіргі уақытта «Балапан» теледидар бағдарламасынан көресетілетін ертегі дискурсы кішкене бүлдіршіндердің танымы мен тәрбиесін қалыптастыру мақсатында қайталанып отырады. Ертегі дискурсына қайталап айту сипаты тән деп тұжырымдаймыз.

Зерттеу жұмысымызда көрсеткеніміздей, ертегі дискурсы дегеніміздің өзі ертегілік категориясын жүзеге асыратын белсенді орта. Ертегі дискурсы болуы үшін міндетті түрде ертегілік категориялар болуы шарт. Олай болса, ертегі дискурсына дискурстың ешбір жанрында кездеспейтін ертегілік категориялары тән. Оған ғажайыптылық, құндылық, фантастикалық қиялдың болуын жатқызамыз. Ертегі дискурсында шынайы өмірде болмайтын, шындыққа жанаспайтын, алайда ерекше фантастикалық қиялымен үлкенді де, кішіні де өзіне тартатын оқиғалар орын алады. Сол оқиғалардың астырт құрылымында ертегі дискурсының барлық құндылығы жатады. Ертегі дискурсының сол бір астырт құрылымы арқылы тыңдарман немесе оқырман белгілі бір ұлттың, этностың болмысын, танымын, дәстүр-салтын, дүние бейнесін көре алады. Ертегі дискурсында адамзат баласының арман-қиялы орын алады. Оқиға шынайы түрде емес, таңғажайып түрде өтіп жатады. Мысалы, бала немесе құлын күн сайын емес, сағат сайын өседі, сәби адамнан емес, түрлі заттардан немесе жануардан туады («Иван – коровий сын», «Нан батыр»), алты айда алып батыр болады. Осы тәріздес шынайы өмірде болмайтын заттар бейнеленеді. Ертегішілер өлмейтін немесе өлі адамды тірілтетін дүниелер ойлап шығарады. Мысалы, орыс ертегілерінде кездесетін «тірі су» (живая вода), адамды жасартатын алма (Сказка о молодильных яблоках и живой воде), ал қазақ ертегілерінің соңында кейіпкерлердің ұзақ уақыттан кейін қайтадан жас кезіне қайтып келуі, батырдың ғажайып көмекшілері – Таусоғар, Желаяқ, Көлтаусар, жер асты патшалығы, ондағы патшалық иесінің адам емес жылан, айдаһар сияқты жануарлардан болуы (бұл орыс және қазақ ертегілеріне де тән) т.б. ертегі дискурсының ғажайыптылық пен ерекше қиялын сипаттайды. Араб ертегі дискурсында да араб елінің географиялық ерекшеліктері, халықтың ұғым түсінігіне орай тылсым күштер т.б. туралы хабар береді. Ертегі дискурсы

ирриалды кейіпкерлерді, оқиғалар мен жағдайларды (кеңістік, уақыт) қосумен сипатталатын, халықтық өнерден туындаған фольклорлық дискурстың бір түрі. Жоғарыда аталған ертегі дискурсы жанрына тән белгілер оны басқа дискурс жанрларынан ажыратуға мүмкіндік беретін негізгі өлшемдер деп тұжырымдаймыз.

1.4 «Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемі» ұғымының анықталуы

Ертегі дискурсының лингвомәдени сипатын зерттеген ғалым Н.А. Акименко ертегілік категориясының тілдің түрлі деңгейлерінде вербалдануына ғажайыптылықты, құндылықты, белгісіз хронотопты, құрылымдық-семантикалық қайталауларды жатқызады. Сонымен бірге ертегілік категориясының конститутивті белгілеріне эпикалық, баяндау, қиял, эстетикалық, дидактикалық компоненттерді қарастырады. Ертегілік категориясының аталған белгілерінің ертегі мәтініндегі көрінісін, ертегі мәтініндегі өзектелуін графика-фонетикалық, лексикалық, синтаксистік, стилистикалық деңгейлермен анықтайды. Ғалымның пікірінше, ертегі дискурсының лингвомәдени кеңістігі деп ертегілік категориясының тілдің аталған үш деңгейіндегі вербалдануын, ондағы мәдени-мәнді лексиканың, грамматикалық құрылымдардың, айтылымдағы ұлттық ерекшеліктерді атайды. Зерттеуші ертегі дискурсының лингвомәдени сипатын ертегі мәтінінің құрылымын және тілдік стратегияны тілдік тұлғаға қатысты анықтайды. Біздің байқауымызша, Н.А. Акименко өзінің зерттеуінде «ертегі дискурсының лингвомәдени ерекшеліктері» және «ертегі дискурсының лингвомәдени кеңістігі» деген ұғымдарды пайдаланған. Ертегі дискурсының лингвомәдени кеңістігін тілдік деңгейде кеңірек талдағаны байқалады. Ертегі дискурсы кеңістігінің экстралингвистикалық сипатын коммуникативтік, когнитивтік аспектіде қарастырмаған. Сонымен бірге ғалым ертегі дискурсындағы паралингвистикалық құбылыстарды, стереотипті түсініктер, мифологемалар, символдар, архетиптер, сөйлеу әдебі мен мінез-құлық ерекшеліктерін лингвомәдени сипат ретінде зерттеу нысанына алмағанын байқаймыз [26, 105].

А.С. Бушкова ертегі дискурсының лингвомәдени ерекшеліктерін орыс, ағылшын тілдерін салыстыра талдау арқылы зерттейді. Зерттеушінің пікірінше, ертегі дискурсының лингвомәдени ерекшелігі салыстырып отырған тіл сөйлермендерінің дүние бейнесінен көрініс табады. Дүниенің тілдік бейнесі – беріліп отырған тілдік ұжымның күнделікті санасында тарихи тұрғыда қалыптасқан және тілде бейнеленген әлем туралы түсініктерінің жиынтығы, шындықты концептуализациялаудың белгілі бір тәсілі ретінде танылады. Ғалым «Кез келген ұлттың дүние бейнесіндегі мәдени мағыналарды тасымалдаушы мәдени кодтар ертегі дискурсының лингвомәдени сипатын айқындайды» деп тұжырымдайды. Зерттеуші мәдени кодтарға тілде бекітілген тұрақты тіркестерді, метафораларды, символдарды, стереотиптерді жатқызады [65, 54].

А.В. Шаколо ертегі дискурсының лингвомәдени сипатын бірнеше деңгейлерде анықтауға талпыныс жасайды. Концептуалдық, сюжеттік, кейіпкердің тілдік тұлғасы деңгейі, тілдік құралдар. Ғалым ертегі дискурсының лингвомәдени ерекшеліктерін әмбебап және этносқа тән көріністер ретінде қарастырады. Орыс, белорусь, неміс этномәдениетіне тән әмбебап белгілерге қиял-ғажайып ертегілеріндегі отбасышылдық қақтығыс (өгей шеше, өгей қыз, ене), ертегі кейіпкерлері есімдерінің орнына олардың сипаттамаларының берілуін көрсетеді. Ертегілердің мифологиямен байланысы, жағымды және жағымсыз кейіпкерлердің тіліндегі кішірейту мәнді формалардың жиі қолданылуын әр түрлі этномәдениетке тән әмбебап белгілер деп жазады. Мысалы, белорусь ертегілеріндегі басты кейіпкердің туған жерге деген ерекше ықыласы немесе белорусь ертегілерінде орман қауіпті аймақ, бірақ жаңа үй салуға болатын, көмекшіні, туған адамын кездестіретін жер. Орман неміс қиял-ғажайып ертегілерінде паналайтын орын ретінде көрінеді. Орыс қиял-ғажайып ертегілерінде әлеуметтік-тұрмыстық компоненттердің болуы, еңбексүйгіштік және еңбекқорлық адамзаттың ең жоғары құндылықтарының бірі ретінде танылады. Көріп отырғанымыздай, зерттеуші ертегі дискурсын салыстырмалы аспектіде зерттеп, оның лингвомәдени ерекшеліктерін анықтауда концептуалдық талдауға басымдық береді [47, 78].

М.В. Лукина орыс ертегілерін лингвомәдени талдауға арналған зерттеуінде ертегі дискурсын лингвомәдениеттану тұрғысынан зерттеуге негіз болатын маңызды белгілерге халықтың салт-дәстүрі, мерекелері, ертегі кейіпкерлеріндегі мифологиялық атаулар, мәдени концептілерді жатқызады [66, 22]. Д.С. Лихачевтің көзқарасы бойынша, жеке адамның мәдени тәжірибесі, білімі мен дағды қоры, ассоциация ортасы т.б., басқаша айтқанда, адамның барша когнитивті тәжірибесі оның концепт аясын құрайды. «Адамның мәдени тәжірибесі қаншалықты аз болатын болса, оның тілі ғана емес, сонымен бірге, оның сөздік қорының «концепт аясы» да сонша жұпыны болады» [67, 7]. Д.С. Лихачевтің айтуы бойынша, концептосфера (концепт аясы) бұл «жалпы тіл секілді әрбір адамның сөздік қорынан ашылатын» барлық потенциал жиынтығы. Ұлттық тілдің концепт аясы ұлт мәдениетімен тығыз байланысты және ұлттың барлық тарихи тәжірибесі мен дініне қатысты болады. Жеке концепт аясы өзінше отбасының, әлеуметтік ұжымның т.б. концепт аясымен байланысты. Өйткені, тілдің концепт аясы – негізінен мәдени концепт аясына жатса, онда «ұлттық тіл – «мәдениеттің ізбасары» секілді. Орыс тілінің тіл байлығын қарастыра келе, Д.С. Лихачев төрт деңгейді нақтылайды: «1) лексикалық қор деңгейі; 2) мағыналық белгілерінің, сөз қолдану әр түрлілігінің т.б. байлығы» деңгейі т.с.с.; 3) жеке концептілер деңгейі; 4) концепт аясы деңгейі дей келе, орыс тілі байлығының негізі концепт және концепт аясы деңгейінде жатыр дейді» [67, 7].

О.А. Плахова ертегі дискурсының лингвомәдени табиғатын ертегілік категорияны вербалдайтын тілдік және тілден тыс факторлармен байланыста қарастырады. Тілдік факторларға мәдени концептілерді, фразеологиялық, паремиологиялық қорды жатқызады. Ертегі дискурсындағы ертегілік категорияны бейнелейтін тілден тыс факторларға адам мен қоршаған дүние

арасындағы қоғамдық қатынастарды, сөйлеу мен ойлаудың әлеуметтік-мәдени қарым-қатынас ерекшеліктерін, құндылық стратегияларын қарастырады [37, 129].

Л.Г. Иваненко ертегі дискурсына лингвомәдени талдау жасай келе, фольклорлық ертегілерді лингвомәдени аспектіде зерттеуге назар аударады. Ғалым ертегі мәтінін лингвомәдени талдау әдістеріне ұғымдық және этимологиялық талдауды қолданады. Зерттеушінің пікірінше, ертегі мәтінін лингвомәдени зерттеудің мақсаты оның негізгі ойын анықтау болып табылады. Ертегі мәтінін лексикалық (сөздердің тақырыптық лексикалық топтары, тұрақты тіркестер, метафоралар т.б.), синтаксистік (сөз тіркестері мен сөйлемдердің үйлесімі) құрылымдық-синтаксистік (баяндау тәсілдері мен типтерін анықтау, сөйлеу құрылымдарының өзара байланысын талдау, мәтіннің субъективті және кеңістік пен уақыттық ұйымдастырылуын зерттеу т.б.) деңгейлерде анықтауға ұмтылады [68, 7].

А.О. Неустроева неміс әдеби ертегісін лингвомәдени талдауына арналған зерттеуінде Л.Г. Саяхованың мәтінді лингвомәдени талдау әдістемесін [69, 67] басшылыққа алады. Оның айтуы бойынша 1) талдауға алынған мәтін жазылған уақыттағы лингвомәдени жағдайды сипаттау; 2) мәтіннің мазмұндық деңгейі оның фактуалды, концептуалды және имплицитті ақпараты. Фактуалды ақпарат мәтіннің деректемелік негіздері, концептуалды ақпарат автор туралы, оның көзқарасы, әлеуметтік мәртебесі, дүниетанымы т.б., имплицитті ақпарат мәтіннің астырт құрылымында берілген жасырын ақпарат; 3) мәтін құрылымы; 4) мәтіннің мәдени-концептуалды өріс деңгейі. Мұнда архетиптер мен мифологемалар, наным-сенімдер мен жоралғылар, салт-дәстүрлер, ырым-тыйымдар, стереотиптер т.б; 5) тілдік деңгей, яғни мәтіннің тілдік көрінісі [70, 9].

Т.В. Бабиян орыс және ағылшын халық ертегілерінің лингвомәдени ерекшеліктерін салғастырмалы түрде талдай келе, реалий сөздерге ерекше назар аударады. Реалий сөздерге ертегі кейіпкерлерінің есімдерін, ақша атауларын, кейіпкерлердің қызметі мен кәсібін, ұлттық киімдер мен зергерлік бұйымдар, тағам атаулары мен сусындар, лауазым атауларын жатқызады. Зерттеуші аталған реалий сөздердің ертегі дискурсындағы фонетикалық, лексикалық және синтаксистік деңгейлерде өзектелуін нақты мысалдармен дәлелдейді [71, 507-508].

А.М. Бальян, С.А. Кушу, Е.Ю. Задорожная «Ағылшынша сөйлейтін тілдік тұлғаның лингвомәдени ерекшеліктері» мақаласында лингвомәдени өлшемдерді былай анықтайды: «Біріншіден, грамматикалық өлшемдер: сөйлеу әрекетінің ұлттық стереотиптерінің астарында қайталанып отыратын, бір типтес қарым-қатынас жағдаятындағы сөйлеуде ойды жеткізу үшін грамматикалық құралдарды таңдап қолдану. Екіншіден, лексикалық өлшем: тілдің лексикалық қоры. Үшіншіден, семантикалық өлшемде халықтың өмір сүру салты, әдет-ғұрпы, тұрмыстық ерекшеліктері, көркем әдебиеті мен фольклоры, елдің қоғамдық құрылысы, географиялық ерекшеліктерін бейнелейтін, оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін тілдік бірліктердегі ұлттық-семантикалық мағына. Төртіншіден, сөйлеу мәнерінің ерекшелігі. Ғалымның

пікірінше, тілдік тұлғаның лингвомәдени өлшемдеріне тілдік және ұлттық мәдени өлшемдерден басқа қарым-қатынас факторлары да ықпал етеді. Бұған ұлттық сөйлеу әдебі, сөйлеудегі сыпайылық, сөйлеу мәдениеті, стереотиптік түсініктер, мифтер, паралингвистикалық құбылыстарды жатқызады. Зерттеуші тілдік тұлғаның лингвомәдени өлшемдеріне ұлттың когнитивтік ерекшеліктерін де қосады. Этностың когнитивтік-коммуникативтік ерекшелігіне ой ұшқырлығы, бейімделу білігі, жағдаяттың өзгеруіне байланысты өз шешімін өзгерте алу қабілеті, қарым-қатынас ұстанымдары, өз мінез-құлқын басқару, т.б. жатқызады [72, 49-54].

М.В. Хаманиева ертегі дискурсын елтанымдық және лингвомәдени аспектіде қарастырады. Зерттеуші ертегі дискурсының лингвомәдени аспектісін топонимдерді, түр-түс атауларын, концептілерді, фразеологиялық тіркестерді, сөйлеу әдебі, тілдің бейнелі құралдары, мақал-мәтелдер, стереотиптерді талдау арқылы түсіндіреді [73, 23]. Әр этностың, ұлттың санасында дүние бейнесі сыртқы және ішкі факторларға байланысты әр түрлі болатындықтан, тілдегі ерекшеліктер де сан алуан болып келеді. Сыртқы факторларға географиялық орта, әлеуметтік жағдай, шаруашылық түрі, діннің ықпалы, тарихи жағдай т.с.с. жатса, ішкі факторларға әдет-ғұрыпты, дүниетанымды, әдеп-ибаны, салт-дәстүрді жатқызамыз.

В.В. Колосовская француз ертегілерін лингвомәдени аспектіде зерттей келе, оның лексикалық, синтаксистік, стилистикалық ерекшеліктеріне назар аударады. Француз ертегілерінің мәдени аспектісі деп ертегідегі символдарды және мораль мәселесін зерттейді [74, 11].

В.Г. Токарев А.С. Пушкин ертегілерінің лингвомәдени ерекшеліктері баяндау деңгейінен көрінетіндігі туралы жазады. Ертегідегі сынақтардың үш рет қайталануын, санның символдық мәнін, өмір салтын, халықтың ырым-тыйымдарын, ұлттық мінез-құлқын лингвомәдени ерекшеліктер ретінде қарастырады [75, 167].

Т.В. Белошапкина концептілерді зерттеуде құндылық өлшемінің маңызын атап көрсетеді. Мәдени концептілердің белгілі бір дискурс түрлерімен байланысын анықтайды [76, 6]. Бұл туралы А.Б. Әмірбекова *концепт* ұғымына берілген тұжырымдарды зерттеу нәтижесінде концептіні танытатын мынадай өлшемдерін ұсынады: «*концепт* дүниенің құндылықтарын танытады; санадағы дүниенің мәнін бейнелейді; тіл арқылы объективтенеді; субъектінің білім деңгейін танытады; белгілі бір ұлттың мәдени деңгейі мен ділін көрсетеді; әрбір ұлттың танымдық белгілерінің мазмұнын ажыратады; тұлғаның өзіндік танымдық стилін айқындайды; концепт – адам тәжірибесіндегі идеалды түсініктің ең кішкене бірлігі; білімді тарату, сақтау және оны өңдеудің негізгі бірлігі; белгілі бір мәдени болмыстың негізгі ұясы» [77, 20].

Ю.С. Городова ертегі дискурсындағы лингвомәдени ерекшелікті ертегілік категориясының вербалдануынан қарастырады. Ертегі мәтіндерінің атауларын, құрылымдық ерекшелігін және қарым-қатынас стратегияларын арнайы зерттейді. Ертегі дискурсындағы ертегішінің стратегияларының ішінен мынандай бағыттарды бөліп көрсетеді: нақты бір жанрлық канонға сәйкес ертегі мәтінін ұйымдастыруға бағытталған стратегия. Ертегінің ойын ашуға

мүмкіндік береді және ертегіші тұлғасын анықтайды. 1. Стратегияның бұл түрі ертегінің басы, ортасы және аяқталуына тән тұрақты клишелерді қолдануымен сипатталады. 2. Оқырманға әсер ету мақсатында нақты стилистикалық және лексикалық құралдарды таңдауға бағытталған стратегия. 3. Ертегі мәтініндегі жағдаят пен адресанттың ертегі мәтініндегі жағдаятқа деген қарым-қатынасын және оның дүниетанымын анықтауға бағытталған стратегия [44, 57].

Ф. Хакимова қиял-ғажайып ертегілерінің лингвомәдени ерекшелігін ғажайыптылықтың ертегі мәтініндегі көрінісінен, ғажайып оқиғалар, ғажайып заттар, ғажайып іс-әрекеттер, ғажайып қозғалыс т.б., қиялдың тілдік көріністерінен, ертегі кейіпкерлерінің бай, кедей болып әлеуметтік топтарға бөлінуінен, гендерлік ерекшеліктерден, қиял-ғажайып ертегілерінің бастан аяқ бір моральға құрылатын композициялық құрылысы тұрғысынан талдайды [78,10].

Сию Цзинтин ертегі дискурсының лингвомәдени сипатын мәдени-мәнді мағыналармен стереотиптерден іздейді. Әйел және ер адам бейнелерінің вербалдануындағы ұлттық ділге тән белгілерімен түсіндіреді [49, 18].

А.Т. Қасымбекова халық қиял-ғажайып ертегілерінің лингвомәдени ерекшеліктерін ертегі дискурсының астырт және үстірт құрылымдарынан іздейді. Үстірт құрылымдар бірдей болып келеді, сондықтан да халық ертегілерінің бұл түрін қиял-ғажайып деп атауға толық негіз бар деп тұжырымдайды. Ертегі дискурсының лингвомәдени ерекшеліктері астырт құрылымда көрінеді. Олар маңызды сценарийлер мен фреймдерден және оларды құрушы слоттардан тұрады деп жазады. Ғалымның пайымдауынша, ертегі дискурсының астырт құрылымы тыңдаушылардың түпсанасына әсер ету арқылы белгілі бір ұлтқа тән қажетті ғалам бейнесін қалыптастыруға негіз болатын кодталған мәдениеттанымдық маркерлерден тұрады. Сонымен бірге ертегі дискурсының лингвомәдени ерекшелігін анықтауда ертегі кейіпкерлерінің есімдеріне, сан ұғымының мәдени маркер ретіндегі сипатына талдау жасайды [46, 81].

Е.Н. Маклакова тілдік құбылыстардың лингвомәдени ерекшелігінің көріну формасын төмендегіше сипаттайды: халықтың жадында сақталған тарихи оқиғалардың атауы; мәдени реалий атаулары; ономастикалық реалий атаулары; ұлттық прецеденттік мәтіндермен байланысты атаулар; ұлттық мәдени баламасыз реалий атаулары; ұлттық тұрмыстық реалий атаулары; ұлттық мәдени символдарды бейнелейтін атаулар [79, 9].

Г.Д. Гачевтің зерттеуі тұрғысынан: «ұлттық әлем бейнесін анықтау үшін ұлттық өмір бүтіндей қарастырылады: табиғат, оның құбылыстары, тұрмыс, фольклор, поэзияның бейнелілігі, кеңістік пен уақыттың қарым-қатынасы т.с.с.». Ал осының бәрін, бірінші кезекте, тіл арқылы біле алатынымыз анық. Кез келген ұлттың тілін білу үшін алдымен аударма және салыстырма тәсілдері қолданылады [80, 97].

Д.Ф. Шакиров, А.Ш. Юсупова ертегі дискурсының лингвомәдени аспектісін ғажайып, құндылық, сөздер мен сөз тіркестерінің жағымсыз сипатымен, ғажайып құбылысқа деген оң және теріс көзқарастармен, хронотоппен, қайталаулармен, сөйлеу стратегияларымен, ертегі мәтінінің

құрылымымен анықтайды. Ертегі дискурсының қарым-қатынас стратегиясы нақты айтылым жағдаятымен айқындалады. Қиял-ғажайып ертегілеріндегі эксплицитті және имплицитті стратегиялар қиялдан және ойдан шығарылған ертегілік ақпаратқа тыңдаушыны сендіріп, оның көңілін көтеруді мақсат етеді [40, 5].

С.К. Кенжемуратова «Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдері» деп аталатын зерттеуінде ертегі дискурсын салыстырмалы-салғастырмалы аспектіде қарастырады. Лингвомәдени құралдарды талдаудың кешенді әдістемесіне лексикалық, синтаксистік, стилистикалық және лингвомәдени талдауларды жатқызады. Ертегілік категориясын бейнелейтін лексикалық құралдарды, ертегілік оқиғаларды, ертегілік категориясының құндылық өлшемін, ғажайыптың нақты бір жағдаяттағы көрінісін, ертегілік категориясының кеңістік және уақыт белгілерін, құрылымдық ерекшеліктерін, мифологемаларды, стереотиптерді, наным-сенімдерді, ырым-тыйымдарды ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдері деп анықтайды [45, 43].

Д.В. Ворошкевич мәтінді лингвомәдени талдаудың міндеттеріне мәтіннен сол елдің мәдениеті туралы ақпаратты алу, алынған мәліметтерді түсіндіру, әр түрлі мәдениеттегі дүниенің құндылық бейнесін салыстыруды жатқызады. Ғалымның пікірінше, лингвомәдени талдау әдістеріне 1) филологиялық талдау әдісі, мәтін мазмұнын идеялық тұрғыдан түсіндіру тәсілі және тілдік құралдарды жанрлық тұрғыдан қолдану әдістері; 2) сөйлеушінің дүние бейнесін қайта жаңғырту, концептуалды талдау әдісі; 3) салғастырмалы әдіс. Лингвомәдени талдау пәніне төмендегі тілдік бірліктерді жатқызады: баламасыз лексика мен лакундар, архетиптер мен мифологемалар, эталондар, стереотиптер, символдар, паремия, фразеологизмдер, метафоралар, бейнелеуіш құралдар, сөйлеу мінез-құлқы, сөйлеу әдебі, мәдени тірек концептілер, прецедентті феномендер [81, 97].

Сол сияқты қазақ тілінің лексика-фразеологиялық жүйесіндегі мифтік танымның вербалдану барысын қараған Б. Ақбердиеваның [82] көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттарын зерттеген Ш. Елемесованың [83], қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивті семантикасын зерделеген Н. Аитованың [84], қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәнін талдаған Қ. Қаирбаеваның [85], Т. Ізтілеуовтің шығармашылық дискурсын автордың танымдық ерекшелігі ретінде зерттеген Ф. Қожахметованың [86], М. Дулатовтың шығармаларындағы ғаламның тілдік бейнесін қарастырған Г. Имашеваның [87] т.б. зерттеулерінде тіл арқылы сақталып, берілетін ұлттық, мәдени, дүниетанымдық қордың концептілік жүйесі жан-жақты қарастырылған. В.А. Маслованың түсіндіруінше [88, 162], мәтінді лингвомәдени талдау мәдениетті танудың жетекші әдістерінің бірі ретінде саналады, өйткені мәтіндер мәдени мағыналарды жеткізудің ең маңызды тәсілі болып табылады. Мәтіннің барлық деңгейлері, яғни құрылымы, мазмұны, прагматикалық жағы, лингвистикалық компоненті лингвомәдени талдауға ұшырауы мүмкін [89, 78-79]. Е.М. Верещагин мен В.Г. Костомаров лингвоелтану бағыты аясында көркем әдеби мәтіндердің мәдени мағыналарды түсіндіруді алғаш рет ұсынды.

Мәтінді түсіну деңгейлеріне сүйене отырып, зерттеушілер мәтінмен жұмыс істеу әдістемесін ұлттық мәдениеттің семантикалық кеңістігіне тікелей қатысы бар елеулі өлшемдермен толықтырды. Бұл өлшемдерді тілдік таңбаның мәдени мағыналарын кодтау және жеткізу қабілетін ескере отырып, лингвистикалық тұрғыдан былайша сипаттауға болады: «...мәтінде кездесетін тілдік бірліктер (сөздер, сөз тіркестері, фразеологиялық бірліктер, тілдік афоризмдер және реляциялық тілдік бірліктер) когнитивтік ақпаратты тасымалдаушы қызметін атқарады, ал бұл ақпаратты алу тәсілі олардың ұлттық-мәдени семантикасын нығайту болып табылады [90, 10-11]. Бұл ұлттық-мәдени семантиканың анықталуы мен нығаюы көркем мәтінді жан-жақты лингвомәдени «сараптау» барысында мүмкін болады. Лингвомәдениеттанымның дамуының осы кезеңінде когнитивтік-концептуалды талдау әдістерін қолдану арқылы мәдени мағыналарды қайта жаңғыртуға болады. Дүниені қабылдау және ұйымдастыру тәсілі табиғи тілдердің кез келгенінде белгілі бір түрде көрініс тауып, белгілі бір тілде сөйлеуші әрбір адам үшін міндетті көзқарастар мен нұсқаулар жүйесін құрайды. Белгілі бір халықтың өзін қоршаған дүние туралы білімін көрсететін, қоғамның қалауы мен нормалары бойынша бағаланатын және тілдік бірліктердің мағынасында бекітілген бейнелер, түсініктер, стандарттар, стереотиптер мен белгілер жүйесі дүниенің тілдік бейнесі болып табылады. Қайта жаңғыртуға негіз бола алатын тілдік атаулар, немесе «тілдік фактілер» (эртүрлі лексемалар, грамматикалық формалар, сөзжасамдық үлгілер, просодия, синтаксистік құрылымдар, фраземалар, лексикалық-семантикалық үйлесімділік ережелері және т.б.) болуы мүмкін, немесе олардың мазмұнын тікелей я жанама түрде бейнелейтін, нақтылайтын және дамытатын тілдік не тілдік емес құралдардың бүкіл жиынтығы арқылы білдірілген мәдени ұғымдар. Дискурстың белгілі бір түрінің лингвомәдени сипатын зерттегенде, концепт белгілі бір дискурстық талдау құралы ретінде пайдаланылуы мүмкін. Дискурстың біршама күрделі және салалы екенін, көптеген элементтерді қамтитынын ескерсек, оны концептуалды сфера, яғни бір-бірімен байланысты ұғымдар жиынтығы ретінде көрсетуге болады. Дискурстың түрі оның айналасында үлкен мағыналық аумақты шоғырландыратындықтан, үлкен генеративті күшке ие негізгі ұғымдарымен анықталады. Ертегі дискурсының тілдік бейнесін қалыптастыруда негізгі рөл атқаратын тірек концептілерге қазақ ертегі дискурсында кездесетін *бай, кедей, батыр, туған ел, ақыл, мейірімділік, жауыздық, адалдық, махаббат, өшпенділік, киіз үй, сандық, кенже бала, сұлу қыз, төрт түлік мал, т.б.* жатса, орыс ертегі дискурсында *красота, богатство, богатырь, мачеха, падчерица, родина, избушка, добро, зло, женитьбо* т.б. жатады. Араб ертегі дискурсында *сұлтан, ханшайым, сиқыршы, сиқыр, саудагер, базар, көпес, қазына, бағалы тастар, ақша, сандық* т.б. сияқты сөздерді жатқызуға болады.

Ертегі дискурсын лингвомәдениеттаным тұрғысынан қарастырған зерттеушілердің еңбектеріне сүйенсек, негізінен ертегілік категориясының ғажайыптылық, құндылық, белгісіз хронотоп, құрылымдық-семантикалық қайталаулар, эпикалық, қиял, эстетикалық, дидактикалық сияқты белгілерінің ертегі мәтініндегі вербалдануын ертегі дискурсының лингвомәдени

ерекшеліктері деп анықтау байқалады. Ертегілік категориясының аталған белгілерінің әр түрлі мәдени қауымдастықтың тілдік тәжірибесіндегі көрінісін ғалымдар «лингвомәдени ерекшелік» (Н.А. Акименко, А.С. Бушкова, Т.В. Бабиян, А.М. Бальян, С.А. Кушу, Е.Ю. Задорожная, В.Г. Токорев, Е.Н. Маклакова, А.Т. Қасымбекова, Ф. Хакимова, Ю.С. Городова), «лингвомәдени кеңістік» (А.М. Кербс), «лингвомәдени аспекті» (Л.Г. Иваненко, М.В. Хаманиева, В.В. Колосовская, Д.К. Шакиров, А.Ш. Юсупова), «лингвомәдени табиғат» (О.А. Плахова), «лингвомәдени сипат» (А.В. Шаколо, Сию Цзинтин), «лингвомәдени өлшем» (С.К. Кенжемуратова), «лингвомәдени талдау» (Д.В. Ворошкевич) терминдерімен береді. Аталған зерттеулерде ертегі дискурсының лингвомәдени ерекшеліктері түрліше қарастырылады. Мәселен, Н.А. Акименко лингвомәдени ерекшеліктерді ертегі мәтініндегі графика-фонетикалық, лексикалық, синтаксистік, стилистикалық деңгейлерден анықтауға ұмтылса, А.С. Бушкова дүниенің тілдік бейнесінен, оның ішінде мәдени кодтардан іздейді. А.В. Шаколо ертегі дискурсының лингвомәдени сипатын концептуалдық, сюжеттік, кейіпкердің тілдік тұлғасы деңгейлерінен көрсетуге талпыныс жасаса, М.В. Лукина халықтың салт-дәстүрі, мерекелері, мифологиялық атаулар, мәдени концептілерді талдау арқылы анықтауға тырысады. О.А. Плахова ертегі дискурсының лингвомәдени табиғатын ертегілік категорияны вербалдайтын мәдени концептілерді, фразеологиялық, паремиологиялық қорды тілдік фактор ретінде анықтап, тілден тыс факторларға қоғамдық қатынастарды, сөйлеу мен ойлаудың әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін, құндылық стратегияларын жатқызады. Л.Г. Иваненко ертегі дискурсының лингвомәдени аспектісін анықтау үшін лексикалық, синтаксистік, құрылымдық-синтаксистік деңгейлерде ұғымдық және этимологиялық талдау қажеттігіне баса назар аударады. А.О. Неустроева лингвомәдени талдауға, Т.В. Бабиян, Е.Н. Маклакова реалий сөздерді талдауға, М.В. Хаманиева елтанымдық және лингвомәдени аспектілерге ерекше басымдық береді. А.М. Бальян, С.А. Кушу, Е.Ю. Задорожная лингвомәдени өлшемдерге грамматикалық, лексикалық, семантикалық, сөйлеу мәнері, когнитивтік ерекшеліктерді жатқызады. В.Г. Токорев ертегілердің лингвомәдени ерекшеліктеріне символдық мағынаны, халықтың ырым-тыйымдарын, ұлттық мінез-құлық ерекшеліктерін талдау қажеттігі туралы жазады. Т.В. Белошапкина, А.Б. Әмірбекова концептілік талдауларға, оның құндылық өлшемдеріне баса назар аударады. Сию Цзинтин мәдени мәнді стереотиптерден іздейді. А.Т. Қасымбекова ертегілердің лингвомәдени ерекшелігін ертегі дискурсының астырт және үстүрт құрылымдарынан іздейді.

Ертегі дискурсын лингвомәдени аспектіде зерттеушілердің аталған аспектіні әр түрлі терминдермен атағаны байқалады. Сондықтан біз зерттеуімізде аталған ұғымды біріздендіру мақсатында С.К. Кенжемуратова өз зерттеуінде қолданған «лингвомәдени өлшем» терминін пайдалануды ұсынамыз. Зерттеу материалдары көрсеткендей, ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін анықтауда жүйелілік жоқ. Оған дәлел ретінде жоғарыда талданған зерттеулердегі лингвомәдени ерекшелік ретінде бір ғалымдардың концептілік талдауға, лингвомәдени талдауға, мәдени кодтарға,

стереотиптерге, екінші бір ғалымдардың тілдің фразеологиялық, паремеологиялық қорына, қарым-қатынас стратегияларына, ұлттық мінез-құлық ерекшеліктеріне, символдық мағынаға т.б. назар аударуларын айтуға болады. Ертегі дискурсын лингвомәдени аспектіде зерттеудегі әр түрлі көзқарастар ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін анықтауды қажет етеді. Біз өз жұмысымызда осыған дейінгі жазылған еңбектерге сүйене отырып, ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін төмендегідей ұсынамыз:

1. Тілдік: лексикалық (фразеология, паремеология, метафора, концептілер, реалий сөздер т.б.), грамматикалық (сөйлеу әрекетінің ұлттық стереотиптерінің астарында қайталанып отыратын, бір типтес қарым-қатынас жағдаятындағы сөйлеуде ойды жеткізу үшін қолданылатын грамматикалық құралдар), семантикалық (халықтың өмір сүру салты, әдет-ғұрпы, тұрмыстық ерекшеліктері, елдің қоғамдық құрылысы, географиялық ерекшеліктерін бейнелейтін, оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін тілдік бірліктердегі ұлттық-семантикалық мағына: мәдени код, мәдени маркерлер, символ т.б.).

2. Қарым-қатынас стратегиясы: сөйлеу мәнерінің ерекшелігі, ұлттық сөйлеу әдебі, сөйлеудегі сыпайылық, сөйлеу мәдениеті, стереотиптік түсініктер, мифтер, паралингвистикалық құбылыстар, т.б.

3. Когнитивтік-коммуникативтік: ой ұшқырлығы, бейімделу білігі, жағдаяттың өзгеруіне байланысты өз шешімін өзгерте алу қабілеті, қарым-қатынас ұстанымдары, өз мінез-құлқын басқару, т.б.

Қорытындылай келе, ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін тілдік, қарым-қатынас стратегиясы, когнитивтік-коммуникативтік деп ажыратамыз. Ғылыми жұмысымыздың келесі тарауында ертегі дискурсындағы аталған өлшемдердің өзектелуін қазақ, орыс және араб тілдері материалдары негізінде дәлелдеуге тырысамыз.

2 ЕРТЕГІ ДИСКУРСЫ ЛИНГВОМӘДЕНИ ӨЛШЕМДЕРІНІҢ ӨЗЕКТЕЛУІ (қазақ, орыс және араб тілдері материалдары негізінде)

2.1 Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемінің тілдік деңгейде өзектелуі

Ертегі дискурсына тән белгілердің тілдік деңгейде өзектелуі осы тараушада қарастырылады. Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерінің біз ұсынған бірінші деңгейі тілдік деп аталады. Аталған өлшем өз ішінде лексикалық, грамматикалық және семантикалық деп бөлінеді. Ең алдымен лексикалық өлшемдер арқылы ертегілік категорияның өзектелуін қазақ, орыс және араб қиял-ғажайып ертегілері бойынша анықтауға талпынамыз. Ертегі дискурсына тән белгілердің лексикалық деңгейде өзектелуін ертегі мәтініндегі тірек концептілердің, фразеологиялық және паремиологиялық қордың, реалий сөздердің және тағы басқа лексикалық бірліктердің қолданысы деп түсінеміз. Аталған лексикалық бірліктердің қолданысы ертегі дискурсы жанрын дискурстың басқа жанрларынан ажыратуға мүмкіндік береді.

Концептіні лингвомәдениеттанымдық аспектіде зерттеушілердің (Н.Д. Арутюнова, В.В. Колесов, Ю.С. Степанов, В.Н. Телия, Ж.А. Манкеева және т.б.) пікірі бойынша концептілер ұғымдық белгілерден өзге аталған зат не құбылысқа қатысты мәдени-аялық ақпарат береді. Сонымен қатар концептіні адам мен әлем арасындағы мәдени қабат деп есептейді. Демек, аталған тірек концептілер зерттеу нысаны болып отырған тілдердің ертегі дискурсында көрінуі арқылы сол ұлттың тұрмыс-тіршілігінен, ділінен, таным-түсінігінен, жалпы дүние бейнесінен мол хабар береді. Осындай концептілер арқылы ертегі дискурсының ұлттық ерекшелігі ашылады.

Қазақ ертегі дискурсындағы «бай» концептісі қазақи түсінікте мал-мүлкі түгел немесе төрт құбыласы сай адам немесе бай – ол хан, патша болуы да мүмкін. Мысалы, *«Ерназардың өзі бай болыпты. Төрт түлік малы сай болыпты. Қора толған қойлары болыпты. Келе-келе түйелері болыпты. Өріс толған жылқылары болыпты»*[91] («Ер Төстік» ертегісі). *«Өткен заманда бір бай болыпты, ол бір перзентке зар болыпты, зарыға жүріп перзентті болыпты»* [92] («Алтын сақа» ертегісі). Сонымен қатар ертегі дискурсында кездесетін бай адам жағымсыз эмоцияда, яғни сараң, ақымақ, жауыз, қорқақ ретінде көрініс береді де, сол жаман қасиеттерінің кесірінен оқиға соңында үнемі жеңіліс тауып отырады. *«... Бай соншалық бай бола тұрса да шығынсынып бірде-бір қолына жұмысшы ұстамайды. Бар малды сол жалғыз баласы багады екен»* [93] («Жас баланың сапары» ертегісі), *«Өкпе суға батып кетіп, әлден уақыттан соң жалмауыз кемпір болып судан шығады да байдың жағасынан ала кетеді. Бай көзі алақандай болып, қорқып кетеді. Бай жалғыз баласын жалмауызға бермек болады, кемпір байды қоя береді»* [92] («Алтын сақа» ертегісі). Араб ертегі дискурсында «бай» концептісі адамның байлығымен, сараңдығымен, қатыгездігімен, тойымсыздығымен сипатталады. Мысалы, «Әли-Баба мен қырық қарақшы» ертегісіндегі Қасым бай осындай кейіпкер:

«كَانَ فِي قَدِيمِ الزَّمَانِ أَخْوَانِ شَقِيفَانَ ، يَعِيشَانِ فِي بَلَدٍ مِنْ بِلَادِ الْفُرْسِ ، أَحَدُهُمَا عَنِّي جِدًّا ، وَالْآخَرُ فَقِيرٌ [94]وَاسْمُ الْأَوْجِدِ ، « قَاسِمٌ » ، وَاسْمُ الثَّانِي « عَلِيٌّ أَبَا » .»

(Өте ерте заманда екі ағайынды жігіт болады. Олар Парсының бір елінде тұрады. Біреуі өте бай болады, екіншісі кедей болады. Біріншісінің аты Қасым, екіншісінің аты Әли-Баба. Қасым бай, бірақ өте сараң, қатыгез, бауырына көмек бермейді).

Керісінше «кедей» концептісі малға жарлы, мал дегенде он шақты ешкісі бар немесе аң аулап күнін көрген, патшасына адал, ақылды адам ретінде бейнеленеді. Мысалы, «*Бұрынғы өткен заманда бір жесір кемпір болыпты. Бұл кемпірдің перзент дегенде жалғыз баласы болыпты, мал дегенде он шақты ешкісі болыпты. Бала ешкілерін бағып жүреді*» [95] («Күн астындағы Күнікей қыз» ертегісі). Өмірлік тәжірибесі арқылы қиын кезде жол таба алатын тапқыр, еңбекқор, адамдарға көмек қолын созатын, аңғал, сенгіш жан. Ертегі дискурсында олар оңай олжаға тап келіп отырады. Мысалы, орыс ертегілерінде қармағына алтын балық түседі, не болмаса алтын қауырсын тауып алады («*Раз поехал стрелец на своем богатырском коне в лес поохотиться; едет он дорогою, едет широкою – и наехал на золотое перо жар-птицы: как огонь перо светится!*» [96] («Жар-птица и Василиса-царевна» ертегісі), қазақ ертегісінде мал жайып жүріп алтын мүйізді киік ұстап алып патшасына тарту етеді («*Бір күндері бала далада ешкілерін жайып жүріп, алтын мүйізді шұбар киікті тағы да көреді. Сол арада бала әлгі шұбар киікті ұстап алады. Ханға алып жүреді*» [95] («Күн астындағы Күнікей қыз» ертегісі), араб ертегі дискурсында кедей шаруа отын шауып жүріп қазына жасырылған үңгірге тап болады. «Әли-Баба мен қырық қарақшы» ертегісінде:

وَكَانَ عَلِيٌّ أَبَا يَعْجَبُ مِمَّا يَرَاهُ أَشَدَّ الْعَجَبِ . ثُمَّ نَزَلَ عَلِيٌّ أَبَا وَوَقَفَ أَمَامَ الصَّخْرَةِ ، وَقَالَ : «افْتَحْ يَا سَمْسِمِمْ» [94] (Әли-Баба көрген ғажайыпқа таңқалды. Сосын үңгірдің алдына келіп тұрды да «симсим, ашыл» деді.).

Сөйте келе оқиға соңында «бай болып, барша мұратына» жетеді. Мысалы, «*Сонымен күн астындағы Күнікей қызды бала алып, екеуі той жасап, қосылады. Ел-жұрты баланың ерлігіне риза болып, оны хан сайлайды*» [95] («Күн астындағы Күнікей қыз»). «*Пришлось женихам оглобли поворачивать, разъехались они по своим дворам, а королева стала со своим мужем жить-поживать да добра наживать*» («Заколдованная королева» ертегісі).

«عَلِيٌّ أَبَا فَضَّلَ مَرْجَانَةَ عَلَيْهِ ، فَزَوَّجَهَا ابْنَ أَخِيهِ مُكَافَأَةً لَهَا . عَلِيٌّ مَعْرُوفُهَا وَذَكَائِهَا — وَأَصْبَحَ الْكُنْزُ مُنْذُ ذَلِكَ الْيَوْمِ مِلْكَاً لِعَلِيٍّ أَبَا بَعْدَ قَتْلِ اللَّصُوصِ ، فَفَسَمَهُ بَيْتَهُ وَبَيْنَهُمَا اسْوَيَّْةً ، وَعَاشُوا بِحَيَاةٍ طَوَّلَ جَمِيعًا أَبَا وَهُمْ لَ عَلِيٌّ أَسْعَدَ حَالٍ وَأَهْنَأُ بَالٍ » . [94]

(Маржананы ағасының баласына тұрмысқа беріп, олар бақытты және ұзақ өмір сүреді «Әли-Баба мен қырық қарақшы» ертегісі).

«Батыр» концептісі – ертегі дискурсында ерекше болып өмірге келетін, ата-анасы құдайдан жалбарынып сұрап алған, өмірге келуі ерекше бір оқиғамен байланысты, ел-халқын асырайтын, елі үшін туған ер. Мысалы, «*Кендебай ай сайын емес, күн сайын өсіпті, алты күнде күліпті, алты күнде жүріпті, алты жылда жігіт болыпты. Сондай күшті болыпты, алысқанын алып ұра беріпті,*

күрескенін жыға беріпті, шыңырау құдыққа құлаған атандарды жалғыз тартып шығара беріпті. Аң аулап, әкесіне жәрдемдесіпті, бара-бара құлан алыпты, құралайдың көзінен тигізген мерген болыпты, арқар мен киікті құлан мен маралды мая-мая үйіп тастапты. Қарасудың бойындағы қара үйлі кедейлер қарқ болыпты да қалыпты» [97] («Керқұла атты Кендебай» ертегісі), «В некотором государстве жил-был царь, холост - не женат. Был у него на службе стрелок, по имени Андрей. Женился Андрей-стрелок на Марье-царевне и живет с молодой женой - потешается. А службы не забывает: каждое утро ни свет ни заря идет в лес, настреляет дичи и несет на царскую кухню» [98] («Пооди туда - не знаю куда, принеси то – не знаю что» ертегісі). Батыр – ертегі дискурсындағы басты кейіпкер. Ертегілік оқиға толықтай сол батырдың айналасына шоғырланады. Жоқты табатын, барлық күшті жеңетін, отқа салса, жанбайтын, суға салса, батпайтын жеңімпаз. Тындаушысын қызықтыратын, батылдыққа, ерлікке баулитын, отан сүйгіштікке тәрбиелейтін құрал.

«Сандық» концептісі – ертегі дискурсында кездесетін бағалы зат. Онда барлық байлық атаулының материалдық та, рухани да түрі сақталады. Сиқырлық күші де бар. Мысалы, қазақ ертегілерінде жанын сандықтың ішінде сақтау: «Борықты бұлақтың басында қырық елік жүреді, соның ішінде қайқы қаракер елік бар, қайқы каракер еліктің ішінде тоғыз қара сандық бар, сол сандықтың ең кішісінің ішінде тоғыз балапан бар, сол тоғыз менің жаным болады...» [91] («Ер Төстік» ертегісі) тәріздес құнды дүниелер кездесе, араб ертегі дискурсында ұшатын сиқырлы сандық пен іші қымбат қазынаға толы сандық кездеседі. Мысалы, -صندوق الطائر «Ұшқыш сандық» ертегісінде сандық сиқырлы, жігіттің бар тілегін орындайды. Мысалы, «وبعد أيام من التحضيرات أقيم حفل الزفاف وأعدت موائد الطعام وأطلقت الألعاب النارية في كل أرجاء المدينة، ذهب الشباب أثناءها ليتفقد صندوقه السحري وإذا بقتيل مشتعل يسقط على مكانه فاشتعل بسرعة مذهلة، وامتدَّت النَّارُ إلى الصندوق فأحرقته وأحرقته معه آمال الشباب. يا لها من صدمة! الوسيلة الوحيدة التي كان يعتمد عليها صارت رماداً! فغادر القصر هارباً متخفياً حتى لا يكشف الناس زيفه. ألم يورط نفسه بالكذب؟ ألم يكن مختالاً فخوراً؟ وبينما كانت الأميرة تعاني من إخفاق مشروع الزواج صار الفتى يهيم من مكان لآخر جائعاً [99] (Күндердің бір күнінде отшашудан ұшатын сандық өртеніп, жалғыз сүйенер тірегі болған сандықтың тек күлі ғана қалады. Өзін кінәлаған бала, ұялғаннан киімдерін ауыстырып, патшалықтан кетіп қалады...). Сандық ұлттық мәдениетте байлықтың, қазынаның көзі ретінде көрініс береді. Осы айтылған тірек концептілер қазақ, орыс және араб ертегі дискурсының үшеуіне де тән, ертегілік ұғымдар. «Өгей шеше» (мачеха) мен «өгей қыз» (падчерица) концептісі көбінесе орыс ертегілерінде кездесетін прецедентті ұғымдар. Өгей шеше – мейірімсіз, әділетсіз, қыстың боранында әлсіз қызды қиын тапсырмаларға жұмсайды, қиын жұмыстар жасатады. Мысалы, «Живало-бывало, – жил дед да с другой женой. У деда была дочка и у бабы была дочка. Все знают, как за мачехой жить: перевернешься – бита и недовернешься – бита. Падчерица и скотину поила-кормила, дрова и воду в избу носила, печь топилла, избу мела еще до свету... Ничем старухе не угодить – все не так, все худо», ал өгей қыз – ақылды, сабырлы. Сол қасиетімен оқиға соңында бақытты болады: «А падчерица долго на свете жила, большая

выросла, замуж вышла и детей вырастила» [100] («Морозко» ертегісі). Концептінің бұл түрі қазақ, араб ертегі дискурсында «жетім бала», «тазша бала» кейпінде, яғни ер бала бейнесінде беріледі. Мысалы, «*Бұрынғы өткен заманда бір жесір кемпір болыпты. Бұл кемпірдің перзент дегенде жалғыз баласы болыпты*» [95] («Күн астындағы Күнікей қыз» ертегісі), («... *Жұрттың ең соңына кедейліктен әбден сіңірі шыққан, мойны ырғайдай, биті торғайдай, өмірінде қарны тойып ас ішіп, қабағы ашылып киім кимеген, ерні кезерген бір жетім тазша бала келеді*» [101] («Қырық өтірік» ертегісі), араб ертегі дискурсында:

« كان عمي صالح رجلاً حكيماً وتاجراً أميناً، يعرف كيف يجمع المال الحلال وكيف ينفقه دون إسراف. تكونت لديه ثروة كبيرة، ولما أحس باقتراب أجله أوصى ابنه الوحيد بحسن التدبير وحذره من أصحاب السوء والتبذير.. وبعد وفاة أبيه لم يعمل بنصيحته، وراح ينفق النقود بطريقة حمقاء جعلتها تنفذ كلها في وقت قصير، [99] فقيراً، فابتعد الناس عنه وتركوه متخبطاً في مئربته، بلا صديق ولا أنيس» (Салих есімді ақылды саудагер болады. Ол таза еңбекпен және үнемдеу арқылы көп дүние жинауды біледі, ол баласына бұл өнерді үйретеді. Алайда Салих қатты ауырып, дүниеден өтеді. Баласы жетім қалады, әкесінің өсиетін есінен шығарады, байлықтан айырылады және достары да теріс айналады «Ұшқыш сандық» ертегісі).

Қазақ және араб ертегі дискурсында жетім қыз бейнесінің орнына ер бала бейнесі арқылы берілсе, бұдан мұсылман халықтарында жалпы әйел затына, оның ішінде қыз балаға ерекше құрметпен қарағанын көрсетеді, бұдан әр ұлттың танымындағы ерекшеліктерді байқау қиын емес. Араб ертегі дискурсындағы тірек концептілер арқылы араб халқының тұрмыс-тіршілігін, өмір сүру салтындағы өзгешеліктерді байқауға болады. *Хан, ханшайым, сандық*, т.б. концептілерден бөлек, араб ертегі дискурсында кездесетін «сиқыр», «сиқыршы» концептісі араб халқының оқу-жазуды ерте бастағанынан хабар береді. Мысалы, «Мың бір түн» ертегілерінде сиқырлау жолымен адамды хайуанға, сиқырлы шамның көмегімен қиын тапсырмаларды оңай орындауға, алып Жынды кішкене құмыраға салып қою сияқты ертегілік ғажайып оқиғалар көп кездеседі. Мысалы, «Аладдин» ертегісінде:

« فَعَجِبَ «عَلَاءُ الدِّينِ» مِمَّا سَمِعَ . وَقَالَ لَهُ يَا بَسَّ أَنْتَ وَسَلَّ إِلَيْكَ أَنْ تُخْرِجَنِي مِنْ هَذَا الْمَكَانِ، إِذَا اسْتَطَعْتَ إِلَى ذَلِكَ سَبِيلاً . فَرَفَعَهُ الْجِنِّيُّ إِلَى ظَهْرِ أَرْضٍ؛ فَفَرَحَ «عَلَاءُ الدِّينِ» بِنَجَاتِهِ مِنَ الْمَوْتِ، وَصَلَّى شَاكِرًا لِلَّهِ خَلَّصَهُ مِنَ الضِّيقِ، سَلَامَتَهُ وَ مِنَ الْهَلَاكِ» . [102]

(...таңқалған Аладдин сиқырлы шамнан өзін жер бетіне шығаруын өтінеді. Әпсәтте баланы жердің бетіне шығарады, қатты қуанған Аладдин Аллаға алғысын білдіреді).

Араб ертегілерінің дискурстық тәжірибесінде бас кейіпкердің ғажайып көмекшілері немесе қарсыластары болмайды, оқиға қарапайым адамдардың ақыл-айласы, сиқырлау жолымен шешіліп отырады. Ол үшін батырлықты емес, тапқырлықты көрсету, жауын ашық емес, айла-амалмен жеңу маңызды. Осындай кезде сиқыр немесе алдап-арбау арқылы жол тауып отырады. Араб ертегі дискурсындағы осы тәріздес ақпараттың күрделеніп берілуі араб халқының кәсібінен, ділінен, шексіз қиялынан хабар береді.

Ертегі дискурсындағы тағы бір тірек концепті «үй» болатын болса, ол қазақ ертегі дискурсында *киіз үй* және оның *ақ боз үй, отау, қараша үй, лашық*

сияқты бірнеше мағыналық түрлері кездеседі. Сол киіз үйдің түрлері оның иесінің әлеуметтік мәртебесінен де хабар береді. Ақ боз үй – байдың үйі, киізі жыртық қараша үй – кедейдің үйі, ал батырға көбінесе айдалада кездесетін лашық – *мыстан кемпір, дәу, ұры, қарақшының* мекені. Мысалы, «Жылқыға келсе, жылқының ішінде тігулі қара қос тұр». «...Бір лашықтың *жанында бір тал бар екен, талдың түбінде жарбиган бір жаман кемпір отыр*» [91] («Ер Төстік» ертегісі). Орыс ертегісінде бұл ұғым «избушка», «избушка на курьих ножках» тіркестері түрінде беріліп, ол қараңғы орман ішінде орналасады. Ол Баба-Яга тәрізді жамандық жасаушының іші лас, тар, сыртқы түрі тауықтың аяғына ұқсас аяқты үйшік. Мысалы, «...*Едет лесом — глядит: стоит избушка на курьих ножках. Вот и говорит мужик: - Избушка, избушка! Стань к лесу задом, а ко мне передом. Избушка и поворотилась. Идёт мужик в избушку, а в ней баба-яга: впереди голова, в одном углу нога, в другом – другая. Мужик кланяется: Баба-яга костяная нога! Я тебе дочку привёз в услуженье*» [103] («Баба-Яга» ертегісі). Ертегі дискурсындағы аталған мекеннің иесі басты кейіпкерге жамандық пен кедергі жасаушы. Сондықтан айдалада немесе ну орман ішінде жалғыз тұрған лашық/үйшік адам санасына белгісіз әрі қорқынышты кейіпкердің мекені, ол жерде тек жамандық қана орнайды деген ұғым қалыптастырады.

Ертегі дискурсындағы «үйлену» концептісі қазақ, орыс және араб ертегі дискурсында өзіндік орны бар, басты ұғымдардың бірі болып саналады. Себебі үш халықтың да ертегі оқиғасының бақытты болып аяқталуы батырдың сұлу, әрі қол жетпейтін қалыңдыққа үйленуімен байланысты. Мысалы, «*Сонымен күн астындағы Күнікей қызды бала алып, екеуі той жасап, қосылады. Ел-жұрты баланың ерлігіне риза болып, оны хан сайлайды*» [95] («Күн астындағы Күнікей қыз» ертегісі), орыс ертегісіндегі батырдың Василиса ханшайымға үйленуі: «...*он женился на Василисе-царевне и жил с нею долгие лета в любви и согласии*» [96] («Жар-птица и Василиса- царевна» ертегісі), ал араб ертегісінде кедей баласы Аладдиннің патша қызы Будур ханшайымға қосылуымен және патша тағына отыруымен аяқталады. Мысалы:

وَقَدْ ابْتَسَمَ لَهَا الْحَظُّ، وَأَقْبَلَتْ عَلَيْهِمَا الدُّنْيَا، وَأَحْبَبَهُمَا النَّاسُ، وَتَقَدَّمَتْ فِي عَهْدِهِمَا الْبِلَادُ وَارْتَقَتْ، وَاسْتَنْبَتْ فِيهَا الْأُمَّنُ، وَعَمَّ الرَّخَاءُ .

немесе «Ертегі соңына да жетті. Денсаулықтарыңыз мықты және бақытты болыңыздар!» деген тілекпен аяқталады. [102] *هذه هي القصة كلها. كن بصحة جيدة وسعيد!* ертегі оқиғасы сұлу, ақылды қалыңдықты іздеуі, сол жолдағы кедергілер, оларды жеңу жолындағы алып күштер мен қиын сынақтардан өтуі тәрізді шытырман оқиғалардан тұрады. Ертегі дискурсы тыңдаушысын қызықтыра отырып, қандай да бір тәрбиелік, танымдық қызмет атқарады.

Ертегі халықтың арман-қиялынан туғаны мәлім, онда үнемі жауыздықты әділдік жеңеді деген сенім бар болғандықтан ертегі мәтінінде *жақсылық* пен *жамандық*, *махаббат* пен *зұлымдық*, *жалқаулық* пен *еңбекқорлық*, *адалдық* пен *арамдық* т.б. концептілері ертегі дискурсы кейіпкерлері арқылы көрініс береді. Қазақ, орыс, араб ертегі дискурсындағы мысалдары төмендегі Кесте 4-те беріледі:

Кесте 4 – Ертегі дискурсындағы *жақсылық/жамандық* концептілері

Концептілер	Қазақ ертегілері	Орыс ертегілері	Араб ертегілері
<i>Жақсылық</i>	«Кенжекей», «Ер Төстік», «Жетім бала», «тазша бала», «Керкұла атты Кендебай», «Таусоғар», «Желаяқ», «Саққұлақ», «Көлтаусар» т.б.	«Добрый молодец», «Андрей стрелец», солдат, «Иван царевич», «боготырский конь» т.б.	«Шахиризада», «Маржана», «Аладдин», «Әли-Баба» т.б.
<i>Жамандық</i>	«Перінің қызы Бекторы», «Шойынқұлақ», «мыстан кемпір» т.б.	«Баба-Яга», «Советник царя»	«Ханның уәзірлері», «дию», «сиқыршы», «қаракшылар» «ұрылар», жың»

Ертегі дискурсында сөйлеушінің танымына байланысты негізгі ойдың түйіні тірек концепт сөздерге қатысты болып келеді. Сол тірек концептілер ұлттық таным негізінде қалыптасқан кодталған сөздер болуы қажет. Себебі ол сөздердің әсер ету күші әлдеқайда басымырақ. Тірек концептілер дискурстың өзегі тәріздес болып табылады. Адресат қабылдаған тірек концептілер дискурстық айналымға түседі. Дискурстық айналым дегеніміз адресаттың дискурсты игеру барысында болатын құбылыс. Бұндай тірек концептілер қазақ, орыс ертегі дискурсында *батыр, мерген, ақылды әйел, жақсылық, жамандық* сияқты сөздердің айналасында көрініс беретініне ертегіден алынған мысалдар арқылы көзіміз жетті. Бұл шығыс халықтарының танымында да кездеседі. Одан да әйелдің зеректігін, әсіресе, қарапайым отбасыдан шыққан әйел адамның тапқырлығын, ақылдылығын көреміз. Оған себеп өмірден алынған тәжірибе, қиындықтарды жеңумен күресуді атауға болады. Мысалы, әйгілі «Мың бір түн» ертегісіндегі «علي بابا والأربعون لصًا», яғни «Әли баба және қырық қаракшы» ертегісінде үй шаруасындағы Маржана атты ақылды әйел талай рет қожайынына төнген қауіпті алдын ала сезіп, одан айласын асырумен аман алып шығады, оқиға соңында бақытқа ие болады. Бұл ертегінің оқырманға берер тәлімі сол – араб халқының өмір сүру салтынан, ділінен, тіршілігінен, дүниетанымынан хабар бере отырып, адамзаттың жауыз істерден бойын аулақ салуына, қанағатшылдық пен адалдыққа тәрбиелеу. Түрлі өмірлік жағдаяттарда құрметті оқырманына шығыс даналығы арқылы адамгершілік моральдық құндылықтарды бойына дарыту болмақ:

كَانَ فِي قَدِيمِ الزَّمَانِ أَحْوَانِ شَقِيْقَانِ ، يَعِيْشَانِ فِي بَلَدٍ مِنْ بِلَادِ الْفُرْسِ ، أَحَدُهُمَا غَنِيٌّ جِدًّا ، وَالْآخَرُ «
فَقِيْرٌ جِدًّا ، وَاسْمُ الْبَابِ» .

Бұл ертегінің оқиға желісі бірі бай, бірі кедей ағайынды екі жігіт арасында өрбиді. Байы, әдеттегідей, мейірімсіз, сараң, кедей жігіт қолы ашық, жүрегі таза, қанағатшыл болып келеді. Мейірімділік, жомарттық, тапқырлық Әли-Баба мен Маржана арқылы беріліп, олар бақытты болады. Мысалы,
«عَلِي بَابَا فَضْلٌ مَرْجَانَةٌ عَلَيْهِ، فَرَوَّجَهَا ابْنٌ أَخِيهِ مُكَافَأَةً لَهَا. عَلَى مَعْرُوفِهَا وَذَكَائِهَا — وَأَصْبَحَ الْكُنْزُ مُنْذُ ذَلِكَ — مَلِكًا الْيَوْمَ لِعَلِي بَابَا قَتَلَ الْلُصُوصِ، بَعْدَ فَفَسَمَهُ بَيْتَهُ وَبَيْتَهُمَا بِالسُّوَيْيَةِ، وَعَاشُوا جَمِيْعًا طَوْلَ حَيَاةٍ يُنْسَوْنَ مَالٌ وَهُمْ عَلَى أَسْعَدِ حَالٍ وَأَهْنَأُ بِالِ» . [94]

Бұл үзіндіде немесе араб ертігісінің құрылымына тән «خَاتِمَةُ الْقِصَّةِ» яғни, эпилогте Маржана мен Әли-Бабаның отбасы бай да бақытты болып, ұзақ өмір сүреді. Үй күтушісі болған Маржананы ақылы мен айласының арқасында Әли-Баба ағасының ұлына қосады. Тойымсыз, сараң кейіпкерлерді жаза күтеді (*Қасым, атаман, қарақшылар*). «Әли-Баба және қырық қарақшы» ертегісінің басты идеясы – адамдармен қарым-қатынасты жақсылық, мейірімділік, адалдық заңына сай құрған адам өмірдегі кез келген қиындықты жеңіп шыға алады.

Жоғарыда атап кеткен ертегі дискурсындағы ұлттық танымға байланысты араб тілінде тірек концептілердің тағы бірнешеуі кездеседі. Олар: "وَالْمَالِ، غَنِيٌّ، فَقِيْرٌ،" *алтын ақша, асыл тастар, бай, кедей, динар*, т.б. Сол сияқты *دينار الجارية الكريمة* – есекке мініп орманға бару, базардағы саудагерлер, зәйтүн майын сататын саудагер, т.б немесе орыс ертегілерінде кездесетін «Сим-сим, откройся» - «أَفِقِلْ يَا سَمْسِيْمٌ» тіркесіндегі *сим-сим* сөзі араб тілінде өсімдік атауы, яғни күнжіт. Қасым үңгірге кіргенде тойымсыздығынан құпия сөзді ұмытып, барлық дәнді дақыл атаулының атын атап шақырады. *جَمَّصٌ، قِرْطِيْمٌ ، قَمْحٌ -* бидай , *عَدَسٌ -* жасымық , *فُوْلٌ -* атбас бұршақ *سَمْسِيْمٌ -* күнжіт, бұршақ. Бұл өсімдік атаулары арқылы шығыс халықтарының географиялық орны (орман, тау), тұрмыс-тіршілігін (базар, сауда, дәнді дақыл атаулары арқылы егін шаруашылығын кәсіп ететінін) көреміз. Содан кейінгі кейіпкерлер *اميرة - әмір, т.б* болып, араб халықтарының әлеуметтік тұрмыс-тіршілігіне сай алынады да, негізгі кейіпкер ертегі соңында өзінің әлеуметтік шығу тегін өзгертеді. Мысалы, отыншы кедей Әли-Баба бай көпеске айналса, «Аладдин» ертегісінде тігіншінің баласы Аладдин сұлтанның күйеу баласы болып, кейін таққа отырады. Мысалы,

«وَلَمْ يَنْقُضْ عَلَى هَذَا الْحَادِثِ عَامَانِ حَتَّى مَاتَ الْإِمْبِرَاطُورُ؛ فَوَلِيَ الْأَمْرَ مِنْ بَعْدِهِ «الدِّينِ عَلَاءُ»، وَرَوْجُهُ: «الْبُدُوْرُ بَدْرٌ»، وَحَكْمًا بَيْنَ النَّاسِ بِالْعَدْلِ» . [102]

Араб-мұсылман қоғамында ер адам басты тұлға, сондықтан араб ертегілерінде негізгі кейіпкерлер тек ер адамдар болып беріледі. Әйел образы аз. «Мың бір түн» ертегісі Араб халифатының нағыз дамыған кезеңінде жазылған деп болжанады. Соның бір көрінісі транзитті сауда орталықтары болған қалалар (Мекке, Бағдат, Басра, т.б.) және ондағы базарлар мен теңіз порттарымен байланысты ертегіде негізгі оқиғаларды құрайды. Бұның өзі араб халқының даму дәуірінен, мәдениетінен мол ақпарат береді.

Ертегілерде топонимикалық атаулар сирек те болса ұшырасады. Олардың кейбірі тек ертегілерге ғана тән атаулар болып саналады. Олай дейтін себебіміз ол атауларда нақты айқындық жоқ. Мысалы, *«В некотором царстве, в некотором государстве жил-был царь; у этого царя было три дочери и один сын, Иван-царевич. В некотором царстве, за тридевять земель – в тридесятом государстве, на край света»* [104] («Иван царевич и Белый Полянин» ертегісі), *«Қаратаудың қойнында, Қарасудың бойында, орыс ертегілерінде қалың орман, қазақ ертегілерінде судың бойы сияқты жерлер алынады»* [97] («Керқұла атты Кендебай» ертегісі). Қазақ елінің табиғатында қалың орман, биік таулар сирек кездесетіндіктен болар ертегі мәтінінде мұндай жер атаулары алынбайды. Оның орнына көшпенді мал шаруашылығын кәсіп еткен қазақ халқы танымындағы *«өзен жағалағанның өзегі талмайды», «сулы жер – нулы жер»* деген мақалдар тіршілік етуге қолайлы қонысты судың бойынан, өзен жағасынан іздеген. Бұған дәлел ретінде қазақ ертегі дискурсында кездесетін *судың бойында, өзен жағасында* т.б. тіркестерді айтуға болады.

Фразеологиялық бірліктер: ат басындай алтын (*Бай жалмауыз кемпірге: - Ат басындай алтын берейін, қоя бер, – дейді. Жалмауыз кемпір жібермейді.* [92] («Алтын сақа ертегісі»), құралайды көзге атқан мерген (*«Аң аулап, әкесіне жәрдемдесіпті, бара-бара құлан алыпты, құралайдың көзінен тигізген мерген болыпты, арқар мен киікті құлан мен маралды мая-мая үйіп тастапты»*), «көзді ашып, жұмғанша, алты қырдың ар жағы» [97] («Кендебай Керқұланы құстай ұшырып, алты қырдың ар жағынан қаша жөнелген құланды көзді ашып-жұмғанша қуып жетіп, құйрығынан ұстайтын болыпты»), аузымен құс тістеген (*«Керқұла құса жетіп, қашса құтылатын, аузымен құс тістеген ерен жүйрік болыпты»* [97] (Керқұла атты Кендебай), темір етіктен теңгедей, темір таяқтан тебендей қалу [91] («Ер Төстік» ертегісі), видом не видало, слыхом не слыхало (*«Не знаю, голубчик! Видом ее не видала, слыхом про нее не слыхала»* [96] («Заколдованная королева» ертегісі), три девять государство (*В некотором царстве, за тридевять земель – в тридесятом государстве жил-был сильный, могучий царь* [96] («Жар-птица и Василиса-царевна» ертегісі), араб тілінде «Аладдин», «Әли баба және қырық қарақшы» ертегісінде «темірді салқындай ұру» - «ضرب حديد في بارد» «қатты қорқу» - «مات في جلد» «із түзсіз жоғалу» - «ذهب كأمس دابر» «ол ешқандай зиян келтірмейді» - «لا زرياً العدو فتلاي» тәрізді тіркестерді [93] мысалға келтіруге болады.

Ертегі дискурсында мәдени айырым белгілерді білдірудің негізгі лингвистикалық құралдары *мақал-мәтелдер* түрінде, сондай-ақ коннотациялық лексика түрінде беріліп отырады. Мәселен, «Бетегеден биік, жусаннан аласа» (*«Кемпір алдана бергенде, мен бетегеден биік, жусаннан аласа бола берейін, сол кезде сен егеуді іліп ал да жөнел, артыңа қараушы болма, - дейді»* [91] («Ер Төстік» ертегісі), *«Кедейдің бір тойғаны шала байығаны» – деп өмірлерінде тұңғыш рет бас қосып отырып, асты еркін бір ішісіпті»*[93] («Пиғылсыз байдың сазайы» ертегісі), *«Жамандықты тауып алды да, «Жақсылыққа –*

жақсылық, жамандыққа – жамандық деген осы екен», – деп үшеуі оны жеп қойды» [93] («Жақсылық пен жамандық жолдас болған» ертегісі), «Баласы мен келінін көрген кемпір риза болып, «Әкесі жетпегенге баласы жетеді» дегеннің керін келтіріп, қуаныштан көздерінің жасын төгіп көріседі» [93] («Ұшар ханның баласы» ертегісі), «Сонда жолдан кез болған адам айтыпты: «Тәуекел, қона берейік, осы сайдан болатын пәлені мен көтерейін», – депті. Мұны есіткен соң Махмұт та: «Үлкеннің тілін алған азбайды деген, қонсақ, қонайық!» – депті» [95] («Арзы саудагер» ертегісі).

«Сказка ложь, да в ней намек добрым молодцам урок», «ни в сказке сказать, ни пером описать» [104] («Иван царевич и серый волк» ертегісі), «Ложись с богом спать, утро вечера мудренее» «ни вздумать, ни взгадать, только в сказке сказать» [96] («Мудрая дева» ертегісі), « لا تكن طماعا يفقدك كل شيء » [94] яғни, азға қанағат етпесең, көптен құр қаласың («Әли баба және қырық қарақшы» ертегісі).

Көнерген сөздер: асулы мосы (қостарда арнайы қазан, шелек, т.б. іліп астына от жағатын темір ошақ түрі) [105, 599]., ілулі бақыр (сыйымдылығы 1-2 литр болатын темір шелек, ожау. Көне түркі тілінде мысты, жезді ыдысты бақыр деп берген [105, 103]. Мысалы, «Қосқа кірсе, асулы мосы, ілулі бақыр тұр. Бақырдың іші піскен етке толы екен» («Ер Төстік» ертегісі), қыл бұрау (асау малды жуасыту үшін немесе ен салып, емдеу үшін тұмсығын қатты бұрап, қимылдатпауға қолданылатын жылқының қылынан есілген құрал) [105, 555]. Мысалы, «Биені жығып, төрт аяғын буады да, қыл бұрау салып, тақымын бұрайды. Тақымы бұралған соң, бие қатты шыңғырады» («Ер Төстік» ертегісі), зындан - زندان, (парсы тілінде зындан деп аталатын жерасты түрмесі) [105, 348]. Мысалы, «Баяғы қойшы баланың әке-шешесі де осы ханның қолында. Олар терең зынданда жатыр. Зынданның аузы құлыпты. Оның кілті қолға түспейді» [97] («Керқұла атты Кендебай» ертегісі), діллә - ежелгі ақша бірлігі, шаһар - қаланың ескі атауы [105, 213]. Мысалы, «Мысыр шаһарының бер жағында бір шаһар бар. Киіктің тағын істесе, сонда істейді, баланың қолына мың діллә беріп, соған жібер, — дейді». Мысалы, «Ханға апара жатқанда, ханның үйінің жанында уәзір көреді де: – Мұныңды ханға апармай-ақ қой, маған сыйлап кет, — дейді» [95] («Күн астындағы Күнікей қыз» ертегісі), тақ - ханның отыратын орындығы [105, 775], кездік – мүйізбен сапталған жеті елі пышақ [105, 375]. Мысалы, «...қолындағы кездікпен түртіп қалсаң, лезде ет піседі,- дейді» [95] («Күн астындағы Күнікей қыз» ертегісі), қанжар - қару. Екі жүзі бар, кесу-түйреу арқылы жарақат салады. Қоладан, темірден, мыстан, болаттан соғылады [105, 472]. Мысалы, «Кендебай алмас қанжарымен биенің қарнын жарып жіберіп, құлынын суырып алыпты», алтын кебіс. Мысалы, «Аққулар ұша жөнеледі. Кендебайдың қолында біреуінің алтын кебісі қалып қояды» [97] («Керқұла атты Кендебай» ертегісі), егеу - металл кесетін аспап [105, 126]. Мысалы, «Менің қалтамда Төстіктің садағының ұшын шығаратын егеуі бар. Төстік онсыз жүре алмайды» [91] («Ер Төстік» ертегісі).

Үй-жайға қатысты лексикалық бірліктер: «шаңырақтағы ілулі төстікті көреді». «Үлкен қоңыр үйдің тұсына келіп, мейман болатындығын білдіреді. Үйге кірсе, керегенің басында сегіз сырға ілулі тұр екен, соны көрген соң, Ерназар еңкілдеп жылай бастайды. Үйдің бәйбішесі Ерназардан:

- Неге жыладың? — деп сұрайды.

- Жылаған себебім: тоғыз ұлым бар, соған тоғыз келіншек іздеп жүрген адаммын, тоғыз ұлымның бір әке-шешеден туғаны сияқты, тоғыз келінімнің де бір әке-шешеден туған болуын іздеп жүрген адаммын. Керегенің басындағы көп сырғаны көргенде, тілегіме жеттім зой деп қуанып қалып едім, санасам, біреуі кем екен, соған жылап отырмын, - дейді Ерназар.

-Ендеше жылама, тағы біреуі бар, әне тұр, - деп бәйбіше тұсбақаннан тағы бір сырғаны алып келеді» [91,7]. «Всю ночь ткала и выткала ковер, какого в целом свете не видывали: на нем все царство расписано, с городами и деревнями, с лесами и нивами, и птицы в небе, и звери на горах, и рыбы в морях; кругом луна и солнце ходят...» [98] («Поди туда – не знаю куда, принеси то – не знаю что» ертегісі), «Царь дал ему и припасов, и напитков, и палатку с золотою маковкой» [96] («Жар-птица и Василиса- царевна» ертегісі).

Реалий сөздер: түрлі киім атаулары. Бұл туралы ғалым Ж.А. Манкеева былай деп жазады: «Киім-кешек атаулары ұлттық, мәдени, тілдік процестер туралы «ақпарат» беріп қана қоймайды, олар тілдік шығармашылықтың «тірі» қазынасы іспетті. Халықтың қоғамдық өмірінің ең алғашқы белгілерінің бірі ретінде пайда болып, дамып келе жатқан, ұлтымыздың ғасырлар бойы жинақтаған эмпирикалық бай тәжірибесінен нәр алып қалыптасқан сан түрлі киім атаулары халықтың жадында сақталып, сұрыпталып, дамып, көбі соңғы кезге дейін жетіп, бүгінгі күннің де кәдесіне жарап жүр» [106, 309]. Ғалым атап көрсеткендей, ертегі дискурсында кездесетін киім атауларынан сол ұлттың бүтін болмысы туралы мәдени ақпаратты алуға болады. Мысалы: «Кигенде сауытым Ақсырмал, өз сауытым киемін. Серттескен торғын орамал, орай будым белімді» [91] («Ер Төстік» ертегісі). «Кендебай қолында біреуінің алтын кебісі қалып қояды. Кендебай үйімен қоштасып, сауыт сайманын киініп жетім баланың әке-шешесін іздеуге шығады» [97]. «Пусть тот, кто меня сюда привез, поедет к синему морю, посреди того моря лежит большой камень, под тем камнем спрятано мое подвенечное платье – без того платья замуж не пойду! Выпила царевна стакан заморского вина, опьянела и крепким сном заснула». «Иван-царевич тотчас оседлал своего доброго коня, надел на себя сбрую ратную, взял меч-кладенец, копье долгомерное и плетку шелковую, помолился богу и выехал против неприятеля» [104], араб ертегісінде «Ұрылар үстіне кең бұхар халаты мен шалма киіп, халат ішіне пышақ жасырып, қалаға кіреді» عامة الجلباب بخار [94] («Әли-Баба және қырық қаракшы» ертегісі).

Қазақ ертегі дискурсында *сусын, нан, қымыз, ет*, орыс ертегі дискурсында *напитки, вино, хлеб, соль*, араб ертегі дискурсында *шарап, кәуап, бұршақ, жасымық, күнжіт* т.б. кездеседі. Мысалы, «Сол арада бала лезде *ет* пісіре алатынын айтады. Бала *етті* қазанға салып, баяғы шал берген кездікпен *етті* түртіп қалғанда, *ет* өзінен-өзі пісіп болады» («Күн астындағы Күнікей қыз» ертегісі), орыс ертегі дискурсында: «– *говорит стрелец. – Милости просим*

хлеба-соли откушать, заморских вин испробовать» [96] («Жар-птица и Василиса-царевна» ертегісі). («Синдбад теңізші» ертегісі)

[107] ينتشر الطعام والكباب اللذيذ من الحديقة الجميلة برائحة الزهور والنسيم

Гүлдің жұпары аңқыған, самал жел соққан әдемі бақ ішінен дәмді тағамдар мен кәуап иісі шығып тұрды.

Қиял-ғажайып ертегілерінде қолданылатын тілдік бірліктер халық қиялы мен халық тұрмысының тұтас бір бейнесін құрайды. Көркем эпитеттер батырлықты, батырдың керемет күшін, әділдікке деген сенімін, т.б. беру үшін пайдаланылады. Қазақты да, орысты да, арабты да немесе әлемде өмір сүретін кез келген ұлтты қоршаған табиғат біреу, біз бәріміз бір аспанның астында өмір сүреміз, бір күн бәрімізге жарқырап шығып, қызарып ұясына батады, түнде аспанымызда бір жұлдыздар жымыңдайды, бірақ әр ұлт дүниені өзінше таниды, өзінше бағалайды. Табиғаттағы ұқсастық пен ортақтық белгілер адам санасында ассоциациялардың пайда болуына негіз болады, адам бір нәрсені екінші бір заттың ұқсастығымен байланыстырып, есте сақтайды, одан әрі тілде мағынаның ауысуы, метафоралар пайда болады. Бұл туралы Ж.А. Манкеева былай деп тұжырымдайды: «Табиғат көрінісіне, жағдайына икемделу – адамның негізгі қасиеті. Жүздеген, иә, мыңдаған жылдар бойы жалғасатын бұл икемделу тек материалдық өндіріспен ғана байланысты емес, ол адамдардың ой-өрісіне де әсер етті. Этнос пен табиғатты біртұтас ұғым деп қарау әсіресе көшпенділер мәдениетін, психологиясын түсіну үшін ерекше маңызды. Себебі, олар көбінесе осы екі ұғымның (этнос пен табиғат) нәтижелік көрінісі»[108]. Батырды сипаттау үшін тілдік метафоралар, троптың түрлері («*темір етіктен теңгедей, темір таяқтан тебендей қалғанда алыстан сағым көтерген белге шығады*») пайдаланылады. Мысалы, «*алты күнде жүріпті, алпыс күнде күліпті, алты жылда азамат болыпты...*» [91] («Ер Төстік» ертегісі) деп батырды суреттесе, «*Жүгендегенде тайдың қотыры жазылады. Үстіне тоқым салғанда, құнан болады. Үстіне ер салғанда, дөнен болады. Айылын тартқанда, бесті ат болады. Бала үстіне қарғып мінгенде, тұлпар болып, көзді ашып-жұмғанша жұртқа жетіп келеді*»[92] («Алтын сақа» ертегісі). «*... Екпініне шаң ілеспей, әйт дегенде, алты қырдан бір-ақ асып, Керқұла ат зымырап келеді. Құлын ай сайын емес, апта сайын өсіпті, Алты айдың ішінде алты кез ат болып шығыпты*»[97] деп батырдың астына мінер атын сипаттайды. Бұл теңеулер тек жағымды кейіпкерді сипаттау үшін ғана емес, сонымен қатар қарсыласты, ғажайып үрей иелерін көрсету үшін де қолданылады. Мысалы, Ер Төстіктің Шойынқұлақпен алысуы. Шойынқұлақты жеңу мүмкін емес, өйткені оның жаны өзінен бөлек дүлей күш иесі. Алайда ебін тауып, аяласын асырып оны да өлтіреді. Мысалы, «*Бір уақытта алдарынан бір үлкен тау көрінеді. Тау теңселіп, қозғалып бұларға қарай жақындап келеді. Бұл жеті басты дәу еді*» [91].

Батырдың ерлігін ерекше тілдік метафоралар арқылы әсірелеп берсе, әйел сұлулығын да ерекше троптың түрлерімен, көркем тілмен жеткізеді. Мысалы, «*Жеті өнерпаз*» ертегісінде: «*Ай десе аузы, күн десе көзі бар Қаншайым атты*

бір қызы болыпты...» [91], «...стоит перед ним такая красавица, век бы глаз от нее не отвел, все бы смотрел да смотрел», «несказанная красота» [98] («Пооди туда – не знаю куда, принеси то – не знаю что» ертегісі), арабтың «Аладдин» ертегісінде

أمامه.كانت هذه الأميرة بدور.خلعت الحجاب عن وجهها ، وبدا لعلاء الدين أن هناك شمس مشرقة لم يستطع أن ينسى جمال الأميرة بدور. [102]

«Будур ханшайымның сұлулығын күнге теңеп, Аладдин ол сұлулықты ұмыта алмайды» деген тіркестер арқылы берілсе, араб тілінде сұлулықты суреттеуде бірдей теңеулер қолданылады. Адресант сипаттаған сұлу қыздар мен батырлардың бәрінде де көздері үлкен, жүздері ақ боп келеді.

Ертегі дискурсының жанрлық сипатына тән тілдік бірліктерді таңдап қолдану (ертегінің басында, ортасында, аяғында қолданылатын тұрақты клишелер т.б.), ұлттық ерекшеліктің болуы (тазша бала, жетім бала, өгей қыз, өгей шеше, малшы, тігінші, саудагер, балықшы, көпес, аңшы т.б.), ертегілік категориясының ғажайып (батырдың сағат сайын, күн сайын өсуі, алып күш иелерімен күресуі, оны жеңуі, сиқырлы шам, сиқырлы құмыра, жануарлардың адамша сөйлеуі, ұшатын кілем, сандық, алтын жұмыртқа т.б.), құндылық (туған жер, ата-қоныс, атамекен, табиғат, жылқы малы, қыз бала, ер бала, шаңырақ, отбасы т.б.), белгісіз хронотоп (ерте заманда, бір елде, қадым заманда, тауда, орманда, белгісіз бір патшалықта, аз жүрді ме, көп жүрді ме, жер асты елі, жеті қабат жер асты т.б.) сияқты белгілері тірек концептілер, тұрақты тіркестер, мақал мен мәтелдер, метафоралар, реалий сөздер т.б. лексикалық бірліктер арқылы көрініс табады.

Ертегі дискурсының грамматикалық өлшемдер арқылы өзектелуін қазақ, орыс және араб қиял-ғажайып ертегілері бойынша талдаймыз.

Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерінің грамматикалық белгілеріне бір типтес қарым-қатынас жағдаятында қолданылатын грамматикалық құралдар мен қайталаулар жатады. Ертегі ауызша тарайтын болғандықтан, оған әрбір ертегі айтушы ертегіге ерекше көңіл бөлген, оқиғаны әсерлі етіп баяндауды, тыңдаушысын ерекше қызықтыруды ойлайды, кейде ертегіші тыңдарманын тарту мақсатында оқиғаны:

«Ерте-ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде,

Қырғауылы қызыл екен,

Құйрық жүні ұзын екен, деп немесе

Бар екен де, жоқ екен, аш екен де тоқ екен...» [91] - деп тақпақ түрінде бастайтын болған. Осыдан кейін барып негізгі ертегілік оқиғаға ойысады. Осындай ертегі мәтінінде кездесетін грамматикалық құрылымдар тек қазақ ертегі дискурсына ғана тән емес, сонымен қатар орыс ертегі дискурсында да көптеп кездеседі. Мысалы,

- «жили-были»;
- «в некотором царстве, в некотором государстве»;
- «скоро сказка сказывается, да не скоро дело делается»;
- «и я там был, мед-пиво пил, по усам текло, да в рот не попало»;
- «повели под венец, тут и сказке конец»;
- «тут и сказке конец, а кто слушал – молодец» [96].

Кейде ертегішілер бұлайша тақпақтап отырмай, бірден айтатын оқиға мазмұнына кіріседі, ертегіге қатысатын басты кейіпкерлерімен бірден таныстырады. Мысалы, *«Баяғыда бір кедей болыпты, оның үш баласы болыпты немесе баяғыда бір бай болыпты, бір перзентке зар болыпты»*[91]. Ертегілерде айтылатын оқиғаларды бұлайша баяндау – ертегінің лингвокомпозициялық тәсілі, әрі ертегінің құрылымына тән басты ерекшелігі болып есептеледі. Бұл грамматикалық құрылымдар ертегілік әсерді беруде үлкен рөл атқарады. Осы тәріздес грамматикалық құрылымдар басқа бірде-бір дискурс түрінде кездеспейді.

Ертегінің басты кейіпкерлерінің халыққа көмектесетін жерін: *«Ол, мейлінше қайырымды болыпты, жылағанды жұбатыпты, қысылғанға жәрдем беріпті, өзімдікі дегенді білменгі, жатсынуды сүйменгі, табысына бүкіл ел ортақ болыпты»* [97] («Керқұла атты Кендебай» ертегісі) деп сипаттайды. Мұндай грамматикалық құрылымдар ертегіде жиі кездеседі. Ертегілік батырды осылай ерекше етіп суреттеу салыстырылып отырған орыс ертегілерінде де жиі кездеседі. Мәселен, *«В некоем королевстве служил у короля солдат в конной гвардии, прослужил двадцать пять лет верою и правдою; за его честное поведение приказал король отпустить его в чистую отставку и отдать ему в награду ту самую лошадь, на которой в полку ездил, с седлом и со всею сбруею»* [96] («Заколдованная королева» ертегісі).

Сондай-ақ ертегі дискурсына тән тағы бір грамматикалық ерекшелік ертегілік эпизодтардың қайталанып отыруы. Мысалы, *«... оған разы болмасаң, Тоғай толған қойым бар. Жіберші мені, шешетай», «...оған разы болмасаң, Желі толған түйем бар. Жіберші мені, шешетай», «... оған разы болмасаң, өріс толған жылқым бар. Жіберші мені, шешетай»*[91] («Ер Төстік» ертегісі), *«..Я ж тебе говорил: не бери пера, горе узнаешь! Ну, да не бойся, не печалься: это еще не беда, беда впереди, «Не плачь, не тужи; это еще не беда, беда впереди! Ступай к царю, попроси палатку с золотою маковкой да разных припасов и напитков на дорогу. «Не бойся, не плачь, жив будешь!»* [96] («Жарптица и Василиса-царевна» ертегісі) немесе қазақ мәтінінде кездесетін *«аз жүрді ме, белгісіз, көп жүрді ме»*[91] («Ер Төстік» ертегісі) деген тіркес орыс тілінде *«Долго ли, коротко ли – приезжает он на край света, где красное солнышко из синя моря восходит», «Ах ты, храбрый воин! Чего убоялся? Как же Белый Полянин воюет с бабой-ягою золотой ногою, тридцать лет с коня не слезает, роздыху не знает? А ты, ничего не видя, испугался!»* [104] («Иван-царевич и Белый Полянин» ертегісі) деген сөйлемдермен беріліп отырады. Арабтың «Әли-Баба және қырық қарақшы» ертегісінде айтылатын «Сим-сим, есік ашыл!» деген тіркесті бірнеше адам қайталауы көрінеді. Әрі бұл тіркес барлық халықтарға дерлік тарап, түрлі мақсатта қоланылып жүр деуге болады. Мысалы, орыстың заманауи мультфильмдерінде, ән мәтінінде «сим-сим откройся, сим-сим не бойся» тіркесі түрінде қайталану бар.

أمام صَخْرَةٍ كَبِيرَةٍ فِي الْجَبَلِ، وَقَالَ: «افْتَحْ يَا سِمْسِمْ». عَلِيٌّ أَبَا وَقَالَ: «افْتَحْ يَا سِمْسِمْ».

Орыс халқының ертегі дискурсының дискурстық тәжірибесінде көп кездесетін қайталамалы тілдік бірліктер: *«добрый конь; серый волк; красная*

девица; добрый молодец, сондай-ақ сөз тіркестері: пир на весь мир; идти куда глаза глядят; буйну голову повесил; ни в сказке сказать, ни пером описать; скоро сказка сказывается, да не скоро дело делается; долго ли, коротко ли...» т.б.

Барлық ертегілердің бастауы болған «*тридевять земель, в тридесятом царстве*» тіркесі тек ертегінің басталуында қолданылады. Бұл тіркес шығу тарихы бойынша өте ерте заманғы ертегілерде әдеттегідей барлық жұртқа таныс ертегіге тән басталу түрінде пайдаланылады. Дегенмен бұл тіркестің өзіндік мәні бар, яғни бұл тіркестің астарында ертегілік оқиғалар болатын жерлердің арақашықтығын білдіруді меңзеу бар екендігіне аса назар салынбайды. Дәлірек айтқанда, ертегідегі көрсетілген кеңістікке дейін жүруге қанша мерзім қалғанын, қанша уақытта жететіндігін, айтарлықтай қашықтықты астарлы түрде нұсқау бар. Үшті тоғызға көбейткенде (три *девять) – 27 саны шығатыны белгілі. Олай болса, жиырма жеті күндей жол жүру дегенді білдіреді. Ал уақыт аралығы байырғы күнтізбе бойынша бір ай мезгілді көрсетеді екен. Демек, осынша уақыт жаяу жүру деген мағынаны білдіріп тұр. Бұл тіркес қазақы танымдағы *айшылық алыс жер* дегенмен мәндес келеді. Аталған тіркестен ертегілік категориясының хронотопын байқау қиын емес.

Араб ертегі дискурсы мәтіндерінің соңында қайталанатын, шағын құрылымды тіркестер жиі қолданылады: «*Олардың ісі осылай болды, бізде де солай болды*» деп аяқталады. «*Егер біз шындықты айтқан болсақ, онда нағыз шыншыл—Аллаһ!*». «*Ооо, тыңдаушылар! Сіздерге Аллаһ жар болсын!*», «*Егер сізді шаршатсақ, кешірім өтінеміз. Сіз бізді сыйладыңыз!*», «*Осымен ертегі де аяқталды, шынашақтағы жара да жазылды*». Араб ертегілерінде «*эх, менде жүзім болса ғой, тыңдаушыларыма таратар едім!*», «*تزوج ابن السلطان* «мен сұлтанның баласының үйлену тойында болдым және шарап іштім» немесе «осы ертегі сияқты, ұзақ та бақытты өмір сүріндер!» كل التوفيق أيها، لكم المستمعون! т.б. деген грамматикалық құрылымдарды кездестіруге болады [109, 18].

Ертегі дискурсында мәтіннен мәтінге көшіп жүретін грамматикалық құрылымдар жиі кездеседі:

Клишелік суреттеулер – «Жалғыз көзді жалмауыз кемпір» «Баба-Яга, костяная нога» («Баба-Яга и жихарь» ертегісі); арабтың «Аладдин» ертегісінде алып жынды былайша бейнелейді.

فجأة ارتعدت الأرض ، وظهر جني رهيب له مكانة هائلة أمام علاء الدين. كان رأسه مثل القبة ، وذراعيه مثل مذراة ، وساقاه مثل أعمدة على جانب الطريق ، وفمه مثل الكهف ، وعينه مثل الشرر (жер астынан алып жын шықты. Кеудесі күмбездей, көздерінен от шашқан, ауызы үңгірдей...)

Тұрақты клишелік жөн сұрасу немесе астарлы түрде сұрақ қою – «куда путь-дорогу держишь», «встань ко мне лицом, к лесу задом» және т.б. («Баба-Яга» ертегісі); «*Кендебай жетіп келіп: Көзің жасты, көкірегің қайғылы не еткен жансың? - деп сұрапты*» («Керқұла атты Кендебай» ертегісі).

Әрекет пен әрекет орнын клишелік суреттеу: «Қаратудың қойнында, Қарасудың бойында», «на калиновом мосту, на реке смородиновой»; перемещение героя на «ковре-самолёте»; «Ұшқыш сандық» ертегісіндегі ولما استولى عليه الحزن خرج إلى فناء الدار مهموما، فجلس على صندوق مهمل في إحدى الزوايا.

ескі сандықтың ойламаған жерден ұшып, әдемі патшалыққа қонуы сияқты оқиғалар кездеседі.

Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерінің грамматикалық деңгейіне айтылымның типтік формаларының болуын, грамматикалық құрылымдардың қайталанып келуін, ертегілік категорияның хронотоп белгілерінің жиі кездесуін жатқызуға болады.

Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерінің семантикалық белгілерін анықтауда ертегі дискурсының астырт және үстірт құрылымына үнілген дұрыс. Барлық халықтарда ертегінің композициялық құрылымы В.Я. Проппың «Морфология сказки» еңбегінде атап көрсеткеніндей отыз бір түрлі функцияға сәйкес болып келеді. Ертегі дискурсының дискурстық тәжірибесінде кездесетін оқиғалар барша ұлттарда дерлік бірыңғай басталып, ертегідегі әрекет жасаушы кейіпкерлердің іс-әрекетіне сәйкес, қызмет түрлері де ұқсас болып беріледі. Айталық, бас кейіпкердің белгілі бір оқиғамен байланысты өмірге келуі, болашақ жарын немесе ата-анасын, бауырларын іздеу мақсатында алыс сапарға аттануы, оған қойылатын тыйым, сол тыйымға тоқтамай оны керісінше жасау әрекеті – барлығы ертегі дискурсының үстірт құрылымынан көрінеді. Ал әр этностың өзіне тән ұлттық сипатын ертегі дискурсының астырт құрылымы арқылы көруге болады. Астырт құрылымынан түрлі елдердің халық ертегісінің сюжетінен сол халықтың таным-түсінігін, өмірлік тәжірибесін беру мақсатында қолданылған ұлттық кодты беретін тілдік бірліктерді, мәдени маркерлерді көреміз. Осындай мәдени маркерлер арқылы этностың ерекшелігі, мәдениеті, танымы, дүние бейнесі айқын көріне бастайды. Мұндай тілдік бірліктер нақты бір тілге қатысты прецедентті ұғымдар, мәдени кодтар, жалпы есімдер немесе сан есімдер түрінде берілуі ықтимал. Олар алынып отырған ертегінің құпия кодталған элементі болуы да мүмкін. Осындай жайттарға орай, ертегі дискурсының оқиғасының астырт құрылымындағы мәдени-танымдық мәлімет әр ұлтта түрліше жеткізіліп жатады. Сөйтіп, ертегі дискурсында ұшырасатын кісі аттары, жер-су, жан-жануар т.б. атаулар, прецедентті ұғымдар, сандарға қатысты бірліктер және т.б. бөлек бір менталды құрылымды жүйелейді және этностың ұлттық ерекшелігін нақтылай отырып, ертегі дискурсының астырт құрылымында бекітіледі. Мәселен, қазақ ертегі дискурсында ұшырасатын жалқы есімдер: «Төстік», «Кенжекей», «Керқұла ат», т.б. бұлайша аталу себептері жоқ емес. Ер Төстіктің ата-анасы «керулі тұрған кер биенің төс етін жегеннен кейін дүниеге келуімен» байланысты, әрі мифтік сенім бойынша дүниеде барлық нәрсенің өз иесі болады деген түсінікке орай, төс етті жеуден «Ер Төстік», піскен наннан пайда болған бала «Нан батыр» т.б. деп аталса, қазақ халқында бірінші туған баласын «тұла бойы тұңғышым», соңғы дүниеге келген баласын «кенже» деп атауына байланысты кенже қыздың есімін «Кенжекей» деп атаған. Көшпелі қазақ халқы үшін жылқы малының орны ерекше. Мал баққан елдің мал туралы тәжірибесі де, оған берер сипаттамасы да мол. Соның бірі ретінде малын санына қарап емес, түсіне қарап түгендегенін айтуға болады. Қазақ малды қызыл, сары, көк деп сипаттамаған, себебі малдың түсі бірнеше түстің араласып келуінен пайда болады. Олар: қара ала, шұбар, маңдайында ақ түс болса, қасқа немесе құла, көк, ақ түстермен араласып келсе,

«бурыл», «шабдар», «баран», «қылаң», т.б. деген атаулармен берілген. Керкұла деп атануының себебі осындай белгілеріне байланысты алынса керек. Орыс ертегі дискурсында бас кейіпкердің Иван аталуы орыс танымы үшін қалыпты жағдай. «Иван-царевич», «Иванушка», «Иванушка - дурачок». Иван деген аттың байырғы еуропалық шығуына байланысты «*милость Божья*», «*дарь Бога*» немесе «*Божья благодать*» деген мағынаға ие болғандығында жатыр. Бір кездерде христиан дінінің орнауына байланысты, орыс халқы ер бала дүниеге келсе, «Иван» деп ат қою дәстүрге айналған екен. Иван жақсы істердің жаратушысы деп түсінген және соған сенген. Осы тәріздес есім беру, яғни діни сенімге байланысты ат қою дәстүрі арабтың әйгілі «Мың бір түн» жинағында берілген «Аладдин» ертегісінің бас қаһарманы Аладдиннің арабша мағынасы (علاء الدين Тәңірлік) діннен жоғары деген мағынаға сай келеді. Осылайша ертегі дискурсында кездесетін қаһармандардың аттарының қойылуы белгілі бір этностың қандай да бір ұлттық танымын, ерекшеліктерінен хабар беретінін байқаймыз.

Ертегі дискурсында жиі ұшырасатын кейбір сан есімдерді де айрықша мәдени код ретінде қарауға негіз бар. Ондай сан есімдердің астарында қандай да бір мағыналық мәні бар, олардың мағыналық интерпретациясы әр этностың мәдениетінде әр түрлі ақпарат береді, түрліше танылады. Басқа халықтармен салыстырғанда қазақ үшін сан есімдердің барлығы жағымды эмоция туғызады, олардың қандай да бір жағымсыз әсері кездеспейді. Қазақтың қасиетті сандарының қатарына «үш», «жеті», «тоғыз», «қырық» т.б. жатқызылады. Солардың ішінде ертегі дискурсында кездесетіндері: «*жеті қат жердің асты*», «*алты айшылық жер*», «*үш рет сынақтан өту*», ханның үш ұлының болуы немесе ертегі тақырыптары да қандай да бір санға қатысты болып келеді. Мысалы, қазақ ертегілері «*Бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс*», «*Момынбай мен қырық қарақшы*», «*Жеті өнерпаз*», орыс ертегілерінде «*Мудрая девица и семь разбойников*», араб ертегілері «*Али баба мен қырық қарақшы*», «*Синдбадтың жеті сапары*» т.б. Сан есімдер ертегі сюжетінде имплицитті түрде қолданыста болмаса да, мәнмәтін астарында эксплицитті мәнді байқау қиын емес. «*Үш рет сыналу*», «*алты айшылық жер*» немесе орыстың «*три девять земель*», «*три десятом государстве*», т.б. келтіруге болады. Мысалға келтірілген сан есімдер ертегі дискурсының астырт құрылымында прецеденттік ұғым мен мәдени код түрінде ертегілік категориясының ұлттық белгілерін анықтауға қызмет етеді. Кейбір сандардың құпия мағынасы көмескіленгенін ескерсек, сандардың сөздік қолданысында беретін мәнін көре алмаймыз. Олар фразеологиялық тіркестерде, мақал-мәтелдерде, жұмбақтарда, ырым-жораларда, ойындарда және т.б. сандардың семиотикалық киелі мағынасы кодталған. Ертегі мәтінінен мысал келтірер болсақ: «бір» саны адам «мен» және жалғыздық белгісі болып табылады. Орыс халқында «Один в поле не воин» деген мақал бар, «один», яғни, жалғыз адам – әлсіз. Қазақ халқының танымында *бір* саны – даралықты, жалғыздықты ғана емес, бірегейлікті, ерекшелікті (*бір де болса, бірегей, мыңнан біреу*, т.с.с.) білдірген [110, 17]. Қазақ ертегі дискурсында кездесетін жалғыз бала – өзі батыр, өзі ақылды, еліне қамқор азамат болады. Мысалы, «*Ол мейлінше*

қайырымды болыпты, жылағанды жұбатыпты жатсынуды сүйемпті, табысына бүкіл ел ортақ болыпты» («Керқұла атты Кендебай» ертегісі). Орыс ертегі дискурсында «В некоем королевстве служил у короля солдат в конной гвардии, прослужил двадцать пять лет верою и правдою; за его честное поведение приказал король отпустить его в чистую отставку и отдать ему в награду ту самую лошадь, на которой в полку ездил, с седлом и со всею сбруею» («Заколдованная королева» ертегісі). Сандар символикасы туралы Қ.Т. Қайырбаева «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні» ғылыми жұмысында «бір» саны жөнінде былай дейді: «Бір саны бұл белгілі бір бүтіндік, бірлік және өркениеттік, абсолюттік тыныштық, өмір емес бұл тек Алла мен Ғарышқа тән»[110, 77-78]. Олай болса, «бір» саны біреу, жалғыз дегеннен бөлек, дара, ерекше деген мағынаға да ие екендігін байқаймыз.

Ертегі дискурсында жалпы эпикалық заңдылық басты кезекте тұрады, солардың бірі үштік белгісінің болуын келтіруге болады, яғни үш санымен байланысты түсінік жиі ұшырасып отырады («үш ұл», «үш қыз», «үш күн, үш түн жүру», «ер кезегі үшке дейін» деп өзін сынауы). Осындай үш санына қатысты оқиғалар желісі кейде тең түрде («үш тапсырма», «үш өсиет», «үш күн үш түн» т.б.), кей кезде сынақтардың барған сайын қиындауы («үшінші тапсырманың, өсиеттің, сынақтың қиындай түсуі») түрінде көрініс беретінін байқаймыз. Мысалы, «*Үш жүз атымнан біреуі озып келмеді, оның үстіне бес ат бірдей мерт болды*» – деп күңіреніпті бай-екең. Базарды «*Базар бай*» ататқан бұл тойға ынсапсыз бай ырза болмай үш күн, үш түн төсектен тұрмай жатып алыпты» («Пиғылсыз байдың сазайы» ертегісінен). Орыс ертегі дискурсында: «*Жил-был царь, и было у него три сына*» («Царевна-лягушка» ертегісі), «*Иван-Царевич трижды ходил к своей матери*» («Кощей Бессмертный» ертегісі). Араб ертегілерінің мәтінінде мәдени код ретінде үш санына қатысты бірліктер кездеседі. Мысалы, «Шейхтің ұлдары» ертегісінде шейхтің үш ұлы болатыны, олардың жұт келген жылы малын аман алып қалуда үлкен ұлының ақылы мен тапқырлық ерлігі баяндалады. Аллаға сыйынып жолға шығу, Алла атымен ант ету сияқты сенімге қатысты ұғым түсініктерімен ерекшеленеді. Қазақ ертегі дискурсында «бір ханның үш ұлы болыпты» деп басталып, барлық ертегіде кіші ұлының мейірімді, тапқыр болғандығынан хабар беретін ертегілік оқиғалар өте жиі кездеседі. Кіші ұл әр кезде ақылымен жеңіске жетіп, ханның тағына мұрагер болады немесе оны халық хан етіп таққа отырғызады. Қазақ ертегі дискурсындағы осындай оқиғалардың жиі кездесуі қазақтың ұлттық танымындағы кіші ұл, кенже бала шаңырақ иесі, ата-ананы бағып-қағушы, асыраушы деген ұғымнан бастау алады. Қазақ халқы ертеден кенже ұлға үлкен жауапкершілік жүктеген, сол арман-тілегі ертегі дискурсында бейнеленіп, болашақ ұрпақты сол жауапкершілікке ертегілер арқылы баулып отырған. Орыс ертегі дискурсында бір шаруаның немесе патшаның үш ұлы болады, үшеуін сынау мақсатында түрлі тапсырмалар береді, кіші ұлы ерке, шолжаң, ақымақ болып суреттеледі, ертегі соңында кіші ұлы ғажайып көмекшілердің арқасында жеңіске жетіп отырады. Орыс халқында «үш» саны үйлесімділіктің символы болып саналған. Алайда бұл үйлесім тұрмыстық үйлесім емес, керісінше рухани үйлесім ретінде қабылданады. Христиан

дінінде басты құлшылық – Святая Троица ұғымы бар. Осыдан келіп христиан дініндегі үштік бірлік Бога – отца, Бога – сына и святого духа [65,168] ұғымы шығады.

Ертегі дискурсында молынан кездесетін, жоғарыда атап кеткендей «қырық» санына қатысты ертегі атаулары мен ертегі мәтінінде кездесетін тіркестер бар. Қазақ және араб ертегі дискурсында киелі, ерекше қасиетті деп есептелетін сандар қатарына «қырықты» да жатқызады. «Қырық» саны халықтық мұраларда, салт-дәстүрде, тұрмыс-тіршілікте кеңінен қолданыс тапқан. Осылардың ішіндегі тек ертегі дискурсына қатысты *отыз күн ойын, қырық күн тойын жасады, қырық күн жол жүріпті, тазшаның қырық өтірігі*, т.б. сияқты тіркестерде қырық санының алынуында үлкен мән жатса керек. Діни эпосты зерттеуші ғалым М.І. Әбдуов «қырық» санын адамның жаратылу уақыты дейді. «Қырықтың бірі – қыдыр» деген нақылдың мағынасы адамзаттың бірі – Қыдыр деген түсінікті береді. 41 құмалақтағы «*Бір*» – Жаратушы Алланың, «*қырық*» – жаратылыстың абзалы Адамның құрметіне алынған» [111, 191] деген дерек келтіреді. Қазақ және араб ертегі дискурсындағы «қырық» саны мифтік түсініктер мен мұсылман халықтарындағы наным-сенімге байланысты пайда болған деп тұжырымдаймыз.

А.Т. Қасымбекова өз зерттеуінде сан ұғымдарының ертегі дискурсында берілуін былайша түсіндіреді: «Сан – ерекше мәдени код элементі ретінде халық қиял-ғажайып ертегілерінің үстіңгі және терең құрылымдарын өзара байланыстырады. Сондай-ақ терең құрылымдардың негізгі элементі (мәдениет құраушы маркер) бола тұрып, ол үстіңгі құрылым деңгейінде ертегіні белгілі бір түрде ұйымдастырады» [46,108]. Одан әрі қазақ, орыс халықтарындағы жағымды эмоция туғызатын сандарға тоқталады. Осы тұста ескере кетерлік жайт, жалпы дискурс құрылымына қатысты екі түрлі жарыса қолданылып жүрген терминдер байқалады. Олар «астырт құрылым мен үстірт құрылым» және «үстіңгі құрылым мен терең құрылым». Бұлай қолданылудың себебі орыс тіліндегі «поверхностная структура», «глубинная структура» деген терминдерінің тікелей аудармасына қатысты. А.Т. Қасымбекова зерттеуінде соңғы кездері бірізді қолданылып жүрген «үстірт құрылым» және «астырт құрылым» терминдерінің орнына «үстіңгі құрылым» және «терең құрылым» терминдерін қолданғаны байқалады [46, 88-89]. Біздің пікірімізше, ғылыми дискурста қалыптасқан терминдерді бірізді қолданудың маңызы зор, сондықтан болашақта тілші ғалымдар «үстірт құрылым» және «астырт құрылым» терминдерін бірізді қолдану қажет деп ойлаймыз.

Осы тәріздес сан есімдердің заттанып берілуі де қазақы дискурста жиі қолданылатын тәсіл болып саналады. Мысалы, «*Ерназардың сегізіне тарт, Ерназардың сегізіне тарт*», - деп шуылдасып жүр екен». «*Ерназардың сегізін көрейін*», - деп үйге кіреді... «*Төстік: - Маған Ерназардың сегізі керек, - дейді*». «*Сол арада Ерназардың сегізі жөн сұрасып, Төстікпен жылап-сықтап табысады*» [91]. Осы келтірілген мысалдан «Ер Төстіктің» бауырларының жат жерде жүргенімен қоймай, «*Ерназардың сегізі*» деген атпен үлкен беделге ие екендігін көруге болады. Қазақтың қалыптасқан дәстүрі бойынша сыйлы

адамдарға бөлек «табақ тарту» оның елге беделі бар, үлкен құрметке лайық екендігінің нышаны. Демек, бұл жердегі жағдаяттан «Ерназардың сегізі» деген атпен танылған «Ер Төстіктің» бауырларының бай, батыл, елге сыйлы жандар екендігін байқатып отыр.

Сандық ұғымдардан бөлек ертегі дискурсында ұлттық ерекшелікті көрсететін басқа да мәдени код ретіндегі тіркестерді көрсетуге болады. Мысалы, «Алтын мүйізді киік» ертегісінде: «*Балам, сен өзің жалғыз екенсің. Аң аулап қана тіршілік ететін көрінесің. Бізде мал да, дүние-байлық та мол. Сен енді осында қал да отау тігіп, түтін түтет, – дейді Бұлдырмергенге*». Осы сөйлемдегі «отау тігу», «түтін түтету» сөздерінің астарында үйлену, өз алдына үй болу, ұрпақ жалғастыру сияқты түсініктер жатыр. Қазақ халқында отбасын құрған жастарды өз алдына бөлек үйге жайғастырып, оны отау үй деп атайтын болған да, ата-ананың отырған үйін шаңырақ, үлкен үй деп атаған. Келтіріліп отырған ертегі мәтініндегі түтін түтету – от жағу, яғни отбасындағы жылылық дегенді білдіріп, «түтіні түзу шығу» деген тіркеспен астасып жатыр. Бұл тіркестің мағынасы отбасы мүшелерінің амандығы мен татулығынан хабар береді. Егер ертегіні тыңдаушының осы аталған тіркестердің мәдени мағынасын түсінетін аялық білімі болмаса, ертегі дискурсы орын алмай, қарым-қатынас сәтсіздікке ұшырауы мүмкін. Осы жерден ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін анықтаудың маңызы айқын көрінеді. Өзге ұлт өкілі емес, тіпті қазіргі қазақ жастары да осындай сөздер мен тіркестердің мәдени мағыналарын түсінбеуі кездесіп жатады. Сондықтан ертегі дискурсында осындай мәдени кодтардың астырт құрылымдарын түсіндіруге ерекше назар аударылуы тиіс деп есептейміз.

Осындай мысалды басқа да қиял-ғажайып ертегілерінен кездестіреміз: «*Биені жығып, төрт аяғын буады да, қыл бұрау салып, тақымын бұрайды. Тақымы бұралған соң, бие қатты шыңғырады. Биенің шыңғырған даусына шұрқырасып қалың жылқы жиналады*»[91] («Ер Төстік» ертегісі). Берілген мәнмәтінде биеге қыл бұрау салып шыңғырту арқылы үйірді жинау тәжірибесі қазақы танымда бар нәрсе. Бұл туралы ғалым Н. Уәли былай деп жазады: «Дүниелік білім когнитивтік санада бір-бірімен ұштасып жатады. Мысалы, қауіп-қатер таянғанда жылқының әлгіндей жер тарпитын қылығы, қазақы қазанаттың тарпаң, құланмен туыстығымен байланысты көрінеді. Мысалы, құлан үйірін шақырғанда, үйіріне қауіп төнгенде алдын-ала сезіп, ащы дауыс шығарады екен» [112,198]. Міне осы тәріздес өмірлік тәжірибеден жинақталған білім қоры ертегі тыңдарманының танымына орналасқанда дискурс орын алады. Осындай мәдени мәнді бірліктер қазақ мәдениетінің тілдегі кодталған білімдер жүйесін құрайды. Н.М. Уәли «Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері» еңбегінде былайша келтіреді: «Ұлттық тілді тұтынушы ғана емес, ұлттық мәдениетті де тұтынушы. Осы тұрғыдан қарағанда белгілі бір тілдік концептінің құрылымдық түзіліміне мәдениеттің де қатысуы, «араласуы» мүмкін. Олай болса, тілдік таңба мағынасының қай бөлігінде, қай тұсында мәдени мән болатынын айқындау қажет. Сөйлеуші я болмаса тыңдаушының сөз стратегиясында мәдени мәнді сезіне алатынын/алмайтынын анықтаудың сөз мәдениеті үшін мәні ерекше» [112, 199]. Осы жағдайда ертегіші мен

тыңдарман ұлттық тілді тұтынушы ретінде ғана емес, ондағы мәдени мәнді ұғына алатындай аялық білімінің болу қажеттілігі бірінші кезекте тұрады.

Осылармен қатар қазақ ертегілерінде кездесетін «жеті ата» деген ұғым бар. Бұл ұғымның астарында генетикамен байланысты мән бар. Мысалы, «*Бұл кезде Базар ел жиып, той жасапты. Ондағы ойы өзін «бай» атандыру екен дейді. Алты Алаштың аты жеткені жиналған ұлы тойда Базар тұрып, ел ақсақал, қарасақалына, молдасы мен би-төрелеріне мынаны айтыпты: «Мені өздерің білесіңдер, **жеті атамнан дәулет кетпеген байдың ұрқымын. Жұрт мені Базар дейді, бай демейді** [93]*» («Пиғылсыз байдың сазайы» ертегісі) деген мәнмәтіндегі жеті атамнан дәулет кетпеген деген тіркесте Базар байдың ата-бабаларының бай болғандығы, ырыс-несібенің де ұрпаққа жалғасып кететіндігі туралы ақпарат беріліп тұр. Қазақ халқының танымындағы жеті ата: «әке-бала-немере-шөбере-шөпшек-немене-туажат» деп аталатын туыстық ұғымдар. Бұл ұғым қазақ халқында ерекше қасиетке ие. «Жеті атасын білмеген – жетесіз», «жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» деген мақалдар осы сөздің мәнін айқындай түседі. «*Бүгін барша жанға, бай ұбақ-шұбақ, жүйріктердің алдында қозыкөш жерде жалғыз қара көрінеді. Ет асымдай уақытта жүйріктер келіп қалады. Бәрінен бұрын жеткен алдыңғы ат Мергенбайдың жалғызы болып шығады. Бұған Базар қатты күйінеді*» («Пиғылсыз байдың сазайы» ертегісі) дегендегі қозыкөш өлшем бірлігі болса, *ет асымдай уақыт* уақыт бірліктері болып саналады. Шақырым, метр, т.б. өлшем бірліктердің орнына халық тәжірибесінен алынған қозыкөш, әудем жер сияқты тіркестер қолданылған. Сағат, минут, секунд сияқты уақыт бірлігіне күнделікті тұрмыстық тәжірибедегі сүт пісірім, ет асым, бие сауым тіркестері алынған. Ет асымдай уақыт сүт пісірімге қарағанда ұзақтау, себебі сүт етке қарағанда әлдеқайда жылдам пісетіні белгілі. Қазақ халқының тұрмыс тәжірибесінен алынған осындай бірліктер ертегі дискурсында өлшем немесе уақытты көрсету үшін қолданылады.

«- *Мен саған қой да жегізбеймін, қонағымның атын да жегізбеймін, – дейді қара төбет. Қонақ итке іштей разы болып, алдына келген еттің жартысын итке бергізеді. Түнімен боран соғып, қойлар ығып кетеді, қоймен бірге ат та кетеді. Бай: «Малым қырылатын болды-ау, құтты қонақ болса, мұндай болмас еді!» – деп уайымдады» [97]* («Сұрмергеннің ажалы» ертегісінен). Қазақ үшін қонақтың бәрі құтты деп есептеледі. Қонақ ырысын әкеледі, қонақ келсе құт келеді деген түсініктер халықтың қонақжай қасиетін көрсетеді. Сондай-ақ «құтты қонақ келсе, қой егіз табады, құтсыз қонақ келсе, қойына қасқыр шабады» деген мақал да бар. Үйінде қонақ отырғанда қандай да бір қуанышты хабар келсе, ырымшыл халық құтты қонаққа балайды. Бұл мысалдағы құтты қонақ болса, мұндай болмас еді деген тіркестен қожайынның ренжулі екенін аңғаруға болады. Демек, қонақ келген уақытта қандай да бір жайсыз оқиға орын алғандығынан хабар беріп тұр.

Араб қиял-ғажайып ертегілерінде бас кейіпкер кейде екі адам болуы да мүмкін («Балықшы мен ұлы Мұхаммад», «Джамиль мен Джамила» т.б.). Ертегілік қаһарман – қиыншылықтың бәрін жеңетін, барлық адамдарға көмектесуге дайын тұратын тұлға. Қысылған шақта бас қаһарманға ғажайып

көмекшілер түрінде, мейірімді рухтар, мұсылманның қасиетті адамдары, тіпті кейде өлі рухтар қол ұшын береді. Бас кейіпкердің қарсылас адамдары: зұлым уәзірлер, жауыз патшалар, ұры-қарақшылар, тіпті туған ағалары болуы да мүмкін. Мысалы, «Әли-Баба және қырық қарақшы» ертегісінде ағасы Қасым тойымсыз, сараң болады.

كَانَ أَخُوهُ قَاسِمٌ قَاسِيًا جِدًّا . كَانَ عَلَى غِنَاهُ وَثَرَوَتِهِ الْعَظِيمَةِ بِشَيْءٍ لَا يُعِينُهُ مِنَ الْمَالِ . وَكَانَتْ رَوْجُهُ أَقْسَى مِنْهُ قَلْبًا ، فَلَمْ تُكُنْ تَعْطِفُ عَلَى أَخِيهِ فَقِيرٍ ، كَانَتْ وَ تَعْبِسُ فِي وَجْهِهِ كُلَّمَا رَأَتْهُ ، وَلَا تَجُودُ عَلَيْهِ بِشَيْءٍ مِنَ الْفُوتِ أَوْ الْمَالِ . (Қасым бай бола тұра інісіне көмектеспеді, әрі өте қатал, қатігез болды. Әйелі де кедей інісін ұнатпай, үнемі жылы қабақ танытпайтын).

Арабтарда да жер асты әлемі жөнінде айтылады. Мысалы, «Ғажайып шөп» ертегісінде қазақ ертегісіндегі оқиғаға сәйкес келетін оқиғалар баяндалады. Жоғары атап кеткеніміздей, оқиға желісінің өрбуі барлық халықта ұқсас болып отырады. Батыр жоғын іздей жүріп, адамға да, аң-құсқа да көмек береді. Мысалы, үлкен құстың балапандарын айдаһар сияқты зиянкестен қорғайды. Алғыс білдіру ретінде алып құс оны айшылық алыс жерлерге жеткізіп салады. Туыстары батырдың көзін жоймақ болып құдыққа тастайды, оның арғы жағында әрі жер асты әлеміне жолығып, ол жақтағы кедергілерді жеңіп еліне аман келеді. Бұл ертегінің сюжеті қазақ ертегісімен салыстырған неғұрлым келте және аталған ертегіде де жағымды бейнеде суретелген әйел адамдар ұшырасады. Мысалы, «Әли-Баба және қырық қарақшы» ертегісіндегі күтуші қыз Маржана. Ол көп жағдайда Әли-Бабаны қарақшылардан ақылымен құтқарады. Қарақшылардың құрған торын алдын ала байқайды.

وَلَكِنْ مَرَجَانَةُ الذَّكِيَّةُ ارْتَابَتْ حِينَ رَأَتْ فِي جِزَامِهِ سِكِّينًا كَبِيرَةً . وَلَمَّا أَنْعَمَتِ النَّظَرَ فِيهِ عَرَفَتْهُ وَأَدْرَكَتْ غَرَضَهُ . فَلَبِسَتْ أَفْحَرَ مَا عِنْدَهَا مِنَ الثِّيَابِ رَقِصَتْ أَمَامَ مُتْظَاهِرَةً مُتْظَاهِرَةً بِالْفَرْحِ لِقُدُومِهِ .

Бұл мысалда Маржана өзге елден келген саудагер кейпінде үйге кірген қарақшылардың белбеулеріне жасырған пышақтарын байқап қалып, оларды айламен женудің жолын қарастырады. Атаманның алдында билей жүріп, оған қанжар қадап өлтіреді. Сөйтіп қожайынын аман алып қалады.

Ертегі дискурсындағы этностың ұлттық ерекшелігін көрсететін мәдени мәнді білдіретін маркерлік лексика халық пен оның мәдениетінің негізгі сипаты бола отырып, тілдің үлкен қабатын қамтиды. Мұндай тілдік бірліктердің ұлттық-мәдени семантикасы тілді тұтынушылардың мәдениетіне кіру жолымен тілдік мәдениеттің аялық біліммен байланыста болуына өз ықпалын тигізеді.

Осындай ерекшеліктерді ескере келе, қазақ, орыс және араб ертегілерінде ұшырасатын мәдени-маркерлік бірліктерді топтастыра отырып, қарастыруды жөн санадық.

Салыстырылып отырған халықтың ертегілерінде ұшырасатын негізгі *прецеденттік атаулар*: «хан», «ханшайым», «патша», «бай», «бәйбіше», «батыр», «жалғыз бала немесе қыз», «перзентке зар болу» немесе т.б. болып келеді. Ертегінің сюжеті осы тәріздес бас қаһарманның маңында өрбиді. Негізінен ертегілік әрекеттің таралу нүктесі бас қаһарман – көмекшілер – қарсыластар. Келесі бір топ ертегілік кейіпкерлерді сипаттау үшін қолданылатын тіркестер: *тазша бала, мыстан кемпір, жесір әйел, добрый молодец, красна девица*, араб ертегілерінде кездесетін *оттан жаратылған*

жұмбақ рухтар, т.б. Мысалы, «Бұрынғы өткен заманда бір жесір кемпір болыпты. Бұл кемпірдің перзент дегенде жалғыз баласы болыпты, мал дегенде он шақты ешкісі болыпты. Бала ешкілерін бағып жүреді. – Енді жаяу бәйгеден озып келгенге беремін, – дейді. Жаяу бәйгеге ханның елінен бір жүйрік мыстан кемпір шығады. Мыстан кемпір қолына екі шыны [ұйқы дәрісін] ұстап шығады да, жолда желаяққа ішкізіп [ұйықтатады да], өзі жүгіріп кетеді»[95] («Күн астындағы Күнікей қыз» ертегісі).

«Жұрттың ең соңынан, кедейліктен әбден сіңірі шыққан, мойны ырғайдай, биті торғайдай, өмірінде қарны тойып ас ішіп, қабағы ашылып киім кимеген, ерні кезерген бір тазша бала келінті. ... Хан сарайына кіріп, ханның алдына келіп, алдиярлап бас иіп, тізе бүгеді» («Қырық өтірік» ертегісі). Ертегі дискурсының дискурстық тәжірибесінде ылғи да кедей немесе жетім бала ақылды болып ұшырасады.

Жоғарыда аталған мәдени маркерлер прецеденттілік принципімен дискурстан дискурсқа өтіп, түрлі мазмұндағы мәтіндерде кездесетінін байқауға болады. Ондай маркерлерге ертегілік кейіпкерлерді де жатқызуға болады. Олар сондай қарабайыр, аңқау жандар болса, әрі өте тапқыр, сөздері өткір, үнемі өз рухын сақтайтын тар жерде, қысылтаянда жол табатын, әлсізге көмектесіп, күштіден есе қайтаратын қу адамдар. Айталық, қазақ халқында Алдар Көсе, Қожанасыр сияқты кейіпкерлер болса, араб халқында Джуха деген кейіпкер болады. Бұлардың есімі сонау ерте дәуірден басталып, қазіргі қоғамдық жағдайға байланысты түрлі тақырыптағы анекдоттарда кездеседі. Ондай кейіпкер қай кезде де халыққа жақсы көңіл-күй сыйлап күлдіріп жүретін, сонымен қатар айтылған сөзінің астарында мән жататын болып келеді. Осы айтылғандарды ескере келе, былайша тұжырым жасауға болар еді: әр заманның өзіне сай кейіпкер бейнесі бола тұра, оның басты, маңызды белгілері ғасырдан ғасырға, қоғамнан қоғамға өтуде алмасып, қай уақыт болмасын негізгі адамгершілік құндылықтар мен араб халқының моральдық-этикалық құндылықтарын бойына сіңірген халық батырының біртұтас идеясын көрсетуге қызмет жасайды. Ол өз ел-жұртының абыройы мен беделін қорғайды, әлсіздерге көмек береді, ақымақтық пен надандық, әділетсіздік пен жайсыз жағдайлардан бойын алыс ұстайды. Осындай қасиеттерімен бірге ол тапқыр, көңілді, ойы ұшқыр, өмірді шексіз сүйеді және ешқашан жабырқамайды. Ертегі дискурсындағы осы тәріздес лингвомәдени талдаулар қайсыбір ұғым-түсініктерді анықтауға, қайсыбір бейнелерді барынша анық етіп көрсетуге мүмкіндік береді, бұл халықтар мен олардың мәдениеті арасындағы өзара түсіністікке жол ашады.

Кәсіп немесе еңбек атаулары: «аңшылық», «балық аулау», «ұста», «тігінші», «малшы», «сиқыршы», «егінші», т.б. Ертегіде кездесетін бұндай мамандық түрлерінен белгілі бір халықтың тұрмыс-тіршілігін, өмір сүру салтын анық көруге болады. Қазақ ертегі дискурсында малшы, аңшы түрінде кездесе, орыс ертегісінде балықшы, араб ертегілерінде саудагер, тігінші, т.б. кәсіп түрлері аталады.

Жан-жануар атаулары: бұларды ертегінің басты белгілері деп айтуға мүмкіндік бар. Зерттеуімізге алынып отырған халықтардың қиял-ғажайып

ертегілерінің бәрінде дерлік алып құс немесе әдемі тауыс құстар ұшырасады. Қазақ, араб ертегілерінде алып құс пен батыр бір-біріне көмекке келеді. Мысалы, «Самұрықтың адам тәріздес басы Ер Төстікке :

–*Ей, адам баласы, бұл жерге не жұмыспен келдің? Менің балапандарымды аулай келдің бе? Бұл жерді адам басқан емес, бұл – менің мекенім дегенде Төстік:*

–*Мен жер үстінің Төстігімін. Сенің мекеніңе адасып келдім. Ана жатқан айдаһардан балапандарыңды айрып алдым. Сенбесең балапандарыңнан сұра дейді» [91](«Ер Төстік» ертегісі).*

Атақты «Мың бір түн» жинағындағы «Синдбад - теңізші» ертегісінде Рухх құсы туралы баяндалады. Ал әдемі тауыс құстар орыс ертегілерінде де патша сарайының сәніне айналғаны туралы айтылады. «...*Не послушался стрелец своего коня, поднял пере жар-птицы, привез и подносит царю в дар.*

– *Спасибо! – говорит царь.*

– *Да уж коли ты достал перо жар-птицы, то достань мне и самую птицу; а не достанешь – мой меч, твоя голова с плеч!» («Жар-птица и Василиса-царевна» ертегісі).*

Халықтардың географиялық орналасу деңгейіне сай хайуанаттардың да әр түрі кездеседі. Қазақ даласында қасқыр, түлкі, қоян түрінде кездесе, орыс ертегілерінде аю, араб ертегілерінде қабылан, гиена, алып балықтар т.б. туралы оқиғалар кезігіп отырады. Сондай-ақ орыс және араб ертегілерінде алтын жұмыртқа туатын тауық пен қаз туралы ұқсас сюжет кездеседі.

«*كان هناك فتى ريفي لديه إوزة تبيض له في كل يوم بيضة ذهبية ، يذهب لبيعها في السوق ويشترى ما يحتاجه وفي يوم قرر أن يذبح الإوزة ليخرج جميع البيض ويكون فتى غنياً لكنه عندما ذبحها لم يجد شيئاً وماتت الإوزة وخسر كل شي*

«*Жили-были дед да баба. И была у них Курочка Ряба. Снесла курочка яичко, да не простое - золотое. Дед бил - не разбил. Баба била - не разбила. А мышка бежала, хвостиком махнула, яичко упало и разбилось. Плачет дед, плачет баба и говорит им Курочка Ряба:*

– *Не плачь, дед, не плачь, баба: снесу вам новое яичко не золотое, а простое!».*

Құрылымы әр түрлі бұл екі халықтың ертегі дискурсының астырт құрылымында екі басқа ой жатыр. Араб ертегісінде алтын жұмыртқа туатын қаз. Тезірек байығысы келген қожайыны көп олжаға қалуды ойлап, қазды сойып тастайды да, соңында дымсыз қалады. Ертегі дискурсының жоғарыда келтірілген когнитивтік-коммуникативтік ерекшелігі бойынша араб халқында қанағатшылдық алдыңғы орында тұратындықтан, ертегінің астарындағы ой қанағатшыл болуды көздейді. Ал орыс халқы ертегісінің оқиға желісі бойынша қарттардың алтын жұмыртқаны жаруға әлінің келмеуі мен тазалықтың жоқтығынан тышқанның болуын меңзейді. Аталған ертегіде келтірілген «алтын жұмыртқа» космогоникалық миф бойынша жаңа өмірді білдіреді де, жұмыртқаның сынуы әлемнің қайталануының белгісін көрсетеді. Әлем халықтарының ертегілерінде осындай жұмыртқа туралы (Мировое яичо) мифтік түсінік бар. Ол славян халықтарында (орыс, поляк, серб, т.б.), шығыс халықтарында да кездеседі. Осыған орай орыс, араб халықтарында жұмыртқа

сөзіне қатысты интерпретациясы әр түрлі. Мәселен, кейбір халықтарды алтын жұмыртқаның жарылуы жамандықпен, бақытты жоғалту деп түсінілген. Сол тәріздес жануарлар дүниесі арқылы да халықтың мінезі-құлқы, танымы ұлттық ерекшеліктері, сол халыққа жақсы таныс әдет-ғұрыптары сипатталады. Бұлай болуының себебі жануарлардың адам өмірінде алатын орнына қатысты қарастырылады. Соларға қатысты басқа тілдерде баламасы жоқ фразеологиялық бірліктер кездеседі. Ал оны басқа ұлттың оқырманы түсінуі үшін фразеологиялық бірліктерге интерпретациялық түсінік беруге тура келеді. Осындай фразеологиялық бірліктер арқылы елдердің мәдени ерекшелігі және өмір сүру салты көрінеді.

Ертегілік ғажайып көмекшілер мен қарсыластар: «Таусоғар», «Көлтаусар», «Желаяқ», «Саққұлақ», «Богатырский конь», «мыстан», «айдаһар», «қарақшылар», «ұрылар», «дию», «Ібіліс», «шайтан», «жын», «Әзірейіл», «Жәбірейіл», т.б. Қазақ ертегісіндегі Төстікке немесе Күнікейді іздеуге шыққан жетім балаға жолдас болатын «Таусоғар», «Саққұлақ», «Желаяқ», «Көлтаусар» сияқты ғажайып көмекшілердің тотемдік таным бойынша табиғат құбылыстарының немесе жаратылыстың иелері ретінде беріліп отырады. Ғажайып көмекшілердің барлығы ерекше жаратылыс иелері. Олар әрқашанда жақсы істердің басынан табылады, жауыз, зұлым күштермен айқасады, үнемі жеңіске жететін жеңімпаздар. Мысалы, «...– О, неғып жүрген адамсың? - десе, Төстікке жолдас болайын деп едім», дейді.

–Төстікке жолдас боларлықтай қандай өнерің бар? - дейді Төстік.

–Жұрттан асқан алыппын, тауларды көтеріп ермек қыламын. Таусоғар деген ермін, - дейді кісі» («Ер Төстік» ертегісі).

Сиқырлы заттар: «лезде ет пісіретін кездік», «ковёр-самолёт», «құмыра», «сиқырлы шам», «ұшқыш сандық». Мысалы, «... Бала тағы да алтын ағашты іздеп кетеді. Бірнеше күн жол жүріп, бір жерлерге келсе, алдынан бір ақ сақалды шал шығады. Бала өзінің іздеп келе жатқан жұмысының мән-жайын әлгі шалға айтады». Ақ сақалды шал:

– «Осы бетіңмен жүре бер. Бір жерлерге барғанда биік тауларға кездесесің. Таудың бауырынан бір қоян қашар, сен сол қоянды қуа бер, ол қоян барып бір жердің үңгіріне кірер. Сонда ол сол жақтағы үңгірге кірер, сен оң жақтағы үңгірге кір. Сонда қырық ұрыға кездесерсің, олар сені «өлтіреміз» дер, сонда сен: «Мен әп-сәттің ішінде ет пісіре аламын», — де. Сол уақытта қырық ұры саған ет пісіртіп, қарап тұрар. Сен етті қазанға салып, мына кездікпен түртіп калсаң, ет өзінен-өзі пісіп шығады», — деп балаға бір күміс сапты кездік береді» [95] («Күн астындағы Күнікей қыз» ертегісі).

«Подходит к этой горе и видит – три черта дерутся, кровь с них так и льется, клочья так и летят!

– Стойте, окаянные! За что вы деретесь?

– Да, вишь, третьего дня помер у нас отец, и остались после него три чудные вещи: ковёр-самолет, сапоги-скороходы да шапка-невидимка, так мы поделить не можем» («Заколдованная королева» ертегісі).

ولما استولى عليه الحزن خرج إلى فناء الدار مهموما، فجلس على صندوق مهمل في إحدى الزوايا.
(«صندوق الطائر» Ұшқыш сандық ертегісі).

Уақыт пен кеңістікке қатысты бірліктер. «Адам баласының ақпараттық өрісінің маңызды элементінің бірі – уақыт. Ол – адам санасы кеңістігінің ең маңызды қаруы. Адам санасының әрбір микроқұрылымы сол құрылымға ғана тән уақыт пен кеңістікке ие болады» [113, 29] деп көрсетеді Н.Н. Аитова.

Қиял-ғажайып ертегінің кеңістігі үнемі шартты түрде белгіленген болып келеді. Бұған мысал ретінде орыс ертегілерінің мәтінінде жиі кездесетін мына тіркестерді атауға болады: «за тридевять земель», *волшебный и дремучий лес, избушка на курьих ножках* және т.б. Мысалы, орыс халық ертегілеріндегі әрекет ету орны «*тридешатое государство*», «*некоторое царство, некоторое государство*» [96], т.б. болып келсе, қазақтың қиял-ғажайып ертегілерінде «*Ертеде, ерте-ертеде, ешкі құйрығы келтеде, Қаратаудың ойында, Қарасудың бойында Қазанқап деген бір кедей болыпты*», «*Ерте, ерте, ертеде Құбахан деген хан екен. Малының саны жоқ екен. Хандығының көлемі жеті айшылық жол екен. Құбахан жалғыз ұл көреді, ұлының атын Тотан қояды*» деп «Қаратау», «Қарасу», «Қазанқап», «Құбахан» деген секілді нақты жалқы есімдер көрінетін жерлері де кездесіп отырады. Осымен бірге «*Ертеде бір бай болған екен, төрт түлігі сай болған екен, бір перзентке зар болған екен*» немесе «*Ертегім ерте екен, ешкі жүні бөрте екен, ерте заманда бір аңшы болған екен*» деген секілді уақыты мен оқиғаның өту орны нақты көрсетілмеген жағдайлар да жиі кездеседі. Араб ертегілерінде уақыт нақты көрсетілмесе де, оқиғаның өту орны нақты айтылады. Қадым заманда Парсының бір елінде –
كان في قديم الزمان ، في بلد من بلاد الفرس

Халық ертегілерінің уақыты ол да нақты емес: «аз жүрді ме, көп жүрді ме» – «долго ли, коротко ли», «қанша өзен тасыды, қаншама су ақты» – «много воды утекло», «много ли, мало ли» – «аз ба, көп пе», «жил да был» – «ерте, ерте, ертеде», «*و في يوم من الأيام*» және т.б. Сондай-ақ, қиял-ғажайып ертегінің уақыты әртекті түрде дамып отырады. Мысалы, не өте баяу («лежит тридцать три года») немесе өте жылдам («не по дням, а по часам», алты күнде жүріпті, алпыс күнде сөйлепті).

Ертегі дискурсындағы қаһарманның әрекеті уақыт пен кеңістіктен тыс болып жатқандай елестейді. Айталық ертегі дискурсындағы белгісіз хронотоп ертегінің басталған беттен байқалады. Ертегінің бас қаһарманның белгісіз мерзімде, яғни «күндердің бір күнінде», «алты айшылық жерге» аттануынан басталып, «ай жүрді ме, күн жүрді ме белгісіз» мерзімде қиындықтарды жеңіп оралғанда қайтадан бәз баяғы жас күйіне келуімен аяқталады.

Айтылып отырған ертегі сюжетіндегі оқиғалардың бірізділігі мен баяндалу тәртібі бірден бір кеңістік пен уақытқа бағынады. Орыс ертегі дискурсындағы елеулі ерекшелік – ол ертегілік оқиғадан уақыт пен кеңістіктің қалыс қалуы. Онда ертегінің басталуының екі түрі байқалады:

- ертегінің оқиғалық желісінде басталуы анық болмайды да, әрекет етуші тұлға бірден аталып кетеді («*Жили в одном селе старик да старуха*», «*Жил-был царь с царицею*», «*Жила в одной деревне крестьянка, вдова*»);

- Ертегі дискурсының кеңістігі нақты атпен берілмейді («*В некотором царстве, в некотором государстве*», «*За тридевять земель, в тридешатом государстве*»).

Орыс ертегісінде әрекет етудің уақыты мен орны өте сирек кездеседі. Ол орыс ертегілерінде жинақтық мәнге және жалпы сипатқа ие екендігіне тағы бір мысал келтірсек, *«Прошло срочное время», «отслужил солдат службу», «Ехал как-то», «В старые годы», «В стародавние времена»* - деп жалпылама сипат түрінде беріліп өтеді. Ертегі дискурсындағы тыңдаушысын қызықтыратын шытырман оқиға, ақиқат шындықтан алшақ қиялдың көрініс беруі ертегінің басынан аяғына дейін айқын түрде баяндалады. Ертегі дискурсындағы хронотоптың бұлайша белгісіз болуы, жоғарыда атап кеткеніміздей, ертегілік категориясына тән қасиет екендігінің белгісі. Ертегі дискурсындағы бұл өзгешелік уақыт пен кеңістіктен гөрі ертегі дискурсына қатысушы тілдік тұлғаның, яғни бас қаһарманның, көмекшілері мен қарсыластарының әрекеттерін көрсету ертегі оқиғасының одан әрі дамуы үшін пайдалы екендігін байқауға болады.

Ертегіні зерттеуші ғалымдар В.Я. Пропп, Е.М. Мелетинский және басқа зерттеушілердің анықтағанындай қиял-ғажайып ертегілердегі кеңістік анық түрде берілмеуіне орай, доминант лексемалар арқылы да жеткізілетіндігін жазады:

- «царство»: *«Тридешатое царство», «Неведомое царство», «Подводное царство», «Подземное царство», «Змеиное царство»;*
- «королевство»: *«Тридешатое королевство», «Иноземное королевство»;*
- «государство»: *«Тридешатое государство», «Подсолнечное государство»* [114, 119].

Қазақ ертегі дискурсын алып қарастырсақ, онда оқиғаның орындалу кеңістігі ішінара болса да ұшырасып қалады. Оған жоғарыда келтірілген мысалдарымыз дәлел бола алады. Мысалы, *«Ертеде, ерте-ертеде, ешкі құйрығы келтеде, Қаратаудың ойында, Қарасудың бойында Қазанқап деген бір кедей болыпты».*

«Ер Төстік» ертегісіндегі оқиғаның өту орындарының – *«Сорқұдық»*, жер асты патшалығы – *«жылан Бапы хан елі»*, сияқты бірнеше топонимикалық атаулар сирек те болса ұшырасып, олар оқиғаның өту кеңістігі туралы мағлұмат таратады.

Осы аталғандармен қатар ертегі дискурсындағы белгісіз хронотоптың тағы бір айырмашылығы ертегі кейіпкерлерінің қаншама уақытты араға сала отыра, уақыттың ағымына бағынбастан, жастық кейпіне қайта орала алуы. Бұл айрықшалық үш халықтың да ертегі дискурсында ұшырасады. Ертегінің соңы бақытты болып аяқталуы және ұзақ, әрі бақытты ғұмыр кешуі бейнеленеді. Бұндай құбылысты ертегі кейіпкерінің уақыт ағымынан мүлдем қатыссыз орналасуымен түсіндіруге негіз бар. Яғни, оқиғаға қатысушылар үшін (бас кейіпкер, адресант, адресат, басты кейіпкердің көмекшілері мен қарсыластары, т.б) дискурстық уақыт түрлі ағымда өтіп отырады. Ертегі дискурсындағы уақыт аралығы айтарлықтай ұзақ болады. Дегенмен, бұны елеместен кейіпкерлер жасында өзгеріс болмайды. Мысалы, *«Иван-царевич и белый полянин»* атты орыс ертегісінде *«... Долго ли, коротко ли, низко ли, высоко ли – скоро сказка сказывается, да не скоро дело делается – приехал он в царство змеиное, убил царя-змея, освободил из неволи прекрасную королевну и женился на ней; после*

того воротился домой и стал с молодой женою жить-поживать да добра наживать» деген тілдік бірліктер арқылы жеткізілсе, қазақ ертегі дискурсында «Ер Төстік» пен «Кенжекей сұлудың» ортаға қаншама уақыт өткеннен кейінгі кездескен жерінде «...*бәрі де баяғыдағы айырылған күндегі қалыптарына келіп, қайтадан жасарады. Ер Төстік жас жігіт, Кенжекей жаңа түскен келіншек, Шалқұйрық бесті ат қалпына келеді. Одан кейін ұзақ жылдар өмір сүріп, мақсаттарына жетеді*» деген жолдар айғақ.

Ертегі дискурсындағы ертегілік категориясының кеңістік пен уақыттан көрінуі басқа көркем шығармаларға қарағанда айтарлықтай ерекшеліктері бар екендігін байқадық. Ол ерекшеліктер ертегі дискурсында белгісіз хронотоптың ақиқат болмыстағы географиялық кеңістік пен шынайы мерзімнен қашықтатылып көрсетілуінен, ертегідегі әрекет ету уақыты белгісіздігінен, нақты шегінің болмауынан, ал әрекет ету орны жинақтық, әрі жалпы сипатта болуынан хабар береді.

Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерінің семантикалық деңгейі мәдени кодтардан, мәдени маркерлерден, символдардан, олардың астырт және үстірт құрылымдарындағы мағыналарынан көрінетіні анықталды.

2.2 Ертегі дискурсының қарым-қатынас стратегиясы

Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерінің екіншісін қарым-қатынас стратегиясы деп анықтаймыз. Осы тараушада ертегі дискурсындағы қарым-қатынас стратегиялары арқылы лингвомәдени және ұлттық ерекшеліктердің бейнеленуін анықтауға тырысамыз. Ең алдымен «стратегия», «қарым-қатынас стратегиясы» ұғымдарына тоқталмақпыз. Аталған терминдерді коммуникативтік лингвистика бойынша жазылған еңбектердің барлығынан кездестіруге болады. Бұл туралы Л. Карлсон [115, 55], Х. Паре [116, 99], Ю. Эдмондсон [117, 81], Р. Зекхаузер [118,171] былай деп жазады: «Стратегия – прагматиканың кез келген моделіндегі орталық теориялық ұғым: прагматикалық «терең грамматика» дәстүрлі тіл біліміне берілмейді, себебі прагматикада стратегия әрекет етсе, ал формальды лингвистикада – ережеге сүйенеді, сонымен қатар олар ауызша сөйлеу теориясының актісі ретінде конвенция категориясы айналасына әдіснамалық тұрғыда құрылған». Л.М. Макаров «Стратегия дегеніміз сөйлеушінің шешімдері, белгілі бір сөйлеу әрекеттері мен тілдік құралдарды қарым-қатынас мақсатына сай таңдау тізбегі» [119, 193] деп анықтайды. Тағы бір көзқарас стратегияны сөйлеу мақсаттарының жиынтығын жүзеге асырумен байланыстырады. Берілген екі көзқарас бір-біріне қайшы келмейді, керісінше, бір-бірін толықтыра отырып, олар табиғи тілдік қарым-қатынастың көп деңгейлі және көп қызметті сипатын, оның құрылымын толығырақ ашады. Әрбір айтылым, олардың бір-бірімен байланысы көптеген қызметтерді атқарады және көптеген мақсаттарды көздейді, сондықтан сөйлеушілер алға қойған мақсаттарына барынша сай келетін тілдік құралдарды таңдайды. Стратегияны танымдық үдеріс деп айтуға болады, онда сөйлеуші өзінің қарым-қатынас мақсатын белгілі бір тілдік

құралдармен сәйкестендіреді [120, 197]. Ю.С. Городова ертегі дискурсындағы қарым-қатынас стратегияларын арнайы зерттей келе, стратегияны ертегі дискурсының қарым-қатынас мақсаттарына тиімді қол жеткізуге бағытталған мәтіннің ұйымдасуы деп анықтайды. Ертегі дискурсындағы ертегішінің қарым-қатынас стратегиясының үш түрін ажыратады: 1. Ертегі дискурсының жанрлық ұйымдасуы (ертегінің басы, ортасы және аяқталуына тән тұрақты клишелердің қолданысы қазақ, орыс, араб ертегі дискурсына тән, бұл ертегінің барлық халықтарда кездесетін, бастауы діни таным-түсініктерге негізделген, ауызша пайда болып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырған мәдени құндылық екендігімен түсіндіріледі. Ертегі дискурсының жанрлық ұйымдасуында өзгешелік байқалмайды). 2. Оқырманға әсер ету мақсатында нақты стилистикалық және лексикалық құралдарды таңдауға бағытталған стратегия (зерттеу нысанына алып отырған үш тілдің ертегі дискурсында аталған стратегия бар, олардың қолданысы белгілі бір тілдің сөздік қорына, тіл байлығына, стилистикалық құралдарының алуан түрлілігіне байланысты анықталады). 3. Ертегі мәтіндегі жағдаят пен адресанттың ертегі мәтіндегі жағдаятқа деген қарым-қатынасын және оның дүниетанымын анықтауға бағытталған стратегия (аталған стратегия осы тараушада нақты мысалдармен дәлелденеді) [44, 57]. Қарым-қатынас стратегиясын қарым-қатынас мақсаттарына жету жоспарымен анықталатын және диалогтік қарым-қатынас жағдайындағы сөйлеушілердің бірінің мінез-құлық түрі ретінде анықтауға болады [121, 103]. Қарым-қатынас стратегиясы әрдайым икемділік пен динамикамен ерекшеленеді, өйткені қарым-қатынас барысында ол үнемі түзетіліп отырады, сөйлеушінің сөйлеу әрекеттеріне және дискурстың үнемі толықтырылып, өзгеріп отыратын мәнмәтініне тікелей байланысты болады. Дәл қазір айтылып жатқан сөйлеумен оның алдында болған сөйлеу әрекеттерінің арақатынасы динамикасы, сондай-ақ олардың кейінгі айтылымдарға әсері стратегияның басты белгілерінің бірі болып табылады. Стратегиялар нақты бір қарым-қатынас жағдайындағы іс-әрекеттің мақсаты мен реттілігінің арақатынасына байланысты сөйлеу мінез-құлықтарының жиі өзгеруіне ықпал етеді [122, 3]. Содан кейін белгілі бір стратегиялар мен оған сай мақсаттар, іс-әрекеттер белгілі бір әлеуметтік институттар мен рөлдерге бекітіледі [123, 59], бұл тілдік қарым-қатынасты талдау үшін өте маңызды.

Ұлттық тіл белгілі бір этностың қарым-қатынастағы сөйлеу айырмашылықтарын, артықшылықтарын көрсетеді, әдептің қалыпқа түскен үлгісін, әрі ұлттық сөйлеу мәнерін айшықтайды. Ойды ауызша жеткізу, әңгімелеу әрекеті кезінде адресант санасындағы ойлап тұрғанын кей кезде ашық (эксплицитті), кей кезде жасырын түрде (имплицитті) түрде беруі ықтимал. Барлық айтылғандарды ескерер болсақ, дискурстың ұлттық ерекшеліктерге бағытталған күрделі құрылым екендігін көруге болады. Сол тәріздес күрделі құрылымдар сапына ертегі дискурсын да қосамыз. Ертегі дискурсынан белгілі бір ұлттық тілге қатысты лингвомәдени бірліктері мен ерекше құралдарын кездестіреміз. Мысалы, «Керқұла атты Кендебай» ертегісінде келесідей оқиғаға зер салайық:

«... Ол мейлінше қайырымды болыпты, жылағанды жұбатыпты, жатсынуды сүйемпті, табысына бүкіл ел ортақ болыпты. Керқұла атты Кендебай батыр атанып, әлемге аян болыпты.

Күндерде бір күн Кендебай аң аулап, алысқа ұзап кетіпті. Кетіп бара жатып, қозысын бағып жүрген бір балаға кездеседі. Бала еңіреп жылап жүр екен. Кендебай жетіп келіп:

- Көзің жасты, көкірегің қайғылы не еткен жансың? - деп сұрапты.

- Ардақтаған анаңды алса, төгілмей ме ырысың. Асқар таудай әкеңді алса, көрген күнің құрысын! - деп қоя беріпті бала» [97].

Осы ертегі үзіндісінен бас қаһарманның ерлігімен қабат оның адамгершілік келбетін, мейірімділік, қайырымдылық сияқты адами қасиеттерін баяндап жеткізсе, жетім бала мен бас қаһарманның диалогінен қарым-қатынас стратегиясы айқындалады. Айдалада мал баққан жетім баланың киім киісінен, сырт келбетін суреттеуінен оның өмірінің қандай деңгейде екендігін, тек кедейлік қана емес, жетімдіктен зардап шеккен күйін астарлы сөзбен тыңдаушысына бере білгенін байқаймыз. Кендебай батырдың қойған сұрағына сай, жетім бала да басындағы ауыр халді аз сөзге сыйғызып, әке мен анасыз өмір сүрудің азап екендігін қысқа, әрі айқын түрде жеткізе сипаттайды. Дискурстық жағдаяттағы батыр мен жетім бала бұрын бірін-бірі көрген адамдар емес, яғни таныс емес. Жай ғана жолда әлдеқалай кезіккен жандар. Қарапайым жөн сұрасу кезінде дискурсқа қатысушылар өз ойларын жасырын, астарлы түрде бергені белгілі. Әйтсе де тараптар бір-бірін дұрыс түсініп тұрғаны байқалады. Осындай қысқа қайырымды жауаптасудың өзінен бас кейіпкердің адамшылық қасиеті, жетім баланың психологиялық жайы, «жетім көрсең жебей жүр» деген қағиданы негізге ұстаған қазақы тәрбие, аман-саулық сұрасу, жөнді жауап қайтару – барлығынан хабар беріп тұр. Осылайша, тілдік жағдаяттағы екі қатысушының жауаптасуынан бірін-бірі түсінуі арқылы дискурс орнады. Егер тұспалдап қойылған сұраққа немесе оған тұспалмен қайтарылған жауапқа екі жақтың бірі түсінбесе, дискурс орнамайтыны белгілі. Бұл туралы Е.З. Дулаева, Ф.З. Мамедова, Б.К. Базылова былай деп жазады: «Қарым-қатынас барысында адамдар бір-бірін өзінің мәдениеті оған тән ішкі үлгілері тұрғысынан қабылдайды және бағалайды [124, 62].

Ертегі дискурсындағы қарым-қатынас стратегиясынан ұлттық сөйлеу әдебін байқататын мысалдарды жиі кездестіру мүмкіндігі бар. Мысалы, хан ордасына кірген кісі сөзін бастамастан бұрын дат сұрайды. Хан рұқсат берсе ғана келген мән жайын баяндайтын болған. Кендебай батыр ханның ордасына келіп:

- «Дат, тақсыр! - дейді.

- Датың болса, айт! - дейді хан ақырып». Ханның датын айтуға мұрша беруінен де қазақ халқының сөзге қонақ беру, сөзге тоқтау қасиеті көрінеді. Сондай-ақ ханның алдына батыл, намысты жанның келе алуы, айтқан сөзін өткізе алуы сияқты қасиеттер де білінеді. Одан кейін ертегі оқиғасы бойынша батыр өзін таныстырады:

- «Мен хан баласы емеспін, адам баласымын. Өз атым - Кендебай, ел мені Керқұла атты Кендебай деп атайды. Сіздің еліңізге ерігіп келгенім жоқ,

жұмыспен келдім. Екі бірдей жоқ іздеп жүрмін... Намыс іздеп жүрмін, рұқсат болса айтайын, - дейді Кендебай.

- Айт, айт, балам! - дейді хан»[97].

Осы сөйлеу жағдаятынан «хан баласы емеспін, адам баласымын» деуі арқылы «атаның баласы болма, адамның баласы бол» деген қағиданы немесе М.Өтемісұлының «қарадан біреу тусайшы, халықтың кегін қусайшы» деген арманы тәріздес ойды қазақ халқы ежелден ойлап, ер баланың халыққа қамқор болатын азамат ерді тәрбиелеуге аса мән бергеніне көз жеткіземіз. Сондай тәрбиені батыр берік ұстанады. Сөйтіп Кендебай батыр ханның алдына келу себебін бір ауыз сөзімен жеткізе айтады. Халықтық қалыптасқан дәстүрге орай хан да сөзге тоқтап, батырға, қызын беріп риза етіп аттандырады. Ертегі дискурсындағы осы тәріздес сөйлесім үлгілеріне қарым-қатынас стратегиясындағы сөйлеу әдебі, сөйлеу мәнері, сөз қадірін түсіну сияқты ұлттық ерекшеліктер көрсетіледі. Сонымен бірге жас жігіттің ханға тайсалмай өтініш айтуы, өзін таныстыруы, өзінің мінез-құлқы мен сөз саптауы арқылы қарым-қатынас мақсатына жетеді. Орыс ертегісінде батырдың еліне деген құрметі ерекше, оны басқа ешбір құндылық ауыстыра алмайды. Мысалы, «Через сколько-то времени вздумал солдат об своей родной стороне, захотел туда побывать; королева стала его отговаривать:— Оставайся, друг, не езди; чего тебе здесь не хватает? Нет, не могла отговорить» [96] («Заколдованная королева» ертегісі). Бұл мысалда сұлулық ханшайымының өзі батырдың туған жеріне деген ойын өзгерте алмауы көрінеді. Арабтың «السُّنْدُبَادُ الْبَحْرِيُّ» - «Синдбад теңізші» ертегісінде басты кейіпкер саяхатшы Синдбадтың қанша жерді аралап, қанша қызықпен қиындық аралас байлықты көрсе де, туған жері Бағдатқа қайтуға асығуынан, туған жеріне жету жолында байлығын таратуынан оның туған жерден асқан жұмақ жоқтығын көруге болады.

ثُمَّ ذَهَبْنَا مِنْ «بَصْرَةَ» إِلَى «بَغْدَادَ» حَيْثُ لَقِينِي أَهْلِي فَرَجِينُ بِعُودِي سَالِمًا، وَاشْتَرَيْتُ فُصُورًا فَخَمَةً وَغَبِيْدًا كَثِيْرِيْنَ، وَغُلْمَانًا وَأَصْنَبَحْتُ مِنْ أَكْبَرِ أَعْنِيَاءِ «بَغْدَادَ» وَتَصَدَّقْتُ، عَلَى الْفُقَرَاءِ وَالْمَسَاكِيْنَ، وَعَزَمْتُ عَلَى الْإِقَامَةِ فِي بَلَدِي بُعِيْدًا عَنِ مَشَقَاتِ السَّفَرِ وَأَهْوَالِ الْبَحْرِ، وَأَنْسَيْتِي رَاْحَةَ الْبَالِ [106]. مَا قَاسَيْتُهُ مِنَ الْمَتَاعِبِ وَالْأَهْوَالِ .

Профессор Б. Қалиев зерттеу еңбегінде: «Тілдік таңбалардың сыртқы формасы, ішкі мазмұны және оның тыңдаушыға ықпал жасайтын, әсер ететін күші болады. Сөйлеуші тілдің осы қасиеттерін пайдалана отырып, оны өз мақсатына орай жұмсайды. Өйткені ешбір сөз мақсатсыз қолданылмайды. Өз мақсатына жету үшін сөйлеуші тілді қолдану арқылы тыңдаушыға әсер етіп, оны іске, әрекетке итермелейді. Сөйтіп ойын іске асырады» деп жазады [125, 200]. Осы тұжырымға ертегі дискурсынан мысал келтірер болсақ: «...Әкем маған жылқыдан Шалқұйрық атты берсін, жасаудан Ақсырмалы сауытты берсін, түйеден Құба інгенді берсін», - дейді. «Шалқұйрық атты сұрағаны несі? Шалқұйрық - жылқымның құты, құтқа қыз ие болған жер бар ма екен? Құба інген - түйемнің басы, түйемнің басын сұрағаны несі, қызда ондай түйе артқан бар ма екен? Ақсырмалы сауыт — атадан ұлға қалатын мұра, мені

қызым қу бас дегені ме? Қызым өйтіп жаулығын білдірмесін», - дейді. Кенжекей әкесіне қайта кісі салыпты: «Шалқұйрықты сұрағаным, ерге лайық ат еді, ер мінсін деп едім, Құба інгенді сұрағаным, ер қосын артсын деп едім, Ақсырмалы сауытты сұрағаным, Ер Төстік ер еді, сол ер кисін деп едім», - депті. «Әкесі Кенжекейдің сөзінен жеңіліп, сұрағандарын беріпті». Кенжекей мен әкесінің арасындағы сөйлесімнің имплицитті түрде өткеніне қарамастан, ертегіні тыңдаушы тұлға бұл сөздерден «малдың құты», «ер балаға қалатын мұра» туралы хабары болса, аталған дүниелерді әкенің қызға қимауының себебін түсінеді. Екіншіден, Кенжекей өз мақсатына тілді дұрыс таңдап қолдану арқылы жетіп тұр. Қазақтың «Сөз тапқанға қолқа жоқ» деген мақалы осындай ойды аңғартса керек.

Қазақы тұрмыста ер адамның рөлі әйелден үнемі жоғарыда тұрады. Ел ішіндегі жағдайдың барлығы дерлік түгелдей ерлердің шешімімен ғана жүзеге асқан. Сол себепті де ондай шаруа жайына келгенде әйел адам қатыспайды. Мысалы, *Кенжекей қайын атасына кісі салып: "Атам бұл құдыққа қонбасын, ырымы жаман жер", - деп хабар айтқызады. "Келінім келмей жатып, менің қонысымды билейін деген екен", - деп Ерназар айтқанынан қайтпайды. «Қонысымды билейін деген екен»* деуінде келіндік ибаны сақтау салтын бұзуға жол бермегендігінің бір көрінісі, алайда, жас келін ақылдылық танытып көш-жөнекей атасын қонақ қылады. *«Көш қонысымен, Кенжекей басқа келіндерінен үйді бұрын тігіп жібереді де, атасын қонақ қылады. Кенжекейдің зерделі екенін Ерназар сол арада біледі де «Келінім ақылды екен, тілін бекер алмаған екем», - деп өкінеді [91].* Кенжекейдің есті сөздерінен кейін өз әкесі де, қайын атасы да оны түсініп қолдайды. Берілген мысалдан жас келіннің атасымен тіл табысуын, оның қарым-қатынас стратегиясына сәйкес тілдік құралдарды ұтымды пайдаланғанын, сөйлеудегі сыпайылығы мен қазақы сөйлеу әдебін көруімізге болады.

Ертегі дискурсында жиі қолданылатын қайталаулар, яғни бір сөздің екі қайтара келуі немесе ұғымның екі еселенуі тыңдарманның көңілін аударып қана қоймайды, сонымен бірге эмоционалды әсер етіп, баяндауға белгілі бір ритм бере отырып, қарым-қатынас мақсатының орындалуын көздейді. Мысалы, *Ертегінің басталуында кездеседі: «Баяғы өткен заманда, дін мұсылман аманда бір бай болыпты», «ертеде бір кедей өмір сүріпті», «ерте, ерте, ертеде, бір бай болыпты, төрт түлігі сай болыпты, бір перзентке зар болыпты», «Ертеде, ерте заманда, ешкі құйрығы келте заманда» [91]. «В некотором царстве, за тридевять земель – в тридесятом государстве жил-был сильный, могучий царь». «В некотором царстве, в некотором государстве жил-был царь; у этого царя было три дочери и один сын, Иван-царевич». «Жил-был крестьянин, у него было два сына...» [98].*

Ертегілік оқиганы білдіретін тілдік бірліктер: «жылай-жылай, жүре-жүре, ай жүреді, жыл жүреді, талай елді, талай жерді аралайды. Жолдасы да – садағы, азығы да – садағы, жолында кез келген аңды атып жеп отырады» [91]. «... день едет, и другой, и третий... вот и вся неделя прошла; и другая, и третья – не хватает у солдата денег, нечем кормить ни себя, ни лошади, а до дому далеко-далеко!».

Психологиялық күйді сипаттауда: «Темір етіктен теңгедей, темір таяқтан тебендей қалғанда, алыстан сағым көтерген бел көрінеді. Өлдім-талдым деп келіп, белге шықса, қарауытқан қалың жылқы көрінеді, жылқының ар жағында ел көрінеді. Жердің жыртығын жамап отырған кемпірді көреді» [90]. «Долго ли, коротко ли – прилетает к избушке, входит – в избушке сидит баба-яга костяная нога, старая, беззубая» [98].

وَلَمَّا اللَّيْلُ أَظْلَمَ أَيَقُنْتُ بِالْهَلَاكِ، وَلَكِنِّي لَمْ أَيْسُرْ رَغْمَ مَا حَلَّ بِي مِنَ التَّعَبِ الْخَوْفِ، بَقِيْتُ وَ
عَلَى هَذِهِ الْحَالِ طُولَ اللَّيْلِ، حَتَّى إِذَا أَصْبَحَ قَدَقَفْتَنِي الْأُمُّ وَاجُ إِلَى شَاطِئِ جَزِيرَةِ عَالِيَةِ فِيهَا
أَشْجَارٌ مُطَّلَةٌ عَلَى الْبَحْرِ. [107]

Бұл мысалда «аралда жалғыз қалып, түннен қорыққан, күннің шығуын зарыға күткен, тағдырына ренжулі кейіпкердің психологиялық күйі бейнеленеді. Аралдың сұлу табиғаты, теңіз жағалауы мен түрлі жеміс ағаштары т.б табиғаттың сұлулығы жалғыз адамға көмектеспейтіндігін баяндайды.

Историзмдер немесе этнологиялық бірліктер: «Шеше, шеше артыңдағы қыздардың бәрі өзіңдікі ме?» - дейді. «Шеше, шеше! Ана түйенің бұйдасына қол жалғап жіберші, - дейді Ерназар. Оған разы болмасаң, Желі толған түйем бар. Соған бер мені, шешетай! - Қоя бер мені, шешетай! – дейді»[91].

الصَّبَاخُ الْأُمُّ وَاجُقَدَقْتَنِي إِلَى شَاطِئِ جَزِيرَةِ أَشْجَارٍ فِيهَا عَالِيَةٌ مُطَّلَةٌ الْبَحْرِ، عَلَى وَقْدِ
طُولِ اللَّيْلِ، حَتَّى إِذَا أَصْبَحَ (аралдағы теңіз жағалауының жоғары жағында ағаштар өскен, әдемі табиғат, тек түні ұзақ, таңға дейін көп уақыт күту керек. («Синдбад теңізші» ертегісі).

Бейнелеуде әсірелеу мақсатындағы сөздер: «Самұрық құстың ұшып келе жатқанындағы қанатының қағуынан күшті дауыл жел тұруы, көзінің жасы жаңбыр болып жаууы», т.б.... «Керқұла ат құстай ұшып, құйғытып барады, айлық жерді алты-ақ аттайды. Көз ұшындағы құс қанатын жазып, жерден көтерілгенше Керқұла ат үстінен аттап өтіп кетеді. Теңізді көл, дарияны шалшық, тауды қырат құрлы көрмейді. Сонымен Кендебай күн жүреді, түн жүреді, ай жүреді, апта жүреді, бір жерлерге келгенде аспанмен тірескен бір биік тау көрінеді» [91]. «...Черти пихнули камень, и покатылся он с горы шибко-шибко; бросились все трое вдогонку; вот один черт нагнал, ухватился за камень – камень тотчас повернулся, подворотил его под себя и вогнал в смолу. Нагнал другой черт, а потом и третий, и с ними то же самое! Прилипли крепко-накрепко к смоле!» (орыс ертегілері).

«وَلَمَّا دَخَلَهُ وَجَدَهُ مَمْلُوءًا بِالنَّفَائِسِ وَالْمَالِ وَالْجَارَةِ الْكَرِيمَةِ. ... مِنْ نَفَائِسٍ وَأَحْجَارٍ كَرِيمَةٍ دَهْشَنَ»

Бұл жердегі ертегі үзіндісінде шығыстық діл бойынша араб ертегілерінде барша байлықтың түрі қымбат тастармен, асыл қазынамен бағаланады. Беріліп отырған сөйлемдерде бағалы маталар, інжу тастар, жер астына жасырынған байлықты күшейте суреттеу арқылы ертегі дискурсының қарым-қатынас стратегиясы жүзеге асып отырғанын байқаймыз.

Ертегі дискурсындағы ұлттық-мәдени ерекшеліктер сыртқы белгілерде (мысалы, сәулет немесе киімі) ғана емес, сөйлеу әдебінің формаларында да көрініс береді. Сөйлеу әдебі қай тілде болмасын амандасудан басталатыны анық. Ертегі дискурсының басқа дискурстардан айырмашылығы жиі қолданылатын амандасудың қалыптасқан «Амансыз ба? Сәлеметсіз бе? Сәлем! Мал-жан аман ба? Үй-ішің аман ба?» сияқты сұрақтарының

кездеспейтіндігімен ерекшеленеді. Қазақ ертегі дискурсында амандасудың қалыптасқан формаларының орнына «- О, неғып отырған адамсың?», «- Ей, адам, бұл жерге не жұмыспен келдің?», «Хан бұлардан жөн сұрайды», «- О, неғып жүрген жансың?», «- Жақсы келдің, Ер Төстік!», «- Жер үстінің Ер Төстігі, жер астына жақсы келдіңіз», «-Жол болсын!», «-Әлей болсын!» сияқты тіркестер амандасу, жөн сұрасу: «- *О, неғып отырған адамсың? - деп, Төстік жанына жетіп келеді*» («Ер Төстік» ертегісі), «*Хан бұлардан жөн сұрайды. Сонда бұлар:*

– *Осы жақтағы күн астындағы Күнікей қызды іздеп келеміз. Іздеп келуші мына отырған бала, біз жанына ерген жолдастарымыз, — дейді*» (Күн астындағы Күнікей қыз), «- *О, неғып жүрген жансың? - деп Төстік қасына жетіп келеді.*

- *Жердің үстіндегі Төстік жердің астына түсті дегенге, соған жолдас болайын деп, жолын тосып жүрген адам едім, - дейді әлгі кісі*» («Ер Төстік» ертегісі), «*Жандыбатыр дәуге сәлем береді. Дәу сәлем алып:*

– *Жол болсын! – дейді маңғазданып.*

– *Әлей болсын! – дейді Жандыбатыр*» («Ұшар ханның баласы»);

танысу:

«- *Жақсы келдің, Ер Төстік! Жер астындағы ел де сені ренжітпейді, дейді.*

Сұр жыланның бірі жігіт, бірі әдемі қыз болып кетеді. Олар да:

- *Жер үстінің Ер Төстігі, жер астына жақсы келдіңіз*» («Ер Төстік» ертегісі), «*Бала жөн сұрайды. Желаяқ:*

– *Мен күн астындағы Күнікей қызды іздеп бара жатқан балаға жолдас болғалы жүрмін, — дейді. Бала:*

– *Ендеше, мен сол баламын, — дейді*» («Ер Төстік» ертегісі) мақсатында қолданылады. Жөн сұрасудың тағы бір түрі ретінде қаратпа сөздер беріледі: «*Самұрықтың адам басы Ер Төстікке тіл қатады:*

- *Ей, адам, бұл жерге не жұмыспен келдің?»* («Ер Төстік» ертегісі). «- *Здравствуй, бабушка! Скажи, как бы мне отыскать мою прекрасную королеву?– Не знаю, голубчик! Видом ее не видала, слыхом про нее не слыхала*» («*Заколдованная зеркало*» ертегісі), «- *Здравствуй, Василиса-царевна!*

– *говорит стрелец. – Милости просим хлеба-соли откушать, заморских вин испробовать*» («*Жар- птица и Василиса- царевна*» ертегісі).

«- *Здравствуй, бабушка!*

– *Здравствуй, русский царевич! Куда путь держишь?»* («Иван-царевич и белый полянин» ертегісі). Көріп отырғанымыздай орыс ертегі дискурсында сәлем беру, сәлем алу анық көрінеді. *Куда путь держишь* тіркесінің астарында қайда бара жатқанын сұрау мәні жатыр, сұрақ ашық түрде емес, тұспалдап сөйлеу арқылы, орыс сөйлеу мәдениетінің түрі ретінде көрініс береді. Араб ертегі дискурсында амандасу жағдаяты қазақ ертегі дискурсы тәрізді баяндау түрінде жалпы сипатта көрінеді. Мысалды «*Кеме капитанына: Менің атым Синдбад. Бұл тауардың иесі менмін дедім*» («*Синдбад теңізші*» ертегісі), «*Сиқыршы сұрады: - сенің атың Аладдин емес пе? – Ия, ата-анам солай атаған*» («Аладдин» ертегісі).

- فَقُلْتُ لِرَبِّانِ السَّفِينَةِ أَنَا السِّنْدِبَادُ الَّذِي تَذْكُرُهُ وَهَذِهِ بِضَاعَتِي !
 - فَسَأَلَهُ السَّاجِرُ اسْمَكَ أَلَيْسَ عِلَاءَ الدِّينِ ؟
 - فَقَالَ لَهُ : نَعَمْ، كَذَا سَمَائِيَّةَ أَبَوَائِي !

Қазақ ертегі дискурсында қоштасу әдебінің де өзіндік ерекшелігі бар. Басқа дискурстарда қолданылатын «Сау болыңыз!», «Қош болыңыз!», «Кездескенше!», «Кездескенше күн жақсы!», «Сау тұрыңыз!», «Қош-аман болыңыз!» т.б. сөз тіркестері ертегі дискурсында қолданылмайды. Ертегі дискурсындағы қоштасу мәнді сөз тіркестері диалог түрінде емес, яғни төл сөз арқылы емес, төлеу сөз түрінде беріледі. Мысалы, *Еліне қайтар шағында жер астындағы жолдастары сол өздері кезіккен жерден қалып, ризашылықпен тарқасады. «Бұдан әрі баруға біздерге жол жоқ», - дегенді айтып, бас кейіпкермен қош айтысады. «Жылан Бапы хан батырдың ниетін орындай отырып, ризалық белгісі ретінде қызын, көптеген жолдастар беріп, жер бетіне шығар жол сілтеп, өз жәнімен қалып қояды» («Ер Төстік» ертегісі), «Хан разы болып, зынданда жатқан Мергенбай батырды, оның әйелін, қолға түскен басқа адамдарды азат етеді. Шауып алған малын қайтарып береді. Кіші қызын Кендебайға қосып, отыз күн ойын, қырық күн тойын істеп, көп сыйлықтар беріп, Кендебайды еліне аттандырады» (Керқұла атты Кендебай» ертегісі). «Говорит ему южный ветер:– Прощай, добрый молодец! Жалею тебя, не хочу гулять в твоём царстве.*

– *Ну, прощай! Спасибо тебе!» («Заколдованная королева» ертегісі).*

Араб ертегі дискурсында қоштасу түрі қазақ тіліндегідей жалпы сипатта, риза болу мақсатында қолындағы барын таратып, еліне оралумен аяқталады.

تَصَدَّقْتُ عَلَى الْفُقَرَاءِ وَالْمَسَاكِينِ، وَعَزَمْتُ عَلَى الْإِقَامَةِ فِي بَلَدِي بَعِيدًا عَنْ مَشَقَّاتِ السَّفَرِ وَأَهْوَالِ الْبَحْرِ

Белгілі бір этностың өзіндік дәстүр-салты, тамаша талғамы, әдеп белгілері – заман талабына қарай өзгермелі тарихи жағдайларда көрініп отырады. Солар тіл арқылы беріліп, ұлттық сөйлеу әдебінің негізгі ережелерін анықтайды. Сөйлеу әдебі ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын ережелердің жиынтығы болып саналады.

«Әр түрлі мәдениет өкілдері байланыс барысын қиындататын қарым-қатынас тәжірибелеріне ие. Әр түрлі халықтардың қарым-қатынас сипатын анықтайтын адамгершілік ұстанымдар жүйесі жалпы адамзаттық, әмбебап құндылықтардан тұрады: үлкенді, ата-ананы, әйел адамды сыйлау, ар, намыс, қарапайымдылық т.б. Десе де белгілі бір қоғамда, лингвомәдени ортада сол ортаның мәдениеті мен салт-дәстүріне сәйкес құндылықтардың өзіндік ерекшеліктері болады» [124, 62-63]. Бұл туралы Н.И. Формановская былай деп жазады: «Этикеттік белгілердің саны шексіз, ол консерватизм мен тұрақтылық белгісіне қарамастан, қоғаммен бірге дамиды, біреуінің орнына біреуі келіп қосылып жатады» [126, 7]. Ертегі дискурсынан қонақ қарсы алу, дастархан үстінде айтылатын әңгіме, ас тарту (сыйлы қонаққа тартылатын тағам түрлері), одан да бөлек дәстүрлі әдептерді анық көруге болады. Мысалы, «*Сөйтіп келе жатса, табақшылар бір жерде: «Ерназардың сегізіне тарт, Ерназардың сегізіне тарт», - деп шуылдасып жүр екен.* («Ер Төстік» ертегісі). Берілген мысалдан қазақ дәстүріндегі сыйлы қонаққа арнайы табақ тарту рәсімін анық

көруге болады. Ертегі дискурсындағы осы мәнмәтіннен Ерназардың сегіз ұлының беделді адамдар екенін және табақ тартудың қонақ күту, оны қарсы алу, сыйлау тағы басқа дәстүрлі әдептерді аңғаруға болады. Қазақ ертегі дискурсында қарым-қатынас стратегиясындағы ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрдің көрінісін төмендегі мысалдан көруге болады: *«Көш қонысымен, Кенжекей басқа келіндерінен үйді бұрын тігіп жібереді де, атасын қонақ қылады»* («Ер Төстік» ертегісі). Берілген мысалдан қазақ танымындағы қонақ күту, қонақты сыйлау, атап айтқанда, келіннің қайын атасын сыйлау әдебін көреміз.

«Принялись его угощать и опоили волшебным зельем; солдат упал на траву и заснул крепким, беспробудным сном; а купцы, караван и котел вмиг исчезли», «В палатах стол накрыт, на столе и вина и ества, чего только душа хочет!»

ثُمَّ عَادَ وَمَعَهُ مَائِدَةٌ فَخَمَّهُ، عَلَيْهَا اثْنَا عَشْرَةَ صَحْفَةً مِنَ الْفِضَّةِ. وَفِيهَا أَفْخَرُ الْوَانَ الطَّعَامِ وَالْأَفَاكِهِةِ، وَإِلَى جَانِبِهَا سِنَّةٌ أَرْغِفَةٌ؛ فَوَضَعَهَا أَمَامَهُ، وَاسْتَحْفَى .

Бұл мысалдан араб халқының дастарханға қоятын дәмі наннан басталатынын көруге болады. Ғайыптан шыққан жын нанның алты түрін, түрлі жемістер мен олардың күміс ыдыстарға салынған дайын дастархан әзірлегенін көреміз.

Ертегі дискурсында бата-тілек сөздерінен гөрі қарғыс мәнді сөздер көбірек кездеседі. Қарым-қатынас стратегиясында бата-тілек сөздерінің өзіндік қызметі бар. Ол қызмет бата-тілек арқылы жақсылық тілеуді білдіреді. Ертегі дискурсында бата-тілек риза болу: *«Хан разы болып, зынданда жатқан Мергенбай батырды, оның әйелін, қолға түскен басқа адамдарды азат етеді. Шауып алған малын қайтарып береді. Кіші қызын Кендебайға қосып, отыз күн ойын, қырық күн тойын істеп, көп сыйлықтар беріп, Кендебайды еліне аттандырады»* («Керқұла атты Кендебай» ертегісі); сыйлық беру: *«Онан кейін жұртына разы болып, өзінің орнына бір жақсы адамды хан қылып отырғызып, өзі итімен, мысығымен, бүркітімен, тасымен, «бұл дүниенің баяны жоқ», – деп жаһан кезіп кетіпті»* («Сикырлы тас» ертегісі), Хан алтын тағынан түсті, алтын тағын Жақсылыққа берді. Ай десе аузы, күн десе көзі бар бір сұлу қызы бар екен. *«Маған жақсылық қылсаң, қызымды саған берейін», – деді. Жалғыз қызын берді, қара қылдан қақ жарып малын берді, күйеу қылып алды. Жақсылық байып жүрді («Жақсылық пен жамандық жолдас болған» ертегісі); тілек тілеу: «Байдың баласы қуанып сол жерде тасқа: «Мені жылдам итіме, құсыма жеткіз!» – депті. Сонда көзді ашып жұмғанның арасында байдың баласын айтқан жеріне жеткізіпті»* («Сикырлы тас» ертегісі), *«Алып қара құс содан запы болып қайтқанда: "Балапандарым аман болса екен", - деп жылап қайтады екен». «Бағанағы дауыл - асығып ұшқанда алып құстың қанатынан тұрған жел екен, жаңбыр - соның жылаған көзінің жасы екен»* деген («Ер Төстік» ертегісі) тәрізді көрінеді. *«За его честное поведение приказал король отпустить его в чистую отставку и отдать ему в награду ту самую лошадь, на которой в полку ездил, с седлом и со всею сбруею»* («Заколдованная королева» ертегісі).

«عَلِيَّ بَابَا فَضَّلَ مَرْجَانَةَ عَلَيْهِ، فَزَوَّجَهَا ابْنَ أَخِيهِ مُكَافَأَةً لَهَا. عَلِيٌّ مَعْرُوفٌ فِيهَا وَذَكَائِهَا — وَأَصْبَحَ الْكَنْزُ مُنْذُ ذَلِكَ — مَلِكًا الْيَوْمَ لِعَلِيِّ بَابَا قَتَلَ اللَّصُوصِ، بَعْدَ فَفَسَمَهُ بَيْتَهُ وَبَيْتَهُمَا بِالسَّوِيَّةِ، وَعَاشُوا جَمِيعًا طَوَّلَ حَيَاةٍ يَنْسَوُلْمَالِ وَهُمْ عَلِيٌّ أَسْعَدَ حَالٍ وَأَهْنَأُ بَالٍ». [94]

Қарақшылардан құтылғаннан кейін үңгірдегі барлық қазына Әли-Бабаға қалып, бақытты да, ұзақ өмір сүріпті («Әли-Баба және қырық қарақшы» ертегісі). Араб ертегі дискурсында тағы да алғыс айту бас кейіпкердің бақытқа қол жеткізуімен, риза қылу сияқты әрекеттер арқылы беріледі. Бұл қазақ ертегі дискурсы мен араб ертегі дискурсының ұқсас тұстары болып табылады.

Ертегі дискурсында берілген төмендегі мәнмәтіннен бата беру салтының қолданысындағы ерекшелікті көруге болады: *«Мергенбайдың әйелі белді бекем буып, «сен араласпа, баймен не болса да мен өзім сөйлесем» – деп бай үйіне келіпті.*

— *Мергенбай айықпас ауруға шалдықты. Айтуға аузым бармайды. Бақсы-балгер, құшынаштар Тасты өзенге апармасаң адам болмайды дейді. Малшы-жалшыңды тауып ал бай-еке. Біз таңнан қозғаламыз. Тез кетпесек, тез жұғатын індет бәріңді де былғайды, - депті байға әйел. Үрейі ұшқан бай «Алдарыңнан жарылқасын» – деп он тоғыз жылғы еңбегіне батасын беріп тез құтылуға асығыпты» («Пиғылсыз байдың сазайы» ертегісі). Көріп отырғанымыздай, берілген мәнмәтіннен бай мен оның жалшысы арасындағы қарым-қатынас стратегиясының бірнеше ерекшеліктерін байқауға болады: бай жалшысының тоғыз жылғы еңбегін бермей, оның орнына бата бергенін және ол батаның шын көңілмен емес, жалшыдан тезірек құтылу мақсатында берілгенін, Мергенбайдың науқасы жұғып кетер деген қорқынышын аңғартып тұр. Ертегі дискурсында ақ тілекпен бата беруден гөрі бата сұрау, бата тілеу жағдаяттары жиі кездеседі. Мысалы, *«Баяухан: «Қой, мен қайда барсам да, не істесем де абыздан рұқсат алушы едім зой. Қате болған екен, абыздан ақыл алып, бата алмай кеткенім», – деп әскерін сол араға қалдырып, бас уәзір екеуі абызға келіпті.**

Абыз: – Уа, ұлым, қайда аттандың? – деп сұрапты. Баяухан: – Уа, баба, сізден бата ала кеткелі келдім. Жер қайысқан қол жиып, дүниеге тиыштық, әділдік орнатқалы аттандым, – дейді» («Ай астындағы Айбарша сұлу» ертегісі). Бұл мысалдардың біріншісінде қазақ тілінде сөйлеуші реципиент үшін ақсақалдың батасын алу, сыпайы сөйлесу, алғыс алу - мерейлі, мәртебелі іс, қоғамда белгілі бір қалыптасқан дәстүріміздегі үлкенді сыйлау, кішіге құрмет жасау, қонаққа шақыру, бата алу сияқты әдеп ережелері тұрғанын бірден түсінеді. Екінші мысалда абыздан бата алу алдағы аттанғалы тұрған сапарына сәттілік тілеуден туған түсінік деп қабылдаймыз. Бұл туралы Б. Уахатов былай деп жазады: «...бұл да қазақтың ескілікті әдет-ғұрпынан туған, батагөй қариялар айтатын сөз өнерінің бір түрі. Адам бойына жабысқан әр түрлі ауру-сырқауды сиқырлы сөзбен қуып, аластауға болады деп сенген халық, бір замандарда, бақ пен дәулетті де, бас амандығы мен байлықты да ақ тілеу айтып, бата беру арқылы дарытуға болады деп түсінген. Жарылқаймын десе де, жабырқаймын десе де Қыдыр атаның еркі біледі деп есептеген. Бата қалың нөпір ел бас қосқан жиындардың, тойлардың, астардың соңында айтылады» [127, 81].

Ертегі дискурсындағы ертегіші мен тыңдарманның арасындағы қарым-қатынас стратегиясында бата-тілектермен қатар қарғыс мәнін білдіретін сөздер мен сөз тіркестерінің кездесетіні байқалады. Қарғыстардың да шығу тарихы алғыстар секілді көнеден келе жатқандығы ертегі дискурсында анық байқалады. «Мұның себебін адам психологиясының қуану мен ренжу сияқты көңіл-күйлері кезектесіп отыратындықтан, алғыс пен қарғыс, оң бата мен теріс бата да жағдаятқа байланысты айтылып отырған» деп түсіндіреді ғалым Г. Смағұлова [128, 21]. Қарғыс пен алғыстың шығу тегінің өте ертеде екенін айта келіп, Ә. Болғанбаев былай дейді: «Бұлардың негізгі идеялары көбіне діни ұғымдармен тығыз байланысты. Кісінің аузынан шыққан алғысы мен қарғысы арқылы адам баласының, жан-жануарлардың өмір тіршілігін оңайлатуға немесе қиындатуға, ұзартуға болады деген теріс ұғымнан келіп туған» [129, 117-121]. Сөздердің мұндай тобы мазмұны жағынан этностың менталды дүниесіне тән тілдік және тілден тысқары білімдер жүйесінің бар екенін көрсетеді. Бұған дәлел ретінде ертегі дискурсында кездесетін қарғыс мәнді сөздерді айтуға болады. Мысалы, *Кемпір Төстікті бұрынғыдан да жаман қарғап-сілейді:*

- Қыршыныңнан қиылғыр, Төстік! Менің жалғыз балама әлің жеткенше, айдалада тентіреп өлген сегіз ағаңның құраған сүйегін тауып алсаң болмай ма? -дейді.

- «Алда ғана шешек-ай! Өрмегімді үзіп кеттің-ау! Ертеден қара кешке дейін бүйтіп жар қуалап, торғай атқанша, тентіреп кеткен сегіз ағаңды тауып алмайсың ба?» - деп қарғап-сілейді («Ер Төстік» ертегісі), Кешке жақын өзеннен айдап өткізейін десе, сиырлар суға түспейді. Кендебай, ашуланып кетіп, сиырларды сирағынан ұстап алып, бір-бірлеп лақтыра бастайды. Лақтырған сиырлар өзеннің ортасындағы аралға томпылдап түсіп жатады. Сол кезде ханның кіші қызы судың арғы жиегінде көріп тұр екен.

- Ой, оңбаған-ау, қырасың ғой малды. Неге күндегідей: «Айрылғырдың суы, айрыл!» деп айтпайсың?- деп айғай салады. Кендебай: «Айырылғырдың суы, айырыл» - деп еді, өзеннің суы екіге айырылып, ортадан жол ашылады («Керкұла атты Кендебай» ертегісі). Мұндай сөздерді ұғыну үшін тек қана белгілі бір дәрежедегі аялық білімі ғана емес, қазақи ұғымы да болу керек. Белгілі ғалым Н.Уәли: «Сөз шеберлігі тек нормаға тән дұрыстықты көздемейді, сонымен қатар толып жатқан тілдік амал-тәсілдердің ішінен мағына, стильдік жағынан аса дәл, бедерлі, ұтымды түрін талғау дегенге саяды»,— деген пікір айтады [130, 362]. Орыс ертегі дискурсында көңілі толмау мағынасын беруде кемсіту, мұқату мәнді білдіретін теңеу сөздер қолданылады. Оларды төмендегі мысалдан көреміз:

« – Эх ты, старая хрычовка! «Экое диво! -подумал солдат.

Подходит к этой горе и видит – три черта дерутся, кровь с них так и льется, клочья так и летят!

– Стойте, окаянные! За что вы деретесь?

– Да, вишь, третьего дня помер у нас отец, и остались после него три чудные вещи: ковер-самолет, сапоги-скороходы да шапка-невидимка, так мы поделить не можем.

– *Эх вы, проклятые! Из таких пустяков бой затеяли. Хотите, я вас разделю; все будете довольны, никого не обижу»* («Заколдованная зеркало» ертегісі).

Араб ертегі дискурсында қарғыс мәнді сөздер Алла жазалайды, Алла жазасын берсін т.б. сөздермен беріледі. Мысалы, Бұлар сенің ағаң мен әкең, оларды емдемеуің күнә болады. Сен оларға көмектеспесең, Алла саған разы болмайды. («Шейхтің ұлдары» ертегісі).

لا يغفر الله , هذا والدك وأخوك! لا تعالجهم -خطيئة!

Ертегі дискурсының қарым-қатынас стратегиясында сөйлеушілердің ішкі жан-дүниесін, сезімдерін, көңіл-күйлерін бейнелейтін мәнмәтіндерді жиі кездестіруге болады. Сөйлеу актісіне қатысушылардың қуану, сүйінші сұрау, алғыс айту, өтініш жасау және оны мақұлдау, бұйыру және сол бұйрықты орындауға келісу сияқты әрекеттері қарым-қатынас жасау стратегиясын айқындайды. Мысалы, қуану: *«Бала төбеттеріне кезек-кезек мініп, еліне аман-сау жетеді. Бала жалмауыздан аман-сау құтылып келгеніне әке-шешесі қатты қуанып, ел-жұртын жиып, үлкен той қылады»* («Алтын сақа» ертегісі), *«Енді ұйықта, бейшара жолдан шаршаған шығарсың қайғыменен», – деді. Шалдың сөзі Қаратайды қуантты. Шалдың аяғына көз жасымен жығылып, қолын сүйді. Осының әммесіне сенбей Қаратай қуанып сақылдап күлді. «Ей, Құдайым, нендейін гажайыппен мен дүниеге шықтым?! Сен Құдайым, құдіретті, күшті һәм әділ шал сипатында етіп маған құтқарушы жібердің. Осы сөзбенен шалдың мойнынан құшақтап сүйіп, «ата-анам, құтқарушым!» деді. Шал: «Сені Құдайға тапсырдым» – деп көзден гайып болды. ...Сұлудың қуанғанынан жүрегі жарылып кете жаздады. Қуанғанынан өзін ұмытып, қуаныштан шыққан көз жасымен батырдың мойнын жуды. Ақ көңіл Қаратай ағаларының айыбын кешті, бірақ сұлулардың бәрін бермеді, өзі бізге белгілі сұлуды алды, отыз күн ойын, қырық күн тойын етіп кенелді. Мұраты асыл болып, мұнан соң да Қаратай қосағымен көп өмір сүрді»* («Қаратай» ертегісі), *«Сонымен, жеті өнерпаз ханның бас уәзірі Назарға еріп жүреді. Бұлар бірнеше күн жол жүріп, бір-екі күн қалғанда сүйінші сұрауға Назар ханға бір кісі жібереді. Ол барып сүйінші сұрағанда хан аямай сүйінші беріп, алдынан бес жүз ошақ қаздырып, той жасайды. Аман-сау жеті өнерпазды алып Назар да келеді. Хан жеті өнерпазды көріп, қатты қуанып, бала қайғысының бәрін ұмытқандай болады* («Жеті өнерпаз» ертегісі);

сүйінші сұрау: *«Шал келіп: «Ау, кемпір, сүйінші бер! Жерік асың табылды!» – депті. Аңсап жатқан кемпір орнынан ұшып тұрып, шалдың әкелген етінен шикідей екі рет аузы толғанша жепті»* («Жылан қабықты жігіт» ертегісі);

бұйыру: *«- Қазір үшеуің іздеп шығып, құсты да, құлынды да тауып келіңдер. Таба алмасаңдар, менің маңымды көрмеңдер! - дейді хан»* («Керқұла атты Кендебай» ертегісі), *«Талай уақыт өткеннен кейін: «Аш көзіңді!» - дейді Керқұла ат»* («Керқұла атты Кендебай» ертегісі);

бұйыру мен сол бұйрықты орындауға келісу: *«— Мен Мергенбайдың жүйрігін алмай көңілім көншімейді. Ат менікі, құлынын да бергенмін. Осыған*

ақыл табыңдар! – деп бай гөй-гөйге басыпты дейді. Сонда байдың бір ұлы тұрып:

— Атты тегін бермейді, тартып алсақ атты жазым етеді. Ендеше ебін тауып ұрлап алсақ нетеді. Өзінен бір жас кіші інісін жарыс болар күні орнына ауыстырып, жүйрікті ала қою керек. Таңбаны саннан бір соқсақ, мерген тұр гөй көрген де таласа алмай қалады, – депті. Бәрі осыған қош депті» («Пиғылсыз байдың сазайы» ертегісі);

өтініш пен мақұлдау: «Сол арада қараңғылық серпіліп жүре бергенде, сыландаған бір сұлу қыз шыға келеді. Кендебай атынан түсіп қызға қарсы жүреді. Қыз мұның бетіне ұзақ қарайды да:

- Ұзақ жүріп шаршаған шығарсыз, ордама жүріп, тынығып кетіңіз, - дейді. Жәдігөй кемпірдің қыз болып қарсы алатынын, оның ордасына кірген кісі кері шықпайтынын Керқұла ат айтқан болатын.

- Шаршағаным рас. Демалуға қарсы емеспін, бастаңыз, - дейді Кендебай» («Керқұла атты Кендебай» ертегісі), «- Оны да жасап көрдік, балам. Жауыз удан өлмеді. Жұртымызды жұтып тауысатын болды. Қолыңнан келсе, көпшілік үшін аянба, шырағым! – дейді шал өтініп.

— Жарайды! – деп, Бұлдырмерген сауыт-сайманын сайлап, алтын мүйізді шалға ілеседі. Олар жердің үсті мен астын жалғастыратын үңгірден өтіп, қарттың қаласына барады» («Алтын мүйізді киік» ертегісі), «- Айт, айт, балам! - дейді хан.

- Бұдан бірнеше жыл бұрын сіздің жорықшыларыңыз елімізді шауып кетіпті, малымызды айдап, қолға түскен батырымызды байлап алып кетіпті. Міне, сол батырды босатып әкетпек болып келдім. Бұл - бірінші. Екінші жоғым мынау: бір күні малда жүргенімде аспандап ұшқан алты аққудың алтын кебісі менің қолымда қалды. Сол алтын кебіс сіздің елдікі дейді. Соны табыс еткелі келдім, - деп, Кендебай алтын кебісті ханға ұсынады. Хан:

- Дұрыс, балам! Сіздің елдің малын айдатып, батырын байлатып алдырғаным рас. Мергенбай батыр әйелімен екеуі біздің қолда. Зынданда жатқан Мергенбай батырға: «Маған қызмет етсең босатам», - деп елші жіберіп едім, қарысқан батыр екен. «Жауыма қызмет істемеймін. Бірақ қол-аяғымды босатсаң, содан кейін сөйлесем», - деп, қарысып жатып алды. Босатуға қорықтық. Ондағы мақсат: сені қолға түсіру еді. Сенің атағың бізге де мәлім еді. Сені алдыртып, құлынымды қоймайтын қара құсқа жұмсамақ едім. Өзім іздеп таба алмаған соң, намысы болса, іздеп келер деп еліңді шаптырып, батырыңды байлатып алдыртқан едім. Одан кейін де екі жылдай келмедің, содан соң алты қызым сені іздеп барған болатын. Бұл менің кіші қызымның кебісі. Енді сенің алдыңа қоятын тағы бір шартым бар. Ол мынау: дүниеде жеті басты дәу бар, ақырған арыстан бар, жалмауыз кемпір бар. Осы үшеуін өлтіріп, бастарын алып кел. Осыны орындасаң, батырыңды босатып, беремін, малынды өзіңе қайтарамын. Кіші қызымды беріп күйеу етемін, - деді» («Керқұла атты Кендебай» ертегісі);

серттесу: «Төстік жүрерде, Кенжекей Құба інгенге бура шөгереді: "Не Төстік өлді деген күні, не Төстік келді деген күні шешіл", - деп серт қылады» («Ер Төстік» ертегісі).

Ертегі дискурсының қарым-қатынас стратегиясында адамның қуану, риза болумен қатар ренжу, өкіну, қайғыру сияқты жағымсыз көңіл-күйін сипаттайтын жағдаяттардың кездесуін адам табиғатындағы өмір мен өлім, жақсылық пен жамандық, ақ пен қара, қайғы мен қуаныш т.б. оппозициялық ұғымдармен түсіндіруге болады. Мысалы, жалыну: «- Ағарған сақал, шашым бар! Қартайып келген жасым бар! Тоғыз келінімді жаңа гана түсіріп, жаңа гана қызығын көрейін деп отырмын. Қоя бер мені, шешешан, - дейді.

- Жоқ, - деп кемпір қысып қояды. Ерназардың жаны шығып барады.

- Тоғыз келін түсіріп, Елдей көшіп келемін. Толып жатқан жасаудан Тойғаныңша беремін. Босат мені, шешетай! - дейді.

- Жоқ, - деп кемпір қысып қояды. Ерназардың жаны шығып барады.

- Оған разы болмасаң, Тоғай толған қойым бар. Қанша алатын ойың бар?

- Жоқ, - деп кемпір онан сайын қысады, Ерназардың жаны шығып барады.

- Оған разы болмасаң, Желі толған түйем бар. Соған бер мені, шешетай! - Қоя бер мені, шешетай! - дейді.

- Жоқ, - деп кемпір қысып қояды. Ерназардың жаны шығып барады.

- Оған разы болмасаң, өріс толған жылқым бар, - Не аяйтын сиқым бар? О да болсын сенікі, Бір әділ жан менікі, жіберші мені, шешеке! - дейді.

- Жоқ, - деп кемпір онан сайын қысады. Ерназардың жаны шығып барады.

Оған разы болмасаң, сойылдай сегіз ұлым бар, - Менде қандай құның бар? О да болсын сенікі. Бір әділ жан менікі. Жібере көр, шешеке! - дейді.

- Жоқ, - деп кемпір қысыңқырап жібергенде, Ерназардың жаны мұрнының ұшына келеді, өлуге аз-ақ қалады.

Оған разы болмасаң, Атамасым атайын, Сегізінен бір бөлек, Жалғызымда қуат боп, Жіберші мені, шешеке! -дегенде, кемпірдің қолы босанып сала береді» («Ер Төстік» ертегісі), «Бала қарғаға:

— Ау, қарғалар, қарғалар, қанатымен жорғалар. Жайлаудағы бес төбетіме хабар айта кет, мені жалмауыз кемпірден арашалап алсын, – дейді» («Ер Төстік» ертегісі);

өкіну: «Кемпір тұрса, тағы да кетпені де жоқ, түлкі де жоқ. «Алда, ойбай-ай, алдаған екен зой» деп, тағы да бір тісін суырып кетпен қылып, бәйтеректің түбін қаза береді» («Алтын сақа» ертегісі), «Ерназар сасыңқырап қалып, қорбаңдап, өп-өтірік кісесін қараған болады да: "Қап, әттеген-ай, қалып қойған екен. Түнеугі Сорқұдыңтың басында Құба інгенді іздеп барғанда, бір талдың түбіне түсіп қалған екен зой", - дейді» («Ер Төстік» ертегісі);

Ертегі дискурсының қарым-қатынас стратегиясында қаратпа сөздер сөйлеушінің өз діттемін іске асыру мақсатында жұмсалады. Мысалы,

«- Шырағым, шаршадың зой. Деміңді алып ұйықта, жарысарда өзім оятамын, - деп оны алдап ұйықтатып тастайды» («Ер Төстік» ертегісі),

« - Шырағым, өзің түсіп ал. Кәріліктен отырсам - тұра алмаймын, тұрсам - отыра алмаймын, – дейді» («Алтын сақа» ертегісі), «— Қонсам қонайын,

өркенің өссін, шырағым-ай! – деп, Жандыбатырдың үйіне келеді» («Ұшар ханның баласы» ертегісі).

Ертегі дискурсындағы сөйлеуші де, тыңдаушы да немесе адресант пен адресат та – белгілі бір әлеуметтік жіктің өкілдері. Адамның дағдылы іс-әрекеті немесе әлеуметтік әдебі, оның ішінде сөз әдебі, сол әлеуметтік қоғамға, ортаға лайық болады. Қатынасқа қатысушылардың жас ерекшелігі, жынысы, мекені, кәсібі, жұмысы, отбасындағы орны оның әлеуметтік белгілері болып табылады. Ертегі дискурсының қарым-қатынас стратегиясына қатысушы адам өзінің әлеуметтік белгілеріне қарай, рөліне қарай сөйлейді. Қазақ ертегі дискурсында әлеуметтік рөлдер бай мен кедей, хан мен уәзір, патша мен батыр, батыр мен мыстан т.б. тәңірегінде көрінеді. Мысалы, *«Ертемен жалғыз ала сиырын ыңырашақтап Мергенбай қосын артып, аттануға бет қояды. Сол мезет бай шығып:*

— *Ей, құл, үйіңе жапқан құрымды қалдыр, кейінгі құлға керек-ті, – деп ақырыпты. Құлдың көші әудем жерге барғанда бай:*

— *Мергенім еңбегің көп сіңіп еді кейін келіп ала байталдың құлынын ал, – деп енесі жеріп емізбей іргеде өлгелі жатқан құлынды көрсетіпті» («Пиғылсыз байдың сазайы» ертегісі), «- Мен айтсам, бұлардың айтып отырғаны өтірік. Бұларға көрінбей мен де күзеттім. Түн ортасы кезінде екі балаңыз ұйықтап қалды. Таң алдында бие бір алтын құйрықты, құндыз жүнді құлын туды. Аспаннан бір бұлт түйіліп келді де, оны көтеріп ала жөнелді. Мен құйрықтан шап беріп ұстай алдым. Бұлтпен араласқан үлкен құс құлынды алып кетті де, құйрық менің қолымда қала берді, - дегенде, сөздің аяғын күтпей:*

- *Құйрық қайда? - деді хан.*

- *Тақсыр, сабыр етіңіз. Мен алтын құйрықты пайда қылғым келсе, сізге айтпаймын ғой, міне, құйрық, - деп Кендебай құйрықты қойнынан суырып алғанда, үйдің іші жап-жарық болып кетеді. Ханның балалары ұялып жерге қарайды» («Пиғылсыз байдың сазайы» ертегісі), «Алдияр, не қыл дейсіз?» – деп екі дәу жетіп келіпті. Сонда ханның баласы айтыпты: «Тез, ана шаһардың қатып қалған адамдарын тірілтіп, баяғы қалпына түсір», – депті. Екі дәу бұлт боп кетіп, әлгідей уақыт болмай қайтып келіп: «Тақсыр, айтқаныңыз орындалды», – депті.*

– *Енді үшеуімізді қазір сол шаһарға жеткіз, – депті ханның баласы.*

– *Көздеріңізді жұм, – депті, үшеуі көзін жұмып ашса, баяғы қатып қалған шаһарда хан сарайының алдында тұр екен. Ханның баласы балықты қысып-қысып қойған екен: «Тақсыр: алдияр, не қыл дейсіз?» – деп екі дәу шыбын-шіркей болып жалыныпты» («Ай астындағы Айбарша сұлу» ертегісі). «Залился стрелец горькими слезами, пошел к своему богатырскому коню.– О чем плачешь, хозяин?– спрашивает конь» («Жар-птица и Василиса-царевна» ертегісі), «– Здравствуй, бабушка! Скажи, как бы мне отыскать мою прекрасную королевну?»*

– *Не знаю, голубчик! Видом ее не видала, слыхом про нее не слыхала. Ступай ты за столько-то морей, за столько-то земель – там живет моя середняя*

сестра, она знает больше моего; может, она тебе скажет» («Заколдованная королева» ертегісі), «Иван-царевич не знает, как ему быть; приходит к своим сестрам и спрашивает:

– Любезные мои сестрицы!

Что мне делать? Все короли поднялись на меня войною.

– Ах ты, храбрый воин! Чего убоялся? Как же Белый Полянин воюет с бабой-ягою золотой ногою, тридцать лет с коня не слезает, роздыху не знает? А ты, ничего не видя, испугался!» («Иван-царевич и Белый Полянин» ертегісі). Орыс ертегі дискурсында қолданылатын қаратпа сөздерге экспрессивті-эмоционалды реңк беретін, яғни еркелету, құрметтеу сияқты сөздер қолданылады. Олар қазақ тілінде қарағым, шырағым, т.б. түрінде болса, орыс тілінде голубчик, любезные сестрицы, добрый молодец, храбрый воин т.б. сөздер болып келеді.

Араб тілінің грамматикалық заңдылығында сыпайылықты білдіретін арнайы қосымшалардың орнына адамның мамандығы, кәсібі қосылып айтылады. Мысалы, доктор Әли, ұстаз Хасан, т.б. Сол сияқты араб ертегі дискурсында да қаратпа мәнді беруде сиқыршы Мұстафа, Будур ханшайым, тігінші Хасан, саудагер Ахмад т.б. атаулар қолданылады. Дискурсқа қатысушылардың қарым-қатынас стратегиясындағы сөйлеу әдебін білдіреді. Мысалы, («Аладдин» ертегісі)

وَمَا إِنْ حَكَّتِ الْمِصْبَاحَ بِيَدِهَا، يَتَأَمَّلُ حَتَّى ظَهَرَ أَمَامَهَا جَنِّي هَائِلُ الْجِسْمِ، وَصَرَخَ بِصَوْتٍ عَالٍ كَالرَّغْدِ :
كَالرَّغْدِ عَالٍ لَبَّيْكَ، لَبَّيْكَ (أَجَبْتُكَ) ! مَاذَا تُرِيدِينَ، يَا سَيِّدَتِي ؟

Қиял-ғажайып ертегілердегі оқиға қандай да бір ғажайып құралдар арқылы жасалып отырады. Қиял-ғажайып ертегінің сюжетінде таңғажайып құралдар немесе сиқыр күшін қолдану арқылы барлық қиын тапсырмалардың орындалатынын әңгімелейді. Ертегілер құрылымында міндетті түрде қатысатын екі буын өкілдері бар. Қартайған ата-ана немесе ерекше болып туылған бас қаһарман. Олар әдеттегідей сол үлкен буын өкілдерін іздеп жолға шығуынан басталып, еліне оралғанға дейінгі аралықтағы уақыт, кеңістік, ертегілік қиял, оқиғалар – барлығы ертегіге тән әмбебап құрылым бойынша кезекпен орындалып отырады.

Орыс ертегі дискурсында «в некотором царстве», «в некотором государстве» тіркестері арқылы ерекшелуге болады. Орыс халқының қиял-ғажайып ертегілерінің оқиғалары орыс елінде орындалғанымен, оқиға өткен жерге назар аударылмайды. Бұған орыс ертегілерінде мүлдем кеңістік атауы кездеспейтіндігі дәлел бола алады. Ертегі дискурсының астырт құрылымы – бұл адамзаттың адамгершілік кейпі, олардың өмірлік, тұрмыстық идеалы саналатын тұлға жауларымен қоса, жер бетіндегі барша жамандықпен айқасуынан көрінеді. Жамандықтың образы ретінде жалмауыз кемпір, айдаһар, Кощей және шынайы образдар патшалар, помещиктер мен поптар беріледі.

Араб ертегі дискурсында *Ібіліс, шайтан, жын, Әзірейіл, Жәбірейіл* тәрізді кейіпкерлердің болуы ислам дінінің келуімен тікелей қатысты. Араб-мұсылман елдеріне түсінікті діни тілдік бірліктер. Әрқайсысының жасайтын өз қызметі бар. *Ібіліс* (дьявол) – адамзатты аздырушы. Сөйтсе де ертегіде оны

жеңетін ақылды жандар табылады. Теңдессіз күші бар жынды қарапайым айласы артқан балықшы құмыраға салып, шығармай қояды. Яғни, айла мен ақыл бәрін жеңеді деген оймен қорытады. Шығыстық мифологиялық дәстүрде жынның жасырынған мекені қандай да материалдық мәдени зат болып келеді. Мысалы, «май шам», «амфора», «құмыра» және т.б. Араб ертегі дискурсы бойынша мифологиялық жаратылыс иесі – жын зат иесінің елгезек, әрі бар тілегін орындайтын бағыныштысы болып табылады. В.Я.Проптың «Морфология сказки» атты еңбегінде аталғандай, ертегілерде кейіпкерлерінің аттары өзгергенімен қызмет түрлерінде айтарлықтай өзгешелік болмайды [131, 234].

«Ертегі мәтінінде небір сөз шұрайы, троптың түрлері, теңеулер, қисынды сөз оралымдарын байқаймыз. Бұл дегеніңіз қазақ халқының сөз өнеріне деген құрметі, жалпы ұлттың дүниетанымын, әлемдік бейнесін, қоршаған ортаға, тарихи құбылыстарға деген танымын аңғартады. Осындай ертегілер арқылы және олардың сюжетін аңғара отырып, біз түрлі елдердің өмір сүру салтын, халықтарының тұрмыс-тіршілігін танимыз, түрлі халықтардың тұрмысы мен мәдениетіндегі айырмашылықтарды байқаймыз. Сондықтан да әлем халықтарының кез келгенінің ертегілер жинағы тек қызықты әдеби шығарма ғана емес, сонымен қатар өзіндік ерекшелігі бар әлемдік энциклопедия, елдер мен халықтардың мәдениеті туралы да қажетті білім беретін қайнар көз» деп жазады С.Қасқабасов [132, 269].

Қорытындылай келе, ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемінің қарым-қатынас стратегиясы сөйлеушілердің сөйлеу мәнерінің ерекшелігінен, ұлттық сөйлеу әдебінен, сөйлеудегі сыпайылық пен сөз мәдениетінен, сөйлеуде қалыптасқан стереотипті формалардан көрінеді. Сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы дискурс орын алу үшін ұлттық сөйлеу әдебі ерекшеліктеріне назар аударудың маңызы зор.

2.3 Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемінің когнитивтік-коммуникативтік деңгейде өзектелуі

Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемінің когнитивтік-коммуникативтік деңгейі екі аспектіде қарастырылады: коммуникативтік (дискурс – экстралингвистикалық факторлардың маңыздылығын өзектейтін әлеуметтік әрекет) және когнитивтік (дискурс – сана механизмі). Ертегідегі дискурстық әрекетке когнитивтік сипат тән, ол ақпаратты өңдеу мен білімді тасымалдаумен байланысты анықталады. Ертегі дискурсының когнитивтік-коммуникативтік аспектісі қарым-қатынас ережесі туралы білім (қарым-қатынасқа қатысушылар: ертегіші мен тыңдаушы, қарым-қатынас жағдаяты т.б.) мен дүние туралы білімге (дүниені ұлттық, мәдени, әлеуметтік, кәсіби, гендерлік және т.б. ерекшеліктермен қабылдау) негізделеді. Сөйлеуші өзінің тілдік білімі мен нақты жағдаятқа сәйкес қажетті тілдік бірліктерді қарым-қатынас ережесіне сай таңдайды, сөйтіп дискурсқа түседі. Тыңдаушы өзінде бар білім мен дискурстық тәжірибеге сай ақпаратты қабылдайды. Дискурсқа

түсу үшін қарым-қатынас актісінде қандай тілдік құрылымдар таңдап алынады деген мәселе дискурстық әрекеттің когнитивтік аспектісін құрайды және сол тілдік құрылымдар қандай түрде қолданылады деген сұрақ дискурстық әрекеттің коммуникативтік аспектісін анықтайды.

М.Л. Макаров коммуникативті әрекетті басқаратын танымдық құрылымдар, әдетте, қарым-қатынасқа қатысушылардың өзара әрекеттесуін көрсететін сценарийлер түрінде ұйымдастырылған деп санайды [119, 96].

Дискурсқа қатысу үшін ертегіші мен тыңдаушыда белгілі бір білімдер мен дағдылар жиынтығы болады, онда тек тілдік аспектілер ғана емес, сонымен қатар психологиялық категорияларды қамтитын тілдік ойлау аспектілері де жүзеге асырылады. «Қарым-қатынас адамның ойлауынсыз да, дискурсыз да мүмкін емес, ол тек лингвистикалық жоспарға ие (мұнда дискурс тіл мен тілдік құралдармен байланысты, нәтижесінде пайда болған мәтіндердің жиынтығында көрінеді), сонымен қатар лингвокогнитивті (дискурс тілдік санамен байланысты және тілдік құралдарды таңдауды анықтайды, мәтіндерді туғызу мен қабылдауға әсер етеді, үдеріс ретінде көрінеді)» [133, 201].

Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерінің когнитивтік-коммуникативтік аспектісі аталған дискурс түрінің адамның тілдік санасымен, білімдер қорымен, оларға берілген бағасымен және ақпарат жеткізуге бағытталған қарым-қатынас стратегиясының ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Олай болса, кез келген ұлттың тілдік санасы оның дүние туралы білімімен, мәдениетімен, әлеуметтік ортасымен, діні, ділі, салт-дәстүрімен байланысты дамып, оның өзіне ғана тән коммуникативтік сөйлеу мінез-құлықтарын қалыптастырады, осыдан келіп әр ұлтқа тән ұлттық мінез қалыптасады деп тұжырымдаймыз.

Зерттеуіміздің осы тараушасында ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін анықтаудың когнитивтік-коммуникативтік аспектісі қарастырылады. Когнитивтік-коммуникативтік аспекті аясында ертегі дискурсындағы қарым-қатынас мінез-құлқының ұлттық ерекшеліктеріне назар аударамыз, атап айтқанда мінез-құлықты басқару, қарым-қатынас ұстанымдары, жағдаяттың өзгеруіне байланысты өз шешімін өзгерте алу қабілеті, бейімделу білігі, ой ұшқырлығы т.б.

Қазақ ертегі дискурсынан «жатсынбау» ұстанымы анық байқалады, яғни көшпенді өмір сүрген ата-бабаларымыз кез келген өмірлік жағдаятта бір-біріне көмек қолын созуды, қолдау көрсетуді, бірінен-бірі сүйеніш табуды рухани-адамгершілік қасиет деп түсінген. Бұған тіліміздегі «адамның күні адаммен» деген мақалымыз дәлел болады. Қазақ ертегі дискурсында қарым-қатынастың аталған ұстанымы айқын көрінеді. Мысалы, *«Жаңағыз бейтаныс әйел осы иен далада неғып отырғанын айтады.*

– Менің күйеуімнің бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс. Ол қазір адам іздеп, әрі малын бағып далада жүр, кешке қарай келеді. Ал маған көрсеткен қорлығы ұшан-теңіз. Мен адам атаулыны көрмегелі бірталай жылдар болды. Енді адам атаулыдан сізді көріп отырмын. Мені осы пәледен құтқара көріңіз, – дейді. Мұрат бұған ықылас білдіреді» («Алтын жүзік» ертегісі), *«Ол мейлінше қайырымды болыпты, жылағанды жұбатыпты жатсынуды сүйемпті,*

табысына бүкіл ел ортақ болыпты. Керқұла атты Кендебай батыр атанып, әлемге аян болыпты. Олай болса, жылама. Мен әке-шешенді іздеп тауып берейін, - дейді Кендебай. Бала қуанып кетеді» («Керқұла атты Кендебай» ертегісі), «Бала Күнікей қызды іздеп кетеді. Бірнеше күн жүріп келе жатса, алдынан екі алақанына екі тауды салып жүрген бір дәу кездеседі. Бала бұл дәуден жөн сұрайды, сонда дәу:

– Күн астындағы Күнікей сұлуды іздеп бара жатқан бала сен болсаң, мен жолдас болғалы жүрмін, – дейді» («Күн астындағы Күнікей қыз» ертегісі).

Сондай-ақ “Ер Төстік” пен “Күн астындағы Күнікей қыз” ертегілерінде кездесетін ғажайып көмекшілер *Таусоғар, Желаяқ, Көлтаусар, Саққұлақ*, т. б. ертегішінің ұлттық санасындағы «жатсынбау» ұстанымының көрінісі деп айтуға болады. Көріп отырғанымыздай, қазақ ертегі дискурсында ғажайып көмекшілер ертегінің бас кейіпкерін танымаса да, оған көмек береді, демек, оны жатсынбай, алдағы барлық қиын сынақтардан сүрінбей өтуге ықпал етеді. Бұдан қазақ ертегі дискурсындағы тілдік санада ертеден-ақ аталған қарым-қатынас ұстанымының берік орын алғанын байқауға болады.

Көшпенді қазақ өзінің жеті атасын білуді тіршілік қалпы деп түсінген. Әрбір адам өзінің жеті атаға дейінгі ататегін біліп, туыстық қатынасты құрмет тұтқан. Жеті ата туыстық арасында қыз алыспау қазақтардың этнобиологиялық және этномәдени бүтіндігін қамтамасыз еткен. Мұны қазақ ертегі дискурсынан анық көруге болады. Мысалы, «*Бұл кезде Базар ел жиып, той жасапты. Ондағы ойы өзін «бай» атандыру екен дейді. Алты Алаштың аты жеткені жиналған ұлы тойда Базар тұрып, ел ақсақал, қарасақалына, молдасы мен битөрелеріне мынаны айтыпты: «Мені өздерің білесіңдер, жеті атамнан дәулет кетпеген байдың ұрқымын. Жұрт мені Базар дейді, бай демеяді*» («Пиғылсыз байдың сазайы» ертегісі). Қазақтар туыстық қатынасты үш жұртқа бөлген: өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты. Қазақ ертегі дискурсында туыстық қатынастардың қазақ санасында өз жұртың сияқты қайын жұрттың да орны бөлек екенін, ененің ақылшы болатыны немесе нағашы жұрттың жиенмен қарым-қатынасы, «жігіттің жақсы болуы нағашыдан» деген мақалдың берік орныққанын көруге болады. Мысалы, «*Жігіт әйеліне келеді.*

Әйелі:

– *Мұның жайын білмеймін, енді енеңе бар, сол бір ақыл табар, – дейді.*

Сонымен бірнеше күнде қайнына келіп жетеді. Келген жұмысының бетін айтады.

– *Әй, балам-ай, бәрі өзіңнен! Қырық күнге шыдасаң зой, онда мұндай пәлеге душар болмас едің. Жарайды, қайыр. Енді ақыл табылар, – деп қасқыр енесі күтіп жатқызады.*

Ертеңіне енесі ақыл береді» («Қасқыр мен жігіт» ертегісі), «*Шешесі:*

– *Қарағым, сен баратын жақын жерде нағашыңның үйі бар, соған барып, көңіліңді көтеріп ойнап-күліп қайт, – дейді.*

Әлібек шешесінің тілін алып, нағашысының үйіне бармақшы болады. Бұған бару үшін Әлібек жылқысына келіп, жылқышыға ат ұстатып мінсе, әкесінің жинаған малынан оны бір жылқы көтере алмай, белі үзіліп қала береді.

Әлібек нағашысының үйіне жаяу барады. Нағашысы алдынан шығып, жиенінің келгеніне қуанып, жаяу келген себебін сұрайды. Әлібек ыза болып:

– Әкем жылқы жсмай, ит жсиган екен! Осында мініп келуге бір ат таба алмай, жаяу келдім. Сондықтан, маған мінетін ат беріңіз, – дейді.

Нағашысы жылқыдан өзі таңдап алуына ерік беріп, жылқысына ертіп келсе, өзге жылқыдан өзгеше болып бір қызыл құнан көзіне түсе кетеді. Әлібек ұстап алып, қарғып мініп, қызыл құнанмен шапқылап отырып шешесіне келеді («Әлібек батыр» ертегісі).

Көшпелі қоғамдағы өмір адамды өз өзімен және табиғатпен етене жақындыққа әкелген. Үйір-үйір жылқы немесе отар-отар қой бағып, күн ұзағына малдың соңында жүрген адам табиғатпен үндестікте өмір сүрген. Қоршаған әлеммен күнделікті тәжірибесі оның рухани-интеллектуалдық, эмоционалды-құндылық мәніне айналған. Күнделікті тұрмыс-тіршілігі оның табиғатпен үйлесімділік тауып, ішкі жан-дүниесінің тыныштығын, жайлылығын, көңіл-күйінің қалыпты болуын қамтамасыз еткен. Осыдан қазақ ұлттық мінезіндегі сабырлылық пен төзімділік, шыдамдылық, дарқандық, кеңдік қалыптасқан. Ұлттық мінездегі осы қасиеттер қазақ ертегі дискурсынан анық көрінеді. Мысалы, *«Зынданда жатқан Мергенбай батырға: «Маған қызмет етсең босатам», - деп елші жіберіп едім, қарысқан батыр екен. «Жауыма қызмет істемеймін. Бірақ, қол-аяғымды босатсаң, содан кейін сөйлесем», - деп, қарысып жатып алды. Босатуға қорықтық [97] («Керкұла атты Кендебай» ертегісі).*

Қазақ санасындағы әлеммен, дүниемен байланыс сәби кезінен басталған, өзін қоршаған әлемді етене тану, онымен тікелей байланыста болу рухани жан дүниесін байытқан. Осы қатынастар тіршілік, өмір құпияларын ашуға, оны тереңдеп ұғынуға жетелеген. Аталған қарым-қатынас адамның өн бойынан өтіп, оның бүкіл өмірлік тәжірибесінде, ұлттық мінез-құлқында қайталанбас із қалдырған, әрбір адамның рухани бай ішкі дүниесін түсінуге мүмкіндік берген. Осы байланыстардың нәтижесін қазақ ертегі дискурсындағы дана қария, абыз бейнелерінен көре аламыз. Мысалы, *«Қариядан жән сұрап, үшеуі ортаға ала бастайды. Сонда қария айтыпты. «Шырақтарым, мен Құддыс хан деген ханның досы едім. Оның туысқанын дәулер қатырып кетті, мен осылардың шаһарының күзетшісі болып жүрмін. Сендер тегін адамдар емес шығарсыңдар, қонақ болып жата беріңдер, мен енді қырық күнде келемін, оған шейін осы шаһарда болыңыздар, менің баратын зәру жұмысым бар еді, жалғыз-ақ анау тұрған алтын сарайды ашпаңдар, одан басқаларын аралауға болады», – депті. Ханның баласы: «Мақұл, қария», – деп, шалға рұқсат беріп, өздері сол шаһарда қала береді» («Ай астындағы Айбарша сұлу» ертегісі), *«Сонда абыз отырып: – Ә, балам, тиыштық па, әділдік пе, ә, тиыштық, әділдік орнатам деп соғысқа аттандым де, – деген екен де, үндемей отырған екен. Сонда Баяуханның тиыштық орнатам деп, жер қайысқан қолмен қырғынға аттанған қатасы ойына түсе қалып: «Енді аяғын айтпаңыз, абыз, мен тоқталдым, өз жазамды өзім айтайын, менің жазам өмір бойы күлмеу болсын», – деген екен» («Ай астындағы Айбарша сұлу» ертегісі).**

Қазақ қоғамында басына қуаныш немесе қайғы түскен адам еш уақытта жалғыз қалмаған. Көшпенді өмір салты бірлесіп өмір сүру дағдылары мен ұжымдық сана қалыптастырған. Сондықтан жеке адамның өмірінде орын алып жатқан той, шашу, көрімдік, сүйінші сияқты ғұрыптар қуаныштың жалпыға ортақтығын бейнелеген. Мысалы, *«Төстігі бастап, Ерназардың сегізі аман-есен елдеріне келеді. Балалары аман-есен келген соң, Ерназар ел жиып, той қылады. Түйеден бура, жылқыдан айғыр, ту бие, қойдан құнан қой сойып, қымызын көлдей, етін таудай қылып қояды. Ақсақал, қарасақалын түгел разы қылады»* («Ер Төстік» ертегісі). Жалпы қазақтың ұлттық санасында қайғыны да бөлісетіні белгілі. Бірақ ертегі дискурсында, оның ішінде біз зерттеу нысаны етіп отырған қиял-ғажайып ертегілерінде қайғыны бөлісу кездеспеді, мұны біз ертегілердің барлығы жақсылықпен аяқталатынымен және оның дидактикалық қызметімен байланыстырамыз.

Қазақ үшін «жақсы сөз – жарым ырыс». Қазақ сөз қадірін білген, сөзге тоқтаған, сертте тұрған, жақсы адаммен тілдескеннен жан рақатын алған, аталы сөзді құрметтеген. Қазақтың ұлттық мінезіндегі осы қасиеттер ертегі дискурсынан көрінеді. «Қырық өтірік» ертегісінде тазша баланың тауып айтқан өтірік өлеңі тыңдаушысын таңқалдырып, хан риза болып, берген уәдесін орындайды. Бұдан баланың тапқырлығы мен сөзге шешендігін, ханның уәдесінде тұру сияқты қасиеттерді көреміз. Мысалы, *« - Тақсыр! Әкемнің белінде, шешемнің құрсағында жүрген кезімде, әкемнің әкесінің жылқыларын он бес жыл бағыптын. Алған ақыма өзіме қалың беріп, қатын алыптын, бесті-алтылы бала сүйолімін, сол қатынымнан туған балаларымның қолындағы кенжесі, осы уақытта жиырманның бесеуінде; өзімнен он жас үлкен»* («Қырық өтірік» ертегісі), *«Баланың қиыстырып, бір ауыз да рас сөз араластырмай айтып, сүрінбегеніне хан таң қалып, дегенін істепті»* («Қырық өтірік» ертегісі).

Қазақтың қарым-қатынас мінез-құлқынан ғасырлар бойы қалыптасқан қонақжайлылық, құдайы қонақ, құтты қонақ түсініктері көрінеді. Қазақы мінезге тән қонақжайлылық қазақ ертегі дискурсында жиі кездеседі. Оның себебін қазақ халқының көшпенді өмір салты, малға жайлы қоныс іздеп бір-бірінен алшақ тұруы оларды сөйлесуге, араласуға құштар еткен немесе алыс ауылдардың арасында жол жүрген жолаушының құдайы қонақ болып келуі, оған сый-құрмет көрсетіліп, онымен тілдесіп, қызықты әңгімелерін тыңдап, рухани азық алуымен түсіндіруге болады. Соның нәтижесінде қазақтың ұлттық мінезіндегі жатсынбау, көпшілдік, кеңдік, дарқандық, қонақжайлылық қасиеттері қалыптасқан. Бұған ертегі дискурсындағы төмендегі мысалдар дәлел болады:

«- Жақсы келдің, Ер Төстік! Жер астындағы ел де сені ренжітпейді, - дейді. Сұр жыланның бірі жігіт, бірі әдемі қыз болып кетеді. Олар да:

- Жер үстінің Ер Төстігі, жер астына жақсы келдіңіз. Жер астының алыптары, өнерпаздары сенің шылауыңда болады, - дейді» («Ер Төстік» ертегісі), *«Кеңе ханның малға әкелген қора-қора қойының келе-келе түйесінің, үйір-үйір жылқысының бәрі де тойға сойылады. Ер Төстік жолдастарымен*

бір үйде отырады. Бұларды тойғызамын деп, қанша ет әкелсе де жетпейді» («Ер Төстік» ертегісі).

Қазақ ертегі дискурсында кездесетін ұлттық мінез-құлық қасиеттердің бірі – тапқырлық. Өмірлік қиын жағдайларда дұрыс шешім қабылдай білу, қиындықтан шығатын жол табу қасиеттері ертегі дискурсынан көрінеді. Мысалы, *«Төстік жылқыдан алты аяқты ала атты мініп, жеті аяқты жирен атты жетегіне алып келе жатқанда, алдынан Кенжекей шығып, мынаны айтады: - Сан жорғаны алмадым. Ер аты деп таңдадым. Айыл-тұрманы, әбзелін Төстік, саған арнадым. Жабы емес, қазақы ат, Ер серігі қолғанат - Шалқұйрықты мін, Төстік! Сан жасауын алмадым, Саған бола таңдадым, Ақсырмалдай сауытты Осы жолға ки, Төстік! - деп зарлайды. Төстік Кенжекейдің тілін алып, Шалқұйрық атты мінетін болады» («Ер Төстік» ертегісі).*

Орыс ертегі дискурсынан орыс халқының сөйлеу мінез-құлық ерекшеліктері анық көрінеді. Орыс халқының сөйлеу мінез-құлқындағы тез тіл табысу мен қарым-қатынасқа тез түсу, кеңес беруге құмарлық, таныс емес адамға ескерту жасау, шынайылық, ресми қарым-қатынастан гөрі, бейресми қарым-қатынасты ұнату, танымайтын адамға ішкі сырын ақтару, «өтірік күлуді» жаратпау, дауласуға құштарлық, өз пікірін айтуға ұмтылу, өзінің қиын өміріне шағымдану т.б. ұлттық ерекшеліктер деп көрсетуге болады. Мәселен, орыс халқы қонаққа аздап кешігіп келуін қонаққа шақырған үй мүмкін дайындалып үлгермей жатқан болар деп түсіндіреді. Дүкенде, банкте кезекте тұрып қасындағы таныс емес адаммен тез сөйлесіп, өзінің отбасы, шаруасы туралы айта келіп, сөйлесіп тұрған адамынан оның жеке табысы туралы да сұрау орыстар үшін қалыпты жағдай болып саналады. Ал бұл мәселе, әсіресе еуропа халықтары мәдениетінде қарым-қатынастағы әдепсіздік болып саналатыны рас. Ағылшындар үшін жымию асқан сыпайылық белгісі болса, орыстар үшін «өтірік күлкіге» орын жоқ, өтірік күлу сыпайылық белгісі емес, керісінше жағымсыз қарым-қатынасты қалыптастырады деп түсінеді. Орыс халқының ұлттық санасы мен сөйлеу мінез-құлқындағы ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениеттің осындай белгілері оның тілінен көрініс табады. Оған орыс ертегі дискурсын зерттегенімізде анық көзіміз жетті. Мысалы, *«Василиса-царевна усмотрела золотую маковку, приплыла к берегу, выступила из лодочки и любителю на палатку».*

– Здравствуй, Василиса-царевна! – говорит стрелец.

– Милости просим хлеба-соли откушать, заморских вин испробовать.

Василиса-царевна вошла в палатку; начали они есть-пить, веселиться. Выпила царевна стакан заморского вина, опьянела и крепким сном заснула» [97] («Жар-птица и Василиса-царевна» ертегісі). Берілген мысалдан Василисаның мерген жігітті алғаш рет көре тұра, оны жатсынбай, тез тіл табысып кеткенін көруге болады.

Орыс ертегі дискурсында орыс халқының сөйлеу мінез-құлқындағы біреуге кеңес беруге құмарлық қасиетті байқауға болады. Мысалы, *«Прощается она с мужем, дает ему мешочек – сполна семечком насыпан, и говорит:*

– По какой дороге поедешь, по обеим сторонам кидай это семя: где оно упадет, там в ту же минуту деревья вырастут; на деревьях станут дорогие плоды красоваться, разные птицы песни петь, а заморские коты сказки сказывать» («Заколдованная королева» ертегісі), «Из таких пустяков бой затеяли. Хотите, я вас разделю; все будете довольны, никого не обижу.

– А ну, земляк, раздели, пожалуйста!

– Ладно! Бегите скорей по сосновым лесам, наберите смолы по сто пудов и несите сюда» («Заколдованная королева» ертегісі).

Орыс халқы біреуге ескерту жасағанды жақсы көреді, бірақ ол ескертуі орындалмауы да мүмкін. Мысалы, «Спрашивает его старуха:

– Где ты пропал до сих пор? Еле дождалась тебя!

– Виноват, бабушка! Я зашел в новое царство, где живет прекрасная королева; муж у ней без вести пропал, так теперь сватают ее разные цари и царевичи, короли и королевичи» («Заколдованная королева» ертегісі).

«– Ах ты, храбрый воин! Чего убоялся? Как же Белый Полянин воюет с бабой-ягою золотой ногою, тридцать лет с коня не слезает, роздыху не знает? А ты, ничего не видя, испугался!

– Какой же ты воин! Сутки воевал, да трое суток без просыпа спал. Как же Белый Полянин воюет с бабой-ягою золотой ногою, тридцать лет с коня не слезает, роздыху не знает?» [104] («Иван-царевич и Белый Полянин» ертегісі), «– Я ж тебе говорил: не бери пера, горе узнаешь! Ну, да не бойся, не печалься: это еще не беда, беда впереди! Ступай к царю, проси, чтоб к завтраму сто кулей белоярой пшеницы было по всему чистому полю разбросано» («Жар-птица и Василиса-царевна» ертегісі).

Орыстың сөйлеу мінез-құлқында өмірлік қиындықтарға шағымдану, өмірге өкпелі болу қасиеттері жиі байқалады. Мысалы, «– Не бойся меня, добрый молодец, ты на добро сюда попал: я не лютая медведица, а красная девица – заколдованная королева. Если ты устоишь да переночуешь здесь три ночи, то колдовство рушится – я сделаюсь по-прежнему королевой и выйду за тебя замуж» («Заколдованная королева» ертегісі), «Идет Иван-царевич от морского царя, сам слезами обливается. Увидала его в окно из своего терема высокого Василиса Премудрая и спрашивает:

– Здравствуй, Иван-царевич! Что слезами обливаешься?

– Как же мне не плакать? – отвечает царевич. – Заставил меня царь морской за одну ночь сровнять рвы, буераки и каменья острые и засеять рожью, чтоб к утру она выросла и могла в ней галка спрятаться.

– Это не беда, беда впереди будет. Ложись с богом спать, утро вечера мудренее, все будет готово!

Лег спать Иван-царевич, а Василиса Премудрая вышла на крылечко и крикнула громким голосом:

– Гей вы, слуги мои верные! Ровняйте-ка рвы глубокие, снесите каменья острые, засевайте рожью колосистою, чтоб к утру поспела.

Проснулся на заре Иван-царевич, глянул – всё готово: нет ни рвов, ни буераков, стоит поле как ладонь гладкое, и красуется на нём рожь – столь высока, что галка схоронится» («Морской царь и Василиса Премудрая» ертегісі).

Орыс халқы өзінің басына түскен қиыншылығын жайып салуға дайын тұрады, танымайтын адамына да ішкі жан сырын, құпиясын айтып салуға дайын. Орыс ертегі дискурсындағы төмендегі мысалдар орыс халқының сөйлеу мінез-құлқындағы осы қасиеттерді көрсетеді: «*Она рассказала удивленному принцу, что она на самом деле принцесса, которую ведьма украла и превратила в птицу*» [103, 28] («Белая голубка» ертегісі), «*Бедная девушка рассказала ему все начистоту*» [103, 342] («Королевский баран» ертегісі). Орыс халқының сөйлеу мінез-құлқындағы жоғарыда көрсеткен қасиеттердің барлығы ертегі дискурсында көрінеді деп айта алмаймыз, оған себеп ертегі дискурсы жанрының өзі басқа дискурстардан тілдік бірліктерді таңдап қолданумен, айтылымның нақты бір адресатқа бағытталуымен, қарым-қатынас мақсатымен, ғажайыптық, хронотоп сияқты ертегілік категорияның болуымен сипатталуында деп айтуға болады. Орыс ертегі дискурсында көрінетін сөйлеу мінез-құлық ерекшеліктеріне тез тіл табысу, кеңес беруге құмарлық, шынайылық, ішкі сырын ақтару, өмірлік қиындықтарға шағымдану сияқты қасиеттерді жатқызуға болады.

Араб ертегі дискурсының ерекшеліктерін араб халқының ұлттық қарым-қатынас ұстанымдарынан, сөйлеу әдебінен т.б. көруге болады. Араб халқында ұлттық мінез-құлықты айқындайтын ар-ожданды жоғары қою, уәдеде тұру, сонымен қатар егер қарым-қатынас барысында қандай да бір күдік туса, байланысты үзу, шыншылдықты, жомарттық пен еңбекқорлықты ерекше бағалауы, араб мәдениетіндегі кешікпеу, уақытымен жүріп-тұру сияқты қарым-қатынас әдептерінің еркін, іскери кездесулер нақты бір уақытпен шектелмеуі, жеке қарым-қатынаста кешігу қалыпты жағдай болып саналатындығы, мақтау-мадақты жақсы көретіндігі, Инша Аллах (егер Алла қаласа) сөзін жиі қолдануы немесе т.б. ұстанымдар байқалады. Бұл айтылған ұстанымдар араб халқының ертеден қалыптасқан дәстүрі, наным-сенімі, өмірлік тәжірибесінен көрінеді. Араб ертегі дискурсынан ұлттық мінез-құлық ерекшеліктерін байқауға болады. Мысалы, «Аладдин» ертегісінде

«وَلَمْ يَنْقُضْ عَلَىٰ هَذَا الْحَادِثِ غَاْمَانَ حَتَّىٰ مَاتَ الْإِمْبِرَاطُورُ؛ فَوَلِيَ الْأَمْرَ مِنْ بَعْدِهِ «عَلَاءُ الدِّينِ» وَرَوْجُهُ: «الْبُدُورُ بَدْرٌ»، وَحَكَمَا بَيْنَ النَّاسِ بِالْعَدْلِ» [102].

(Екі жыл бұрын император өмірден өтті. Аладдин таққа отырды, халыққа қамқор болды. Аладдин мен Будур ханшайымға халық әділ баға берді. Оларға сәтгілікке қол жеткізді. Барлық ел оларды жақсы көрді) баланың көп қиындықтарды бастан кешіп, оларды жеңіп бақытқа қол жеткізгеннен кейінгі халыққа қызмет ету барысындағы әділдігі мен адалдығы халық ықыласынан көрінеді.

«ثُمَّ قَالَ لَهُ: «الْحَقُّ أَنَّنِي لَمْ أَسْمَعْ أُعْرَبَ مِنْ قِصَّتِكَ، وَلَسْتُ أَرَىٰ أَحَدًا أُجَدَرَ مِنْكَ بِالسَّعَادَةِ لِأَنَّكَ أَدْرَكْتَهَا أَحْلَاكَوَفْدٌ بِجِدِّكَ وَاجْتِهَادِكَ، وَلَيْسَتْ مَتَاعِي الَّتِي أَحْتَمِلُهَا كُلَّ يَوْمٍ أَشْيَاءًا مَذْكُورًا إِذَا قَيْسَتْ إِلَىٰ رِحْلَةٍ وَاحِدَةٍ مِنْ رِحْلَاتِكَ الْعَجِيبَةِ! وَلَقَدْ صَدَّقَ الْقَائِلُ: «مَنْ لَمْ يَرْكَبِ أَهْوَالَ أَلْمَالِ يَنْلِ الرَّغَائِبِ» وَفَدَّ حَلَاكَ لَلَّهِ بِصِفَاتِ نَادِرَةٍ - بَعْدَ التَّنَاءِ عَلَيْكَ - إِلَّا الدُّعَاءَ لَكَ، بَارَكَ اللَّهُ فِيكَ وَأَطَالَ عُمُرَكَ وَمَنَعَكَ بَثْرَوتِكَ وَصَحَّتَكَ» [107].

... Синдбадтың қарсы алдына шықтым да былай дедім: «Сіздің хикаяңыз сияқты қызықты оқиғаны көрмедім. Сіз бақытты жансыз, ол бақытқа атаңыздың өсиеті

арқылы жеттіңіз. Менің күнделікті саяхатым сияқты қызықсыз емес. Алла сізге өте сирек кездесетін дарын сыйлаған. Сондықтан сіз батылдық пен ерліктен басқа, кедей-пақырларға көмек бересіз, маған сізді мақтағаннан басқа берерім жоқ. Алла сізбен бірге болып, сізді қуантарлықтай денсаулық пен байлық берсін! - дедім». Бұл мысалда адресаттың адресантқа берген бағасы мен сөйлеушіні құрметтеуі, оның ерлік, қайырымдылық, батылдық сияқты іс-әрекеттеріне берген бағасы, ол үшін Алладан денсаулық пен байлық беруін тілеуі көрінеді. Араб халқының ұлттық сөйлеу әдебінде Алланың атын қосып сөйлеу, шыншылдық, әділдік, қайырымдылық пен қарапайымдылық сияқты қасиеттердің болуы сөйлеу мінез-құлқында басты ұстаным болып есептеледі, яғни имандылық, *Алла қаласа, Алла жазалайды* деген сенімдер оларды адамгершілік қасиеттерге баулиды. Ұлттық сөйлеу әдебі бойынша қарым-қатынаста ашық тақырыптар (баласы, оның жетістіктері, ақша, табыс, кіріс туралы айту) және жабық тақырыптар (дін, отбасы, өмір, сәтсіздіктер, ауру, кедейлік, өлім т.б.) болады. Олар араб ертегі дискурсында былайша көрінеді:

الْخَبْرُ يَشِيْعًا حَتَّى لَمْ، حَدَّثَنَا النَّاسُ يَعْرِفَانِغَيْرِ مَقَاسِدِ قِنَاعِنَا وَنَأَعْلَمَانَا وَيَجِبُ شَرَفِيْقُنُونَا اللُّصُوبِ الْبَقِيصَلِ قِتْلَةً . فَقَالَتْ لَهُ : « وَلَكِنْ كَيْفَ نُنْفِئُهُ، وَجُنَّتْهُ مُقَطَّعَةٌ هَكَذَا . مَرْجَانَةٌ فَقَالَتْ لَهُمَا : « أَنَا أُحْضِرُ لَكُمْ يَخِيْطُ جُنَّتَهُ » . ثُمَّ ذَهَبَتْ بِمُسْرَعَةٍ دُكَانَ خِيَاطِ مَاهِرٍ اسْمُهُ بَابَا مُصْطَفَى وَأَعْطَتْهُ دِينَارَيْنِ . فَوَضَعَتْ مِنْدِيلاً عَلَى عَيْنَيْهِ حَتَّى الْبَيْتِ، يَعْرِفَانَا ثُمَّ سَارَ بِهِ إِلَى الْعُرْفَةِ الَّتِي فِيهَا جُنَّةٌ قَاسِمٍ سَكَنَ وَ عَلِي بَابَا بَيْتِ أَخِيهِ مِنْذُ ذَلِكَ الْيَوْمِ تَوَلَّى تِجَارَتَهُو وَأَعْمَالَهُ . [94]. («Әли-Баба және қырық қарақшы» ертегісі)

(...Қасымның бөлшектелген өлі денесін қалай жерлеуді және ол туралы халықтың білмеу жағын ойластырды. Бұл хабар қарақшыларға жетпеуі тиіс. Үй күтушісі Маржана оларға айтты: «Мен Қасымның денесін дұрыстайтын адамды білемін. Оның аты Баба-Мұстафа» - деді. Сөйтті де тез үйден шығып кетіп, Мұстафаға екі динар беріп, үйді білмеуі үшін оның көзін орамалмен байлады. Үйге кіргізіп, Қасым жатқан бөлмеге кіргізді. ... Әли-Баба ағасының үйіне көшіп барып, оның саудасы мен шаруасын жүргізді). Бұл мысалда қарақшылардың қолынан қаза болған Қасымды араб-мұсылман халықтарындағы дәстүрге сай жерлеу, ондағы жағдаятқа байланысты жол табу және табыс көзі болып отырған кәсібінің тоқтамағаны айтылады.

Араб мәдениетінде сөйлеу мінез-құлықтарының тағы бір ерекшелігі арабтардың сөзге шешен бола тұра көп сөйлегенді, бос сөйлегенді ұнатпауында жатыр. Мысалы,

في أحد الأيام اجتمع الوزراء معًا لوضع خطة للتخلص من ملك خطير بالنسبة لهم ، لذلك اقترح كل وزير حلاً ، لكنهم كانوا جميعًا قرارات فاشلة حتى صرخ أصغرهم وجدتهم... لماذا لا نسكب السم .. الكل مسرور بهذه الفكرة .. لكنها كانت هناك مشكلة .. من يسكب السم؟

الدرس المستفاد: عندما تقول شيئاً كن واثقاً من قدرتك على تنفيذه

(Күндердің бір күнінде уәзірлер жиналып, патшадан құтылудың жолын қарастырады. Көп ойланады. Сонда біреуі патшаның тамағына у салып беру керек дейді. Басқа уәзірлер табылған ақылға қатты қуанады. Бірақ патшаның тамағына у салып беретін уәзір табылмайды. Негізгі ой: Ақыл айтпас бұрын оны орындай алатынына сенімді бол, бос сөйлеме).

Араб халқының қарым-қатынас ұстанымдарының бірі – еңбекқорлық пен қанағатшылдық.

كان هناك فتى ريفي لديه إوزة تبيض له في كل يوم بيضة ذهبية ، يذهب لبيعها في السوق ويشترى ما يحتاجه « وفي يوم قرر أن يذبح الإوزة ليخرج جميع البيض ويكون فتى غنياً لكنه عندما ذبحها لم يجد شيئاً وماتت الإوزة وخسر كل شيء »

الدرس المستفاد: لا تكن طماعاً فالطمع يفقدك كل شيء

Бір ауылдық жерде бір баланың күніне бір рет алтын жұмыртқа туатын қазы болады. Ол соны күн сайын базарға апарып сатып, оған керек-жарағын алатын. Бір күні балаға қазды сойып, ішіндегі жұмыртқаларды түгел алып, оны сатып, аяқасты байып кету жөнінде ой келеді. Сөйтіп қазды сояды, ішінен ештеңе шықпайды. Азға қанағат етпегеннен барынан құр қалған баланың тірлігінен қанағатшыл болуды меңзеп тұр.

Араб ертегі дискурсынан араб халқының сөйлеу мінез-құлықтарындағы ерекшеліктерге ар-ожданды жоғары қою, мақтауды сүю, біреуден өз іс-әрекетіне баға күту, ұлттық сөйлеу әдебі бойынша қарым-қатынаста ашық және жабық тақырыптардың болуы, көп сөйлемей, іспен дәлелдеу және еңбекқорлық пен қанағатшылық, Алланың атын қосып сөйлеу, имандылық т.б. жатады.

2.4 Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерінің ауызша қабылдануы мен қайта түзілу ерекшеліктеріне эксперименттік талдау

Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерінің ауызша қабылдануы мен қайта түзілу ерекшеліктерін эксперименттік талдау 2019-2020 оқу жылы ұйымдастырылды. Эксперименттің өту орындары - Ақтөбе қаласы «Ақбөбек» мектебі, Ақтөбе қаласы №40 ЖОББМ, Шалқар ауданы, Қаратоғай ЖОББМ, Байғанин ауданы, Жарқамыс ЖОББМ. Экспериментке қатысушылар – бастауыш (40) және орта буын оқушылары (32). Коммуникативтік орта – мектеп мұғалімі, оқушылар. Экспериментте қолданылған техникалық құрал – диктафон. Ертегіні оқып, қайта мазмұндату мақсатында оқушылардың жас ерекшелігіне орай «Керқұла атты Кендебай» ертегісі алынды. Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерінің ауызша қабылдануы мен қайта түзілу ерекшеліктеріне эксперимент жүргізу әдісі К.Қ. Садированың “Қазақ тіліндегі көп пропозициялы дискурстың құрылымдық негіздері” монографиясында [21,340-344] берілген талдауларға негізделді. Эксперименттің 1-кезеңінде мұғалім/оқушы “Оқушылар, сіздерге қазір “Керқұла атты Кендебай” ертегісі оқылады. Ертегіні тыңдап болған соң, оны қайта мазмұндап беру сұралады. Біз сіздердің мазмұндағандарыңызды диктофонға жазып аламыз. Осыған келісетіндеріңізге рақмет, сіздер осы класта қаласыздар, келіспейтіндеріңіз үйге қайта беруге болады” деген хабарлама жасады. 2-кезеңде – мұғалім аталған бір ертегіні мәнерлеп оқыды. 3-кезеңде – мазмұндаған оқушылардың жауаптары жазылып алынды. 4-кезеңде – жазылып алынған мәліметтерге талдау жасалды. Төменде экспериментке қатысқан оқушылардың ертегі дискурсындағы қателері мен ауытқуларының орын алу себептеріне дискурс талдауға сай түсіндірме бердік.

Бахитжанова Сәулежан (5-класс оқушысы, №40 қазақ орта мектебі). *Ерте заманда Қазанғап деген бір қария қартайғанға дейін бір перзентке зар болды. Құдайдан күндіз-түні бір жақсы перзент беруді тілейді екен. Күндердің бір күні қарияның тілеуі қабыл болған. Кемпірі көзі тостағандай, шекесі торсықтай бір ұл туыпты. Бір буаз биені арыстан жегелі жатыр екен. Өлгелі жатқан биенің қарынын жарып жіберіп, ішіндегі тулап жатқан құлынын шығарып алыпты.* Респонденттің баяндауында аялық білімі мен танымына сай тілдік бірліктер қолданылған. Қарияның перзент тілеудегі «жақсы» сөзін қолдануы жақсы бала бол, жақсы бала екен деген күнделікті еститін таныс тіркес болғандықтан қолданса, көзі тостағандай деген әдемілікті суреттеуде қолданылатын таныс тіркес. Бұл тіркес ертегі мәтінінде жоқ, әрі ер баладан гөрі қызға айтылатын теңеу сөз. Осылармен бірге буаз биені арыстан жеп жатыр екен дегенінен арыстандай көкжал бөрінің мағынасын дұрыс түсінбеуінен логикалық қатеге ұшырап тұр. *Арыстандай көкжал бөрі* тіркесі қала оқушысының танымында жоқ екенін көреміз.

Тимурқызы Аяжан. (6-класс оқушысы, Жарқамыс орта мектебі). *Кешке жақын Кенжебай сиырларды өткізейін десе, сиырлар суға түспейді, Кенжебай ашуланып сиырларды бір-бірлеп өзенге лақтыра бастайды. Өзеннің бергі жағында ханның кіші қызы тұрады.*

- *Ой, оңбаған, құрттың ғой малдарды – дейді. Күндердің күні неге айтпайсындар – дейді. Құрттың ғой малды дегендегі малды қыру тіркесінің орнына белгілі бір затқа қатысты айтылатын құрттың ғой сөзін қолданып тұр.*

Қарымсақ Назерке (4-класс оқушысы, «Ақбөбек» мектебі). *Қасқыр арс етіп аузын қисаңдатып, өліпті де қалыпты. Құлынның сүтімен асырапты. Керқұла аузымен құс тістеген өрен жүйрік болыпты. Той үстінде мойындары ырғайдай, сирақтары шидей болып азып-тозып ханның екі баласы келеді. Бұл жердегі құлынды құлынның сүтімен асырапты деуінде жануардың бір түрі құлан туралы ұғымның санада болмауынан болса, ерен жүйріктің орнына өрен жүйрік деп айтуы ерен сөзінің таныс болмауынан тілдік бірліктерді қолдануда қателік жіберіліп тұр.*

Иван Іңкәр (4-класс оқушысы, «Ақбөбек» мектебі). *Кендебай биенің қасына келсе, бие жанталасып өлгелі келе жатыр екен. Кендебай алмас қанжарымен биенің қарынын жарып жіберіп, құлынын суырып алады. Құлын сағат сайын емес, минут сайын өсіпті. Алты айдың ішінде кез ат болып шығыпты.* Респондент ертегі мазмұнын баяндауда тілдік бірліктерді қолдануда екі жерде қате жібереді. *Өлгелі келе жатыр екен* деген сөйлемде грамматикалық құрылым дұрыс түзілмеген. *Алты айдың ішінде кез ат болыпты* деуде алты кез тіркесінде алты санын қолданбайды. Яғни, бұл қателік кез сөзінің мағынасын білмегендіктен және алты кез, алты құлаш сияқты тіркестермен таныс болмағандықтан деп есептейміз. Оқушы санасында осы тәріздес тілдік құрылымдар әлі де болса қалыптаспағанын көрсетеді.

Райымбек Оспанов (5-класс оқушысы, №40 қазақ орта мектебі). *Кендебай жарға құлаған атанды өзі алып шыға беріпті. Күндердің бір күнінде бір биеге шабуылдап жатқан қасқырды көріпті. Қасқырды құйрығынан алып келіп жерге бір-ақ ұрғанда қасқыр өліпті. Құлын алты айда алты кезең ат*

болыпты. Еліне шабыл жасағанын айтады. Елінен ат қалдырмай алып, әкесі шабылдан келіп шаршап жатқанда әкесін алып кетеді. Әкесін құтқаруға барған анасын да алдына өңгеріп алып кете береді. Соған бала жылап жіберді. Сосын мен кедей боп...бала... жылғыз қалдым деп жылап жүргенде ...байдың қозысын бағады. Бала мен әке шешемнен айырылдым деп жылап жүрсем, бай аттарынан айрылдым деп жылап жүреді. Кендебай сосын мен әке шешемді тауып келем деп жолға шығып жүре береді. Респондент алты кез тіркесін кезең деген сөзбен алмастырып қолданады. Бұл оқушы да кез сөзінің білдіретін мағынасын білмейді. Себебі өлшем бірлік ретінде қазіргі уақытта метр сөзі қолданыста, кез сирек кездесетін сөздер қатарына жатқандықтан, респондент танымында жоқ. Сол себепті таныс емес. Осындай сөздердің бірі шабуылды шабыл деп қолданады. Бай аттарына жылайды деуінде жылқы малына қатысты атауларды дұрыс ажырата алмауы, күнделікті тұрмыста көрмеген себепті жылқыларына сөзінің орнына аттарына сөзін қолданып тұр.

Саят Бексұлтан (6-класс оқушысы, №40 қазақ орта мектебі). *Кендебайға «құрғыр-ау, оңбайсың зой, қырасың зой малды» дейді. Кендебай қара биені қарап тұрады. Сөйтіп таң ата салысымен құндыз жүнді, алтын құйрықты құлын туады. Аспаннан бір бұлт түйіліп келеді де, құлынды ала жөнеледі. Кендебай шап етіп құйрығынан ұстап қалғанда құйрығы үзіліп жұлынып кете...қала береді. Кендебай сол қылды алып, қойнына тығып ұйықтап қалады. Сосын Кендебай ханның ішіне кіріп келеді. -Дат, тақсыр,- дейді. Түннің ортасы кезінде балаларыңыз ұйықтап қалды. Таң ата құндыз жүнді құлын дүние келді, сол кезде аспаннан бір бұлт түйіліп келіп, оның, оның, ... оны алып кетті. Сол кезде менің оның құйрығынан ұстап, алты жүнін қойныма тығып алдым дейді. Сөйтіп оны алтын құйрықты қылды шығарып қалған кезде сол құйрық... алтын құйрық сол бөлмеде жарқырап ханның көзін шағылтады.* Респондент өзінде бар білім қорына сүйене отырып, ертегіні баяндау барысында құрғыр-ау сөзін оңбаған-ау сөзінің орнына, түннің ортасы деген уақытты білдіру мақсатындағы қалыптасқан тіркеске кезінде сөзін өз тарапынан қосып қолдануы, оның ертегіні әсірелеп жеткізуге ұмтылуын көрсетеді. Алтын құйрықтың орнына алты жүн сөздерін қате қолдануы респонденттің жылқының құйрығында жүн емес қыл болатыны туралы білімінің жоқтығынан орын алып тұрған тілдік ауытқу деп есептейміз.

Дильназ Серік (6-класс оқушысы, №40 қазақ орта мектебі). *Сиырлар өзеннен өтпей қояды сөйтіп оны... сиырлардың сирағынан ұстап өзеннің арғы бетіне қарай өткізіп жібере береді. Ханның қызы бұны көріп, «ойбай-ау, малдардан мал қалдырмайтын болдың зой. Күдегідей айрылғылдың суы айғыл десейш» дейді. Аспаннан алтын бұлт түсіп, құлынды алып кете береді. Кендебай атып тұрып құлынның құйрығынан ұстап қалады. Сол құйрықты кеудесіне тығып, ұйықтап қалады. Кеше би құлындап, аспаннан бір бұлт пен дәу түсіп құлынды алып кетті. Менің қолымда бұның алтын жүні қалды, мен оны пайдама жаратар болсам, сізге айтпас едім дейді. Арыстанның ақырған дауысы естіледі. Сөйтіп ол дауыс Кендебайды өзіне қарай тартып алып кетеді. Арыстанның басын өзінің шоқпарымен шауып түсіреді. Арыстанның аузын қоржынына салып алады.* Респондент ертегіні баяндауда сиырды сирағынан

ұстап өткізіп жібереді деген тіркесті қолдануында қолынан ұстап өткізу деген ұғыммен тең алып тұр. Респондент танымындағы логикалық қате сиырды сирағынан ұстасаң, тек оны сүйрейсің немесе күшің көп болса лақтырасың деген ұғымды түсінбеуінен көрініп тұр. Одан әрі *малдардан мал қалдырмайтын болдың ғой* деп беруінде «малды қырасың» деген сөздің байланысуындағы, сөздердің мағына жағынан тіркесуіндегі қалыптасқан заңдылықты игермеуі байқалады.

Гүлдана Мұратқызы (5-класс оқушысы, Жарқамыс орта мектебі). *Баяғыда бір Қазанғап деген қарапайым кісі болады. Кендебай аң аулауға шыққанда бір биені жаңа ғана жарған азуы... азудай қасқырды көреді. Қасқырды жерге бір ұрып өлтіреді. Алтындай қанжарымен биенің қарынын жарып, биені құтқарып қалады. Керқұла Кендебайға сай болып өсіп шығады.* Респондент *кедей* сөзінің орнына *қарапайым* сөзін пайдаланса, қасқырдың ірілігін сипаттауда *азудай* сөзін алып тұр. Азу сөзінің тіске қатысты бірлік екенін білмегендіктен немесе *азуы алты қарыс* деген тұрақты тіркестің қайратты, күшті деген мағынасынан хабары болғандықтан, қасқырдың мықтылығын сипаттауда осындай қате қолданысқа жол беріп тұр. *Қасқырды жерге бір ұрып өлтіреді* деген сөйлемінде де қасқырдың айлалы, жерге бір ұрғаннан өлмейтін мықты жыртқыш екендігінен хабары аз. Оқушы танымында бұл ұғым әлі қалыптаспаған.

Бақытнұр Рамазан (6-класс оқушысы. Жарқамыс орта мектебі). *Ерте, ерте, ертеді бір Қазанғап деген бір аңшы болыпты. Ал оның әйелі жамау тоқып, ау тоқып күндерін көріпті. Бір күні Кендебай шауып келе жатып, ана жерде бір қасқырды көріп, биені өлтіріп жатқан қасқырды көріп, оны құтқаруға барады. Қасқырдың құйрығын былғап-былғап өлтіріп тастайды. Құлынның түсі құлан болыпты, керқұла болыпты. Кендебай балаға толығырақ түсіндіріп берші, не боп қалды деп сұрайды. Менің әкем көп батыр еді, ол көп соғысқа қатысып келгеннен кейін көп ұйықтайтын, сол ұйқыны пайдаланып, жаулары келіп әкемді байлап алып кетті дейді. Со кезде бала қатты жылай береді. Керқұла аты тіл бітеді.* Бұл жерде *жамау тоқу, қасқырдың құйрығын былғап-былғап өлтіріпті* деген қате қолданыс жамау сөзінің мағынасын түсінбеуінен, яғни киімді жамап кию, малдың жабуын жамау сияқты тұрмыстық әрекеттермен таныс болмауынан туындаса, осы мәнмәтінде бұлғау әрекетінің құйрығынан ұстау арқылы орындалатынын түсінбегендігінен орын алып тұр.

Назым Ерсұлтанқызы (4-класс оқушысы. «Ақбөбек» мектебі). *Кешке жақын Кендебай сиырларын айдап жүрген кезде олар көлге... суға түспей қояды. Ханның қызы келіп, ар жағынан айқайлайды. Сен неге олай істеп тұрсың? Айрылғырдың суы, айрыл деп айқайламайсың ба дейді. Кендебай атының дорбасынан жаңағы заттарды алып береді. Атының дорбасы тіркесінің қолданысында екі қате тұр. Біріншісі – ертегі мәтініндегі қоржын сөзін дорба сөзімен ауыстырып тұр, демек, қоржын деген жолаушының атпен жүргенде керек-жарағын салатын, ердің екі жағына тең бөлініп ілінетін, екі қалталы үй бұйымы екені туралы когнитивтік санада білімі қалыптаспаған, оны құрғақ тамақ немесе әр түрлі ұсақ-түйек заттар салуға арналған кішігірім қапшық ретінде түсініп, дорба сөзін қолданып тұр. Екіншіден – *атының дорбасы* деген*

тіркес логикалық тұрғыдан дұрыс түзілмеген, аттың дорбасы болмайды, ат қоржын, түйе қоржын тіркестері тілімізде қалыптасқан. Респонденттің танымында тұрмыс-тіршілігімізге қатысты атаулар туралы аялық білімінің болмауынан тағы бір грамматикалық қатеге (атының дорбасы деген тіркесте ат сөзіне -ы тәуелдік жалғауын жалғауы) жол беріп тұр.

Мансұр Мұхтарұлы (4-класс оқушысы. «Ақбөбек» мектебі). *Ерте, ерте, ертеде, ешкі құйрық келтеде. Әйелі ау тоқып, жамау тоқып жүреді. Бір қасқыр бір биеге шабуыл жасап жатқанда, ол ... не істейді...көмектесіп жүреді. Қасқырды тасқа бір ұрады да, о...оның ішіндегі құлынын алып алады. Сосын өзіне сай ат тауып алады, сосын өзі сияқты болып жүреді.* Бұл жерде де жамау тоқу деген тіркес жамау сөзінің мағынасын түсінбегендіктен беріліп отыр. Жамау тоқылады деген қате түсінік орын алған. *Ешкі құйрық келтеде* тіркесінде морфологиялық тұлғалардың қате берілуі көрініп тұр.

Алдияр Еламан (5-класс оқушысы. №40 қазақ орта мектебі). *Кендебай шап беріп, құйрықтан ала түседі. Кендебайдың қолында алтын құйрығы жұлынып қала береді. Қайда алтын құйрық дегенде мен оны құртқан жоқпын, құртатын болсам оны сізге айтпас едім деп құйрығын береді. Жеті басты дәуден жеті рет өтіп, жеті көзін кесіп өтеді. Әр бастың көздерін жұлып алып келеді. Арыстанды өлтіріп, арыстанның тістерін қағып алады. Той үстіне ештеңе таба алмай сандалып, мойындары ырғақтай, сирақтары шидей болып, азып тозып ханның екі баласы келеді. Ханның айтқандарын Кендебай жасап тастаған болатын.* Респондент ертегіні мазмұндауда логикалық қателер жібереді. Алтын құйрықты құртқан жоқпын дегенде құрту сөзі тығып қоймадым немесе қандай да бір қулық жасамадым деген ойды білдірудің орнына беріліп тұр. Құрту сөзі оқушы танымында бір затты бүлдіріп алумен байланысты алынып тұр. Көзін кесіп алады деген көзін ойып алады дегенмен, яғни *кесіп алу* мен *ойып алудың* сөз ұқсастығына сай алмастырылып таңдалғанын көруге болады. Респонденттің жас ерекшелігіне қарай осындай қателер жіберуі заңдылық деуге болады.

Інжу Сәкенқызы (4-класс оқушысы. «Ақбөбек» мектебі). *Кедейлер өз өмірлерін көріпті. Ал әйелі жау жамап,.. жамау жамап тоқу тоқиды екен. Құлын да Кендебайға ұқсас минут сайын өседі екен. Минут сайын өсіп, жүйрік ат болады екен.* Жамау, тоқу әрекетіне қатысты респондент санасында түсініктің болмауы көрініп тұр. Қазіргі жас балалардың жамаудың не екенін білмеуі оның тұрмыста қолданылмауымен түсіндіріледі. Сөйлемнің соңында екен толымсыз етістігі жиі қолданылуы оқушының өткен шақтағы оқиғаны баяндауда қолданған бір грамматикалық құрылым деп түсінуінен орын алып тұр. Орыс тілді немесе қалада өскен балалар тілінде бұндай қате сөйлеу жиі байқалады.

Қаракөз Алдашова (5-класс оқушысы. №40 қазақ орта мектебі). *Кендебай жетіп келіп «Не болды, қойшы бала» депті. Керқұла алты айшылық жерді алты-ақ айтады. Кендебай сиырдың аяғынан ұстап лақтырады, суға қарата лақтырады екен, ммм бастайды. Алты айшылық жолды алты-ақ айтады* дегендегі *аттайды* сөзімен *айтады* сөзін шатастыру бар. *Аттау* етістігінің

ұзақ жолды тез жүріп өтуге қатысты алынғанын түсінбегендіктен мағынасы мүлде бөлек айту етістігін беру арқылы логикалық қатеге ұрынған.

Ғазиза Еркінова (5-класс оқушысы. № 40 қазақ орта мектебі). *Кендебай мал бағып жүріп, аулынан алысқа кетіп қалыпты. Ол менікі, ешкімге бермеймін дегенді білмейті. Әкемді әскер келіп алып кетті дейді. Керқұла ат құстай ұшып, құйғыта барады. Сол кезде Кендебай онда мен кеттім дейді. Заттарымды шеш, менің заттарым саған керек болмайды дейді. Сосын анаяқта сиыр бағып жүрген бір адамды көреді. Оған нұл төлейді де, өзі киімдерін киіп сиырларды бағады. Сиырларды өзеннің ішіне кіргізейін десе олар кірмейді, қорқып қашады. Сосын Кендебай жынданып, оларды шетінен лақтыра береді.* Ертегі оқиғасын баяндауда бірнеше грамматикалық қате орын алған. Керқұланың сөйлейтін жерін баяндауда мазмұнын дұрыс түсінбегендіктен болуы керек, қате мазмұндайды. Мысалы, *заттарымды шеш, менің заттарым саған керек болмайды дейді* деген сөйлемде ой қате беріліп тұр. Себебі ол заттар Керқұла аттың заты емес, ол Кендебай батырдың киімі мен қару-жарақтары. *Сиырларды өзеннің ішіне кіргізейін десе* деген сөйлемдегі *өзеннің іші* тіркесі өзеннен өткізейін деген тіркестің орнына қолданылып, логикалық қатеге жол беріп тұр.

Қарақат Әуес (5-класс оқушысы. №40 қазақ орта мектебі). *Таңсәрі көріне бергенде қара бие құлындайды. Алтын құйрықты, құндыз жүнді аппақ құлын туады. Ол жүз батпан шоқпар-қылышын қолына алып, әрсілі-қарсылы жеті рет өткен кезде дәудің басын жеті рет жерге құлатады. Таңсәрі көріне бастау, әрсілі-қарсылы сөздерінде морфологиялық тұлғаны қате қолдану немесе шоқпар-қылыш деген екі түрлі қару екендігі туралы түсінігінің болмауынан қателік орын алған.*

Нұрхаят Қуаныш (6-класс оқушысы. Қаратоғай орта мектебі). *Кендебай күн сайын емес, сағат сайын емес, минут сайын емес, секунд сайын өсіпті. Ол құралайды көзге ататын болыпты. Құралайды көзге ататын болыпты* деген тұрақты тіркесті мерген деген мағынасында емес, тура мағынасында түсінген. Ол сөздің асқан мергендікті сипаттайтындығынан хабары болмағандықтан, тек құралай аңын атқанда көзінен тигізген деген түсініп баяндаған. Бұл тұрақты тіркес оқушының санасына әлі салынбаған тілдік бірлік.

Оразаева Ақнұр (5-класс оқушысы. Қаратоғай орта мектебі). *Керқұла атпен Кендебай сен менің үстімнен бір қыл түйір жұлып ал. Егер сен осыны шығарсаң, мен саған құстай ұшып жетіп барып көмектесе аламын дейді. Сол кезде ол хан сарайында малышы болып жұмыс істеп жүреді. Бие алтын құйрықты, құндыз жүнді арғымақ құлын туады. Сол кезде оны ұстайын деп ...құйрығы абайсызда жұлынып кетеді. Бір қыл түйір* (құйрығымнан бір тал қыл суырып ал), *хан сарайында малышы болып жұмыс істеп жүреді* (хан сарайында басқа қызмет түрлері болады) деген сөз қолданысынан респонденттің ауызша дискурста бір тал мен бір түйір тіркестерінің мағынасын жете түсінбеуінен орын алып тұрған ауытқу деп түсінеміз.

Нұрғалым Таңшолпан (6-класс оқушысы. Қаратоғай орта мектебі). *Кендебай жылатқанның көз жасын тыйдырып, көмектесіп жүретін болатын. Ол ел ішіне атақты болып кетті. Аң аулап келе жатып, тастың үстінде отырған*

бір баланы көреді. Мына таудан ассаң, арғы өзен бар. Өзеннің арасында арал бар, аралды хан тұрады. Сол кезде ол сенің ата-анаңды үлкен зынданда ұстап отыр. Сол кезде ханның қызы келіп: «Сен неге өйтіп сиырларды қыспақтап жатсың» деп айтады. Респондент ертегі мазмұнын баяндауда логикалық та, грамматикалық құрылым жағынан да қателіктер жібергенін көреміз. *Өзеннің арасында арал бар, аралды хан тұрады. Сол кезде ол сенің ата-анаңды үлкен зынданда ұстап отыр* деген сөйлемде зынданда жатқан Кендебайдың емес, баланың ата-анасы. *Сол кезде ханның қызы келіп: «Сен неге өйтіп сиырларды қыспақтап жатсың» деп айтады.* Қыспақтау сөзі сиыр малына қатысты емес, қыспаққа алу адамға қатысты қолданылатын тілдік бірлік. Респондент бұл сөзді өзінің танымына сай, қорлау, қорқыту мәнінде алып қолданып тұр.

Жанағұлова Инабат (5-класс оқушысы. Қаратоғай орта мектебі). *Кендебай әкесіне жәрдемдесіпті, алты жасында барлық шаруаларға бейім болыпты. Құлан мен маралды мая-мая үйіп тастапты. Сөйтіп қасына барып, қасқырды бір итеріп жіберген кезде қасқыр ... жаңағы қасқыр өліп қалады. Қараса жаңағы бие ішінде бала бар... бие құлындайын деп жатыр екен. Бірден ішіндегі баласын... биесін жарып алады. Әкемді тұтқынға қамап кетті дейді. Құлан мен маралды мая-мая үйіп тастапты* дегенде құлан мен маралдың етін үйіп тастауын аңдардың өзін үйіп қойыпты деген қате түсінігіне сай береді. Мая-мая етіп үю шөпке немесе жансыз затқа қатысты қолданылатынынан хабары жоқтығын көрсетеді.

Қалуов Әділет (6-класс оқушысы. Қаратоғай орта мектебі). *Ханның екі баласы болады. Хан оларды шақырып алып, оларға бір бұйрық береді. Таңға жақын Кендебай қарағанда бие құлындайды. Бір кезде құлындағаннан кейін қара бұлт түйіліп құлынды алып кете береді. Сол кезде Кендебай құлынның құйрығына жармасып, құйрығын жұлып алады. Қара бұлт құлынды алып кетеді. Жеті қырлы балтасын алып, оған қарсы жүгіреді. Жеті басын шауып түсіреді оған қарсы шауып. Ханға сендіру үшін арыстанның апандай аузын кесіп алып, қоржынына салып алады. Жеті қырлы балта, арыстанның апандай аузын кесіп алу тіркесін қолдануда қателіктер бар. Балта күнделікті тұрмыста бір затты шабу, сындыру үшін қолданылатын таныс құрал болғандықтан қару орнына беріп отыр, алайда *жеті қырлы* деген сипаттау мүлде қате ұғым. Өйткені балтаның бір ғана жүзі болады, 6-класс оқушысының танымында балтаның бір ғана жүзі болатыны туралы түсінік бар екеніне күмән келтіруге болмайды, бірақ ертегі мәтінін мазмұндауда көркемдеп, асыра сипаттауға ұмтылудан осындай логикалық қатеге ұрынған. Арыстанның аузын емес, азу тісін, яғни азуын қағып алады. Респондент дыбыстық жағынан ұқсас болғандықтан шатасуы мүмкін, дегенмен ертегінің мазмұнына айтарлықтай өзгеріс беріп тұр.*

Сақманова Нұрдана (5-класс оқушысы. Қаратоғай орта мектебі). *Бие түнде алтын құйрықты, құндыз жүнді арғымақ құлын туады дейді. Сол кезде ол Керқұла атпен жүгіріп келіп жеті басты дәудің басын ұрып қалғанда оның басы сұлап түседі. Кендебай арыстанның аузын қағып алып, оны да қоржынына салып алады. Мергенбай батыр өзінің баласына қосылады. Баласы қатты қуанады. Атпен шауып келіп дегеннің орнына жүгіріп келіп тіркесі*

беріледі. Жүгіру жаяу адамның әрекеті болса, шауып келу атпен қатты жүру дегенді білдіреді. Оқушы екі әрекеттің мәніне көңіл аудармастан беріп тұр. Арыстан аузын қағып алу деген бұл жерде де азуы сөзімен алмасып беріліп тұр. Мергенбай батыр өзінің баласына қауышады сөзінің орнына қосылады деген сөз алынады. *Қауышу* сөзі респонденттің когнитивтік санасында қалыптаспаған, дегенмен оның мағынасын түсініп, ол сөзге мағыналас қосылу сөзін қолданып тұр.

Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерінің ауызша дискурста қабылдануы мен қайта түзілуіндегі ерекшеліктерді эксперименттік талдау нәтижелері төмендегідей қорытындылар жасауға әкеледі: ертегіні тыңдап, оны қайта түзуге ұмтылған оқушыларда жоғарыда көрсетілген қателіктер мен ауытқуларға қарамастан, ертегі дискурсы орын алды, қарым-қатынас сәтті болды, жалпы ертегі мазмұнын түсініп, оны қайта түзді деп айта аламыз. Өйткені ертегі дискурсын қабылдау мен түсіну, өңдеу және қайтадан түзу әрекеттерінің шығармашылық сипатының басымдылығы, сонымен қатар когнитивтік әрекетте оқушылардың ертегіні түсінуінде тек сол ертегі мәтінінен тікелей алатын білімдері ғана емес, мәтінге тәуелсіз жалпы білімдері де, әр оқушының арнайы өз білім тәжірибесі де маңызды орын алатыны анықталды. Бұған дәлел ретінде экспериментке қатысқан оқушылардың ертегіні мазмұндауда өз тараптарынан сөздер мен сөз тіркестерін қосуын, ойын көркемдеп жеткізу мақсатында сөздерді мағыналас сөздермен ауыстырып қолдануын (бұл барлық жағдайда сәтті шықпаған, сондықтан түрлі қателіктерге әкелген) т.б. айтуға болады. Экспериментке қатысқан қала мектебінің оқушылары мен ауыл мектебінің оқушыларының танымында өзгешелік бар екені анықталды. Қала мектебінің оқушыларының ертегі мәтінін қабылдауда түсінбеген құрылымдарға ұқсас бірліктерді жадтан іздегенде, олардың санасында тиісті ақпараттар мен білімдердің болмауынан қиындықтар туындағаны байқалды. Оқушы санасында ұқсас модельдердің болмауы мәтіндегі ақпараттың кейбір бөлігінің кодталмауына әкеліп соқты. Кодталған мәтін бөліктерінің өзінен логикалық, кейде грамматикалық қателіктер орын алды. Бұл қателіктер қала оқушыларының қазақ тұрмыс-тіршілігіне, кәсібіне т.б. қатысты білімі мен тәжірибесінің болмауымен түсіндіріледі. Ауыл мектептерінің оқушыларының қала мектептерінің оқушыларымен салыстырғанда мәтінді қабылдауы, оны қайта түзу дағдылары біршама қалыптасқан деп айтуға болады. Өйткені мәтін мазмұнында берілген ақпараттар олардың жадында ішінара болса да салынған. Ауыл оқушысы күнделікті тұрмыста көргенін, естігенін ертегі мәтініндегі таныс жағдаяттармен салыстыру арқылы қайта түзуге бейім екенін көрсетті. Ертегі мәтініндегі жағдаяттар мен ақпараттар оқушының когнитивтік санасында ұқсас құрылымдармен байланысқа түсіп, оны түсіну, өңдеу, қайта түзу қала мектебінің оқушыларына қарағанда жылдам орын алады. Осыны пайдаланған ауыл мектебінің оқушысы мазмұндауға асығып, ойын әсірелеп, көркемдеп жеткізуге ұмтылып, бір сөз тіркесінің орнына екіншісін қолдану, дыбыстық ұқсастықтың салдарынан сөздердің мағынасына мән бермеу т.б. логикалық қателер орын алады.

3 ЕРТЕГІ ДИСКУРСЫ ЛИНГВОМӘДЕНИ ӨЛШЕМДЕРІНЕ САЛҒАСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

3.1 Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін салғастыра зерттеу әдіснамасы, принциптері мен әдістері

Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелі болуы оның зерттеу нысаны мен мақсат-міндеттеріне сәйкес әдіснамасын, принциптерін және әдістерін дұрыс таңдаумен анықталады. Ғылыми жұмысымыздың үшінші бөлімінің мақсаты – ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін салғастырмалы зерттеудің әдіснамасы мен принциптерін, әдістерін анықтай отырып, зерттеу үлгісін ұсыну.

Қазіргі ғылымда әдіснаманың бір-бірімен өзара байланысты үш деңгейін ажыратып жүр: философиялық әдіснама; жалпығылыми әдіснама; жеке әдіснама. Философиялық әдіснама – адамның қоршаған дүниені тануының жалпы ережелерінің жиынтығы. Жалпы ғылыми әдіснама әр түрлі ғылым саласындағы құбылыстарды зерттеудің принциптері мен әдістерін анықтайды. Зерттеудің жалпы ғылыми тәсілдеріне бақылау, тәжірибе т.б. жатады. Жалпы ғылыми әдіснаманың негізгі бірлігі ғылыми танымның логикасы болып саналады.

Тіл білімінің әдіснамасы тілдік құбылыстарды зерттеудің негізгі жолдары туралы ілім. Әдіс – тілді зерттеуге арналған нақты тәсіл немесе құрал. Кез келген тіл білімінің әдіснамасы нақты бір тіл туралы көзқарасқа негізделеді. Тіл туралы осындай көзқарас тілдік құбылысты танудың тәсілдері мен жолдарын анықтайды.

Біздің зерттеу нысанымыз ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін салғастыра зерттеу болғандықтан, салғастырмалы тіл білімінің әдіснамасын басшылыққа аламыз. Салғастырмалы, типологиялық тіл білімі, тіл теориясы салаларының әдіснамасын қалыптастыруға үлес қосқан В.Г. Гак, Т.А. Золотова, Н.Д. Арутюнова, Е.А. Селиванова, У.К. Юсупов, З.К. Дербишева, М.М. Копыленко, З.К. Ахметжанова, Э.Д. Сулейменова, А.Е. Карлинский, Б.К. Мурзалина, С.Ж. Тажибаева, Г.С. Сагидолда, Ж.Н. Жунусова, А.Д. Жакупова, З.К. Сабитова, К.Т. Рысалды, Н.И. Букетова, Г.И. Исина, К.К. Дуйсекова, Г.М. Алимжанова т.б. ғалымдарды атауға болады. Зерттеуімізде қазақ, орыс, араб ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін салғастырмалы зерттеуді мақсат еткендіктен, салғастырмалы лингвомәдениеттану ғылымының әдіснамасына назар аударған дұрыс деп санаймыз. Зерттеуші Г.М. Алимжанованың пікірінше, «Салғастырмалы лингвомәдениеттану ғылымы әдіснамасының негізінде тіл мен мәдениеттің өзара тығыз байланысын түсіну, тілді мәдениетті тану құралы ретінде тану, тілде нақты бір этностың мәдениеті көрініс табатындығы жатыр» деп санайды [134, 3]. Тілді лингвомәдениеттану аясында зерттеудің мәні былайша анықталады: мәдени компонент тек атауыштық бірліктерден ғана емес, қарым-қатынас тактикасынан, сөйлеу мінез-құлқынан, жалпы дүниетаным мен дүниеге деген көзқарастарынан көрініс береді, сондықтан әр түрлі мәдениет өкілдерінің

қарым-қатынасының сәтті болуы сөйлеушілердің лингвомәдени ерекшеліктері туралы білімдеріне байланысты болады. Сондықтан салғастырмалы лингвомәдениеттанудың нысаны сөз тіркестерінен бастап мәтін-дискурс, қарым-қатынас актісі, дүниенің құндылық бейнесін қамтитын тілдің барлық бірліктері жатады.

Тіл білімінің әдіснамасы нысан-принцип-әдіс-тәсіл түріндегі төрт тізбектен тұрады. Салғастырмалы лингвомәдениеттанудың зерттеу принциптеріне антропоэзектік, функционалдық, этноцентризм, түсіндіру, бір-біріне ұқсамау т.б. жатады. Салғастырмалы лингвомәдениеттану әлеуметтік лингвистикамен тығыз байланысты. Кез келген тіл әлеуметтік қатынастар негізінде қалыптасып, қоғамдық ортада дамиды. Сәйкесінше дискурстың орын алуына қоғамдағы әлеуметтік-мәдени жағдайлар ықпал ететіні сөзсіз. «Қоғам», «әлеумет» және «мәдениет» ұғымдары бір-бірімен астасып жатқан құбылыстар деп айтуға болады, өйткені адам әлеуметтік рөлдер мен мәдени құндылықтардың тасушысы бола отырып, кез келген әлеуметтік құбылысқа қатыса алады. Сондықтан да мәдениетті үнемі дамып, жетіліп отыратын әлеуметтік құбылыс деп тануға болады. Қоғам, әлеумет және сол қоғамда өмір сүріп, әр түрлі әлеуметтік рөлдерді атқаратын тіл сөйлермендері туғызған дискурс этностың дүние бейнесінен, мәдениетінен хабар береді. Сол үшін ғалымдар (В.А. Маслова, А.Т. Хроленко) лингвомәдениеттанудың зерттеу әдістерінің қатарына дискурс талдауды қосуды жөн санайды. Шындығында, дискурс талдаудың пәнаралық сипатын ескерсек, оның қоғаммен де, мәдениетпен де тығыз байланысын аңғаруымызға болады. Белгілі бір қоғамның және оның мәдениетінің ықпалымен пайда болып, қалыптасқан дискурс өз кезегінде қоғам мен мәдениетке де өз әсерін тиігізеді, сол тілдік қауымдастықтың белгілі бір даму сатысында маңызды болып саналатын ұғымдар мен түсініктерді вербалдай отырып, оларды қоғамдық санада бекітеді. Әлеуметтік шындық дискурстық тәжірибе арқылы қалыптасады, әлеуметтік өзара байланыстың мәні белгілі бір дискурста ашылады.

Ертегі дискурсы кез келген мәдениет құбылысы сияқты халықтың дискурстық тәжірибесі негізінде пайда болады. Оның түп негізінде мифтік сана мен ауыз әдебиетінің бастаулары жатыр. Ертегі дискурсы ауызша сөйлеуде және жазбаша мәтіндерде бекітілген, тілдік және тілден тыс факторларға тәуелді, нақты қарым-қатынас оқиғасы.

Тіл білімі мен фольклор саласында зерттелген шетелдік және отандық теориялық еңбектерді зерделей келе, ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін салғастырмалы талдаудың кешенді әдістемесін жасау қажеттегін түсіндік және оның негізіне дискурс-талдау және лингвомәдени көзқарас басшылыққа алыну керек деп тұжырымдаймыз.

Әлеуметтік шындық дискурстар аясында туындайды және шындыққа айналады, ал әлеуметтік қарым-қатынасты белгілі бір дискурс жанры шеңберінен тыс қарастыру мүмкін емес. Сонымен, біздің міндетіміз – ертегі дискурсындағы лингвомәдени өлшемдерді салғастырмалы зерттеу үлгісін ұсыну. Дискурс-талдау – бұл белгілі бір қоғамдық-саяси және мәдени-тарихи жағдайларда жүзеге асырылатын адамдардың сөйлеу әрекетінің өнімі ретінде

әр түрлі мәтіндерді немесе айтылымдарды түсіндіру әдістерінің жиынтығы. Дискурс-талдау құрылымдық әдістен гөрі “пәнаралық әдістердің кешені” [135, 354] болғандықтан, оны ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін анықтауда қалай тиімді пайдалануға болатынын ұсынамыз.

Сонымен, ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін салғастырмалы зерттеуге арналған дискурстық-лингвомәдени талдау үлгісін ұсынамыз. Аталған үлгі үш деңгейден тұрады:

1 деңгей

“Ертегі дискурсының жанрлық белгілерін анықтау”.

Ең алдымен зерттеуіміздің тақырыбы мен мақсат-міндеттеріне сай ертегі дискурсы жанрын дискурстың басқа түрлерінен ажырату үшін, оған тән белгілерді анықтау қажет. Бұл үшін дискурс теориясы мен дискурс талдауға (Л.М. Макаров, Н.Д. Арутюнова, В.З. Демьянков, Ю.Н. Караулов, В.И. Карасик, А.А. Кибрик, Е.С. Кубрякова, М. Фуко, Т. Ван Дейк, Н. Феэрклаф, М.Стаббс, Р. Водак, Д. Кэмерон, Д. Таннен, Қ.Ө. Есенова, З.Ш. Ерназарова, Г.Н. Смағұлова, Г. Әзімжанова, Б.С. Жұмағұлова, Г.Г. Бүркітбаева, Е. Әлкебаева, Н. Уәли, Ж.М. Кеншінбаева, Ш.А. Нұрмышева, С.Б. Альпатина, А.Е. Сәденова, Ш.А. Сабитова, Г. Мұратова, К.Қ. Садирова, А.Т. Қасымбекова, Л. Ақтанова, А. Әділова т.б.) байланысты жазылған еңбектермен танысу ұсынылады. Ғылыми-теориялық еңбектермен танысу нәтижесінде зерттеуші дискурс дегеніміз не, оның жанрлық түрлері қалай ажыратылады, дискурс талдау дегеніміз не деген сияқты маңызды сұрақтарға жауап алады. Мысалы, ертегі дискурсы жанры мен бата дискурсы жанрының айырмашылығын қалай анықтауға болады. Ең алдымен кез келген әрекет сияқты дискурстық әрекеттің мақсаты, оның өту жағдайы, дискурсқа қатысушылар болатынына назар аударуымыз қажет. Ертегі дискурсының мақсаты ертегіні тыңдаушыға жеткізу арқылы оған ой салу, үлгі-өнеге беру, қорытынды шығаруға үйрету болса, бата дискурсының мақсаты ақ тілек, ізгі ниет, береке-молшылық, аман-саулық тілеу, ол батаның түрлеріне қарай ажыратылады, мысалы, ұзатылып бара жатқан қызға берілетін батада бақыт тілеген, барған жеріндегі қызға келін болудың қыр-сырын түсіндіретін болған. Дискурстың өту жағдайына тоқталатын болсақ, оларға уақыт, кеңістік категорияларын жатқызуға болады. Мысалға алып отырған дискурс жанрларына қатысушылар әр түрлі болады. Ертегі дискурсы жанрының қатысушылары ертегіші мен тыңдаушы болса, бата дискурсы жанрының қатысушылары дастарқан басындағы қария мен жиналған қауым (оның ішінде жасы да, кәрісі де, ер адам, әйел адам т.б. болуы мүмкін) немесе батагөй ақсақал мен ұзатылып бара жатқан қыз т.б.

Біз зерттеу нысанымызға байланысты ертегі мәтіндерін оқу барысында олардың барлығына ортақ ертегі дискурсының жанрлық сипатына тән белгілерді анықтадық: 1) *тілдік бірліктердің таңдап қолданылуы* (дискурстың аталған түрінде ғана қолданылатын, басқа ешбір дискурс түрінде кездеспейтін тілдік бірліктер таңдап алынады). Мысалы, *ерте ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде.., ай десе аузы бар, күн десе көзі бар, барша мұратына жетінті* т.б. 2) *айтылымның нақты бір адресатқа бағытталуы* (кез келген ертегі белгілі бір адресатқа арналады). Мысалы, *ертегі көп жағдайда балаларға арналады,*

бірақ ертегіні ересектер де қызығып оқып, тыңдайды, тіпті ерте кездерде орыс патшаларының бірі ұйықтау үшін ертегі тыңдайтын болғаны туралы деректер де кездеседі. 3) *жеке авторлық шеберлік (қарым-қатынас құзіреттілігі)* (ертегі қиял мен сиқырға құрылатындықтан, оны құрастыратын автордың ой ұшқырлығы мен қиялы ерекше болуы тиіс, ертегі дискурсы орын алу үшін ертегішінің қарым-қатынас құзыреттілігі жоғары болу керек. 4) *ұлттық ерекшеліктің болуы* (ертегі дискурсы этностың әлеуметтік-тілдік тәжірибесінің нәтижесі болғандықтан, онда әлемнің тілдік және концептуалдық, құндылық бейнесі қалыптасқан, белгілі бір тілдік ұжымның дүниетанымы, мәдениеті, салт-санасы, дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі, тілдік санасы бейнеленеді). 5) *қарым-қатынас мақсатының болуы* (ертегі дискурсының мақсаты тыңдаушыға үлгі, насихат, өмірлік сабақ беруді көздейді. Сонымен бірге тыңдарманға танымдық, көңіл-күй, ләззат сыйлайды. Ертегі дискурсына қатысушылар тыңдаған ертегісі арқылы өзіне қызықты ақпарат алумен қатар, кейбір өмірлік жағдаяттарға ене отырып, әділдіктің түбі жеңіске жететіндігі, жамандықтың жазаланаты, т.б. жөнінде ой түйеді). 6) *дискурстық тәжірибенің болуы* (халық арасында ертегішілердің болуы, олардың ертегілерді қайталап, жиі айтуы, ертегілерді айтатын орындардың (жиындарда, тойларда, отбасында т.б.) болуы, әр түрлі қарым-қатынас жағдаяттарында айтылуы дискурстық тәжірибені қалыптастырады). 7) *айтылымның типтік формаларының болуы* (ертегінің басында, ортасында, соңында қолданылатын типтік формалар). Мысалы, *баяғыда бір бай болыпты, баяғыда бір кедей болыпты, бай болып барша мұратына жетіпті, отыз күн ойын, қырық күн тойын жасапты т.б.* 8) *айтылымның қайталану сипатының болуы* (ертегіні ерте кездерде бір халықтар той жиындарда көңіл көтеру мақсатында айтатын болса, кей халықта уақыт өткізу немесе тәрбиелік мақсатта айтып, тыңдайтын болған). 9) *ертегілік категориясының болуы* (ғажайыптылық, құндылық, фантастикалық қиял).

2 деңгей

“Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін анықтау”.

Қазақ, орыс, араб ертегі дискурсындағы жоғарыда анықталған белгілердің тілде бейнеленуіндегі ұлттық ерекшеліктерді анықтау мақсатында лингвомәдени өлшемдер ұсынылды. Ол үшін шетелдік (В.А. Маслова, Л.Г. Саяхова, О.П. Касимова, Н.А. Акименко, А.С. Бушкова, Т.Б. Бабиян, А.М. Бальян, С.А. Кушу, Е.Ю. Задорожная, В.Г. Токорев, Е.Н. Маклакова, С.К. Кенжемуратова т.б.) және отандық (Қ.Ө. Есенова, Г.Г. Бүркітбаева, К.Қ. Садирова, Ш.А. Нұрмышова, Б.А. Ахатова, А.Т. Қасымбекова т.б.) лингвомәдениеттану және дискурс зерттеуші ғалымдардың теориялық еңбектері басшылыққа алынды. Сонымен, ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерінің біріншісі тілдік деп аталады, ол өз ішінде лексикалық, грамматикалық, семантикалық деп бөлінеді. Лексикалық өлшемге қандай тілдік бірліктер жатады және оларды ертегі дискурсынан табу әдістеріне тоқталамыз.

Ең бірінші қиял-ғажайып ертегі мәтіндеріндегі тірек концептілерді анықтау қажет. Тірек концептілерді анықтау үшін олардың қолданыс жиілігіне, әмбебап сипатына және ұлттық санадағы ерекшелігіне назар аудару қажет. Аталған өлшемдер бойынша қазақ, орыс, араб қиял-ғажайып ертегі дискурсына

тән әмбебап тірек концептілерге бай/кедей, батыр, жақсылық/жамандық, махаббат/зұлымдық, адалдық/арамдық т.б. жатады. Ұлттық тірек концептілерге үй (қаз. ақ боз үй, отау, қараша үй, лашық), (орыс. замок, избушка, избушка на курьих ножках), (араб. зәулім сарай, шағын үй, үңгір) т.б.

Концептіні зерттеуде М.В. Пименова ұсынған кезеңдерді [136, 119-120] басшылыққа ала отырып, төмендегідей зерттеу кезеңдерін ұсынамыз:

Бірінші кезең – концептіні бейнелейтін сөздің ішкі мазмұнына талдау жасау. Концептіні бейнелейтін сөздер бірнешеу болуы мүмкін. Бұл жағдайда барлық сөздердің ішкі мазмұнын салыстыра талдап, оларға ортақ белгілерді анықтау қажет болады.

Екінші кезең – концептуалдаудың бейнелі тәсілдерін анықтау, яғни концептуалды метафораларды зерттеу (болған жағдайда).

Үшінші кезең – дүниенің тілдік бейнесіндегі концептінің категоризациялану тәсілдерін сипаттау.

Төртінші кезең – концептінің лексикалық мағынасын талдау. Егер белгілі бір концептіні бейнелейтін бірнеше сөз болса, олардың барлығының лексикалық мағыналары талданады, салыстырылады, ортақ және айырым белгілері анықталады. Осы кезеңде концептінің синонимдік қатарын анықтау мүмкін болады. Бұл кезең синонимдердің жалпы қасиеттері мен ерекше белгілерін анықтауға, антонимдер қатарын табуға мүмкіндік береді.

Бесінші кезеңде зерттеліп отырған концептінің құрылымында кеңістік пен уақыттың категориялық белгілері анықталады.

Алтыншы кезең – концептінің символдық белгілерін анықтау. Символдық бейнелер барлық концептілерде болмайды, тек дүниенің мифологиялық, фольклорлық, және діни бейнелерінен жиі көрініс табады.

Фразеологиялық бірліктерді салғастырмалы талдауға И.В. Зыкова [137, 3] ұсынған әдістерді басшылыққа ала отырып, қиял-ғажайып ертегілерде кездесетін фразеологиялық бірліктер мен мақал-мәтелдерді дискурстық зерттеу әдісін ұсынамыз. Ертегі дискурсының прагматикалық міндеттері мен қарым-қатынас стратегияларын жүзеге асыру мақсатында қолданылған фразеологиялық бірліктер мен мақал-мәтелдерді, метафораларды, троптарды талдаймыз.

Ертегі дискурсында кездесетін реалий сөздер, көнерген сөздерді компонентті талдау әдісі арқылы зерттейміз. Берілген лексикалық бірліктердің мағыналарын түсіндірме сөздіктер арқылы анықтаймыз, қажет болған жағдайда этимологиялық сөздіктерге де жүгінуге болады. Түсіндірме сөздіктерде берілген мағыналарды салыстыру арқылы, оларға тән ортақ және айырма белгілер анықталады.

Грамматикалық өлшемдерге сөйлеу әрекетінің ұлттық стереотиптерінің астарында қайталанып отыратын, бір типтес қарым-қатынас жағдаятындағы сөйлеуде ойды жеткізу үшін қолданылатын грамматикалық құралдарды жатқызамыз. Ертегілердің барлығы қиялға, ұшқыр ойға, ғажайыпқа құрылатын болғандықтан, ертегілік эпизодтардың қайталанып отыруы, мәтіннен мәтінге көшіп жүретін грамматикалық құрылымдар, әрекет пен әрекет орнын клишелік суреттеулер жиі кездесіп отырады. Ертегінің басталуында өлең сөзбен

тақпақтай жөнелу, анықтауыштық қатынастағы тіркестер, грамматикалық құрылымдардың қайталанып келуі тыңдарманға ерекше әсер етуді мақсат етеді.

Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерінің семантикалық белгілерін анықтауда семантика-когнитивтік зерттеу кезеңдерін, Н. Хомскийдің астырт және үстірт құрылым терминдерін, дискурс талдауды пайдаланамыз.

Семантика-когнитивтік зерттеу кезеңдері:

- ертегі дискурсындағы мәдени код, мәдени маркер, символдарды бейнелейтін тірек сөздерді, сөз тіркестерін анықтап алу;
- тірек сөздердің мағыналарын талдау;
- тірек сөздердің әмбебап және ұлттық сипатын үстірт және астырт құрылымдар арқылы анықтау;
- тірек сөздердің басқа сөздермен тіркесімдік қабілетін анықтау, ондағы мағыналық ерекшеліктерді талдау;
- синонимдерді, антонимдерді анықтау;
- тірек сөздердің лексика-семантикалық және фразеологиялық өрісін құру;
- мәдени кодтар мен мәдени маркерлердің мәтіндегі қолданысына дискурстық талдау жасау.

Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерінің қарым-қатынас стратегиясын анықтау мақсатында дискурс талдаудың төмендегідей зерттеу үлгісін ұсынамыз:

- коммуниканттардың қарым-қатынас ерекшеліктерін анықтау, яғни сөйлеу әдебінің қалыпты үлгісін және ұлттық сөйлеу мәнерін көрсететін мысалдарды дискурстық талдау;
 - сөйлеудегі сыпайылық, сөйлеу мәдениетін бейнелейтін эпизодтарды дискурстық талдау;
 - амандасу, қоштасу әдептерін дискурстық талдау;
 - қарым-қатынас стратегиясындағы ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрдің көрінісі болып саналатын қонақты қарсы алу, күту, сыйлау, шығарып салу т.б. дискурстық талдау жасау;
 - ертегі дискурсындағы бата-тілек, қарғыс мәнді сөздердің қолданысы мен қызметіне дискурстық талдау жасау;
 - ертегі дискурсының қарым-қатынас стратегиясында сөйлеушілердің ішкі жан-дүниесін, сезімдерін, көңіл-күйлерін бейнелейтін мәнмәтіндерге дискурстық талдау жасау;
- сөйлеу мәнерінің ерекшелігі, ұлттық сөйлеу әдебі, сөйлеудегі сыпайылық, сөйлеу мәдениеті, стереотиптік түсініктер, мифтер, паралингвистикалық құбылыстар т.б.

Когнитивтік-коммуникативтік өлшем аясында ертегі дискурсындағы қарым-қатынас мінез-құлқының ұлттық ерекшеліктеріне назар аударамыз, атап айтқанда мінез-құлықты басқару, қарым-қатынас ұстанымдары, жағдаяттың өзгеруіне байланысты өз шешімін өзгерте алу қабілеті, бейімделу білігі, ой ұшқырлығы т.б. дискурстық талдау үлгісі ұсынылады:

- ұлттық сөйлеу мінез-құлық ерекшеліктерін (жатсынбау, сабырлылық пен төзімділік, шыдамдылық, дарқандық т.б.) талдау;

- ұлттық қарым-қатынас ұстанымын (жеті атасын білу, табиғатпен етене жақын болу, рухани байлық, ұжымдық сана, сөз қадірін білу, сөзге тоқтау т.б.) талдау;
- дұрыс шешім қабылдау (тапқырлық, ой ұшқырлығы, шапшаңдық, ақылдылық т.б.) дискурстық талдау жасау.

Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерінің ауызша қабылдануы мен қайта түзілу ерекшеліктеріне эксперимент жүргізу әдісі К.Қ. Садированың “Қазақ тіліндегі көп пропозициялы дискурстың құрылымдық негіздері” монографиясында [21,340-344] берілген талдауларға негізделді (2.4 тараушада). Эксперименттің жүргізілу барысы: 1-кезеңде: мұғалім/оқушы “Оқушылар, сіздерге қазір “Керқұла атты Кендебай” ертегісі оқылады. Ертегіні тыңдап болған соң, оны қайта мазмұндап беру сұралады. Біз сіздердің мазмұндағандарыңызды диктофонға жазып аламыз. Осыған келісетіндеріңізге рақмет, сіздер осы класта қаласыздар, келіспейтіндеріңіз үйге қайта беруге болады” деген хабарлама жасады. 2-кезеңде – мұғалім аталған бір ертегіні мәнерлеп оқыды. 3-кезеңде – мазмұндаған оқушылардың жауаптары жазылып алынды. 4-кезеңде – жазылып алынған мәліметтерге талдау жасалды.

3 деңгей

“Салғастырмалы талдауда” қазақ, орыс, араб ертегі дискурсының жанрлық белгілерінің тілдік, когнитивтік-коммуникативтік, қарым-қатынас стратегиясында көрінуін, олардың дискурстық ортақтығы мен ерекшеліктері, ұлттық дискурстық мәдениет салғастырмалы лингвомәдени әдістер мен дискурс талдау арқылы анықталады және түсіндіріледі. Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін салғастырмалы талдау зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес әр түрлі зерттеу үлгілерін негізге алуы мүмкін. Біздің жағдаймызда анықталған лингвомәдени өлшемдердің түрлеріне қарай салғастырмалы талдаудың төрт үлгісін ұсынамыз:

1) атауларды салғастырмалы лингвомәдени сипаттау үлгісі. Бұл біздің зерттеуімізде бір типті кейіпкерлер атауларын, ғажайып зат атауларын, туыстық атауларды, атақ-лауазым атауларын, киім, тағам атауларын, кәсіп атауларын, аң-құс атауларын салғастырмалы талдаудан көрінеді.

2) әлеуметтік-психологиялық салғастырмалы лингвомәдени зерттеу үлгісі. Бұл біздің зерттеуімізде құрылысы әр түрлі тілдердің (қазақ, орыс, араб тілдері) ертегі дискурсындағы фразеологизмдерді, мақал-мәтелдерді, метафораларды, символдар, мәдени код, мәдени маркерлерді, уақыт пен кеңістікке қатысты түсініктерді, мифтік наным-сенімдерді салғастырмалы талдаудан көрінеді.

3) қарым-қатынас стратегиясын дискурстық-лингвомәдени салғастырмалы зерттеу үлгісі. Бұл біздің зерттеуімізде сөйлеу әдебі: амандасу, қоштасу; әдеп нормалары: қонақ күту, қарсы алу, қонақты сыйлау, күту, шығарып салу; салт-дәстүр: үйлену, қыз ұзату, бата беру, тілек тілеу, қарғыс мәнді сөздерді; сөйлеу әдісі: адамның ішкі жан сезімі, қуану, ренжу, ашулану т.б. талдаудан көрінеді;


4) сөйлеу мінез-құлқының когнитивтік-коммуникативтік ерекшелігін дискурстық-лингвомәдени салғастырмалы сипаттау үлгісі. Бұл біздің зерттеуімізде жатсынбау, ата-тегін білу, сабырлылық пен төзімділік, шыдамдылық, дарқандық, ұжымдық сана, сөз қадірін білу, қонақжайлылық,

тапқырлық, тез тіл табысу мен қарым-қатынасқа тез түсу, кеңес беруге құмарлық, таныс емес адамға ескерту жасау, шынайылық, ресми қарым-қатынастан гөрі, бейресми қарым-қатынасты ұнату, танымайтын адамға ішкі сырын ақтару, «өтірік күлуді» жаратпау, дауласуға құштарлық, өз пікірін айтуға ұмтылу, өзінің қиын өміріне шағымдану т.б. ұлттық мінез-құлық ерекшеліктерін салғастырмалы талдаудан көрінеді.


Зерттеуімізде ұсынылған дискурстық-лингвомәдени салғастырмалы зерттеу үлгісі дискурстың басқа кез келген жанрларын зерттеуде және салғастырмалы талдауларда қолдануға болады деп есептейміз.

3.2 Қазақ, орыс, араб ертегі дискурсын салғастырмалы талдау


Қазақ, орыс және араб ертегі дискурсын салғастырмалы талдау оларға тән ортақ белгілер мен айырмашылықтардың бар екенін анықтады. Үш тілдің ертегі дискурсы материалдарын салғастырмалы талдау алдыңғы тараулар мен тараушаларда нақты мысалдармен дәйектелгенін ескере отырып, біз осы тараушада оларды жинақтап сурет түрінде ұсынуды жөн санадық. Ең алдымен қазақ, орыс және араб ертегі дискурсына тән ортақ белгілерді Сурет 1, 2, 3, 4, 5-те көрсетеміз.



Сурет 1. Ертегі дискурсының ертегілік категориясына тән ортақ белгілер



Сурет 2. Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерінің тілдік деңгейіне тән ортақ белгілер



Сурет 3. Ертегі дискурсының жанрына тән ортақ белгілер



Ертегілік категориясының болуы, айтылымның нақты бір адресатқа бағытталуы ертегінің мифтік наным-сенімдерден бастау алып, қиял мен ғажайыпқа құрылуымен түсіндіріледі. Дискурстық тәжірибенің болу себебі ертегіні ауызша қайталап айту барысында ертегішінің сөйлеу шеберлігі мен тілдік құзыреттілігі артып, тәжірибе жинақтауынан көрінеді. Адамға, орынға, уақытқа байланысты фразеологизмдердің жиі қолданылуы адамның ең басты құндылық, дүниедегі саналы тіршілік иесі ретінде танылуымен, қиял-ғажайып ертегілерінде басты кейіпкердің адам болуымен, ертегі оқиғасындағы іс-әрекеттің өтетін орны мен уақыты, яғни хронотопқа байланысты түсіндіріледі. Қарым-қатынас стратегиясында дискурста қатысушылардың ішкі жан-дүниесін бейнелейтін жағдаяттардың ұқсас болуы адамның психологиялық күйінің ортақтығымен түсіндіріледі.


Сурет 4. Қазақ, орыс, араб ертегі дискурсына тән ортақ белгілер




Қазақ, араб ертегі дискурсындағы сәлемдесу әдебіне жалпылық сипаттың тән болуының себебі мұсылман халықтарының қашаннан бейбіт, тыныш өмір сүруді аңсап, армандағанынан туындаған. Сәлемдесу, амандасу адамның бір-біріне ізет, сый-құрмет көрсетуі болып есептеледі. Сәлемдесудің кереметі сонда - адамдардың бір-біріне жылы мейірім мен кең пейіл көрсетуінде, достықты, жақындықты бейнелеуінде.

Сурет 5. Қазақ және араб ертегі дискурсына тән ортақ белгілер


Қазақ, орыс араб ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін салғастырмалы талдау аталған лингвомәдени қауымдастықтарға тән бірқатар айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік берді. Қазақ, орыс және араб ертегі дискурсына тән айырым белгілер (Сурет 6, 7, 8) төменде беріледі.



Сурет 6. Қазақ, орыс, араб ертегі дискурсына тән айырым белгілер



Сурет 7. Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерінің тілдік деңгейіне тән айырым белгілер



Сурет 8. Ертегі дискурсына тән когнитивтік-коммуникативтік айырым белгілер

Жүргізілген зерттеу қазақ, орыс және араб ертегі дискурсының ұлттық-мәдени әлеуетке ие екендігін көрсетеді. Онда халық жасаған рухани, әлеуметтік, мәдени т.б. ұлттық ерекшеліктер көрінеді. Ертегі дискурсының міндеті тұрмыстық мәдениетті қайта құру емес, онда кең таралған ұлттық салт-дәстүр бейнеленеді. Сондықтан ертегі дискурсын ұлттың қалыптасуының алғашқы кезеңдеріндегі адамдардың күнделікті өмірі туралы ақпарат көзі ретінде қарауға болады. Қазақ, орыс және араб ертегі дискурсының айырмашылығын біз анықтаған лингвомәдени өлшемдерден, яғни тілдік, когнитивтік-коммуникативтік, қарым-қатынас стратегиясынан анық көруге болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген зерттеу жұмысында қазақ, орыс және араб ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін анықтауға ұмтылыс жасалды. Зерттеу материалы ретінде алынып отырған үш тілдің ертегі материалдары, мәтін лингвистикасы, фольклортану, әдебиеттану ғылымдары аясында жеткілікті зерттелгенімен, дискурс теориясы шеңберінде салғастырмалы аспектіде зерттеу әлі де болса толықтыруды қажет етеді. Әсіресе, бұл зерттеу тіл білімінің антропоэзектік парадигмасы ұсынған көзқарастар мен принциптер тұрғысынан алғанда өзекті болып отыр. Өйткені тілді белгілі бір ұлттың мәдениетімен байланыста қарастыру сол халықтың дүние бейнесі туралы ақпарат береді. Ертегі дискурсы ұлттың ғасырлар бойы қоршаған дүниемен қарым-қатынасы негізінде қалыптасқан дүниетанымдық түсініктерінің тілдегі көрінісі.

Ертегі дискурсы деп ертегі мәтінде берілген коммуникативтік үдерісті түсінеміз, біздің зерттеу нысанамызға қатысты оның нәтижесі қазақ, орыс және араб лингвомәдениетіндегі жағдаяттардан көрінеді. Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін анықтау үшін қазақ, орыс және араб ертегілік категориясын анықтап, олардың аталған лингвомәдениеттерге тән ерекшеліктерін айқындауды мақсат еттік.

Қоғамдық және әлеуметтік қажеттіліктермен ертегі дискурсының маңыздылығы арта түседі. Біз зерттеуімізде ұлттың өмір сүру салты мен тарихи-әлеуметтік дамуын тұрмыстық деректердің ойлау процесіне және ұлттық тілді қалыптастыруға тікелей қатысы барлығы анықталып, ертегі дискурсын ерекше мәдени қабат деп тануға болатындығын дәйектедік. Одан әрі қорытындылап берсек, ертегі дискурсын халықтың барлық әлеуметтік қабатындағы ұжымдық тілдік санадағы күрделі лингвомәдени құбылыс деуге негіз бар.

Ұлттың сөйлеу тілі белгілі бір этностың қарым-қатынас сипатын бекітеді, әдептің қалыпқа түскен үлгісін және ұлттық сөйлеу мәнерін айшықтайды. Ертегі дискурсында ойды жеткізу, әңгімелеу әрекеті кезінде адресант санадағы ақпаратын кейде ашық (эксплицитті), кейде тұспалды түрде (имплицитті) беруі ықтимал. Сол себепті де дискурс белгілі бір халықтың ұлттық айырмашылықтарына бағытталған күрделі құрылым болып табылады.

Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемінің қарым-қатынас стратегиясы сөйлеушілердің сөйлеу мәнерінің ерекшелігінен, ұлттық сөйлеу әдебінен, сөйлеудегі сыпайылық пен сөз мәдениетінен, сөйлеуде қалыптасқан стереотипті формалардан көрінетіндігі анықталды. Сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы дискурс орын алу үшін ұлттық сөйлеу әдебі ерекшеліктеріне назар аударудың маңызы зор.

Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерінің когнитивтік-коммуникативтік деңгейі екі аспектіде қарастырылады: коммуникативтік (дискурс – экстралингвистикалық факторлардың маңыздылығын өзектейтін әлеуметтік әрекет) және когнитивтік (дискурс – сана механизмі). Ертегідегі дискурстық әрекетке когнитивтік сипат тән, ол ақпаратты өңдеу мен білімді тасымалдаумен байланысты анықталады. Сөйлеуші өзінің тілдік білімі мен

нақты жағдаятқа сәйкес қажетті тілдік бірліктерді қарым-қатынас ережесіне сай таңдайды, сөйтіп дискурсқа түседі. Тыңдаушы өзінде бар білім мен дискурстық тәжірибеге сай ақпаратты қабылдайды. Дискурсқа түсу үшін қарым-қатынас актісінде қандай тілдік құрылымдар таңдап алынады деген мәселе дискурстық әрекеттің когнитивтік аспектісін құрайды және сол тілдік құрылымдар қандай түрде қолданылады деген сұрақ дискурстық әрекеттің коммуникативтік аспектісін анықтайды.

Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін салғастырмалы талдау нәтижелері төмендегідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

- 1) Зерттеу барысында отандық және шетелдік дискурс теориясын зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалып, «дискурс» терминіне берілген анықтамалар талданып, нәтижесінде «дискурс» ұғымына анықтама берілді.
- 2) Шетелдік және отандық ертегі дискурсын зерттеуші ғалымдардың еңбектері жеке-жеке зерделеніп, «ертегі дискурсы» терминіне анықтама ұсынылды.
- 3) Мәтін лингвистикасы, дискурс теориясы, фольклортану, лингвофольклористика аясында жүргізілген зерттеулерді қарастыра отырып, ертегі дискурсы жанрын басқа дискурс жанрынан ажырататын белгілер анықталды.
- 4) Ертегі дискурсын зерттеуші ғалымдардың пікірлерін басшылыққа ала отырып, ертегі дискурсының жанр құраушы бірлігі ретінде ертегілік категориясы алынды.
- 5) Зерттеу барысында ертегі дискурсының астырт және үстірт құрылымдары анықталып, астырт құрылымда ертегі дискурсының барлық құндылығы жататыны анықталды. Ертегі тыңдарманының сол астырт құрылымдағы мәдени мәнді ұғынуы дискурстың орын алуының басты алғышарты болып саналады.
- 6) Ғылыми зерттеу барысында ертегі дискурсының үш лингвомәдени өлшемі анықталды (тілдік, қарым-қатынас стратегиясы, когнитивтік-коммуникативтік). Аталған өлшемдер қазақ, орыс және араб қиял-ғажайып ертегілері материалдары бойынша зерттелді, мысалдармен дәлелденді.
- 7) Зерттеу материалдарын талдау кез келген ұлттың тілдік санасы оның дүние туралы білімімен, мәдениетімен, әлеуметтік ортасымен, діні, ділі, салт-дәстүрімен байланысты дамып, оның өзіне ғана тән коммуникативтік сөйлеу мінез-құлықтарын қалыптастырады, нәтижесінде әр ұлтқа тән ұлттық мінез қалыптасады деп тұжырым жасауға жетелейді.
- 8) Зерттеу нәтижесінде ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін салғастырмалы талдау әдістемесі жасалып, ертегі дискурсын дискурстық-лингвомәдени салғастырмалы талдау үлгісі ұсынылды.
- 9) Қазақ, орыс және араб ертегі дискурсын салғастырмалы талдау ертегі дискурсының жанрына тән әмбебап белгілер мен зерттеу нысанына алынып отырған лингвомәдени қауымдастықтардың тілдік дүние бейнесі мен діліне, тілдік санасына тән ұлттық ерекшеліктер болатынын анықтауға мүмкіндік берді.
- 10) Зерттеу барысында ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерінің ауызша дискурста қабылдануы мен қайта түзілуін анықтауға арналған эксперимент жүргізіліп, нәтижелері талданып, қорытынды жасалды.

Эксперимент нәтижесі бойынша оқушылардың ауызша дискурсында жіберілген лексика-грамматикалық, логикалық қателерге қарамастан, ауызша дискурс орын алды деп тұжырымдаймыз. Себебі ертегі дискурсының ауызша қабылдануы мен қайта түзілуінің шығармашылық сипаты басым және оқушылардың тыңдалған ертегі мәтініне тәуелсіз жалпы білімдерінің алатын орны ерекше. Эксперимент нәтижелерін талдау қала және ауыл мектептері оқушыларының танымында ертегі дискурсының қабылдануы мен оның қайта түзілуінде айырмашылықтар бар екенін көрсетті. Қала мектебі оқушылары жіберген қателіктердің басым көпшілігі олардың санасында тиісті білімдер мен ақпараттардың болмауынан туындағанын байқатты. Ертегі дискурсында кездескен кейбір тілдік құрылымдарға ұқсас үлгілердің жадта болмауы себебінен ертегі дискурсын қайта түзуде кейбір ақпараттар кодталмады. Ауыл мектептері оқушыларының ертегі дискурсын қабылдауы мен қайта түзуі қала мектептері оқушыларына қарағанда біршама қалыптасқандығын көрсетті. Мұның себебі ауыл оқушысының күнделікті тұрмыста көрген-түйгенін ертегі мәтініндегі таныс жағдаяттармен салыстыру арқылы қайта түзуге бейім екенін дәлелдеді.

Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерінің семантикалық белгілері астырт құрылымнан анық көрінеді. Әсіресе, мәдени код, мәдени маркерлер, символдарда ұлттық семантикалық мағына жатады. Қазақ ертегі дискурсының араб және орыс ертегі дискурсынан ерекшелігі ұлттық мәдениетті бейнелейтін мәдени кодтардың көп қолданылуынан көрінеді. *Отан тігу, түтін түтету, шаңырақ көтеру, қыл бұрау салу, жеті ата, козыкөш жер, ет асымдай уақыт* т.б. Ертегі дискурсы орын алу үшін осындай дүниелік білімдер тыңдарманның санасында болуы шарт. Болмаған жағдайда қарым-қатынас сәтсіздігіне ұшырайды.

Зерттеу жұмысының **болашақ бағдарын** ертегі дискурсын баспасөз мәдениетімен (жарнама, телебағдарламалар, теле-шоулар, клиптер т.б.) байланыста зерттеу, дискурстық тұлға, дискурстық тәжірибе мен әлеуметтік тәжірибе байланысы тұрғысынан зерттеуден, қиял-ғажайып ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін салғастырмалы зерттеу әдістемесін пайдалана отырып, тұрмыстық, жан-жануарлар т.б. ертегі дискурстарын әрі қарай кешенді зерттеуден, ұсынылған дискурстық-лингвомәдени талдау үлгісін дискурстың басқа жанрларын зерттеуге пайдаланудан көреміз.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Матвеева Т.В. Полный словарь лингвистических терминов. – Ростов на Дону: Феникс, 2010. – 562 с.
- 2 Карасик В.В. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – Волгоград: Перемена, 2002. – 477 с.
- 3 Кубрякова Е.С., Александрова О.В. Виды пространства, текста и дискурса // Категория мира: пространство и время: материалы науч. конф. – М.: Диалог, 1997. – 389 с.
- 4 Николаева Т. М. Лингвистика текста: Современное состояние и перспективы // Новое в зарубежной лингвистике. Серия: Лингвистика текста. – М., –1978. Вып. 8.– С. 467 – 472.
- 5 Серио П. Как читаются тексты во Франции // Квадратура смысла: Французская школа анализа дискурса. – М.: Прогресс, – 1999. – С. 12 – 53.
- 6 Арутюнова Н. Д. Дискурс // Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: Советская энциклопедия, 1990. – С. 136-137.
- 7 Степанов Ю.С. Альтернативный мир, Дискурс, Факт и принцип Причинности // Язык и наука конца XX века. Сб. статей. – М.: РГГУ, 1995. – С.35-73.
- 8 Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – М.: Искусство, 1979. – 310 с.
- 9 Ван Дейк Т.А. Язык. Познание. Коммуникация. – М, 1989. – 312 с.
- 10 Шейгал Е.И. Семиотика политического дискурса. – М., 2004. – 367 с.
- 11 Stubbs M. Discourse analysis: the sociolinguistic analysis of natural language. – Chicago: University of Chicago Press, 1983. – 272 p.
- 12 Чернявская В. Е. Лингвистикатекста. Лингвистика дискурса: учеб. пособие / В. Е. Чернявская. – М.: Флинта: Наука, 2013. – 208 с.
- 13 Harris Z. Linguistic Society of America Discourse Analysis// Language. –1952. – V. 28. № 1. P. 1 – 30. Published by: Linguistic Society of America Stable URL: <https://www.jstor.org/stable/409987> Accessed: 13-11-2018.
- 14 Мухтаруллина А.Р., Сподарец О.О. Стратегичность и модальность англоязычного новостного политического медиа-дискурса. Монография. – Уфа: РИЦ БашГУ, 2021. – 178 с.
- 15 Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагмастилистикасы. – Алматы, Қазақ университеті, 2014. – 247 б.
- 16 Кеншінбаева Ж. Қазақ мәтінінің семантика-интонациялық мүшеленуі (экспериментті-фонетикалық зерттеу): филол.ғыл. канд. ... автореферат. – Алматы, 2005. – 27 б.
- 17 Уәли Н. «Тұрмыстық дискурстың формалды коммуникативтік ерекшеліктері» // «Дискурс теориясының өзекті мәселелері» Халықаралық электронды ғылыми конференция материалдары. – Ақтөбе, 2011. – 297 б.
- 18 Бүркітбаева Г.Г. Деловой дискурс. Антология и жанры. – А., 2005. – 230 б.
- 19 Нұрмышева Ш.А. Коммуникативно-прагматическая характеристика переводов кинодискурса. дисс. к. филол. н. – А., 2010. – 120 б.
- 20 Есенова Қ.Ө. Қазіргі қазақ медиа-мәтіннің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде): фил.ғыл.док. ...диссертация. – Алматы, 2007. – 345 б.
- 21 Садирова К.Қ. Көп пропозициялы дискурстың құрылымдық негіздері.

- Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы АқМУ РБҚ. 2008. – 428 б.
- 22 Ахатова Б.А. Политический дискурс и языковое сознание. – Алматы: Экономика, 2006 – 300 б.
- 23 Қалиұлы Б. «Дискурс және оның тілдік белгілері» // «Дискурс теориясының өзекті мәселелері» Халықаралық электронды ғылыми конференция материалдары. – Ақтөбе, 2011. –10 б
- 24 Күдерінова Қ. Б. «Қазақ дискурсының (ауызша) ұлттық және заманауи ерекшеліктері» // «Дискурс теориясының өзекті мәселелері» Халықаралық электронды ғылыми конференция материалдары. –Ақтөбе, 2011. – 55 б
- 25 Исакова С.С. Университеттік дискурстағы терминдердің қолданылу принциптері // «Дискурс теориясының өзекті мәселелері» Халықаралық электронды ғылыми конференция материалдары. –Ақтөбе, 2011. – 97 б.
- 26 Акименко Н.А. Лингвокультурные характеристики англоязычного сказочного дискурса: дис. ... канд. филол. наук / Н.А. Акименко. – Волгоград, 2005. – 193 с.
- 27 Миронова Н.Н. «Дискурс-анализ оценочной семантики» – М.: НВИ «Тезаурус», 1997. –160 с.
- 28 Пропп В.Я. Русская сказка (Собрание трудов В.Я. Проппа); научная редакция, комментарии Ю.С. Рассказова. –М.: Лабиринт, 2000. – С. 316.
- 29 Мамонова Ю.В. Когнитивно-дискурсивные особенности лексики английской бытовой сказки: автореф. дис. ... канд. филол. наук / Ю. В. Мамонова. – М., 2004. – 22 с.
- 30 Демина М.В. Гендерная концептосфера британского сказочного дискурса: от традиции к современности// Вестник СамГУ. –2006. №10/2 – С 64.
- 31 Кербс А.М. Пространство русского сказочного дискурса // [pgu.ru» upload /iblock/8dd/uch_2010_viii_00008.pdf](http://pgu.ru/upload/iblock/8dd/uch_2010_viii_00008.pdf)
- 32 Батуева К.Т., Ульянова И.Г. Лексические особенности сказочного дискурса // Вестник Пятигорского государственного университета. –2011. № 4. – С. 191.
- 33 Луговая Т. Сказочный дискурс современной культуры// Культурологічний та мистецтвознавчий журнал. №4 (35) – 2012. 14-19 с.
- 34 Каримова У.В. Лингвокультурологические характеристики сказочного дискурса. диссертация на соискание магистерской степени. –Ташкент, 2013. – 88 с.
- 35 Брейгер Ю.М. Вербализация испытания в сказочном дискурсе в русском и французском языках» диссертация на соискание уч. степ. кандидата филол. наук. – Волгоград, 2013. – 120 с.
- 36 Плахова О.А. К вопросу о взаимодействии дискурса и жанра (на примере сказочного дискурса) // Вектор науки ТГУ. – 2015. № 3-2 (33-2). – С. 246-252.
- 37 Плахова О.А. Лингвосемиотика английской сказки: жанровое пространство, знаковая репрезентация, дискурсивная актуализация: монография / О. А. Плахова. – Тольятти : Изд-во ТГУ, 2013. – 308 с
- 38 Ковальчук Л.П. «Научная парадигма и структурная композиция сказочного дискурса» // Вестник Челябинского государственного университета. Филология. Искусствоведение. –2013. № 2 Вып. 74. – С.104-109.

- 39 Әуесбаева П.Т. Ертегілік сюжеттер мен мотивтер жөнінде // Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл саясаты және қазақ әдебиетіндегі ұлттық идея» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары – Алматы, 2015. –173 с.
- 40 Шакиров Д.Ф., Юсупова А.Ш. Лингвокультурный аспект сказочного дискурса и вопросы его перевода на татарский язык). //Современные проблемы тюркологии: язык – литература – культура = Contemporary Problems of Turkology: Language – Literature – Culture : материалы Международной научно-практической конференции. Москва: РУДН, 2016. – С. 679-687.
- 41 Эринисова А.Э. Прецентные феномены в билингвальном языковом сознании // Научное периодическое издание «INSITU». – Москва: РИЦ ИФИР, - 2016. - С. 43-46.
- 42 Соборная И. С. Теоретико-методологическая основа исследования сказочного дискурса // Электронный научный журнал «arriori. серия: гуманитарные науки». – 2017. № 5. – С. 39.
- 43 Бизунова Е.Ф. Сказочный дискурс как отражение менталитета народа (на примере белорусской и немецкой сказок) // Вестник «Витебский государственный университет им. П.М.Машерова». Витебск, 2017. № 3. – С. 53-54.
- 44 Городова Ю.С. «Специфика сказочного дискурса в англоязычном эпосе». Выпускная квалификационная работа. – Белгород, 2017. – 72 с.
- 45 Кенжемуратова С. К. Лингвокультурные параметры сказочного дискурса в казахском, русском и английском языках: выпускная квалификационная работа магистра. БГУ. – Уфа, 2020. – 68 с.
<URL:https://elib.bashedu.ru/dl/diplom/Kenzhemuratova S.K. 45.04.01 Filoloogija mag_2020.pdf>.
- 46 Қасымбекова А.Т. «Ертегілердегі ғаламның концептуалдық бейнесі (қазақ және ағылшын тілдері негізінде». Филос. (PhD) док. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Абай ат ҰПУ – Алматы, 2020. – 139 б.
- 47 Шаколо А.В. Сказочный дискурс: истоки, становление, ключевые концепты в русской, белорусской и немецкой лингвокультурах: диссертация на соискание ученой степени кандидата филологических наук: специальность 10.02.20 Сравнительно-историческое, типологическое и сопоставительное языкознание / Шаколо Александр Вячеславович. – Минск, 2021. – 129 с.
- 48 Галлямова В.В. Классификация сказок в исследовании сказочного дискурса // Научные исследования молодых ученых в области филологии и педагогики: Сборник научных трудов. – Уфа: БГПУ им.М.Акмиллы, 2021. – С 140.
- 49 Сию Цзинтин. Дискурсивные особенности русской народной сказки (на материале сборника А.Н.Афанасьева) автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Казань, 2021. – 23 с.
- 50 Бахтин М.М. Собрание сочинений. в 7 т. Т. 5. – М., 1996. – 337 с.
- 51 Фуко М. Порядок дискурса // М. Фуко. Воля к истине: по ту сторону знания, власти и сексуальности. Работы разных лет / Пер. с франц. М., 1996. – С. 74.

- 52 Тодоров Ц. Понятие литературы / Пер. Г.К. Косикова // Семиотика / Ред. Ю.С. Степанов. М., 1983. – С. 367.
- 53 Greimas A.J., Courtés J. Sémiotique: Dictionnaire raisonné de la théorie du langage. – Paris, 1979. – P. 106.
- 54 В.И. Тюпа. Жанр и дискурс // Критика и семиотика. - Вып. 15. – Новосибирск, – М., 2011. – С. 31-42.
- 55 Nunan David. Introducing Discourse Analysis. – London: Penguin English. 1993. – P.134.
- 56 Әділова А. Қазіргі қазақ көркем шығармаларындағы интертекстуалдық репрезентациясы, семантикасы, құрылымы фил.ғыл. докт. диссертациясы. – Алматы, 2009. – 235 б.
- 57 Смағұлова Г.Н., Күркебаев К., Жұмағұлова Ә. Шешендік сөздердің дискурсы: оқу құралы. – Алматы: Арыс, 2008. – 184 б.
- 58 Садирова К.Қ. Дискурс теориясы мәселелерінің қазақстандық лингвистикада зерттелуі // «Дискурс теориясының өзекті мәселелері» Халықаралық электронды ғылыми конференция материалдары. – Ақтөбе, 2011. 40-49 б.
- 59 Кенжеқанова Қ.К. Саяси дискурстың прагматикалық және когнитивтік компоненттері (қазақ тіліндегі мерзімді басылымдар материалдары бойынша) филос. (PhD) докт.ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы: ҚазҰУ, 2015. – 187 б.
- 60 Левицкий Ю.А. Актуальные проблемы лингвистики: монография. – Саарбрюккен, 2012. – 252 с.
- 61 Исмаилова Ж.А. Текст и дискурс в современной лингвистической парадигме // Наука и образование Южного Казахстана. Серия гуманитарные науки. – 2006. – № 6 (55). – С. 69-71.
- 62 Жакупов Ж.А. Қазақ лингвофольклортануының ғылымтанулық тұғыры // Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы. Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сериясы. – №2. 2015, – 248-255 б.
- 63 Померанцева Э. В. Судьбы русской сказки. – Москва: «Наука», 1965. – 220 с.
- 64 Аникин В.П. Русская народная сказка. – М.: Просвещение, 1977. – 208 с.
- 65 Бушкова А.С. Анализ дискурсивных особенностей русских и английских сказок// vkr.pspu.ru/uploads/485/Bushkova_vkr.PDF
- 66 Лукина М.В. Лингвокультурологический анализ положительных и отрицательных персонажей русских сказок lukina_mv_lingvokulturologicheskiy-analiz-polojitelnyh-i-otricatelnyh-personajey-russkih-skazok_103671.docx
- 67 Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка // Известия АН СССР. Серия литературы и языка. – Москва: Наука, 1993. -т. 52. №1. – С. 3-9.
- 68 Иваненко Л.Г. Лингвокультурный анализ в сказок британских островов // nauchkor.ru/uploads/documents/....pdf 2017
- 69 Саяхова Л.Г. Лингвокультурология и межкультурная коммуникация. Учебное пособие. – Уфа: РИЦ БашГУ, 2014. – 136 с.

70. Неустроева А.О. Лингвокультурная интерпретация немецкой литературной сказки (на материале произведений В. Гауфа). tlar.uspa.ru/bitstream/uspa/9928...02Neustroeva2.pdf
- 71 Бабиян Т.В., Федосова В.И. Лингвокультурные особенности и русской народной сказки и ее английского эквивалента в компаративном аспекте исследования // Молодой ученый международный научный журнал № 17 (121). – 2016. – С. 504-508.
- 72 Бальян А.М., Кушу С.А., Задорожная Е.Ю. «Лингвокультурные особенности англоговорящей языковой личности» // научный журнал «Вестник АГУ. Выпуск 4 (207), 2017. – С 49-54.
- 73 Хаманеева М.В. Сказки Элвина Брукса Уайта: страноведческий и лингвокультурологический аспект. <https://elib.sfu-kras.ru/handle/2311/68713>
- 74 Колосовская. В.В. Современная французская сказка в лингвокультурологическом аспекте. Дипломная работа. – Минск, 2015г. elib.bs.by/bitstream/123456789...1/Kolosovskaya...
- 75 Токарев Г.В. Лингвокультурологические особенности сказок А.С. Пушкина // Вестник Челябинского государственного педагогического университета. №8. 2014. – С. 338-346.
- 76 Белошапкова Т.В. Принципы и параметры анализа концептов в современной отечественной лингвистике: лингвокультурологические и когнитивно-дискурсивные типы исследований. cyberleninka.ru/Gрнти...-i-parametry-analiza...
- 77 Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшеліктері. Филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2006. – 125 б.
- 78 Хакимова Ф. Лингвокультурологические особенности волшебных сказок infourok.ru/statya-po-teme...osobennosti-volshebnoj...
- 79 Маклакова Е.А. О понятии лингвокультурологической специфики значения слова // Текст. Дискурс. Картина мира. – Воронеж, 2011. – Вып. 7. – С. 9.
- 80 Гачев О.Б. Опыт выявления мотивированности. – Москва, 1975. – 122 с.
- 81 Ворошкевич М.В., Казанникова Д.П. Пособие по лингвокультурологическому анализу текста © МПГУ, 2016. – 187 с.
- 82 Ақбердиева Б. Лексика-фразеологиялық жүйедегі мифтік-танымдық құрылымдар: 10.02.02 – фил. ғ.к. дис. авторефераты. – Алматы, 2000. – 30 б.
- 83 Елемесова Ш. Көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттары: фил. ғыл. канд. дис. автореф.. – Алматы, 2003. – 32 б.
- 84 Аитова Н. Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы: фил. ғыл. канд. дис. қолжазбасы. – Алматы, 2005. – 176 б.
- 85 Қаирбаева Қ. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні: филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2004. – 136 б.
- 86 Қожахметова Ф. Тұрмағамбет Ізтілеуов тілдік тұлғасының дискурстық сипаты: филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2004. – 125 б.
- 87 Имашева Г. Міржақып Дулатұлының шығармаларындағы «Ғаламның тілдік бейнесі»: филол. ғыл.канд. дис. авторефераты. – Алматы, 2007. – 28 б.
- 88 Маслова В.А. Лингвокультурология. – Москва., Издательский центр академия, 2001. – 203 с.

- 89 Шаклеин В.М. К методологии лингвокультурологического исследования текста как материала для изучения лингвокультурной ситуации// *Russian Journal of Linguistics*. – 2002. №3, – С. 169-179.
- 90 Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура [Текст]: Лингвострановедение в преподавании рус. яз. как иностр.: учеб. пособие для студентов филол. специальностей и преподавателей рус. яз. и литературы иностранцам / Е. М. Верещагин, В. Г. Костомаров; МГУ. Науч.-метод. центр рус. яз. при Моск. гос. ун-те им. М. В. Ломоносова. Группа страноведения. – Москва, 1973. – 232 с.
- 91 Қазақ ертегілері. – Алматы: «Алматы кітап баспасы», 2017. – 246 б.
- 92 Алтын сақа. – Алматы: Аруна, 2015. – 72 б.
- 93 Қиял-ғажайып ертегілер. – Алматы: Аруна. 2017. – 92 б.
- 94 «عَلِيّ بابا» تأليف كامل كيلاني. العربية مصر جمهورية. ٢٠١١
- 95 Ертегілер. Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық. – 4 Т. / Жауапты шығарушы А.Айдашев. – Алматы: Жазушы, 1989. – 304 б.
- 96 Народные русские сказки/ Изб. сборник А.Н Афанасьева. Тексты обработаны В.П.Аникиным. – М.: 1983. – 239 с.
- 97 Батырлар туралы ертегілер. – Алматы: Аруна, 2017. – 96 б
- 98 Аникин В.П. Русская народная сказка. – М., Просвещение. 1977. – 208 с.
- 99 Лебедева В.В. Арабские народные сказки. – Москва. 1990. – 317 с.
- 100 Маршак С. Я. 12 месяцев. Сказка. – М.: Издательство: Малыш, 2020. – 144 с.
101. Әжемнің ертегілері. – Алматы, 2009. – 189 б.
- 102 «علاء الدين» تأليف كامل كيلاني. مصر جمهورية العربية. ٢٠١١
- 103 Шалаева Г.П. Большая книга сказок. Издательство: Эксмо, – Москва. 2005. – 383 с.
- 104 Пропп В.Я. Русская сказка. – М.: Лабиринт, 2000. – 413 с.
- 105 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
- 106 Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 640 б.
- 107 «السُّنْدِيَادُ الْبَحْرِيُّ» تأليف كامل كيلاني. مصر جمهورية العربية. ٢٠١١
- 108 Манкеева Ж. А. Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы: филол. ғыл. докт... автореф.: – Алматы, 1997. – 53 б.
- 109 Салье Л.А. Маруф-Башмачник. Избранные сказки, рассказы и повести из «Тысячи и одной ночи». – М., 1986. – 640 с.
- 110 Қаирбаева Қ.Т. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні. Филол. ғылым. канд. диссертациясы. – Алматы, 2004. – 178 б.
- 111 Әбдуов М.І. Қазақтың діни эпосы. Діни эпостың типологиялық және поэтикалық мәселелері: Монография. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2006. – 254 б.

- 112 Уәли Н.М. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясы. – Алматы, 2007. – 326 б.
- 113 Аитова Н.Н. Поэтикалық ақпарат және оның уақыт пен кеңістікте таралуы // ҚазҰУ хабаршысы. № 4. 2010. – 29 б.
- 114 Брейгер Ю.М. Вербализация испытания в сказочном дискурсе в русском и французском языках: диссертация на соискание уч.степ. кандидата филол. наук. – Волгоград, 2013. – 199 с.
- 115 Carlson L. Dialogue Games: An Approach to Discourse Analysis. – Boston, 1983. – 261 p.
- 116 Parret H. The Aesthetics of Communication: Pragmatics and Beyond. - Dordrecht, 1993. – 328 p.
- 117 Edmondson W. Spoken Discourse: A Model for Analysis. – London, 1981. – 298 p.
- 118 Zeckhauser R. J. Strategy and Choice. - Cambridge, MA, 1991. – 187 p.
- 119 Макаров М. Л. Основы теории дискурса. – М.: ИТДГК «Гнозис», 2003. – 280 с.
- 120 Levy D. M. Communicative goals and strategies: Between discourse and syntax // Syntax and Semantics. - Vol. 12: Discourse and Syntax. – New York, 1979. – P. 183-210.
- 121 Романов А. А. Системный анализ регулятивных средств диалогического общения. – М., 1988. – 181 с.
- 122 Coulmas E Introduction: Conversational routine // Conversational Routine. –The Hague, 1981. – P. 1-17.
- 123 Fritz G. Kohärenz: Grundlagen der linguistischen Kommunikations analyse. – Tübingen, 1982. – 283 p.
- 124 Дулаева Е.З., Мамедова Ф.З., Базылова Б.К. Речевой этикет и национально-культурные традиции // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия филологическая. – № 4 (70). 2019. – С. 62-67.
- 125 Қалиев Б. Тіл білімінің жаңа бағыттары: концепт, прагматика, дискурс, мәтін (мақалалар жинағы). – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 246 б.
- 126 Формановская Н.И. Речевой этикет и культура общения. – М.: Высш. шк., 2002. – 456 с.
- 127 Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. – Алматы: Ғылым, 1974. – 131б
- 128 Смағұлова Г. Мәтін лингвистикасы. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2002. –36 б
- 129 Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі алғыс және қарғыс мәнді тұрақты тіркестер// Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы мәселелері. – Алматы: Өнер, 1960. – 117-121-б.
- 130 Уәлиұлы Н. «Фразеология және тілдік норма». – Алматы, 1998. –390 б.
- 131 Пропп В.Я. Морфология сказки. Изд. 2-е. – М., Главная редакция восточной литературы издательства «Наука», 1969. – 168 с.
- 132 Қасқабасов С. А. Фольклор туралы. –Алматы: Жібек жолы, 2009. –269 б.
- 133 Красных В.В. Этнопсихоллингвистика и лингвокультурология. – М.: Гнозис, 2002. – 210 с.

- 134 Алимжанова Г.М. Сопоставительная лингвокультурология: взаимодействие языка, культуры и человека / Г.М. Алимжанова. – Алматы, 2010. – 300 с.
- 135 Касавин И.Т. Текст. Дискурс. Контекст. Введение в социальную эпистемологию языка. – М., 2008. – 289 с.
- 136 Пименова М.В., Кондратьева О.Н. Концептуальные исследования. Введение: учебное пособие. – М.: Флинта: Наука, 2011. – 176 с.
- 137 Зыкова И.В. Метаязык лингвокультурологии: константы и варианты. – М.: Гнозис, 2017. – 752 с.

ҚОСЫМША А

Қазақ, орыс және араб қиял-ғажайып ертегі дискурсына тән ортақ белгілер мен оларды дәлелдейтін мысалдар

Ортақ белгілер	Қазақ ертегі дискурсы	Орыс ертегі дискурсы	Араб ертегі дискурсы
Бір типтес кейіпкерлер	ақымақ бай, сараң бай, жетім бала, тазша бала, кенже бала, кейде оның ақымақ болуы, сұлу қыз, Күнікей, Кенжекей т.б.	Иван- дурачок, Иван- царевич, мачеха, падчерица, красна девица, богатырь, добрый-молодец	Бай саудагер, жетім бала –Аладдин, теңізші -Синдбад
Ғажайып заттар	Ұр тоқпақ, ғажайып кездік, сиқырлы айна, т.б.	Скатерть - самобранка, сапоги-скороходы, шапка-невидимка	Ұшқыш сандық, ұшқыш кілем, сиқырлы шам, жын жасырынған құмыра
Магиялық тапсырмалар	Алтын мүйізді киікті, алтын суды, алтын құсты тауып әкелу	ощипать перья, наколоть дров, напоить буйвол, достать огниво, посадить зерно,	Алтын сарай тұрғызу, қырық алтын табақ әкелу т.б.
Тірек концептілер	Бай мен кедей, патша мен батыр, жамандық пен жақсылық, үй, махаббат пен зұлымдық, адалдық пен арамдық, жалқау мен еңбекқор	Бай мен кедей, патша мен батыр, жамандық пен жақсылық, үй, махаббат пен зұлымдық, адалдық пен арамдық, жалқау мен еңбекқор	Бай мен кедей, патша мен батыр, жамандық пен жақсылық, үй, махаббат пен зұлымдық, адалдық пен арамдық, жалқау мен еңбекқор
Ертегінің басталуы - нда, ортасында соңында, кездесетін тұрақты клишелер	«ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөрте-де », «баяғыда бір бай болыпты», «ертеде бір кедей өмір сүріпті». «Отыз күн ойын, қырық күн тойын	жили-были, некотором царстве, некотором государстве, «скоро сказка сказывается, да не скоро дело делается»; «и я там был, мед-пиво пил,	<ul style="list-style-type: none"> • الرِّمَانِ كَانَ قَدِيمًا فِي ерте заманда болған وَ فِي يَوْمٍ مِّنَ الْأَيَّامِ күндердің бір күнінде فِي بَلَدٍ مِّنْ بِلَادِ елдердің бір елінде عَلَى أَسْعَدٍ وَحَالَ أَهْنًا بِالْ جَمِيعًا طُولَ وَالْحَيَاةِ هُمْ

	жасапты», «бай болып барша мұратына жетіпті»	по усам текло, да в рот не попало»; «повели под венец, тут и сказке конец»; «тут и сказке конец, а кто слушал– молодец».	عاشو бақытты да, ұзақ өмір сүріпті.
«үш» және «жеті» киелі сандарының қолданысы (үш рет сынақтан өту, ханның үш ұлының болуы үш тапсырма, үш өсиет, үш күн, үш түн т.б.)	ер кезегі үшке дейін, жеті қат жердің асты,	«Мудрая девица и семь разбойников»	«Әли-Баба мен қырық қарақшы», «Синдбадтың жеті сапары»
«жер асты әлемі», «жер үсті әлемі»	Ер Төстіктің жер асты патшалығына баруы	Иван-царевичтің су асты патшалығына баруы	Синдбадтың теңіздің астына түсуі
уақыттың берілуі, уақыттың белгісіздік сипаты	ерте, ерте, ертеде, баяғы өткен заманда, т.б.	жили-были, давным-давно, давние времена	في يَوْمٍ مِنَ الْأَيَّامِ күндердің бір күнінде, қадым заманда
ертегі оқиғасының өрбу нүктесі: қаһарман – көмек --шілер – қарсылас тар болып келуі	Ер Төстік – Таусоғар, Желаяқ, Саққұлақ, – Шойынқұлақ, мыстан кемпір, Бекторы, т.б.	Иван-царевич – богатырский конь – Баба-Яга	Аладдин – сиқырлы шам– сиқыршы.
бас кейіпкер – батыр еліне қамқор, отан сүйгіш, алып күш иесі, мейірімді, жомарт, ешқашан жеңілуді	Кендебай мейлінше қайырымды болыпты, жылаған ды жұбатыпты, жатсынуды сүймепті, табысына бүкіл ел ортақ	В некоем королевстве служил у короля солдат в конной гвардии, прослужил двадцать пять лет верою и правдою; за его честное поведение	وَقَدْ ابْتَسَمَ لَهُمَا الْحَظُّ، عَلَيْهِمَا الدُّنْيَا، وَأَحْبَبَهُمَا فِي عَهْدِهِمَا الْبِلَادُ وَاسْتَنْبَّ فِيهَا وَتَقَدَّمَتْ وَأَرْتَقَتْ، وَعَمَّ الرَّحَاءُ ! Ол хақыққа адал патша болыпты, сол үшін елі жақсы

білмейтін жеңімпаз болып бейнеленеді.	болыпты.	приказал король отпустить его в чистую отставку	көріп құрметтепті.
--	----------	---	--------------------

ҚОСЫМША Б

Қазақ, орыс және араб қиял-ғажайып ертегі дискурсына тән айырым белгілер мен оларды дәлелдейтін мысалдар

Ортақ белгілер	Қазақ ертегі дискурсы	Орыс ертегі дискурсы	Араб ертегі дискурсы
Атақ лауазым атаулары	Хан мен уәзір, малшы- жалшы, т.б	царь, крестьянин, купец, король, дворян т.б	الوزير, فلاح, تاجر, ملك مربية, عاملة نظافة Уәзір, шаруа, көпес, патша, үй күтушісі, т.б.
ертегілік оқиғалардың өту орны	кең дала, жайлау, өзен жағасы, тау бөктері т.б.	орман, тоғай, тау, егіс алқаптары, алаңқай, көк шалғын .т.б	теңіз, тау, шаһар, шөл дала т.б
Фразеологизм дердің қолданылуы	жануарлардың ерекше қасиетіне, өлшем атауларына т.б.	Қашықтыққа байланысты, киелі сандар т.б.	қазына, байлық, сиқырға қатысты сөздер т.б.
мақал-мәтелдердің қолданысы	қазақ қоғамындағы әлеуметтік жағдай, ұлттық тәрбие т.б.	орыс ертегі дискурсында сабырлылық, шыдамдылық, сұлулықты бағалау, т.б	араб ертегі дискурсында қанағатшылдық, имандылық, жомарттық т.б.
киім атаулары мен тағам атауларының қолданысы	сауыт, бөрік, торғын орамал, т.б.	подвенечное платье, хлеба-соли откушать, заморских вин испробовать.	Изар, чалма, халат, тюрбан т.б.
ұлттық мәдениетті бейнелейтін мәдени кодтар	отау тігу, түтін түтету, малдың құты, т.б.	хлеб-соль, веретено, огниво	خامس طبع العادة (бесінші әдет)
кәсіп атаулары мен аң-құс атаулары	малшы, аңшы, саяшы, қасқыр, түлкі, қоян т.б.	балықшы, орманшы, аспаз, аю, қасқыр, т.б.	саудагер, тігінші т.б. қасқыр, гиена, пантера т.б.
ертегі дискурсындағы хронотоптағы айырмашылық	қазақ ертегі дискурсында оқиға өтетін орынның, жер-су атаулары нақты көрсетіледі.	орыс ертегі дискурсында жалпы сипатта беріледі, нақты жер атаулары аталмайды.	араб ертегі дискурсында оқиға өтетін орынның, жер-су атаулары нақты көрсетіледі.

Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерінің қарым-қатынас стратегиясында көрінуі	Қазақ ертегі дискурсында сөйлеу әдебінің формаларына жалпылық сипат тән. Қалыптасқан амандасу және қоштасу формалары қолданылмайды.	орыс ертегі дискурсында қалыпты сәлемдесу формалары қолданылады.	араб ертегі дискурсында сөйлеу әдебінің формаларына жалпылық сипат тән. Қалыптасқан амандасу және қоштасу формалары қолданылмайды.
ертегі дискурсында көрінетін әдеп нормалары	сыйлы қонаққа табақ тарту рәсімі, қонақты күту, оны қарсы алу т.б.	сыйлы қонақтарға ең алдымен нан мен тұз ұсыну.	дастарханға нанның түр түрі мен жемістерді мол қою, және қойылатын дәмдерді алтын, күмістен жасалынған ыдыстарға қою дәстүрге айналған
ертегі дискурсындағы бата-тілек сөздер	Ертегідегі бата-тілек арқылы жақсылық тілеу көзделеді: риза болу, сыйлық беру, тілек тілеу. Қазақ ертегі дискурсында ақ тілек пен бата беруден гөрі бата тілеу, бата сұрау жағдаяттары жиі кездеседі.	Орыс және араб ертегі дискурсында бата кездеспейді, оның орнына алғыс айту, жақсылық тілеу сияқты қарым-қатынас стратегиясы жүзеге асады.	فِيكَ اللَّهُ بَارِكْ! إِلَّا الدُّعَاءَ لَكَ لِللَّهِ فِيكَ وَأَطَالَ عُمْرَكَ Алла қолдасын! نعима денсаулық тілеу Сен үшін дұға тілеймін! Алла саған ұзақ ғұмыр берсін!
қарғыс мәнді сөздер	Қазақ ертегі дискурсында қарғыс мәнді сөздер мен сөз тіркестері жиі кездеседі.	Орыс ертегі дискурсында қарғыс сөздің орнына кемсіту, мұқату мәнді білдіретін теңеу сөздер қолданылады.	Араб ертегі дискурсында: Алла жазалайды, Алла жазасын берсін сөздерімен беріледі.
ертегі дискурсының когнитивтік-коммуникатив	жатсынбау, ата-тегін білу, сабырлылық пен төзімділік,	Орыс халқының сөйлеу мінез-құлқындағы тез тіл табысу мен қарым-	Араб халқында ұлттық мінез-құлықты айқындайтын ар-ожданды

<p>- тік ерекшеліктері</p>	<p>шыдамдылық, дарқандық, ұжымдық сана, сөз қадірін білу, қонақжайлылық, тапқырлық сияқты ұлттық мінез-құлық қасиеттері жатады</p>	<p>қатынасқа тез түсу, кеңес беруге құмарлық, танымайтын адамға ішкі сырын ақтару, «өтірік күлуді» жаратпау, дауласуға құштарлық, өз пікірін айтуға ұмтылу, өзінің қиын өміріне шағымдану т.б. ұлттық ерекшеліктер жатады.</p>	<p>жоғары қою, уәдеде тұру, сонымен қатар шыншылдықты, жомарттық пен еңбекқорлықты ерешке бағалауы, араб мәдениетіндегі кешікпеу, уақытымен жүріп-тұру сияқты қарым-қатынас әдептері еркін, мақтау-мадақты жақсы көретіндігі, Инша Аллаһ (егер Алла қаласа) сөзін жиі қолдануы немесе т.б. сияқты ұстанымдар байқалады.</p>
----------------------------	--	--	---